SDU
1996
UNIVERSITY

# Pedagogy and Teaching Methods

ISSN 2709-264X (Online)

**ISSN 2709-264X (online)**
**Continues ISSN 2415-8135**

«SDU University»

# ХАБАРШЫСЫ

# BULLETIN

of «SDU University»

# ВЕСТНИК

«SDU University»

**ПЕАГОГИКА ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**
**PEDAGOGY AND TEACHING METHODS**
**ПЕДАГОГИКА И МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ**

**№3 (76) 2026**

2006 жылдан бастап «Сүлейман Демирел атындағы университетінің хабаршысы» ішінара жалғасуда
Continues partially «Suleyman Demirel University Bulletin » since 2006
Продолжает частично «Вестник университета имени Сулеймана Демиреля» с 2006 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза год

Қаскелең / Kaskelen / Каскелен
2026

**Бас редактор**

**Смакова К.,** PhD, қауымдастырылған профессор, SDU University, Қазақстан

**Жауапты редактор**

**Мырзабек А.,** ассистент профессор, SDU University, Қазақстан

**Техникалық редактор**

**Кубашева Ж.**, Ғылым департаментінің маманы, SDU University, Қазақстан

**Редакциялық алқа:**

| | |
|---|---|
| **Анико Варги Наги** | PhD, қауымдастырылған профессор, Дебрецен университеті (Венгрия) |
| **Дәулеткулова А.** | п.ғ.к., қауымдастырылған профессор, SDU University (Қазақстан) |
| **Джапашов Н.** | PhD, доцент, New York ұлттық университеті (АҚШ) |
| **Доганай Я.** | PhD, доцент, Банги университеті (Орталық Африка Республикасы) |
| **Дүйсебекова Ж.** | PhD, қауымдастырылған профессор, SDU University (SDU University) |
| **Ерғожина Ш.** | п.ғ.к., доцент, SDU University (Қазақстан) |
| **Жұмақаева Б.** | п.ғ.к., профессор, SDU University (Қазақстан) |
| **Қасымова Г.** | п.ғ.к., профессор, SDU University (Қазақстан) |
| **Мирзоева Л.** | ф.ғ.д., профессор, SDU University (Қазақстан) |
| **Нури Б.** | PhD, доцент, SDU University (Қазақстан) |
| **Смағұл А.** | PhD, аға оқытушы, SDU University (Қазақстан) |
| **Сет А.** | PhD, қауымдастырылған профессор, Лейкхед университеті (Канада) |
| **Тулепова С.** | п.ғ.к., доцент, SDU University (Қазақстан) |

Редакцияның мекенжайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы
040900, Қаскелең қаласы, Абылай хан көшесі 1/1
*e-mail: ptm@sdu.edu.kz

SDU University хабаршысы: педагогика және оқыту әдістемесі
ISSN 2709-264X (online)
Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігімен тіркелген
18.04.2025, No KZ62VPY00117350 қайта есепке қою туралы куәлігі
SDU University
Сайт: https://ptm.sdu.edu.kz/

© SDU University

**Editor-in-chief**

**Smakova K.,** PhD, Associate professor, SDU University, Kazakhstan

**Managing editor**

**Myrzabek A.,** Assistant professor, SDU University, Kazakhstan

**Technical editor**

**Kubasheva Zh.**, Science department specialist, SDU University, Kazakhstan

**Editorial board:**

| | |
|---|---|
| **Aniko Varga Nagi** | PhD, Associate professor, University of Debrecen (Hungary) |
| **Dauletkulova A.** | Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, SDU University (Kazakhstan) |
| **Duisebekova Zh.** | PhD, Associate professor, SDU University (Kazkhstan) |
| **Doganay Y.** | PhD, Senior lecturer, BANGUI University (Central African Republic) |
| **Dzhapashov N.** | PhD, Associate professor, National University of New York (USA); |
| **Erhozhina Sh.** | Candidate of Pedagogical Sciences, assistant professor, SDU University (Kazakhstan) |
| **Kassymova G.** | Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, SDU University (Kazakhstan) |
| **Mirzoeva L.** | Doctor of philology, Professor, SDU University (Kazakhstan) |
| **Moldabayeva D.** | PhD, Associate professor, SDU University (Kazakhstan) |
| **Nuri B.** | PhD, Assistant professor, SDU University (Kazakhstan) |
| **Seth A.** | PhD, Associate professor of Lakehead University (Canada) |
| **Smagul A.** | PhD, Senior lecturer, SDU University (Kazakhstan) |
| **Tulepova S.** | PhD, Assistant professor, SDU University (Kazakhstan) |
| **Zhumakayeva B.** | Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, SDU University (Kazakhstan) |

Address of the editorial office: Almaty region, Karasai district.
040900, city of Kaskelen, st. Abylai Khan 1/1
*e-mail: ptm@sdu.edu.kz

SDU University Bulletin: Pedagogy and Teaching Methods
ISSN 2709-264X (online)
Registered by the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan
Certificate of re-registration No KZ62VPY00117350 from 18.04.2025
SDU University
Site: https://ptm.sdu.edu.kz/

© SDU University

**Главный редактор**

**Смакова К.,** PhD, ассоциированный профессор, SDU University, Казахстан

**Ответственный редактор**

**Мырзабек А.,** ассистент профессор, SDU University, Қазақстан

**Технический редактор**

**Кубашева Ж**., специалист департамента Науки, SDU University, Казахстан

**Редакционная коллегия:**

| | |
|---|---|
| **Анико Варга Наги** | PhD, ассоциированный профессор, Дебреценский университет (Венгрия) |
| **Даулеткулова А.** | Кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, SDU University (Казахстан) |
| **Джапашов Н.** | PhD, ассоциированный профессор, Национальный университет Нью-Йорка (США) |
| **Доганай Я.** | PhD, старший преподаватель, Университет Банги (Центральноафриканская Республика) |
| **Ерхожина Ш.** | Кандидат педагогических наук, ассистент профессор, SDU University (Казахстан) |
| **Жумакаева Б.** | Кандидат педагогических наук, профессор, SDU University (Казахстан) |
| **Касымова Г.** | Доктор педагогических наук, профессор, SDU University (Казахстан) |
| **Мирзоева Л.** | Доктор филологии, профессор, SDU University (Казахстан) |
| **Нури Б.** | PhD, ассистент профессор, SDU University (Казахстан) |
| **Сет А.** | PhD, ассоциированный профессор, университет Лейкхед (Канада) |
| **Смагұл А.** | PhD, старший преподаватель, SDU University (Казахстан) |
| **Тулепова С.** | PhD, ассистент профессор, SDU University (Казахстан) |

Адрес редакции: Алматинская область, район Карасай
040900, город Каскелен, ул. Абылай хана 1/1
*e-mail: ptm@sdu.edu.kz

Вестник SDU University: педагогика и методы обучения
ISSN 2709-264X (online)
Зарегистрирован Министерством культуры и информации Республики Казахстан
Свидетельство о переучета No KZ62VPY00117350 от 18.04.2025
SDU University
Сайт: https://ptm.sdu.edu.kz/

© SDU University

**МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ**

**Жайдақбаева Ляззат, Шеримова Раушан, Попова Юлия.** ГЕОМЕТРИЯНЫ ОҚЫТУДА GEOGEBRA БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ……..7

**Садықова Роза, Джансеркеева Элдана,Эмель Акай.** ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ САРАЛАП ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ: АҒЫЛШЫН ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӨЗҚАРАСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ…….21

**Бекболат Жаннұр, Жолмаханова Ақерке, Сейфуллах Йылдырым.** М.ШОҚАЙ ХАТТАРЫН ЗЕРТТЕУШІЛІК ӘДІС АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ…37

**Saltanat Bolatbek, Aigerim Aliakbarova.** ENGINEERING STUDENTS' PERCEPTIONS OF MOBILE-ASSISTED LANGUAGE LEARNING FOR ENGLISH TERMINOLOGICAL COMPETENCE IN KAZAKHSTAN……50

**Адлет Кариев, Раушан Каримова, Женисгул Шарипходжаева.** БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДАҒЫ INQUIRY-BASED LEARNING ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ……...64

**Xiu Si, Wang Ze, Akramova Aliya.** EDUCATIONAL APPLICATION OF CANVA IN CULTIVATING VISUALIZATION-DRIVEN PROJECT THINKING: A KAZAKH-SINO COMPARATIVE STUDY……77

**Shynassylova Gulmira, Yelubayeva Perizat, Abisheva Gulzat.** TEACHERS' USE OF MEDIA-RICH LEARNING ENVIRONMENTS TO PROMOTE CRITICAL AND REFLECTIVE THINKING IN FOREIGN LANGUAGE CLASSROOMS……..92

**Елубаева Дина, Камалова Гульдина.** СТРУКТУРНО-ЛОГИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ ФОРМИРОВАНИЯ ГОТОВНОСТИ ПЕДАГОГОВ К ИНКЛЮЗИВНОМУ ОБУЧЕНИЮ ИНФОРМАТИКЕ В СИСТЕМЕ МИКРОКВАЛИФИКАЦИЙ……..102

**Нұрай Айтбаева, Гаухар Балтабаева, Гүлбейне Скендирова.** ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫН ӨМІРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРА ОҚЫТУ (ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ «ТӘУЕКЕЛ ТОЙЫ» ӘҢГІМЕСІ НЕГІЗІНДЕ)……...118

**Кималь Хальметов, Нуржамал Аблязимова, Баян Уалиханова.** МОДЕЛЬ КРИТЕРИАЛЬНО-ДЕСКРИПТОРНОГО РАБОЧЕГО ЛИСТА ДЛЯ ОРГАНИЗАЦИИ И ОЦЕНИВАНИЯ ЛАБОРАТОРНЫХ РАБОТ ПО ФИЗИКЕ В 8 КЛАССЕ……...131

**Аметхан Жанат, Аманкулова Лайла.** 8-СЫНЫПТА ЗАР ЗАМАН ПОЭЗИЯСЫН ОҚЫТУДА ГЕНЕРАТИВТІ ЖИ ҚОЛДАНУ: ПИЛОТТЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТ……...154

**Қали Азат.** ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ПРЕПОДАВАНИЯ РЕГИОНАЛЬНОЙ ИСТОРИИ В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ (НА ПРИМЕРЕ ИСТОРИИ ТАТАР СЕМИРЕЧЬЯ ВТОРОЙ ПОЛОВИНЫ XIX – НАЧАЛА XX ВЕКА)……..163

**Еркеғали Райбек.** СӨЗ МӘДЕНИЕТІН ОҚЫТУ: ОРТОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ……..181

**Садыков Қанат, Бектенов Несіпхан, Ахметов Нурлан, Дюсебаев Ханат, Гавронская Юлия.** УНИВЕРСИТЕТТЕГІ ХИМИЯ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМЫТУДАҒЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ОҚЫТУ……...198

**Найля Утеубаева, Жайнагүл Дүйсебекова.** ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛМЕН ТІЛДІ ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ…….213

**Сабденова Улбосын, Шокыбаев Женис, Арбузова Елена.** МЕТОДИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ХИМИИ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ…….225

**Kushtar Tursynali, Aliya Ramazanova, Gulzira Yernazarova, Gaukhar Baitasheva, Aiman Kulbekova, Sana Kabdrakhmanova.** EVALUATION OF AN INTERDISCIPLINARY PROJECT-BASED STEM MODEL IN BIOTECHNOLOGY EDUCATION……...243

**Назира Әміржанова, Сабира Жаикбаева.** КӨПТІЛДІ ОРТАДА СТУДЕНТТЕРДІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ: ТІЛДІК ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ МЕН КОГНИТИВТІК ЖҮКТЕМЕНІ ТӨМЕНДЕТУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ……..262

**Toleubala Zhiekbayeva, Amangul Orakova, Zhanar Nebessayeva, Gulnur Sattar.** MEDIA COMPETENCE AND MEDIA ART: A PILOT STUDY OF A CANVA AND WORDWALL/ LEARNINGAPPS WORKSHOP FOR TEACHERS IN ALMATY……...…277

**Serikbayeva Assiya, Akizhanova Diana.** FORMATIVE AND SUMMATIVE-ORIENTED CLASSROOM ASSESSMENT: A COMPARATIVE STUDY OF ENGLISH ACHIEVEMENT AND LEARNER PERCEPTIONS……...291

**Aliya Zadakhanova, Gulbagira Saurukova, Roza Sadykova, Aibolat Nabidullin, Darkhan Orynbassarov.** DIFFERENTIATED EDUCATIONAL CONTENT FOR INCLUSIVE ENGLISH LANGUAGE CLASSROOMS IN KAZAKHSTAN: A SCOPING REVIEW……...302

*FTAMP 27.01.45*
*DOI https://doi.org/10.47344/5405cr59*

*Жайдақбаева Ляззат[1], Шеримова Раушан[1]*, Попова Юлия[2]*
[1]Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
[2]Қаратау ауданындағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Шымкент, Қазақстан
[*]e-mail: raushan.sherimova@gmail.com

# ГЕОМЕТРИЯНЫ ОҚЫТУДА GEOGEBRA БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Аңдатпа.** Цифрландыру үдерісі қазіргі білім беру кеңістігіндегі педагогикалық технологиялар мен дидактикалық құралдарды жаңартуды талап етеді. Мақала планиметрия есептерін шығаруда цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігін эксперименттік тұрғыда зерттейді. Зерттеудің өзектілігі геометрияны оқыту процесінде классикалық құралдардың жеткіліксіздігіне және цифрлық құралдарды қолданудың тек көрнекілік функциямен шектеліп қалуына орай, бұл технологиялардың әлеуетін толық пайдалану қажеттілігімен айқындалады. Зерттеудің мақсаты планиметрия есептерін шығару процесінде GeoGebra интерактивті геометриялық орталардың мүмкіндіктерін зерттеу және оның оқушылардың білім сапасына әсерін эксперименттік түрде анықтау. Зерттеу барысында GeoGebra бағдарламасы негізінде интерактивті жұмыс парақтары әзірленді. Зерттеу әдіснамасы теориялық талдау мен бақылау, динамикалық модельдер құруды және педагогикалық экспериментті қамтиды. Алынған нәтижелер сабақ барысында GeoGebra қосымшасын математика пәнінің планиметрия бөлімінде жазық фигуралардың ауданын есептеуде қолдану тиімді екендігін көрсетті. Жүргізілген педагогикалық эксперимент (Шымкент қаласындағы НЗМ-нің 9-сынып оқушылары арасында) GeoGebra-ны қолдану арқылы өткізілген сабақтардың дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғанда білім сапасын арттырудағы тиімділігін көрсетті. Сонымен қатар сауалнама нәтижесінде оқушылардың басым бөлігі GeoGebra қосымшасымен жұмыс жасауды оң қабылдағаны анықталды. Яғни, цифрлық технологиялар, атап айтқанда GeoGebra, планиметрияның есептерін шешуде көрнекілікті арттырып қана қоймай, оқушылардың логикалық ойлауын, танымдық мәдениетін дамытуға, сонымен бірге оқуға деген ынтасын арттыруға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** геометрия, планиметрия, интерактивті геометриялық орта, цифрлық технология, оқыту әдістемесі, GeoGebra

## Кіріспе

Білім беру саласында цифрлық технологиялар дидактикалық құралдар ғана емес, сонымен қатар педагогикалық технологиялар ретінде, яғни цифрлық ортада оқытуды ұйымдастыруда қолданылады. Білім беру саласын цифрландыруды жүзеге асыру ғылыми және әдістемелік әдебиеттерге талдау жасау мен зерттеудің бірнеше бағыттарын анықтауды көрсетеді: цифрлық білім берудің концепциялары мен модельдері, цифрлық білім беру ортасының дамуы, цифрлық технологиялардың білім беру потенциалы, сонымен бірге цифрландырудың қиындықтары мен перспективалары [1].

Қазіргі заманғы тәжірибе көрсетіп отырғандай, геометрия сабағында тақта, бор, қағаз және қалам сияқты классикалық құралдар жеткіліксіз. Цифрлық білім беруге өту оқушылардың жаңа буынының пайда болуымен әлеуметтік-психологиялық, оның ішінде когнитивтік ерекшеліктері дәстүрлі білім беру үдерісіне кірігуін қиындатады. Жалпы білім беруде цифрлық технологиялар жаңа педагогикалық тәжірибелерді жоспарлауға сабақты ұйымдастырудың жаңа моделдері мен оқу барысының орындалуына септігін тигізеді. Цифрлық құралдарды қолдануда оқушылардың техникалық дағдыларының жоғарғы деңгейіне

қарамастан, ақпараттық кеңістікпен жұмыс жасау мәдениеті қалыптаспаған. Сол себепті мектептегі білім берудің бір мәселесі цифрлық ортаға қажетті білім алушылардың когнитивті мәдениетін дамыту болып отыр [2].

Геометрия курсында цифрлық құралдарды қолданудың дидактикалық әлеуеті мен түйткілді мәселелері әлі де терең ғылыми негіздеуді қажет етеді. Мақалаларды талдай келе бұл технологияларды қолдану көрнекілік функциямен ғана шектелуде, ал бағдарламалық құралдардың мықты тұстары қолданылмай қалып отыр. Бірқатар зерттеушілердің пайымдауынша, цифрлық технологиялар оқу үдерісінде тек мұғалім мен оқушы арасындағы байланысты орнатушы құрал емес, сонымен бірге білім беру процесін демеуші қосымша ресурс ретінде қарастырылады [3].

Цифрлық технологиялар мұғалімге көп күш жұмсамай-ақ сабақтарды динамикалық және қызығырақ өтуге мүмкіндік береді. Геометриялық білім беруге бағытталған бағдарламалар зерттелетін іс-қимылдардың сипаты мен олардың орындалу мақсатына негіздеме береді. Бұл іс-әрекеттер, яғни фигураларды құру, қасиеттерін анықтау, берілген облыста геометриялық фигурамен жұмыс жасау білім алушыларға математикалық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Өлшем бірлігін анықтау, айырмашылығын табу, талдау, геометриялық фигураларды салыстыру және тағы да басқа іс-әрекерттер оқушылардың аналитикалық ойлауын дамытады.

Геометрияны оқу барысында оқушылардың кеңістіктік ойлауы, көрнекі-бейнелік ойлауы және логикалық ойлауы дамиды. Дегенмен геометрияны оқу оқушылар үшін әлі де математиканың басқа бөлімдеріне қарағанда қиындығы басым бөлімі болып отыр. Олардың көбісі әлі де жазықтықтағы және кеңістіктегі фигураларды құру мен оларды түрлендіруде сыртқы жиынтық бағалау жұмыстарында қателіктер жіберуде.

Геометрия сабақтары жазықтықтағы және кеңістіктегі фигуралардың қасиеттерін нақты көрсете бермейтін графикалық кескіндерімен жұмыс жасауды талап етеді. Электрондық экрандардағы сызбаларды көрнекі етудің ауқымды мүмкіндіктерін ескерсек, геометрияны оқытуда цифрлық технологияларды пайдалану аса маңызды. Цифрлық технологияларды оқыту процесінде қолдану геометрияны оқытудың өзекті мәселесі болып отыр. Дегенмен, бұл мүмкіндіктер әлі де толық зерттелмеген. Атап айтқанда, цифрлық технологияларды геометрияны оқытуда пайдаланудың нақты әдіс-тәсілдері толық ашыламаған.

Геометрияның планиметрия бөлімі мектеп математикасының 7 сыныбынан бастап оқытылады. Планиметрияны мектепте дәстүрлі әдіспен бірге, цифрлық бағдарламалардың көмегімен де оқытуға болады. Есептерді шешу барысында MathLab, Maple, Cabri 3D, MathCad, DesMos, Жанды геометрия және т.с.с. бағдарламаларды қолдануға болады. Осындай бағдарламалардың ішінде мектеп математикасын оқытуда GeoGebra бағдарламасын қолданудың нәтижелілігі мен өзектілігі туралы көптеген зерттеулер жүргізілген.

Зерттеудің өзектілігі планиметрия есептерін шығаруда дәстүрлі әдістердің шектеулігі, сонымен қатар оқушылардың геометрияның планиметрия тақырыптарын меңгеруде кездесетін қиындықтарды жеңілдету мақсатында жаңа дидактикалық әдістемелерді қолдану қажеттілігі болып табылады.

Зерттеудің мақсаты GeoGebra бағдарламасын қолдану арқылы 9-сынып оқушыларының планиметрия есептерін шығару дағдыларының даму тиімділігін эксперименттік түрде анықтау.

Зерттеу мақсатына жету үшін келесідей зерттеу сұрақтары қойылды:

1. 9-сынып оқушыларының планиметрия есептерін шығару дағдыларына GeoGebra бағдарламасын қолдану қалай әсер етеді?
2. GeoGebra қолданылған жағдайда эксперименттік және бақылау топтарының оқу жетістіктері арасында статистикалық мәнді айырмашылық бар ма?
3. GeoGebra бағдарламасы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен оқу мотивациясына қалай әсер етеді?

Қойылған мақсатқа жетуге келесідей міндеттер қойылды:

1. Оқушылардың планиметрия бөлімін түсінуіндегі басты қиындықтарға талдау жасау;
2. Бақылау топта сабақтарды дәстүрлі әдістерпен, эксперименттік топта GeoGebra арқылы оқыту;
3. Бастапқы (Pre-test) және қорытынды (Post-test) тестілеу нәтижелерін салыстыру негізінде оқу үлгеріміндегі өзгерістерді анықтау;
4. Оқушылардың жаңа сабақты меңгеру деңгейін анықтау үшін сауалнама жүргізу;
5. GeoGebra бағдарламасының оқу үдерісіндегі артықшылығы мен тиімділігін анықтау;

Зерттеудің күтілетін нәтижесі эксперименттік топ оқушыларының оқу жетістіктері бақылау тобымен салыстырғанда статистикалық тұрғыдан жоғары болуын көрсету, сондай-ақ GeoGebra бағдарламасын қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, оқу мотивациясын және өзіне деген сенімділігін арттыруға ықпал ететінін анықтау.

Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану жағдайында білім берудің мазмұнын, ұстанымдарын, мақсатын, педагогикалық негіздерін, сонымен қатар білім беру сапасын арттыруда бағалау ынталарының жүйесін дамытуды бірнеше шетелдік және отандық ғалымдар П.В. Ариаван, И.М. Ардана [4], Р.Л. Нос, М.С. Сано, Р.С. Лаго [5], М.И.Солощенко [6] қарастырған. А.Е.Әбілқасымова өзінің еңбегінде мұғалімнің оқушылармен өзара әрекеттесуі және ақпараттық ықпал ету арқылы оларды әлеуметтік біріктіру әдістерін, интерактивті коммуникацияның белгілі бір қағидаларын қолдау мүмкіндіктерін қамтуы тиіс дейді [3]. Математика пәнін орта мектепте оқытуда компьютерлік технологияларды пайдалану Р.Б. Бекмолдаева, Л.Қ. Жайдақбаева [7], Н.С. Утеулиев [8] диссертацияларының зерттеу пәніне енген.

## Материалдар мен әдістер

Заманауи бағдарламалық қамтамасыз ету оқу процесін ақпараттық технологиялар негізінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл құралдар оқытуды автоматтандырып қана қоймай, оқушыларды белсенді іс-әрекетке жұмылдыруға және теориялық материалдың көрнекілігін арттыруға септігін тигізеді. Оқушылардың емтихандық және бақылау жұмыстарындағы қарапайым қателіктерін талдау негізінде, басым көпшілік үзінділік ойлауы бар жас буын үшін оқыту материалдарын толық визуализациялау мен анимациялауды қамтамасыз ететін заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану маңызды деген тұжырым жасауға болады. Бұл оқу бағдарламары әрбір нысанның динамикалық қасиеттерімен қамтамасыз ететін динамикалық геометрия қағидаларына негізделген [7]. Бұл қағидалармен жұмыс жасайтын бағдарламалар интерактивті геометриялық жүйелер қатарына жатады. Геометриялық орта деп білім беру мақсатында арнайы дайындалған және компьютерде геометриялық өзгертулерді орындауға, геометриялық объектілерді құруға және олардың өзара байланысын орнатуға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз ету болып табылады. Интерактивті геометриялық орталар берілген байланыстар шеңберінде геометриялық объектілерді өзгертуге мүмкіндік береді, бұл ретте басқа объектілер де берілген тәуелділіктерді сақтап өзгеріп отырады [8].

Зерттеуді жүзеге асыру үшін квазиэксперименттік әдіс қолданылды. Зерттеу нәтижелерін салыстыру үшін оқушылар кездейсоқ екі топқа бөлінді. Зерттеуге Шымкент қаласындағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 9-сыныптың оқушылары таңдап алынды. Бақылау тобында 28 оқушы, эксперименттік топта 31 оқушы болды. Барлық қатысушылардың ата-аналарынан келісім алынды. Зерттеу екі кезеңнен тұрды: диагностикалық кезең – оқушылардың бастапқы білім деңгейін анықтау; эксперименттік кезең – бақылау тобында дәстүрлі әдістермен, эксперименттік топта GeoGebra бағдарламасын қолдану арқылы «9.3В бөлімі. Үшбұрыштарды шешу» тақырыбында сабақтар легін өткізілді. Оқытудағы әдістемелік айырмашылықтарды бақылау үшін оқыту барысын бір мұғалім жүргізді. Зерттеу нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз ету негізінде екі топтағы тест тапсырмалары мен бағалау критерийлері бірдей құрылыммен ұсынылды.

Зерттеу барысында қолданылған pre-test және post-test тапсырмалары NIS-Programme білім беру бағдарламасының оқу мақсаттарына сәйкес дайындалды. Тапсырмалар мазмұны үшбұрыштарды шешу тақырыбы бойынша негізгі ұғымдарды, оқушылардың бастапқы білімдерін анықтау, олардың есептеу дағдыларын және логикалық ойлау қабілетін бағалауға бағытталды. Тест тапсырмалары пән мұғалімдерімен бірлесе отырып сараптаудан өткізіліп, мазмұндық сәйкестік принципі бойынша іріктелді [9].

Өлшеу құралдарының валидтілігі мазмұндық валидтілік негізінде қамтамасыз етілді. Бұл ретте тапсырмалар оқу мақсаттарына толығымен сәйкес келуі анықталды. Сондай-ақ тапсырмалар пилоттық апробациядан өткізіліп, олардың оқушылар деңгейіне сәйкестігі тексерілді. Сенімділікті арттыру үшін бағалау критерийлері алдын ала дайындалып, топтарға берілген тапсырмалар бірдей шкалада бағаланды. Pre-test және post-test нәтижелері бірдей өлшеу критерийлері негізінде өңделді.

Зерттеуге дейінгі және зерттеуден кейінгі нәтижелерді салыстыру мақсатында оқушылардан диагностикалық тест алынды. Бастапқы тест 15 сұрақтан, ал қорытынды тест 25 сұрақтан тұрды. Зерттеудің кезеңдік логикасына орай pre-test және post-test тапсырмалар саны әртүрлі болды. Pre-test оқушылардың бастапқы білім деңгейін анықтауға бағытталды, ал post-test күрделі деңгейдегі оқу мақсаттарын (талдау мен қолдану дағдыларын) бағалауға бағытталды. Сол себепті post-test тапсырмалар саны мен күрделену деңгейі кеңейтілді. Алайда, тапсырмалардың барлығы бір мазмұндық бағытта және біріңғай бағалау критерийлері негізінде жүргізілді, ал бұл өз кезегінде нәтижелерді салыстыруға мүмкіндік береді.

Зерттеуге дейінгі pre-test тапсырмалары оқушылардың үшбұрыштар бөлімі бойынша бастапқы білім сапасын айқындауға бағытталды. Тест тапсырмалары үшбұрыштардың элементтері, периметр мен ауданын табу, үшбұрыштардың қасиеттері сиақты біліктіліктерді тексеруге арналған.

Зерттеуден кейінгі post-test тапсырмалары мазмұнына қатысты күрделі болып, «9.3.2.2 үшбұрышқа іштей сызылған шеңбер радиусының үшбұрыш ауданына тәуелділігін қорытып шығарады және оны есептерді шығаруда қолданады», «9.3.3.10 үшбұрыш биссектрисасының қасиетін дәлелдейді және есептерді шығаруда қолданады» оқу мақсаттарын бағалауға бағытталды. Осылайша, post-test оқушылардың тек есептеу дағдыларын анықтауға ғана емес, «Үшбрыштарды шешу» бөлімін саналы түрде түсіну деңгейін анықтауға бағытталды. Сонымен бірге бақылау тобы мен эксперименттік топтың қабылдауын бағалау мақсатында «Бағалау шкаласы» (марк-схема) жасалды. Pre-test пен post-test тапсырмалары мектептің оқу бағдарламасына сәйкес жасалды, осыған орай бақылау және эксперименттік топтарында 7 сабақ жоспары жасалды.

Осы зерттеу аясында GeoGebra ортасы негізінде оқушыларға арналған интерактивті жұмыс парақтары дайындалды. Цифрлық ресурстарды әзірлеу үшін теориялық база негізінде «9.3В бөлімі. Үшбұрыштарды шешу» бөліміндегі материалдар таңдалынды. Бір немесе бірнеше интерактивті тапсырмалары бар жұмыс парақтарын орындау барысында есептің шартын өзгертуге және компьютерлік анимациялар мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік бар. Жұмыс парағын әзірлеу процесі екі кезеңнен тұрады: әдістемелік және практикалық.

Әдістемелік кезең есептерді немесе олардың кешендерін таңдап алуды және оларға компьютерлік есептеулерді енгізудің негізгі мақсатын қоюды қамтиды. Анықтамалар мен теорияларды оқушыларға көрнекі түрде ұсыну олардың мәнін тереңірек түсінуге және есептерді шешу барысында қолдануға мүмкіндіктер береді.

Практикалық кезең объектілердің суретін салу және есептеулер жүргізу алгоритмін дайындау немесе басқару батырмалары мен енгізу терезелерінің жұмысын сипаттауды қамтиды. Парақпен жұмыс істеу алгоритмінің сипаттамасы әзірлеушіден бағдарламалау тілдерін терең білуді талап етпейді, демек, мұғалімдердің едәуір бөлігіне әзірлеуге қолжетімді.

Эксперименттік топтағы оқушылардың GeoGebra бағдарламасын қолдануға деген қабылдауын бағалау мақсатында зерттеу аясында арнайы сауалнама ұйымдастырылды. Бұл сауалнама оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, оқу мотивациясының деңгейін және цифрлық құралдарды пайдалануға көзқарасын анықтауға бағытталды.

Сұрақтар педагогикалық зерттеулерге сүйене отырып әзірленді, олар оқушылардың білім беру үдерісіндегі белсенділігі мен ынтасын бағалауға арналған. Ликерт шкаласы негізінде құрастырылған сауалнама нәтижелерді сандық түрде өңдеуге мүмкіндік берді.

Сауалнаманың мазмұндық валидтілігі оның зерттеу мақсатына толық сәйкестігімен қамтамасыз етіліп, сұрақтар пән мұғалімдері тарапынан сараптамалық тексеруден өткізілді. Сауалнама оқу жетістіктерін тікелей өлшеуге арналмаған, ол тек оқушылардың оқу үдерісіне қатысты қабылдауын, қызығушылығын және мотивациясын бағалауға бағытталған.

Зерттеуді жүргізу кезеңдерінде академиялық адалдық қағидаттары толығымен сақталды. Зерттеуге қатысушылардың деректері құпия түрде өңделді және жеке ақпараттардың жариялануына жол берілмеді. Зерттеуге қатысушыларға оның мақсаты мен мазмұны, жүргізілу ережесі алдын ала түсіндірілді, олардың зерттеуге ерікті түрде қатысуына жағдай жасалды. Зерттеуді өткізу үшін білім беру ұйымы әкімшілігі рұқсат еткен және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жасалды [9]. Сондай-ақ, зерттеуге қатысушы 9-сынып оқушыларының ата-аналарынан(заңды өкілдерінен) жазбаша түрде ақпараттандырылған келісімдері алынды. Зерттеу жүргізу барысында қатысушылардың құқықтарына, әл-ауқатына зиян келетін іс-әрекеттерге жол берілмеді.

## Нәтижелері мен талқылау


Зерттеу кезеңдері:

1. Зерттеу алды тестілеу (pre-test). Екі топтың оқушыларының бастапқы білімдерін анықтау үшін 15 сұрақтан тұратын тест алынды.
2. Оқыту кезеңі. Эксперименттік топта «Үшбұрштарды шешу» бөліміне арналған сабақтар интерактивті GeoGebra бағдарламасы көмегімен, ал бақылау тобында дәстүрлі әдістермен өткізілді. Барлығы 7 сабақ дайындалды.
3. Зерттеудің қорытынды тестілеуі (post-test). Екі топтың оқушылары 25 сұрақтан тұратын тестілеуден өтті. Бұл кезеңде оқушылардың білім деңгейлеріндегі айырмашылықтар анықталды.
4. Сауалнама жүргізу. Эксперименттік топтағы оқушылардан GeoGebra қосымшасының тиімділігі мен артықшылығы туралы ойларын анықтау мақсатында 7 сұрақтан тұратын сауалнама жүргізілді. Алынған сауалнама нәтижелеріне Ликерт шкаласы арқылы сандық бағалау жүргізілді.

Қолданылған құралдар. Зерттеу кезеңінде оқу мақсаттарына жету тесттері (pre-test, post-test) мен мақсатты түрде құрылған сауалнама қолданылды. Оқушылардың үлгерім көрсеткіштері салыстырмалы бағаланып, топтар арасындағы айырмашылықтың статистикалық мәнділігі p-мәндері арқылы анықталды. Сонымен қатар, әсер шамасы (effect size, Cohen’s d) есептеліп, GeoGebra қосымшасының тиімділігі сандық дәлелдемелермен расталды.

Шымкент қаласындағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің күнтізбелік тақырыптық жоспарына сәйкес «үшбрыштарды шешу» бөліміне 18 академиялық сағат бөлінген. Мектептің 9-сынып оқушылары NIS-Programme білім беру бағдарламасы бойынша әзірленген кітабымен оқытылады [10]. Сабақ барысында сол оқулықтағы есептер тірек ретінде қолданылды. Төменде сабақта орындалған есептердің бірнеше мысалы келтірілген.

1 – мысал. Тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрышының биссектрисасы қарсы жатқан катетті ұзындықтары 4 см және 5 см болатын кесінділерге бөледі. Үшбұрыштың ауданын анықтаңыз (1-сурет).



1 сурет- 1-мысалға берілген үшбұрыштың сызбасы

Есептің аналитикалық шешу жолы:
Үшбұрыштың биссектрисасының қасиеті бойынша

$$\frac{b}{c} = \frac{4}{5}$$

Пифагор теоремасы бойынша

$$c^2 - b^2 = 81$$


Жоғарыдағы екі теңдеуден келесі теңдеулер жүйесі шығады:

$$\begin{cases} \frac{b}{c} = \frac{4}{5}, \\ c^2 - b^2 = 81 \end{cases} \rightarrow b = 12,$$

$$S_{\Delta ABC} = \frac{1}{2}ab = \frac{1}{2} \cdot 9 \cdot 12 = 54 \text{ см}^2.$$


Есептің жауабы: $S_{\Delta ABC} = 54$ см$^2$.

Берілген есепті оқушыларға GeoGebra қосымшасы арқылы шығару ұсынылады. Алдымен есептің суретін GeoGebra арқылы төменде көрсетілгендей етіп сызып алу қажет.(2-сурет) Осылайша, «ұзындықты өлшеу» командасы арқылы тікбұрышты үшбұрыштың белгісіз қабырғаларын анықтау керек. Үшбұрыштың ауданын анықтау үшін «аудан есептеу» командасын қолдану қажет. Нәтижесінде үшбұрыштың ауданын GeoGebra экран бетіне дұрыс жауабын шығарады.



2 сурет- 1-мысалдың GeoGebra-дағы көрінісі

2 – мысал. Тікбұрышты үшбұрыштың катеттерінің бірі 15 см, ал оған іштей сызылған шеңбердің радиусы 3 см тең. Берілген үшбұрыш пен шеңбердің ауданын табыңыз (3-сурет) .



3 сурет - Үшбұрышқа іштей сызылған шеңбер

Есептің аналитикалық шешу жолы:

Ең алдымен үшбұрышқа іштей сызылған шеңбердің радиусын табуға арналған формуланы қолдану қажет, яғни

$$r = \frac{a+b-c}{2}$$

$$\frac{15+b-c}{2} = 3$$

$$b - c = -9 \rightarrow c - b = 9$$

Берілген үшбұрыш тікбұрышты болғандықтан, Пифагор теоремасы бойынша

$$a^2 + b^2 = c^2$$


$$c^2 - b^2 = 225$$

Олай болса

$$\begin{cases} c - b = 9 \\ c^2 - b^2 = 225 \end{cases} \rightarrow c = 17, b = 8,$$

$$S = \frac{1}{2}ab = \frac{1}{2} \cdot 15 \cdot 8 = 60 \text{ см}^2.$$

Оқушылар GeoGebra қосымшасы арқылы есепті шығарады. Алдымен есептің суретін GeoGebra арқылы төменде көрсетілгендей етіп сызып алу қажет (4-сурет). Осылайша, «ұзындықты өлшеу» командасы арқылы тікбұрышты үшбұрыштың белгісіз қабырғаларын анықтау керек. Үшбұрыштың және шеңбердің аудандарын анықтау үшін «аудан есептеу» командаларын таңдау қажет. Нәтижесінде үшбұрыштың және шеңбердің ауданын GeoGebra экран бетіне дұрыс жауабын шығарады.




4 сурет – 2-мысалдың GeoGebra-дағы көрінісі

Жоғарыда келтірілген мысалдар үшбұрыштарды оқыту барысында GeoGebra бағдарламасының қалай қолданылғанын көрсетеді. Осы оқыту әдісінің оқу жетістіктеріне тигізетін әсерін сандық бағалау мақсатында жиналған эксперименттік мәліметтерді талдап көрейік.

1-кестеден эксперименттік және бақылау топтардың зерттеуге дейінгі тест қорытындыларының орташа көрсеткіштері арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ екенін аңғаруға болады.

**1 кесте.** *Зерттеуге дейінгі топтар арасындағы тест нәтижелері*

| № | Топ атауы | Қатысушылар саны | Орташа балл | Стандартты ауытқу | р-мәні |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Эксперименттік | 31 | 13,89 | 2,089 | 0,939 |
| 2 | Бақылау | 28 | 13,99 | 1,946 | |

2-кестеде келтірілген мәліметтер бойынша, эксперименттік және бақылау топтарындағы оқушылардың үлгерімдерін салыстырғанда, эксперименттік топта елеулі айырмашылық анықталды, ал әсер мөлшері (d=0,819) жоғары болып шықты. Cohen ұсынған өлшемдер бойынша әсер мөлшері d ≈ 0,2 – кіші, d ≈ 0,5 – орта, ал d ≥ 0,8 – жоғары (үлкен) әсер ретінде бағаланады. Осыған орай зерттеуден алынған нәтиже (d = 0,819) GeoGebra бағдарламасын қолдану мен оқушылардың оқу жетістіктері арасында статистикалық мәнді байланыс бар екенін көрсетеді [11]. Бұл планиметрияның үшбұрыштар тақырыбын оқытуда GeoGebra қосымшасының оқытуда тиімді құрал болып табылатынын айғақтайды.

**2 кесте.** *Зерттеуден кейінгі топтар арасындағы тест нәтижелері*

| № | Топ атауы | Қатысушылар саны | Орташа балл | Стандартты ауытқу | р-мәні | Әсер мөлшері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Эксперименттік | 31 | 22,13 | 2,31 | 0,02* | 0,819 |
| 2 | Бақылау | 28 | 18,4 | 4,28 | | |

*р-мәні<0,05 (маңызды)


Зерттеу аяқталған соң, эксперименттік және бақылау топтарының жаңа сабақты қабылдау деңгейіне GeoGebra қосымшасының тигізген әсері бағаланды. Бұл ретте оқушылардың бағдарламаның оқу үдерісіне әсері туралы пікірлерін тереңірек зерттеу мақсатында сауалнама ұйымдастырылды. Сауалнама жеті сұрақтан тұрды, әрбір сұраққа жауаптар Ликерт шкаласы бойынша берілді. Жауап нұсқалары: 1 – «толықтай келісемін», 2 – «жартылай келісемін», 3 – «бейтарап», 4 – «келіспеймін», 5 – «мүлдем келіспеймін» [12].

3-кестеде келтірілген нәтижелер үшбұрыштарды оқыту барысында GeoGebra қосымшасын қолдану оқушылардың тақырыпты қабылдау деңгейінің жоғары болуына ықпал еткенін көрсетеді.

**3 кесте.** *Сауалнама қорытындысы*

| № | Сұрақтар | Пайыздық көрсеткіш (%) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ТК | ЖК | Б | К | МК |
| 1 | Маған үшбұрыштарды GeoGebra арқылы оқыған ұнады | 60 | 26,7 | 13,3 | 0 | 0 |
| 2 | GeoGebra маған үшбұыштардың мазмұнын түсінуге көмектесті | 76,7 | 20 | 3,3 | 0 | 0 |
| 3 | GeoGebra көмегімен үшбұрыштарды үйрену өте маңызды | 70 | 26,7 | 3,3 | 0 | 0 |
| 4 | GeoGebra үшбұрыштарға берілген есептерді оңай түсінуге көмектесті | 66,7 | 26,7 | 6,7 | 0 | 0 |
| 5 | GeoGebra көмегімен үшбұрыштарға қатысты есептерді шешуде өзіме деген сенімділігім артты | 60 | 33,3 | 6,7 | 0 | 0 |
| 6 | GeoGebra менің шығармашылығымды арттырды | 56,7 | 40 | 3,3 | 0 | 0 |
| 7 | GeoGebra көмегімен үшбұрыштарды шешу бөлімін оқыған ұнады | 60 | 36,7 | 3,3 | 0 | 0 |
| Барлық сұрақтар бойынша жиынтық нәтиже | | 64,3 | 30 | 5,7 | 0 | 0 |

Сауалнама қорытындысы 5-суретте диаграмма түрінде келтірілген. Аталған сурет GeoGebra бағдарламасын қолдану сауалнамасының нәтижелерін көрсетеді.




5 сурет – Сауалнама нәтижелері

Сауалнама бойынша оқушылардың көпшілігі GeoGebra қосымшасының тиімділігін оң бағалаған. Оқушылардың жауаптары 64,3%-ы «толықтай келісемін», 30%-ға жуығы «жартылай келісемін» және 5,7%-ы «бейтарап» нұсқасын таңдаған. «Мүлдем келіспеймін» және «келіспеймін» деген жауаптар мүлдем тіркелмеген. Алынған нәтижелерге сүйенсек, оқушылар GeoGebra бағдарламасына деген қызығушылығының жоғары екендігін, сонымен қатар бағдарламаның оқу үдерісіндегі маңыздылығын нақты көрсетеді.

Сауалнама оқу сапасын тікелей өлшеуге арналмаған, сондықтан оның нәтижелері оқу жетістіктерінің көрсеткіші ретінде қарастырылмайды. Сауалнама нәтижелері тек оқушылардың оқу үдерісіне қатысты қабылдауын, яғни сабаққа қызығушылығы, оқушының мотивациясы және өзіне деген сенімділігі секілді жанама көрсеткіштерді бағалауға мүмкіндік береді.

Сауалнама нәтижелері оқушылардың GeoGebra бағдарламасына қатысты оң қабылдауын көрсеткенімен, бұл көрсеткіштерді оқу жетістіктерімен тікелей себеп-салдарлық тәуелділік қарастырылмайды. Себебі тест нәтижелері тек оқу жетістіктерінің өзгерісін көрсетсе, сауалнама оқушылардың субъективті қабылдау деңгейін анықтайды.

Бұл зерттеуде «оқу сапасының артуы» ұғымына мыналар кірді: оқушылардың оқу материалын саналы түрде түсінуі, үшбұрыштардың жазықтықта орналасу қабілетінің қалыптасуы, кескіндеуді қолдану дағдыларының дамуы, сонымен қатар оқу іс-әрекетіне деген ынтаның күшеюі. Бұл көрсеткіштер білім беру саласындағы зерттеулерде оқу сапасының негізін құрайтын бөліктері ретінде қарастырылады.

GeoGebra бағдарламасы сауалнама деректері бойынша оқушылардың:
- геометриялық ұғымдарды игеруіне;
- геометриялық фигураларды жазықтықта кескіндеуге;
- оқу үдерісіне белсенді қатысуына;
- өзіне деген сенімділіктің күшеюіне себеп болғандығын анықтады.

Зерттеу барысында алынған тест нәтижелері де осы тұжырымдарды растайды. Зерттеуге дейінгі өткізілген тестілеуде (pre-test) эксперименттік және бақылау тобының оқу үлгерімдері арасында айтарлықтай айырмашылық болған жоқ. Дегенмен зерттеуден кейінгі тестілеу (post-

test) нәтижелері бойынша эксперименттік топтың оқу үлгерімі бақылау тобымен салыстырғанда елеулі түрде жоғары болды. Cohen критерийі бойынша есептелген әсер мөлшері (d = 0,819) эксперименттік топ пен бақылау тобы арасындағы айырмашылықтың жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

Зерттеу қорытындылары оқыту үдерісінде GeoGebra бағдарламасын пайдалану геометриялық ұғымдарды түсіндіруді жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыратынын, геометриялық фигураларды кескіндеу дағдыларын дамытатынын және жалпы білім сапасын жақсарта түсетінін көрсетті.

## Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде көрсеткендей, цифрлық білім беру ресурстарын қолдану, атап айтқанда GeoGebra бағдарламасын қолдану арқылы білім алушыларға сабақ барысын белсенді және қызықты өткізуге, қиын геометриялық терминдерді оңай түсіндіруге болатындығын көрсетіп отыр. Қорытындылай келе, 9 сыныптың геометрияны оқып-үйренуде цифрлық технологияларды қолдану білім алушылардың сабақ барысында қызығушылықпен қатысуына, материалды жақсы түсінуіне және есте сақтауына оң әсер еткендігі анықталды. Зерттеу нәтижелері GeoGebra қосымшасын қолдану оқушылардың математикалық ұғымдарды терең түсінуіне, үлгерімінің жақсаруына, материалды көрнекі түрде қабылдауына, өзіне деген сенімінің нығаюына және шығармашылық қабілеттерінің дамуына септігін тигізді.

Зерттеу барысында жиналған мәліметтер оқыту үдерісінде GeoGebra бағдарламасын қолданып оқыту дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғанда нәтижелірек екенін көрсетті. Эксперименттік топтың үлгерім көрсеткішінің айтарлықтай өсуі (Cohen’s d = 0,819) GeoGebra қосымшасының оқыту үдерісінде тиімді қолданылуы мүмкін екенін көрсетеді. Сондай-ақ сауалнаманың нәтижелері оқушылардың математика пәніне деген қызығушылығының артқанын және GeoGebra қосымшасының оқу барысын жеңілдететінін растады.

Бұл зерттеудің бірнеше шектеулері болды. Біріншіден зерттеу тек бір білім беру ұйымында және салыстырмалы түрде шағын іріктеме негізінде (N=59) жүргізілді, ал бұл өз кезегінде алынған нәтижені кең ауқымда жалпылауын шектейді. Екіншіден зерттеу барысы қысқа уақыт мерзімінде іске асырылды, сол себепті GeoGebra қосымшасын қолдану ұзақ мерзімді әсері қарастырылған жоқ. Үшіншіден қолданылған өлшеу құралдарына қатысты шектеулер болды. Ол pre-test пен post-test тапсырмалары оқу бағдарламасына сәйкес әзірленгенімен, олардың толыққанды стандартталған тест түрінде валидтеу мүмкіндігі шектеулі сипатта болды. Сонымен бірге, сауалнама тек оқушылардың субъективті қабылдауын бағалауға бағытталып, оқу жетістіктерін тікелей өлшемейді. Осы шектеулер ескеріліп, болашақ зерттеулерде іріктеме санын көбейту, зерттеу мерзімін ұлғайту және өлшеу құралдарын біріңғай жүйеге келтіру ұсынылады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1 Родионов М.А., Акимова П.В., Баландин П.А. Содержательно-методические особенности использования IT-технологий при изучении геометрии в профильной школе // Школьные технологии. – 2019. – №1. – С. 87–97.

2 Блинов В.И., Сергеев И.С., Есенина Е.Ю. Основные идеи дидактической концепции цифрового профессионального образования и обучения. – М.: Перо, 2019. – 24 с.

3 Әбілқасымова А.Е. Цифрлық білім беруді білім алушылардың интеллекті мен ұлттық бірегейлігі негізінде жаңғырту туралы // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2020. – Т. 332. – №4. – Б. 265–276.

4 Ariawan I.P.W., Ardana I.M. Initial design development of performance assessment methods in planimetry lectures // Proceedings of the First International Conference on Science, Technology, Engineering and Industrial Revolution (ICSTEIR 2020). – Atlantis Press, 2021. – P. 366–371.

5 Nos R.L., Sano M., Lago R.C. Using GeoGebra in generalization processes of geometrical challenging problems // Revista do Instituto GeoGebra Internacional de São Paulo. – 2021. – Vol. 10. – No. 1. – P. 49–64.
6 Кубицкая М.С., Солощенко М.Ю. Использование программы GeoGebra в изучении планиметрии // StudNet. – 2022. – №7.
7 Жайдақбаева Л.К. Негізгі мектепте планиметрия курсын ақпараттық технология негізінде жетілдіру әдістемесі: дис. … канд. пед. наук. – Алматы, 2009. – 156 б.
8 Утеулиев Н.С. Болашак математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға әдістемелік даярлау: PhD диссертация. – Шымкент, 2024. – 178 б.
9 Образовательная программа автономной организации образования «Назарбаев Интеллектуальные школы» NIS-Programme: утв. решением Правления АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» от 16 янв. 2026 г., протокол №2. – Астана, 2026.
10 Агеева Г.К., Аубакиров Т.У., Есингельдинов Б.Т. и др. Математика. 2-бөлім. 9-сыныпқа арналған оқулық. – Нұр-Сұлтан: Назарбаев Зияткерлік мектептері, 2020. – 272 б.
11 Cohen J. Statistical Power Analysis for the Behavioral Sciences. – 2nd ed. – Hillsdale, NJ: Lawrence Erlbaum Associates, 1988. – 567 p.
12 Wuensch K.L. What is a Likert Scale? and How Do You Pronounce "Likert?" // East Carolina University. – 2005.

## References

1 Rodionov M.A., Akimova P.V., Balandin P.A. Soderzhatel'no-metodicheskie osobennosti ispol'zovaniya IT-tekhnologii pri izuchenii geometrii v profil'noi shkole [Content and methodological features of using IT technologies in teaching geometry in specialized schools] //Shkol'nye tekhnologii. - 2019. - №1. - S. 87–97. (In Russian)
2 Blinov V.I., Sergeev I.S., Esenina E.Yu. Osnovnye idei didakticheskoi kontseptsii tsifrovogo professional'nogo obrazovaniya i obucheniya [Main ideas of the didactic concept of digital vocational education and training] . – M.: Pero, 2019. – 24 s. (In Russian)
3 Abylkasymova A.E. Tsifrlyk bilim berudi bilim alushylardyn intellekti men ulttyk biregeiligi negizinde zhagyrtu turaly [On the Modernization of Digital Education Based on the Intelligence and National Identity of Students] // Kazakstan Respublikasy Ulttyk gylym akademiasynyn Habarlary. Kogamdyk zhane gumanitarlyk gylymdar seriasy. – 2020. – Tom 332. – № 4. – B. 265-276. (In Kazakh)
4 Ariawan, P.W., Ardana, I.M. Initial Design Development of Performance Assessment Methods in Planimetry Lectures: Proceedings of the First International Conference on Science, Technology, Engineering and Industrial Revolution (ICSTEIR 2020) 366-371
5 Nos, R.L., Sano, M., Lago, R.C. Using GeoGebra in generalization processes of geometrical challenging problems: Revista do Instituto GeoGebra de São Paulo, v. 10, n. 1, 49-64, 2021 - ISSN 2237-9657
6 Kubitskaya M. S., Soloshchenko M. Yu. Ispol’zovanie programmy GeoGebra v izuchenii planimetrii [Use of the GeoGebra software in studying planimetry]. Nauchno-obrazovatel’nyy zhurnal dlya studentov i prepodavateley "StudNet" №7/2022. (In Russian)
7 Zhaidaqbaeva L.K. Negizgi mektepte planimetriya kursyn akparattyk tekhnologiya negizinde zhetildiru adistemesi [Methods of improving the planimetry course in primary school based on information technology]: ped. gyl. kand. ... dis.: 13.00.02. – Almaty, 2009. – 156 b. (In Kazakh)
8 Uteuliyev N.S. Bolashak matematika mugalimderin mektep geometriya kursyn okytyda tsifrlyk bilim beru resurstaryn koldanuga adistemelik dayarlau. [Methodological preparation of future mathematics teachers for the use of digital educational resources in teaching the school geometry course]: 8D01510-Matematika // Filosofiya doktory (PhD) dərezhesin alu ushyn dayyndalgan dissertatsiya. – Shymkent, 2024. – 178 b. (In Kazakh)

9 Autonomous Organization of Education «Nazarbayev Intellectual Schools». (2026). Obrazovatelʹnaja programma avtonomnoj organizacii obrazovanija «Nazarbayev Intellektualʹnye školy» NIS-Programme [Unpublished manuscript]. (In Russian)
10 Ageeva G.K., Aubakirov T.U., Yesingeldinov B.T. zhane t.b. Matematika. 2-bolim. 9-synypka arnalgan okylyk [Mathematics. Part 2. Textbook for 9th grade]. – Nur-Sultan: «Nazarbaev Ziyatkerlik mektepteri» DBBU, 2020. – 272 b. (In Kazakh)
11 Cohen J. Statistical Power Analysis for the Behavioral Sciences. – 2nd ed. – Hillsdale, NJ: Lawrence Erlbaum Associates, 1988. – 567 p.
12 Wuensch K.L. What is a Likert Scale? and How Do You Pronounce "Likert?" // East Carolina University. – 2005.

*Жайдакбаева Ляззат[1], Шеримова Раушан[1]*, Попова Юлия[2]*
[1]Южно-Казахстанский исследовательский университет имени Мухтара Ауэзова, Шымкент, Казахстан
[2]Назарбаев Интеллектуальная школа естественно-математического направления района Каратау, Шымкент, Казахстан
*e-mail: raushan.sherimova@gmail.com

# ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПРОГРАММЫ GEOGEBRA В ОБУЧЕНИИ ГЕОМЕТРИИ

**Аннотация.** Процесс цифровизации в современном образовательном пространстве требует обновления педагогических технологий и дидактических средств. В статье экспериментально исследуется эффективность использования цифровых технологий в решении задач планиметрии. Актуальность исследования обусловлена необходимостью полного использования потенциала этих технологий в процессе обучения геометрии, поскольку традиционных средств недостаточно, а использование цифровых инструментов зачастую ограничивается лишь функцией наглядности. Цель исследования заключается в изучении возможностей интерактивной геометрической среды GeoGebra в процессе решения задач планиметрии и экспериментальном определении её влияния на качество знаний учащихся. В ходе исследования были разработаны интерактивные рабочие листы на базе программы GeoGebra. Методология исследования включает теоретический анализ и наблюдение, построение динамических моделей и педагогический эксперимент. Полученные результаты показали эффективность использования приложения GeoGebra при расчете площади плоских фигур в разделе планиметрии на уроках математики. Проведенный педагогический эксперимент (среди учащихся 9-х классов НИШ города Шымкент) показал эффективность использования GeoGebra по сравнению с традиционными методами обучения в повышении качества знаний. Кроме того, результаты анкетирования показали, что подавляющее большинство учащихся положительно восприняли работу с приложением GeoGebra. То есть цифровые технологии, в частности GeoGebra, не только повышают наглядность при решении задач по планиметрии, но и позволяют развивать логическое и пространственное мышление учащихся, их познавательную культуру, а также повышать мотивацию к обучению.

**Ключевые слова:** геометрия, планиметрия, интерактивная геометрическая среда, цифровая технология, методика обучения, GeoGebra

*Zhaidakhbayeva Lyazzat[1], Sherimova Raushan[1*], Popova Yuliya[2]*
[1]M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan
[2]Nazarbayev Intellectual school of Science and Mathematics in Karatau district, Shymkent, Kazakhstan
*e-mail: raushan.sherimova@gmail.com

# THE EFFECTIVENESS OF USING GEOGEBRA SOFTWARE IN TEACHING GEOMETRY

**Abstract.** The process of digitalization in the modern educational space requires updating pedagogical technologies and didactic tools. The article experimentally investigates the effectiveness of using digital technologies in solving planimetry problems. The relevance of the study is determined by the need for the full utilization of the potential of these technologies in teaching geometry, as traditional tools are insufficient, and the use of digital instruments is often limited only to the function of visualization. The aim of the research is to study the capabilities of the GeoGebra interactive geometric environment in the process of solving planimetry problems and to experimentally determine its impact on the quality of students' knowledge. Interactive worksheets based on the GeoGebra program were developed during the research. The research methodology includes theoretical analysis and observation, construction of dynamic models, and a pedagogical experiment. The results obtained demonstrated the effectiveness of using the GeoGebra application for calculating the area of plane figures in the planimetry section during mathematics lessons. The conducted pedagogical experiment (among 9th-grade students of the Nazarbayev Intellectual School in Shymkent) demonstrated the effectiveness of using GeoGebra compared to traditional teaching methods in improving the quality of knowledge. Furthermore, the survey results showed that the vast majority of students had a positive perception of working with the GeoGebra application. This means that digital technologies, particularly GeoGebra, not only enhance visualization when solving planimetry problems but also help develop students' logical and spatial thinking, their cognitive culture, and increase their motivation to learn.

**Keywords:** geometry, planimetry, interactive geometric environment, digital technology, teaching methodology, GeoGebra

*Келіп түсті 20 Ақпан 2026*

**Авторлар туралы мәлімет**

Жайдакбаева Ляззат Куандыковна – компьютерлік ғылымдар кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан, e-mail: luizca18@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0097-5214

Шеримова Раушан Бахтияровна- PhD докторанты, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан, e-mail: sherimova.raushan@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0009-0006-4426-3330

Попова Юлия Игоревна - Назарбаев Зияткерлік мектебінің жаратылыстану-математикалық бағыты, Қаратау ауданы, Шымкент, Қазақстан, e-mail: yuliyapopovanis@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2249-5003

**Информация об авторах**

Жайдакбаева Ляззат Куандыковна – заведующая кафедрой компьютерных наук, кандидат педагогических наук, Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахста, e-mail: luizca18@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0097-5214

Шеримова Раушан Бахтияровна- PhD докторант, Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, e-mail: sherimova.raushan@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0009-0006-4426-3330

Попова Юлия Игоревна- Назарбаев Интеллектуальная школа естественно-математического направления района Каратау, Шымкент, Казахстан, e-mail: yuliyapopovanis@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2249-5003

**Information about the authors**

Zhaidakbayeva Lyazzat- Head of the Department of computer science, Candidate of Pedagogical Sciences, M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: luizca18@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0097-5214

Sherimova Raushan - PhD student, M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: sherimova.raushan@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0009-0006-4426-3330

Popova Yuliya - Nazarbayev Intellectual school of Science and Mathematics in Karatau district, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: yuliyapopovanis@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2249-5003

*FTAMP 14.35.07*
*DOI: https://doi.org/10.47344/rxessn74*

*Садықова Роза[1], Джансеркеева Элдана[2*],Эмель Акай[3]*
[1]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті
Алматы, Қазақстан
[3]Анадолу университеті, Эскишехир, Түркия
*e-mail: e.janserkeyeva@qyzpu.edu.kz

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ САРАЛАП ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ: АҒЫЛШЫН ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӨЗҚАРАСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

**Аңдатпа.** Бұл мақала Қазақстандағы орта мектептерде саралап оқытуды жүзеге асыру бойынша жан-жақты талданады. Саралап оқыту – білімгерлердің дайындық деңгейі, оқу қарқыны, қызығушылығы мен жеке қасиеттеріне сай оқу үдерісін ұйымдастыруға бағытталған педагогикалық тәсіл. Қазіргі кезде «саралап оқыту» ұғымы алдымен жеке тұлғаға бағытталған оқыту тұжырымдамасымен тығыз байланыста дамып отырды. Саралап оқыту білім алушылардың қабілет, қызығушылық және жеке қабілеттеріне сай оқу мазмұнын бейімдеуге ықпал жасайды. Мақалада саралап оқытудың теориялық негіздері мен оны білім беру үдерісіне енгізудің практикалық тетіктері сипатталады. Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы орта мектептерде жұмыс істейтін ағылшын тілі мұғалімдерінің инклюзивті сыныптарда саралап оқытуға қатысты көзқарастарын, түсінігін және өзіндік есепке негізделген тәжірибелерін анықтау. Зерттеу сандық сипаттағы сауалнама әдісіне негізделіп, оған 46 ағылшын тілі мұғалімі қатысты. Деректер сипаттамалық статистика арқылы талданды. Нәтижелер мұғалімдердің сараланған оқытудың инклюзивті білім берудегі маңызын жоғары бағалайтынын, алайда оны тәжірибеде жүйелі түрде жүзеге асыруда сенім мен кәсіби дайындықтың жеткіліксіз екенін көрсетті. Сонымен қатар сараланған оқытуды қолдануға уақыт тапшылығы, сыныптағы оқушы санының көптігі және әдістемелік материалдардың жетіспеуі негізгі кедергілер ретінде анықталды. Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің саралап оқытудың инклюзивті білім берудегі педагогикалық әлеуетін жоғары бағалайтынын көрсетті. Алайда алынған деректер саралап оқытуды практикада жүйелі түрде жүзеге асыру мұғалімдердің кәсіби дайындығы, әдістемелік қолдаудың жеткіліктілігі және цифрлық құралдарды қолданудағы сенімділік деңгейімен тікелей байланысты екенін айқындады. Мақала қорытындылары педагогикалық тәжірибеде саралап оқытуды жүйелі түрде пайдаланудың маңыздылығын көрсетеді.

**Түйін сөздер:** сараланған оқыту, инклюзивті білім беру, ағылшын тілі, мұғалімдердің көзқарасы, орта мектеп

## Кіріспе

Қазіргі әлемдік білім беру үдерісінде назар аударатын басты мәселенің бірі – балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық кіріктіруді қарастыратын инклюзивті білім беру мәселесі болып табылады. Инклюзивті білім беру – барлық оқушыларға, соның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға да тең білім алуға мүмкіндік беретін жүйе. Сондай-ақ әлемдік деңгейде инклюзивті оқыту – өте қарқынды дамып келе жатқан бағыттардың бірі болып саналады. Сондықтан осы мәселе төңірегінде жаһандық әдіскер ғалымдар инклюзивті білім беру деп – мүмкіндігі шектеулі балаларды, жалпы білім беру үдерісіне толық кіріктіру және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларда кездесетін кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланы педагогикалық түзеу және әлеуметтік

жағдайларына шынайы қолдау көрсету болып табылады. Яғни білімгерге тең құқылы білім беруді көздей отырып, жалпы білім беру сапасын сақтауға және тиімді оқыту үдерісін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясат.

Қазақстанда тәуелсіздікке қол жеткізгеннен соң, ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға сапалы білім алуға тең дәрежеде қол жетімділікті қамтамасыз ету барысында көп жұмыстар іске асырылып жатыр. «Білім беру» заңында ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға тең дәрежеде білім беру мүмкіндігін қамтамасыз етуді ең негізгі міндет ретінде алып отыр.

2025 жылдың 15-17 қазанында Алматы қаласында ҚР алғаш рет Word Inclusion (WIC 2025) инклюзивті білім беру бойынша Бірінші Дүниежүзілік конгресс болып өтті. Word Inclusion (WIC 2025) конгресінде инклюзивті білім беруді дамытудың әлемдік үрдістері, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға тең дәрежеде қолжетімділікті қамтамасыз ету тетіктері, педагогикалық-психологиялық қолдау модельдері, сандық білім беру құралдар мен жасанды интеллектіні оқу процесіне кіріктіру мәселелері талқыланды. «Оқыту мен білім алудағы инклюзивті тәсілдер» секілді сессиялар инклюзивті оқыту әдістеріне, әсіресе саралап оқытудың кіріктірілуіне назар аударды.

Инклюзивті жағдайында оқытудың дұрыс әрі сапалы түрде іске асуы, алдымен мектеп мұғалімінің кәсіби шеберлігіне, оқу мазмұнының бейімделу деңгейіне тікелей байланысты. Инклюзивті сыныптарда білім беру барысында білім алушылардың түрлі танымдық, психологиялық, физиологиялық қасиеттері ескерілмесе білімді сапалы түрде үйренуіне қиындықтар тудыруы мүмкін. Осы көрсетілген мәселенің шешімі ретінде сараланған оқыту (СО) мен сандық білім беру (СББ) құралдарын ұштастыра отырып, инклюзивті оқушыларға бейімделген оқу мазмұнын әзірлеу соңғы уақытта өте өзекті болып тұр.

Қазіргі білім саласында СО білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу үдерісінің тиімділігін арттырудың маңызды тетіктерінің бірі ретінде айқындалады. Әсіресе оқу үдерісінде ағылшын тілін оқытуда бұл тәсіл оқушылардың тілдік деңгейі, қабілеті мен оқу қажеттіліктерінің әртүрлі болуына орай ерекше маңызға ие. Жүргізілген зерттеулерде мұғалімдердің СО қатысты ойлары негізінен оң екендігі айқындалғанымен, оны оқу үдерісінде тиімді жүзеге асыру бірқатар қиындықтармен байланысты екені белгілі. Дегенмен, аталған мәселе көбінесе шетелдік зерттеулер бойынша қарастырылып, қазақстандық білім беру контексінде жетілікті деңгейде зерттеулер жүргізілгенімен, орта мектептердің ағылышын тілі мұғалімдерінің саралап оқытуды жүзеге асыруға қатысты көзқарастары мен тәжірибесін кешенді қарастыратын зерттеулер саны шектеулі. Осыған байланысты, еліміздегі мұғалімдердің тәжірибесі мен ұстанымдарын кешенді әрі жүйеле түрде зерттеу қажеттілігі туындайды. Аталған олқылықтың орнын толтыру мақсатында бұл зерттеу елімізде ағылшын тілі мұғалімдерінің сараланған оқытуды жүзеге асыру тәжірибесі мен көзқарастарын анықтауға және талдауға бағытталған.

Зерттеу барысында «саралап оқыту» термині кеңінен қолданылады, олардың кейбіреуіне ғалымдардың әдіснамалық тұрғыдан түсіндіргеніне тоқталып өтейік. Атап айтсақ, саралап оқыту – білім алушылардың дайындық деңгейі, қызығушылығы және оқу қажеттіліктеріне сәйкес оқыту үдерісін бейімдеуге мүмкіндік береді. Зерттеулер саралап оқытудың білімгерлердің оқу жетістіктерін дамытуға, оқу үдерісіне белсенді қатысуына және инклюзивті білім беру жағдайында әртүрлі қажеттілігі бар оқушыларды қолдауға ықпал ететінін көрсетеді (Langelaan et al., 2024).

Саралап оқыту мазмұнды, оқу үдерісін, бағалау тапсырмаларын оқушылардың ерекшеліктеріне бейімдеу арқылы білім сапасын арттыруға мүмкіндік жасайды және түрлі деңгейдегі білім алушылардың оқу нәтижелерін жақсартуға оң әсерін береді (Puzio et al., 2020). Қазіргі зерттеулер саралап оқытудың инклюзивті білім берудің тиімді құралы екенін көрсетеді. Шетелдік ғалымдар М.Йохлер мен Р.Дж. Крумсвик цифрлық технологиялар арқылы саралап оқытудың білім алушылардың әртүрлі қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік беретінін анықтаса (Johler & Krumsyik, 2022), ал Е.Куперс және әріптестері мұғалімдердің

саралап оқытуға деген оң көзқарасы мен дайындығы инклюзивті тәжірибені жүзеге асырудың маңызды факторы екенін дәлелдейді (Kupers et al., 2024).

Д.Х.Нурбаэти мен Ш.Сетярин ағылшын тілі мұғалімдерінің саралап оқытуға оң көзқарас танытатынын, алайда оны тәжірибеде тиімді қолдану үшін қосымша кәсіби даму мен әдістемелік қолдауды қажет ететінін анықтады (Nurbaeti & Setyarini, 2024). Ч.Х. Чэнь мен Д.Ж. Ши зерттеуінде саралап оқытудың білім алушылардың жеке оқу қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік беретінін және олардың сабаққа қатысуын, мотивациясын, өзіндік тиімділігін әрі оқу жетістіктерін арттыратынын көрсетті. Бұл нәтижелер саралап оқытудың инклюзивті білім беру жағдайында барлық оқушылардың оқу мүмкіндіктерін кеңейтетінін тиімді стратегия екенін айқындайды (Chen & Shin, 2025).

Саралап оқыту (СО) ағылшын тілін шетел тілі ретінде үйренуші студенттерінің әртүрлі қажеттіліктерінің қанағаттандыруға мүмкіндік береді, олардың мотивациясын, сабаққа қатысуын және оқу нәтижелерін жақсартады (Tajik et al., 2024). Халықаралық зерттеуші К.Э.Томлинсон «сараланған оқытуды» білім алушылардың дайындығына, қызығушылықтарына және академиялық бейініне негізделген оқыту мазмұнын, үдерісін және нәтижесін өзгертудің мақсатты үдерісі деп санайды. Сондай-ақ К.Э.Томлинсон СО – барша білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сай әр деңгейге қолжетімді білім беру тәсілі деп көрсетеді (Tomlinson, 2014). Атақты американдық психолог Д.С.Брунер саралап оқытудың теориялық негіздерін қалыптастыруға үлкен үлес қосты. Оның зерттеуі көрсеткендей, білімгерлерге әртүрлі қабылдау түрлерін ынталандыру және терең түсінуді қамтамасыз ету үшін көрнекі және практикалық әдістерді қамтуы керек деп санайды. Саралап оқыту бойынша әр білімгердің деңгейіне қарап, оқу тапсырмаларды жеке бейімдеуі тиіс. Берілген анықтамалар көрсеткендей, саралап оқытуды тек стратегиялар жиынтығы емес, әр оқушының әлеуетін ашуға бағытталған динамикалық педагогикалық тәсіл ретінде бағаланады. Дегенмен, түрлі және жеке бейімдеуді қолдану үшін арнайы қосымша ресурстар мен мұғалімнің кәсіби әзірлігі керек екенін зерттеулер дәлелдейді.

Зерттеулер көрсеткендей, саралап оқытуға қатысты көзқарастары көбінесе оң екені анықталғанымен, оны практикада іске асыруда қиындықтарға тап болатынын алға тартады. Мысалы, К.Томлинсон мен М. Б.Имбо әдістемелік қолдаудың жеткіліксіздігіне тоқталса, Т. Мун уақыт тапшылығы мен ресурстардың шектеулігін көрсетеді. Осындай зерттеулер мұғалімдердің көзқарастары мен нақты тәжірибесі арасында алшақтық бар екендігін дәлелдей түседі. Сондай-ақ ағылшын тілін оқытуда СО оқушылардың тілдік деңгейлерінің әртүрлі болуына байланысты ерекше маңызға ие. Оқу мазмұзнын, оқу үдерісін және оқу нәтижесін оқушылардың дайындық деңгейі мен қызығушылығына қарай бейімдеу моделін ұсынды (Tomlinson, 2014). Еліміздегі әдіскер ғалымдар Қазақстан мектептерінде саралап оқытуды енгізудің ұйымдастырушылық және әдістемелік тұстарын алға тартты (Шатаева et al., 2023). Саралап оқытуды оқу тапсырмаларын бейімдеу арқылы жүзеге асыру жолдарын көрсетті (Айтмұхамбетова, 2020). Саралап оқытуды дұрыс ұйымдастыру үшін педагогтердің кәсіби даярлығын дамыту қажеттігін анықтады (Габдуллина & Мусафирова).

Саралап оқытудың теориялық негіздері білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге бағытталған конструктивистік және оқушыға бағдарланған оқыту теорияларымен тығыз байланысты. К.Томлинсон саралап оқытуды оқу мазмұнын (content), оқу үдерісін (process), оқу нәтижесін (product) және бағалауды (assessment) білім алушылардың дайындық деңгейіне, қызығушылықтарына және оқу стиліне сәйкес бейімдеу ретінде сипаттайды. Т.Холл икемді топтастыруды (flexible grouping) саралап оқытудың негізгі қағидаттарының бірі ретінде атап көрсетеді. Қазақстан контекстінде бұл қағидат әртүрлі деңгейдегі оқушыларға бейімделген сабақ жоспарларын жасауға және топ ішінде өзара әрекеттесуді арттыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта оқу үдерісінде түрлі заңнамалық бастамалардың нәтижесінде сыныптар өзгеріп, аралас дағдылар деңгейі бар оқушылардың алуан түрлі ортасы бар екендігін айтуға болады. Ал бұл өзгерістер қаншалықты пайдалы болғанымен, мұғалімдер үшін әрбір оқушыға және олардың оқу қажеттіліктеріне қол жеткізу кедергілер әкелуі мүмкін. Дегенмен сыныптардағы оқу дағдыларының әртүрлі болуын ескере отырып, егер олардың бәріне бірдей

білім берсе, білім алушылардың толықтай қажеттіліктеріне қолдау көрсетілмейді. Сонымен қатар бұл дағдылардың әртүрлі болуы мұғалімдердің барша оқушылардың қажеттіліктерін қаншалықты қолдағанымен, көптеген оқушылардың қажеттіліктерін толық қамтамасыз етпейді. Сол үшін мектеп мұғалімдері сараланған оқыту бойынша оқу үдерісінде сыныптағы оқушылардың деңгейіне байланысты олардың ең басты қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сынып ортасын бейімдеуі керек. Егер мұғалім әр білім алушының қажеттіліктерін ескермесе, көп қиындықтар туындауы мүмкін, білім алушылар өздерінің әлеуетін барынша тиімді қолдана алмайды, өздерін дамыта алмайды, сондықтан осы орайда инклюзивті сыныптарда сараланған әдісті қолданудың маңыздылығын атап өтеуге болады. Арнайы білім беру қажеттіліктері бар оқушылар когнитивтік қабілеттер, оқу жылдамдығы, мотивациясы және психоэмоционалды дамуы бойынша гетерогенділікпен сипатталады. Сондықтан дәстүрлі оқыту әдістері мен форматтары көбінесе тиімсіз болады. Сараланған оқыту инклюзивті сыныптағы оқушылардың жеке мүмкіндіктеріне білім беру процесін бейімдеудің ең тиімді құралдарының бірі болып саналады.

Кеңес Одағынан кейінгі кезде Қазақстанда инклюзияға көшуде нормативтік, институционалдық кедергілерге тап болды. Қазақстандық ғалымдардың А.Алиева, М.Болсынова, С.Әлімғазиеваның зерттеулері көрсеткендей, жалпы алғанда мұғалімдердің инклюзияны түсінуі өте жоғары болғанымен, практикалық іске асыру келесі кедергілер келтіретіні анықталды: кәсіби дайындықтың және мектеп ішіндегі өзара байланыстың жоғары болмауы, ресурстар мен уақыттың шектеулігі, сонымен қатар, құқықтық және нормативтік шектеулердің болуы COVID-19 каратині тұсындағы Әлімғазиеваның зерттеулеріне сүйенсек онлайн оқыту кезінде саралау үшін жаңа кедергілер мен мүмкіндіктерді анықтады: цифрлық ресурстар жеке оқу жолдарын жасауды қолжетімді етсе де, оқушылар арасындағы цифрлық мүмкіндіктердің тең еместігі мәселесін айқындап берді. Сондай-ақ, ғалым В.Норвич және тағы басқалардың саралауды тым шамадан тыс немесе оны дұрыс қолданбаса оқушыларды топтау мен стигматизацияға әкелуі мүмкін екендігі жайында ескертулері бар. Сол үшін, СО инклюзивті білім беруге қосу үшін мектеп мұғалімдеріне теориялық біліммен бірге практикалық құралдар, жүйелі кәсіби даму мен мектеп жағдайында үйлесімді және бірізді саясатты кіріктіру қажет.

Қазақстандағы орта мектептерде мұғалімдердің кәсіби дайындығы әртүрлі деңгейде (Айтмұхамбетова, 2020). Кейбір мұғалімдер цифрлық ресурстар мен сараланған сабақ материалдарын тиімді пайдаланады, ал басқалары үшін бұл әлі де қиындық тудырады. Мұғалімнің саралап оқытуға сенімі мен көзқарасы осы тәсілді практикада қолдануға тікелей әсер етеді. Шетелдік әдіскер ғалымдар Дж.С. Ричардс пен Т.С. Фаррелдің зерттеулері көрсеткендей, шетел тілі ретінде ағылшын тілін оқыту сыныптарында оқушылардың тілдік деңгейіндегі айырмашылықтар ерекше байқалатынын және саралап оқытудың тілдік дағдыларды дамытуда тиімді тәсіл екенін атап көрсетеді. Сараланған тапсырмалар әртүрлі деңгейдегі білім алушыларға оқу материалын өз қарқынымен меңгеруге мүмкіндік береді. Қазақстандағы зерттеулер дәлелдегендей, саралап оқыту шетел тілі сабақтарында оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын бірдей дамытуға ықпал етеді. Саралап оқытудың соңғы аспектісі – цифрлық технологиялар. К. Томлинсон цифрлық платформалар мен онлайн ресурстар әртүрлі деңгейдегі білім алушыларға бейімделген тапсырмаларды ұсынуға мүмкіндік береді. Қазақстандағы жағдай бойынша, кейбір мектептерде цифрлық құралдарды қолдану деңгейі әртүрлі. А.Айтмұхамбетова көрсеткендей, цифрлық технологияларды тиімді қолданатын мұғалімдер оқушылардың жекелендірілген оқу траекториясын құруда жақсы нәтижеге жетеді (Айтмұхамбетова, 2020).

Саралап оқыту қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге бағытталған маңызды педагогикалық тәсіл ретінде қарастырылады. С. A.Tomlinson мен К.Puzio еңбектерінде СО оқушылардың дайындық деңгейі, қызығушылығы және оқу профиліне сәйкес оқытуды бейімдеу ретінде сипатталады. Ал Е.Куперс пен Д.Х.Нурбаэти зерттеулері бұл тәсілдің оқушылардың оқу мотивациясы мен қатысу белсенділігін арттыратынын көрсетеді, алайда оны сыныпта тиімді жүзеге асыру мұғалімнің кәсіби

дайындығына тәуелді екені атап өтіледі. Оқу нәтижесі тұрғысынан Де Неве, Ч.Х. Чэнь және Б.Н. Лангелаан зерттеулері оқу ортасының сапасы, мұғалім қолдауы және әлеуметтік-академиялық контекст оқушылар жетістігіне тікелей әсер ететінін дәлелдейді. Бұл еңбектер саралап оқытудың тиімділігі тек әдістемелік деңгейде емес, институционалдық және контекстік факторлармен де анықталатынын көрсетеді.

Жалпы алғанда, әдебиеттерді саралап оқыту теориясы мен оқу нәтижесіне әсері кеңінен қарастырылғанымен, Қазақстандағы орта мектептерде ағылышын тілі сабақтарында оны практикалық тұрғыда жүзеге асыру, әсіресе мұғалімдердің нақты тәжірибесі мен көзқарасы тұрғысынан зертеу жеткіліксіз болып тұр. Бұл жағдай зерттеудің өзектілігін және ғылыми жаңалығын айқындайды.

*Зерттеудің мақсаты* – Қазақстандағы орта мектептердің ағылшын тілі мұғалімдерінің инклюзивті сыныптарда саралап оқытуды жүзеге асыруға қатысты көзқарастары мен тәжірибесін анықтау.

*Зерттеу сұрақтары:*

1. Инклюзивті сыныптарда саралап оқытуды жүзеге асыру мен оның артықшылықтарына қатысты ағылшын тілі мұғалімдерінің көзқарастары қандай?
2. Мұғалімдердің пікірінше, саралап оқыту білім алушылардың оқу мотивациясы мен сабақтағы белсенділігіне қалай әсер етеді?

## Әдістер мен материалдар

Бұл зерттеуде аралас әдіснамалық элементтер қолданылды, алайда негізгі эмпирикалық бағыт ретінде сандық сипаттамалық зерттеу дизайны таңдалды. Зерттеу екі негізгі кезеңнен тұрды: теориялық негізді қалыптастыру және эмпирикалық деректерді жинау мен талдау.

Зерттеудің теориялық негізін қалыптастыру мақсатында отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге жүйелі шолу жасалды. Бұл кезеңде саралап оқыту ұғымының мазмұны, оның инклюзивті білім беру жағдайындағы рөлі және оқу үдерісін тиімді ұйымдастырудағы педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылды. Бұл кезеңнің мақсаты –

зерттеудің теориялық негізін құру және эмпирикалық зерттеу нәтижелерін интерпретациялауға негіз дайындау болды. Зерттеу нәтижелері білім беру үдерісін жетілдіруге, әсіресе ағылшын тілі сабақтарында саралап оқытуды тиімді жоспарлау мен жүзеге асыруға қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, олар мұғалімдердің әдістемелік шешім қабылдауын қолдауға және инклюзивті білім беру жағдайында оқыту сапасын арттыруға негіз бола алады.

**Зерттеу дизайны**

Зерттеудің негізгі бөлігі ретінде Қазақстандағы орта мектептерде ағылшын тілін шет тілі ретінде оқытатын мұғалімдердің саралап оқытуға қатысты көзқарастары, тәжірибесі және оны жүзеге асыру ерекшеліктері сипаттамалық аралас зерттеу дизайны (descriptive mixed-methods design) арқылы зерттелді (Creswell & Creswell, 2018; Ivankova et al., 2006).

Зерттеу мұғалімдердің: саралап оқытуды түсіну деңгейін, оны сабақта қолдану тәжірибесін және оның білім алушылардың оқу мотивациясы мен белсенділігіне әсері туралы қабылдауларын анықтауға бағытталды. Деректер құрылымдалған сауалнама арқылы жиналды. Сауалнама жабық және ашық сұрақтардан тұрды. Жабық сұрақтардан алынған сандық деректер сипаттамалық статистика және $\chi^2$ (Chi-square) талдауы арқылы өңделсе, ашық сұрақтарға берілген жауаптар тақырыптық талдау әдісі арқылы қарастырылды.

*Қатысушылар.* Зерттеуге Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде жұмыс істейтін 46 орта мектептің ағылшын тілі мұғалімі қатысты. Қатысушылар қолжетімді іріктеу (convenience sampling) әдісі арқылы таңдалды, яғни зерттеуге ерікті түрде қатысуға келісім берген мұғалімдер қамтылды.

Респонденттердің 82,6%-ы әйелдер, ал 17,4%-ы ер адамдар болды. Қатысушылардың жасы әртүрлі санаттарды қамтыды: 20–30 жас аралығында – 15,2%, 31–40 жас аралығында – 39,1%, 41–50 жас аралығында – 28,3%, ал 51 жастан жоғары мұғалімдер – 17,4%. Педагогикалық еңбек өтілі бойынша респонденттердің 28,3%-ының тәжірибесі 1–5 жыл,

26,1%-ының тәжірибесі 6–10 жыл, 23,9%-ының тәжірибесі 11–15 жыл, 4,3%-ының тәжірибесі 16–20 жыл және 17,4%-ының еңбек өтілі 20 жылдан жоғары болды. Қатысушылардың 65,2%-ы жалпы білім беретін мектептерде, 26,1%-ы гимназияларда және 8,7%-ы лицейлерде жұмыс істейді.

Қолданылған іріктеу әдісіне байланысты зерттеу нәтижелерін жалпылауда белгілі бір шектеулер бар. Біріншіден, іріктеме көлемі салыстырмалы түрде шағын (n = 46), бұл нәтижелердің статистикалық қуатына әсер етуі мүмкін. Екіншіден, кездейсоқ емес іріктеу әдісі қолданылғандықтан, алынған нәтижелер Қазақстандағы барлық ағылшын тілі мұғалімдерінің пікірлері мен тәжірибелерін толық көрсетпеуі мүмкін. Үшіншіден, кейбір санаттардағы қатысушылар санының аз болуы (мысалы, лицей мұғалімдері) топтар арасындағы салыстырмалы талдау мүмкіндігін шектейді. Сондықтан зерттеу нәтижелері ұқсас контексттердегі мұғалімдердің тәжірибесін сипаттайды және кең популяцияға сақтықпен жалпылануы тиіс.

**Зерттеу құралы**

Деректер Google Forms платформасы арқылы таратылған құрылымдалған онлайн сауалнама көмегімен жиналды. Сауалнама К. Томлинсонның саралап оқыту теориясына және білім алушыға бағытталған оқыту қағидаттарына негізделіп әзірленді (Tomlinson, 2014).

Сауалнама жеті бөлімнен тұрады:

1. Демографиялық және кәсіби мәліметтер;
2. Саралап оқыту туралы мұғалімдердің түсінігі;
3. Деңгейі әртүрлі сыныптарда саралап оқытуды қабылдау;
4. Мұғалімдердің ұстанымдары мен кәсіби дайындығы;
5. Саралап оқытуды қолдану тәжірибесі;
6. Саралап оқытуды жүзеге асырудағы қиындықтар;
7. Саралап оқытудың цифрлық аспектілері.

Сауалнама сұрақтарының басым бөлігі бес балдық Ликерт шкаласы негізінде құрастырылды (1 – толық келіспеймін, 5 – толық келісемін). Сонымен қатар, қатысушыларға саралап оқыту туралы түсініктерін, тәжірибеде кездесетін қиындықтарды және кәсіби қолдау қажеттіліктерін жан-жақты сипаттауға мүмкіндік беру үшін бірнеше ашық сұрақ енгізілді.

Сауалнаманың түсініктілігі мен мазмұндық валидтілігін тексеру мақсатында пилоттық тестілеу жүргізілді. Пилоттық зерттеу нәтижелері бойынша кейбір сұрақтардың тұжырымдары нақтыланып, сауалнама құрылымы жетілдірілді.

**Сауалнаманың сенімділігі мен валидтілігі**

Сауалнаманың мазмұндық валидтілігін қамтамасыз ету мақсатында сұрақтар саралап оқыту және инклюзивті білім беру саласындағы ғылыми әдебиеттерге негізделіп әзірленді. Сонымен қатар, сауалнама құрылымы мен сұрақтардың мазмұны тәжірибелі педагог-зерттеушілер тарапынан сарапшылық тұрғыдан қарастырылып, кейбір тұжырымдар нақтыланды. Сауалнаманың түсініктілігі мен қолдануға жарамдылығын тексеру мақсатында пилоттық тестілеу жүргізілді. Пилоттық кезеңге бірнеше ағылшын тілі мұғалімі қатысып, нәтижесінде кейбір сұрақтардың формулировкасы жеңілдетіліп, сауалнама құрылымы жетілдірілді. Пилоттық тестілеу сауалнама сұрақтарының мазмұндық айқындылығын және қатысушылар үшін түсініктілігін растады.

**Деректер жинау тәртібі**

Деректер құрылымдалған онлайн сауалнама арқылы жиналды. Сауалнама Google Forms платформасында әзірленіп, сілтеме арқылы ағылшын тілі мұғалімдеріне электрондық түрде таратылды. Бұл тәсіл Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі мұғалімдердің зерттеуге ыңғайлы қатысуына және деректерді тиімді жинауға мүмкіндік берді. Зерттеуге қатысу ерікті негізде жүзеге асырылды. Сауалнама басталар алдында қатысушыларға зерттеудің мақсаты туралы ақпарат беріліп, жауаптардың құпиялылығы мен анонимділігі қамтамасыз етілетіні түсіндірілді. Барлық жауаптар анонимді түрде жиналды, бұл қатысушылардың өз пікірлерін еркін және шынайы білдіруіне мүмкіндік берді. Деректер белгіленген уақыт аралығында

жинақталып, Google Forms платформасында автоматты түрде сандық форматта сақталды. Жиналған деректер талдау жүргізу үшін электрондық кесте форматына экспортталды.

**Деректерді талдау**

Жабық сұрақтар бойынша алынған сандық деректер сипаттамалық статистика әдістері арқылы талданды. Атап айтқанда, жауаптардың жиілігі мен пайыздық көрсеткіштері есептеліп, нәтижелер кестелер мен диаграммалар түрінде ұсынылды. Бұл тәсіл мұғалімдердің саралап оқытуға қатысты көзқарастары мен тәжірибелерінің жалпы үрдістерін анықтауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, мұғалімдердің демографиялық сипаттамалары (жас ерекшелігі, педагогикалық еңбек өтілі және мектеп түрі) мен саралап оқытуға қатысты жауаптары арасындағы байланысты анықтау мақсатында $\chi^2$ (Chi-square) тәуелсіздік тесті қолданылды. Статистикалық мәнділік деңгейі $p < .05$ ретінде белгіленді. Ашық сұрақтардан алынған сапалық деректер тақырыптық талдау әдісі арқылы өңделді. Алдымен қатысушылардың жауаптары бірнеше рет оқылып, бастапқы кодтар анықталды. Кейін ұқсас кодтар біріктіріліп, негізгі тақырыптар мен тақырыпшалар қалыптастырылды. Талдау нәтижесінде мұғалімдердің саралап оқытуды түсінуі, оны сабақта қолдану стратегиялары, кездесетін қиындықтары және кәсіби қолдау қажеттіліктеріне қатысты негізгі тақырыптар айқындалды. Тақырыптық талдау мұғалімдердің тәжірибесі мен пікірлеріндегі ортақ үрдістерді тереңірек түсінуге мүмкіндік берсе, сандық деректерді статистикалық талдау зерттеу нәтижелерінің сенімділігін арттыруға ықпал етті.

**Этикалық мәселелер**

Зерттеу барысында барлық этикалық талаптар қатаң сақталды. Қатысу ерікті түрде жүзеге асырылып, сауалнаманы толтыру алдында барлық респонденттерден алдын ала ақпараттандырылған келісім алынды. Мұғалімдердің анонимдігі мен деректердің құпиялығы қамтамасыз етілді. Жиналған мәліметтер тек ғылыми-зерттеу мақсатында пайдаланылды.

## Нәтижелер мен талқылаулар

### Демографиялық және кәсіби сипаттама

Зерттеуге барлығы 46 орта мектептің ағылшын тілі мұғалімі қатысты. Қатысушылардың демографиялық және кәсіби сипаттамалары 1-кестеде көрсетілген.

**Кесте 1**

*Қатысушылардың демографиялық және кәсіби сипаттамалары (N = 46)*

| Көрсеткіш | n | % |
|---|---|---|
| **Жынысы** | | |
| Әйел | 38 | 82.6 |
| Ер | 8 | 17.4 |
| **Жасы** | | |
| 20–30 жас | 7 | 15.2 |
| 31–40 жас | 18 | 39.1 |
| 41–50 жас | 13 | 28.3 |
| 51 жастан жоғары | 8 | 17.4 |
| **Еңбек өтілі** | | |
| 1–5 жыл | 13 | 28.3 |
| 6–10 жыл | 12 | 26.1 |
| 11–15 жыл | 11 | 23.9 |
| 16–20 жыл | 2 | 4.3 |
| 20 жылдан жоғары | 8 | 17.4 |
| **Мектеп түрі** | | |
| Жалпы білім беретін мектеп | 30 | 65.2 |
| Гимназия | 12 | 26.1 |
| Лицей | 4 | 8.7 |

Респонденттердің басым бөлігін әйел мұғалімдер құрады (82,6%). Жас ерекшелігі бойынша ең үлкен топ 31–40 жас аралығындағы мұғалімдер болды (39,1%). Сонымен қатар, қатысушылардың едәуір бөлігі 41–50 жас аралығында болды (28,3%). Педагогикалық еңбек өтілі бойынша мұғалімдердің көпшілігі айтарлықтай тәжірибеге ие екені байқалды. Қатысушылардың 23,9%-ының еңбек өтілі 11–15 жыл аралығында болса, 17,4%-ының еңбек өтілі 20 жылдан жоғары болды. Мектеп түрлері бойынша респонденттердің басым бөлігі жалпы білім беретін мектептерде жұмыс істейді (65,2%). Сонымен қатар, барлық қатысушылар бір сыныпта оқу деңгейі әртүрлі білім алушылармен жұмыс істейтінін растады, бұл саралап оқытудың зерттеу контексті үшін өзекті екенін көрсетеді.

**Саралап оқыту туралы мұғалімдердің түсінігі**

Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің саралап оқытудың негізгі қағидаттары туралы жалпы оң түсінікке ие екенін көрсетті. Респонденттердің 73,9%-ы саралап оқытуды білім алушылардың қабілеттеріне, қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес оқыту әдістерін, тапсырмаларды және оқу материалдарын бейімдеу ретінде сипаттады. Мұғалімдердің пікірінше, саралап оқыту әртүрлі деңгейдегі білім алушыларға тиімді оқу мүмкіндіктерін ұсынуға және олардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына ықпал етеді.

Сонымен қатар, қатысушылардың 69,6%-ы саралап оқытудың тек әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар берумен шектелмейтінін атап өтті. Мұғалімдер саралап оқытуды оқу мазмұнын, оқыту әдістерін, оқу қарқынын және бағалау тәсілдерін білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне бейімдеумен байланыстырды. Алайда кейбір сұрақтар бойынша берілген бейтарап жауаптар мұғалімдердің саралап оқытуды тәжірибеде жүзеге асыру деңгейі мен кәсіби сенімділігінің әркелкі екенін көрсетті. Бұл нәтижелер саралап оқытуды тиімді қолдану бойынша қосымша әдістемелік қолдау мен кәсіби дамудың қажеттілігін байқатады.

**Кесте 2**

*Мұғалімдердің саралап оқыту туралы түсінігі (N = 46)*

| Тұжырымдар | n | % |
|---|---|---|
| Саралап оқыту білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес оқытуды бейімдеуді білдіреді | 34 | 73.9 |
| Саралап оқыту тек әртүрлі деңгейдегі тапсырмалармен шектелмейді | 32 | 69.6 |
| Саралап оқытуды ағылшын тілі сабақтарында қолдануды түсінемін | 32 | 69.6 |
| Саралап оқыту мен дәстүрлі оқытудың айырмашылығын түсінемін | 32 | 69.6 |

*Ескерту.* Пайыздар «келісемін» және «толық келісемін» жауаптарының жиынтығы негізінде есептелді.

Кесте 2-де көрсетілгендей, мұғалімдердің басым көпшілігі саралап оқытудың негізгі қағидаттарын түсінетінін көрсетті. Респонденттердің 73,9%-ы саралап оқытуды білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес оқытуды бейімдеу ретінде сипаттады. Сонымен қатар, қатысушылардың 69,6%-ы саралап оқытудың тек әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар ұсынумен шектелмейтінін атап өтті.

**Деңгейі әртүрлі сыныптарда саралап оқытуды қабылдау**

Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің саралап оқытуды деңгейі әртүрлі сыныптарда тиімді оқыту тәсілі ретінде қабылдайтынын көрсетті. Қатысушылардың 58,7%-ы саралап оқыту ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу қажеттіліктерін ескеруге көмектесетінін атап өтті. Сонымен қатар, респонденттердің 52,2%-ы саралап оқыту тек ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін ғана емес, барлық білім алушылар үшін пайдалы екенін көрсетті. Мұғалімдердің жартысына жуығы (50,0%) инклюзивті білім беруді саралап оқытусыз тиімді жүзеге асыру мүмкін емес екенін атап өтті. Сондай-ақ қатысушылардың 52,2%-ы саралап оқытудың ағылшын тілін оқытуда теңдік пен әділдікті қамтамасыз етуге ықпал ететінін мойындады. Бұл нәтижелер мұғалімдердің саралап оқытуды деңгейі әртүрлі сыныптардағы білім алушылардың оқу қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін

маңызды педагогикалық тәсіл ретінде қабылдайтынын көрсетеді. Сонымен қатар, кейбір сұрақтар бойынша бейтарап жауаптардың жоғары болуы мұғалімдердің саралап оқытудың инклюзивті білім берудегі рөліне қатысты пікірлерінің толық бірізді емес екенін көрсетті. Бұл жағдай саралап оқытуды практикада тиімді жүзеге асыру бойынша қосымша кәсіби дайындықтың қажеттілігін көрсетеді.

**Кесте 3**

*Деңгейі әртүрлі сыныптарда саралап оқытуды қабылдау (N = 46)*

| Тұжырымдар | n | % |
|---|---|---|
| Саралап оқыту ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу қажеттіліктерін ескеруге көмектеседі | 27 | 58.7 |
| Саралап оқыту барлық білім алушылар үшін пайдалы | 24 | 52.2 |
| Инклюзивті білім беруді саралап оқытусыз тиімді жүзеге асыру мүмкін емес | 23 | 50.0 |
| Саралап оқыту ағылшын тілін оқытуда теңдік пен әділдікті қамтамасыз етеді | 24 | 52.2 |

Кесте 3-те көрсетілгендей, респонденттердің 58,7%-ы саралап оқыту ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу қажеттіліктерін ескеруге көмектесетінін атап өтті. Сонымен қатар, қатысушылардың 52,2%-ы саралап оқытудың барлық білім алушылар үшін пайдалы екенін көрсетті. Мұғалімдердің жартысына жуығы (50,0%) инклюзивті білім беруді саралап оқытусыз тиімді жүзеге асыру мүмкін емес екенін атап өтті. Сонымен қатар, кейбір сұрақтар бойынша бейтарап жауаптардың болуы мұғалімдердің саралап оқытудың инклюзивті білім берудегі рөліне қатысты пікірлерінің толық бірізді емес екенін көрсетті. Бұл жағдай саралап оқытуды практикада тиімді жүзеге асыру бойынша қосымша кәсіби дайындықтың қажеттілігін байқатады.

**Мұғалімдердің ұстанымдары мен кәсіби дайындығы**

Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің саралап оқытуға қатысты жалпы оң көзқарасқа ие екенін көрсетті. Респонденттердің 58,7%-ы өздерінің ағылшын тілі сабақтарында саралап оқытуды жүзеге асыруға сенімді екенін атап өтті, ал 6,5%-ы бұл пікірмен толық келісетінін білдірді. Сонымен қатар, қатысушылардың 26,1%-ы бейтарап жауап берген, бұл мұғалімдердің практикалық сенімділігі мен тәжірибелік дайындығының әркелкі екенін көрсетеді. Кәсіби дайындыққа қатысты нәтижелер мұғалімдердің саралап оқыту және инклюзивті білім беру бойынша әртүрлі деңгейде дайындықтан өткенін көрсетті. Қатысушылардың 28,3%-ы саралап оқыту бойынша даярлықты жоғары оқу орнындағы кәсіби білім беру кезеңінде алғанын көрсетсе, 26,1%-ы біліктілікті арттыру курстары арқылы дайындықтан өткенін атап өтті. Сонымен қатар, 19,6% мұғалім әрі жоғары оқу орнында, әрі қызмет барысында кәсіби дайындықтан өткенін көрсеткен. Алайда респонденттердің 26,1%-ы саралап оқыту бойынша арнайы кәсіби дайындықтан өтпегенін мәлімдеді. Сонымен қатар, мұғалімдердің 39,1%-ы кәсіби дайындықтың жеткіліксіздігі саралап оқытуды тиімді жүзеге асыруға кедергі келтіретінін атап өтті. Бұл нәтижелер саралап оқытуды практикада тиімді қолдану үшін мұғалімдерге қосымша әдістемелік қолдау мен кәсіби даму мүмкіндіктерінің қажет екенін көрсетеді.

**Саралап оқытуды қолдану тәжірибесі**

Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің саралап оқытуды ағылшын тілі сабақтарында әртүрлі деңгейде қолданатынын көрсетті. Қатысушылардың 54,3%-ы саралап оқытуды сабақ барысында жиі қолданатынын атап өтті, ал 15,2%-ы оны үнемі қолданатынын көрсетті. Сонымен қатар, респонденттердің 23,9%-ы саралап оқытуды кейде қолданатынын білдірді. Бұл нәтижелер мұғалімдердің көпшілігінің саралап оқыту стратегияларын тәжірибеде пайдаланатынын көрсетеді.

Мұғалімдердің пікірінше, саралап оқытуды жүзеге асыру барысында ең жиі қолданылатын тәсілдерге тапсырмаларды деңгейіне қарай бейімдеу, топтық жұмыс ұйымдастыру, оқу материалдарын әртүрлі форматта ұсыну және білім алушыларға жеке қолдау көрсету жатады. Сонымен қатар, кейбір мұғалімдер саралап оқытуды жүйелі түрде қолдануға уақыттың жетіспеуі, сыныптағы оқушылар санының көптігі және оқу материалдарын бейімдеудің күрделілігі кедергі келтіретінін атап өтті. Бұл нәтижелер саралап оқытудың тәжірибеде қолданылып жатқанын көрсеткенімен, оны тиімді жүзеге асыру үшін қосымша әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдаудың қажет екенін байқатады.

**Саралап оқытуды жүзеге асырудағы қиындықтар**

Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің саралап оқытуды жүзеге асыру барысында бірқатар қиындықтарға кездесетінін көрсетті. Қатысушылардың пікірінше, негізгі кедергілерге уақыттың жетіспеуі, сыныптағы білім алушылар санының көптігі, оқу материалдарын бейімдеудің күрделілігі және әдістемелік ресурстардың жеткіліксіздігі жатады. Сонымен қатар, кейбір мұғалімдер саралап оқытуды жоспарлау мен бағалау үдерісінің қосымша дайындықты талап ететінін атап өтті. Саралап оқытуды жүзеге асырудағы негізгі қиындықтар 4-кестеде көрсетілген.

**Кесте 4**

*Саралап оқытуды жүзеге асырудағы қиындықтар (N = 46)*

| Қиындықтар | n | % |
|---|---|---|
| Уақыттың жетіспеуі | 31 | 67.4 |
| Сыныптағы оқушылар санының көптігі | 29 | 63.0 |
| Оқу материалдарын бейімдеудің күрделілігі | 26 | 56.5 |
| Әдістемелік ресурстардың жеткіліксіздігі | 24 | 52.2 |
| Кәсіби дайындықтың жеткіліксіздігі | 18 | 39.1 |

*Саралап оқытудың цифрлық аспектілері*. Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің цифрлық құралдарды саралап оқытуды жүзеге асыруда маңызды ресурс ретінде қабылдайтынын көрсетті. Қатысушылардың 58,7%-ы цифрлық платформалар мен онлайн ресурстар оқу материалдарын білім алушылардың деңгейіне сәйкес бейімдеуге көмектесетінін атап өтті. Сонымен қатар, респонденттердің 54,3%-ы цифрлық технологиялар білім алушылардың сабаққа қызығушылығын арттыруға және оқу үдерісін интерактивті ұйымдастыруға ықпал ететінін көрсетті. Сонымен бірге, мұғалімдердің 47,8%-ы техникалық мүмкіндіктердің шектеулілігі саралап оқытудың цифрлық аспектілерін тиімді жүзеге асыруға кедергі келтіретінін атап өтті. Қатысушылардың 43,5%-ы цифрлық платформаларды қолдану бойынша тәжірибенің жеткіліксіздігін көрсетсе, 50,0%-ы цифрлық ресурстарды дайындауға кететін уақыттың көптігін маңызды қиындық ретінде бағалады. Бұл нәтижелер мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін дамыту және цифрлық ресурстарға қолжетімділікті арттыру қажеттігін көрсетеді.

**Демографиялық айнымалылар бойынша $\chi^2$ талдау**

Мұғалімдердің демографиялық сипаттамалары мен саралап оқытуға қатысты көзқарастары арасындағы байланысты анықтау мақсатында $\chi^2$ (Chi-square) тәуелсіздік тесті жүргізілді. Талдау барысында жас ерекшелігі, педагогикалық еңбек өтілі және мектеп түрі айнымалылары мұғалімдердің саралап оқытуды жүзеге асыруға деген сенімділігімен салыстырылды.

**Кесте 5**

*Демографиялық айнымалылар бойынша $\chi^2$ талдау нәтижелері*

| Айнымалылар | $\chi^2$ | p |
|---|---|---|
| Жас ерекшелігі × саралап оқытуға сенімділік | 11.95 | .450 |
| Еңбек өтілі × саралап оқытуға сенімділік | 16.79 | .399 |
| Мектеп түрі × саралап оқытуға сенімділік | 5.54 | .699 |

*Ескерту.* Статистикалық мәнділік деңгейі $p < .05$ ретінде қабылданды. Кесте 5-те көрсетілгендей, жас ерекшелігі, педагогикалық еңбек өтілі және мектеп түрі бойынша статистикалық мәнді айырмашылықтар анықталған жоқ ($p > .05$). Бұл нәтижелер мұғалімдердің саралап оқытуға қатысты сенімділігі аталған демографиялық факторларға айтарлықтай тәуелді емес екенін көрсетеді. Сонымен қатар, нәтижелер саралап оқытуға қатысты оң көзқарастың әртүрлі жас санаттары мен кәсіби тәжірибесі бар мұғалімдер арасында ұқсас деңгейде қалыптасқанын байқатады.

**Ашық сұрақтар бойынша тақырыптық талдау**

Ашық сұрақтарға 32 мұғалім жауап берді. Жауаптарды талдау барысында мұғалімдердің саралап оқытуды жүзеге асыру тәжірибесіне қатысты бірнеше негізгі тақырыптар анықталды. Тақырыптық талдау нәтижесінде уақыт тапшылығы, білім алушылар деңгейінің әртүрлілігі, оқу материалдарын бейімдеудің күрделілігі, кәсіби қолдау қажеттілігі және цифрлық ресурстардың маңыздылығы негізгі тақырыптар ретінде айқындалды. Мұғалімдердің көпшілігі саралап оқытуды жүзеге асыру барысында уақыттың жетіспеуі негізгі қиындықтардың бірі екенін атап өтті. Қатысушылардың бірі:

«Әр оқушының деңгейіне сәйкес тапсырма дайындау көп уақыт алады» (Мұғалім 7), деп көрсетті. Сонымен қатар, бірнеше мұғалім сыныптағы білім алушылар деңгейінің айырмашылығы сабақ жоспарын құрастыруды күрделендіретінін атап өтті. «Сыныптағы оқушылардың деңгейлері әртүрлі болғандықтан, барлық оқушыға бірдей тиімді тапсырма дайындау қиын» (Мұғалім 14). Талдау барысында мұғалімдердің саралап оқытудың тиімділігіне қатысты оң көзқарастары да анықталды. Қатысушылар саралап оқыту білім алушылардың сабаққа белсенді қатысуына және оқу мотивациясының артуына ықпал ететінін көрсетті.

«Саралап оқыту оқушылардың өз мүмкіндігіне сәйкес жұмыс жасауына көмектеседі» (Мұғалім 21).Сонымен қатар, мұғалімдер саралап оқытуды тиімді жүзеге асыру үшін практикалық тренингтер, әдістемелік материалдар және цифрлық ресурстар қажет екенін атап өтті. «Дайын цифрлық ресурстар мен практикалық мысалдар мұғалімдерге үлкен көмек болар еді» (Мұғалім 9). Жалпы алғанда, ашық сұрақтарды талдау нәтижелері мұғалімдердің саралап оқытуға қатысты жалпы оң көзқараста екенін көрсетті. Алайда тәжірибеде оны тиімді жүзеге асыру үшін қосымша әдістемелік қолдау, кәсіби даму мүмкіндіктері және цифрлық ресурстардың қолжетімділігі маңызды екені анықталды.

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы ағылшын тілі мұғалімдерінің саралап оқытуға жалпы оң көзқараста екенін көрсетті. Мұғалімдердің басым бөлігі саралап оқытуды білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік беретін тиімді педагогикалық тәсіл ретінде қабылдайтынын атап өтті. Бұл нәтиже Томлинсонның саралап оқыту теориясымен сәйкес келеді, онда оқыту мазмұнын, оқу үдерісін және бағалауды білім алушылардың дайындық деңгейіне бейімдеудің маңыздылығы көрсетілген (Tomlinson, 2014).

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері саралап оқытудың білім алушылардың оқу мотивациясы мен сабақтағы белсенділігіне оң әсер ететінін көрсетті. Бұл нәтиже Де Неве (2020) және Хэттидің (2009) зерттеулерімен үйлеседі, олар сараланған тапсырмалар білім алушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуын арттыратынын атап көрсеткен. Ашық сұрақтарға берілген жауаптарда да мұғалімдер саралап оқыту білім алушылардың өз мүмкіндіктеріне сәйкес жұмыс жасауына мүмкіндік беретінін көрсетті.

Алайда зерттеу барысында саралап оқытуды жүзеге асыруға кедергі келтіретін бірнеше фактор анықталды. Мұғалімдер уақыт тапшылығын, сыныптағы білім алушылар санының көптігін және оқу материалдарын бейімдеудің күрделілігін негізгі қиындықтар ретінде көрсетті. Бұл нәтижелер Томлинсон мен Мунның зерттеулеріндегі тұжырымдармен сәйкес келеді, онда саралап оқытуды тиімді жүзеге асыру үшін мұғалімдерге қосымша әдістемелік қолдау мен кәсіби дайындық қажет екені атап өтілген (Moon, 2005; Tomlinson, 2014).

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері цифрлық ресурстардың саралап оқытуды жүзеге асырудағы маңыздылығын көрсетті. Мұғалімдердің пікірінше, цифрлық платформалар оқу

материалдарын білім алушылардың деңгейіне сәйкес бейімдеуге мүмкіндік береді. Бұл нәтиже Мишра және Кёлер (2006) ұсынған технологиялық-педагогикалық білім тұжырымдамасымен сәйкес келеді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері саралап оқытудың инклюзивті ағылшын тілі сыныптарында тиімді педагогикалық тәсіл екенін дәлелдейді. Сонымен бірге, саралап оқытуды практикада жүйелі түрде жүзеге асыру үшін мұғалімдердің кәсіби даярлығын күшейту, әдістемелік ресурстарды көбейту және цифрлық қолдауды дамыту қажеттілігі анықталды.

## Қорытынды

Зерттеу нәтижелері саралап оқытудың Қазақстандағы орта мектептердің ағылшын тілі сыныптарында инклюзивті және тиімді оқу ортасын қалыптастыруға ықпал ететін маңызды педагогикалық тәсіл екенін көрсетті. Мұғалімдердің басым бөлігі саралап оқытудың білім алушылардың оқу мотивациясы мен сабақтағы белсенділігіне оң әсер ететінін атап өтті.

Сонымен қатар, зерттеу барысында уақыт тапшылығы, оқу материалдарын бейімдеудің күрделілігі және әдістемелік қолдаудың жеткіліксіздігі сияқты негізгі қиындықтар анықталды. Бұл нәтижелер мұғалімдердің кәсіби даярлығын күшейту және цифрлық ресурстардың қолжетімділігін арттыру қажеттігін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері орта мектептерде ағылшын тілін оқыту үдерісін жетілдіруге, атап айтқанда саралап оқытуды тиімді жоспарлау мен жүзеге асыруға және инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың оқу қажеттіліктерін ескеруге қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ олар мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдау және оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу барысында практикалық негіз ретінде пайдалануға болады. Болашақ зерттеулерде саралап оқытудың тиімділігін үлкенірек іріктеме көлемінде және әртүрлі пәндік контексттерде зерттеу ұсынылады.

## Қаржыландыру туралы ақпарат

Ұсынылып отырған зерттеу ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан 2025-2027жж. гранттық қаржыландырылған №AP26102527 «Инклюзивті сыныптарда ағылшын тілін оқыту мен үйренуде сараланған сандық білім беру мазмұнын әзірлеу» атты тақырыптық негізінде орындалып отыр.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Айтмұхамбетова, А.(2020). Инклюзивті білім беру жағдайында саралап оқытуды жүзеге асыру ерекшеліктері //Педагогика және психология. -№2. -45–52б.

Габдуллина, Г.Н., Мусафирова, С.А.( 2024). Инклюзивті білім берудің дамуы // Алтынсарин оқулары: конференция материалдары жинағы. -Алматы. -Б.1188-1193.

Шатаева, А.М., Даркембаева, А.Б., Оспанова, Д.Ж. (2023). Қазақстанның білім беру ұйымдарында инклюзивті практиканы іске асыру // Білім.-№4 (107). 153-162.

Chen, C.H., & Shin, D. J. (2025). Facilitating EFL students' class engagement, motivation, self-efficacy, and achievements:Adopting differentiated instruction in self-regulated flipped learning.Educational Technology Research and Development, 73, 3201-3221. https://doi.org/10.1007/s11423-025-10520-y

Creswell, J. W., & Creswell, J. D. (2018). *Research design: Qualitative, quantitative, and mixed methods approaches* (5th ed.). SAGE Publications.

De Neve D., Devos G. & Tuytens M. (2015). The importance of job resources and self -efficegacy for beginning teachers' professional learning in differentiated instruction. //Teaching and Teacher Education. 47, 30-41. https://doi.org/10.1016/j.tate.2014.12.003

Hattie J. (2009). Visible Learning: A synthesis of over 800 meta-analyses relating to achievement, London: Routledge. pp 83-108.

Ivankova, N. V., Creswell, J. W., & Stick, S. L. (2006). Using mixed-methods sequential explanatory design: From theory to practice. *Field Methods, 18*(1), 3–20.

https://doi.org/10.1177/1525822X05282260
Johler, M. & Krumsyik, R. J. (2022). Increasing inclusion through differentiated instruction in a technology-rich primary school classroom in Norway //Education 3-13:International Journal of Primary, Elementary and Early Years Education.-Vol.52, Issue 8.-P.1207-1221. – DOI: https://doi.org/10.1080/03004279.2022.2143721.
Kupers, E., de Boer, A., Bakker, A., de Jong, F., Minnaert, A. (2024) Explaning teachers' behavioural intentions towards differentiated instruction for inclusion:using the theory of planned behavior and the self-determination theory// European Journal of Special Needs Education.-2024.- Vol.39, №4.- P.638-647. – DOI: https://doi.org/10.1080/08856257.2023.2263717.
Langelaan, B.N., Gaikhorst, L., Smets, W., Oostdam, R.J. (2024). Differentiating instruction: Understanding the key elements for successful teacher preparation and development //Teaching and Teacher Education. 140, 104464. https://doi.org/10.1016/j.tate.2023.104464
Mishra P., Koehler, M.J. (2006). Technological pedagogical content knowledge: A framework for teacher knowledge/ P. Mishra, M.J.Koehler // Teachers College Record. - Vol.108, №6. – P.1017-1054.
Moon, T. (2005). The role of differentiated instruction in gifted education / T.Moon// Methods and materials for teaching the gifted /F.A. Karnes, S.M.Bean (Eds).-2nd.ed. –Waco,TX: Prufrock Press. -P.231-253.
Nurbaeti, D.H.,& Setyarini, S (2024). An English teacher's perception towards their proficiency in executing differentiated instruction.Loquen: English Studies Journal,17 (1), 1-15. https://doi.org/10.32678/loquen.v17i1.10046
Puzio, K., Colby, G.T., Algeo-Nichols, D. (2020). Differentiated Literacy Instruction:Boondoggle or Best Practice?// Review of Educational Research. -2020.-Vol. 90, Issue 4.-P.459-498.-DOI: https://doi.org/10.3102/0034654320933536
Tajik, O., Noor, S., & Golzar, J. (2024). Investigating differentiated instruction and the contributing factors to cater EFL students' needs at the collegial level.Asian-Pacific Journal of Second amd Foreign Language Education, 9, Article 74. 1-19. https://doi.org/10.1186/s40862-024-00299-5
Tomlinson, C. A. (2014) The Differentiated Classroom: Responding to the Needs of All Learners (2nd ed.). Alexandria, VA: ASCD.-133 P.

## References

Aitmūhambetova, A. (2020). İnklüzivtı bılım beru jağdaiynda saralap oqytudy jüzege asyru erekşelıkterı // Pedagogika jäne psihologia.-2020.- №2, 45–52 b.
Chen, C.H., & Shin, D. J. (2025). Facilitating EFL students' class engagement, motivation, self-efficacy, and achievements:Adopting differentiated instruction in self-regulated flipped learning.Educational Technology Research and Development, 73, 3201-3221. https://doi.org/10.1007/s11423-025-10520-y
Creswell, J. W., & Creswell, J. D. (2018). *Research design: Qualitative, quantitative, and mixed methods approaches* (5th ed.). SAGE Publications.
De Neve D., Devos G. & Tuytens M. (2015). The importance of job resources and self -efficegacy for beginning teachers' professional learning in differentiated instruction. //Teaching and Teacher Education. 47, 30-41. https://doi.org/10.1016/j.tate.2014.12.003
Gabdullina, G.N., Musafirova, S.A. (2024). İnklüzivtı bılım berudıñ damuy // Altynsarin oqulary: konferensia materialdary jinağy. -Almaty. -B.1188-1193.
Hattie J. (2009). Visible Learning: A synthesis of over 800 meta-analyses relating to achievement, London: Routledge. pp 83-108.
Ivankova, N. V., Creswell, J. W., & Stick, S. L. (2006). Using mixed-methods sequential explanatory design: From theory to practice. *Field Methods, 18*(1), 3–20. https://doi.org/10.1177/1525822X05282260
Johler, M. & Krumsyik, R. J. (2022). Increasing inclusion through differentiated instruction in a

technology-rich primary school classroom in Norway //Education 3-13:International Journal of Primary, Elementary and Early Years Education.-Vol.52, Issue 8.-P.1207-1221. – DOI: https://doi.org/10.1080/03004279.2022.2143721.

Kupers, E., de Boer, A., Bakker, A., de Jong, F., Minnaert, A. (2024)Explaning teachers' behavioural intentions towards differentiated instruction for inclusion:using the theory of planned behavior and the self-determination theory// European Journal of Special Needs Education.-2024.- Vol.39, №4.- P.638-647. – DOI: https://doi.org/10.1080/08856257.2023.2263717.

Langelaan, B.N., Gaikhorst, L., Smets, W., Oostdam, R.J. (2024). Differentiating instruction: Understanding the key elements for successful teacher preparation and development //Teaching and Teacher Education. 140, 104464. https://doi.org/10.1016/j.tate.2023.104464

Mishra P., Koehler, M.J. (2006). Technological pedagogical content knowledge: A framework for teacher knowledge/ P. Mishra, M.J.Koehler // Teachers College Record. - Vol.108, №6. – P.1017-1054.

Moon T. (2005). The role of differentiated instruction in gifted education / T.Moon// Methods and materials for teaching the gifted /F.A. Karnes, S.M.Bean (Eds).-2nd.ed. –Waco,TX: Prufrock Press. -P.231-253.

Nurbaeti, D.H.,& Setyarini, S (2024). An English teacher's perception towards their proficiency in executing differentiated instruction.Loquen: English Studies Journal,17 (1), 1-15. https://doi.org/10.32678/loquen.v17i1.10046

Puzio, K., Colby, G.T., Algeo-Nichols, D. (2020). Differentiated Literacy Instruction:Boondoggle or Best Practice?// Review of Educational Research. -2020.-Vol. 90, Issue 4.-P.459-498.-DOI: https://doi.org/10.3102/0034654320933536

Shataeva A.M., Darkembaeva A.B., Ospanova D.J. (2023). Qazaqstannyn bılım beru uiymdarynda inklüzivtı praktikany ıske asyru // Bılım.-№4 (107). 153-162 bb.

Tajik, O., Noor, S., & Golzar, J. (2024). Investigating differentiated instruction and the contributing factors to cater EFL students' needs at the collegial level.Asian-Pacific Journal of Second amd Foreign Language Education, 9, Article 74. 1-19. https://doi.org/10.1186/s40862-024-00299-5

Tomlinson, C. A. (2014). The Differentiated Classroom: Responding to the Needs of All Learners (2nd ed.). Alexandria, VA: ASCD.-133 P.

*Садыкова Роза[1], Джансеркеева Элдана[2*], Эмель Акай[3]*
[1]Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Қазақстан
[2]Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан
[3]Университет Анадолу, Эскишехир, Турция
*e-mail: e.janserkeyeva@qyzpu.edu.kz

# РЕАЛИЗАЦИЯ ДИФФЕРЕНЦИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ В СРЕДНИХ ШКОЛАХ КАЗАХСТАНА: ПРЕДСТАВЛЕНИЯ И ОПЫТ УЧИТЕЛЕЙ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

**Аннотация.** В данной статье проводиться всесторонний анализ реализации дифференцированного обучения в средних школах Казахстана. дифференцированное обучение представляет собой педагогический подход, направленный на организацию учебного процесса с учётом уровня подготовленности обучающихся, темпа обучения, интересов и индивидуальных особенностей. В настоящее время понятие «дифференцированное обучение» тесно связано с концепцией личностно-ориентированного обучения и развивается в её рамках. Дифференцированное обучение способствует адаптации содержания образования в соответствии со способностями, интересами и индивидуальными возможностями обучающихся. В статье рассматриваются теоретические основы

дифференцированного обучения, а также практические механизмы его внедрения в образовательный процесс. Целью исследования является выявление взглядов, понимания и самооценочных практик учителей английского языка, работающих в средних школах Казахстана, в отношении дифференцированного обучения в инклюзивных классах. Исследование основано на количественном анкетном опросе, в котором приняли участие 46 учителей английского языка. Полученные данные были проанализированы с использованием описательной статистики. Результаты исследования показали, что учителя высоко оценивают значимость дифференцированного обучения в условиях инклюзивного образования, однако испытывают недостаток уверенности и профессиональной подготовки для его систематической реализации на практике. Кроме того, в качестве основных препятствий были выявлены нехватка времени, большое количество обучающихся в классе и дефицит методических материалов. Результаты исследования свидетельствуют о том, что учителя высоко оценивают педагогический потенциал дифференцированного обучения в инклюзивном образовании. Вместе с тем полученные данные указывают на то что систематическая реализация дифференцированного обучения на практике напрямую связана с уровнем профессиональной подготовки учителей, достаточностью методической поддержки и уровнем уверенности в использовании цифровых инструментов. Выводы статьи подчёркивают значимость систематического применения дифференцированного обучения в педагогической практике.

**Ключевые слова:** дифференцированное обучение, инклюзивное образование, английский язык, представления учителей, средняя школа

*Roza Sadykova*[1], *Eldana Janserkeyeva*[2*], *Emel Akay*[3]
[1]Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
[2]Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan
[3]Anadolu University, Eskişehir, Turkey
*e-mail: e.janserkeyeva@qyzpu.edu.kz

# DIFFERENTIATED INSTRUCTION IN SECONDARY SCHOOLS IN KAZAKHSTAN: ENGLISH LANGUAGE TEACHERS'PERCEPTIONS AND EXPERIENCE

**Abstract.** This article provides a comprehensive analysis of the implementation of differentiated instruction in secondary schools in Kazakhstan. Differentiated instruction is a pedagogical approach aimed at organizing the learning process in accordance with students' levels of preparedness, learning pace, interests, and individual characteristics. Currently, the concept of differentiated instruction is closely linked to the learner-centered education paradigm and continues to develop within this framework. Differentiated instruction facilitates the adaptation of educational content to learners' abilities, interests, and individual needs. The article discusses the theoretical foundations of differentiated instruction as well as practical mechanisms for its integration into the educational process. The purpose of the study is to explore the perceptions, understanding, and self-reported practices of English language teachers working in inclusive secondary school classrooms in Kazakhstan with regard to differentiated instruction. The study is based on a quantitative survey method involving 46 English language teachers. The data were analyzed using descriptive statistics. The findings indicate that teachers highly value the importance of differentiated instruction in inclusive education; however, they report insufficient confidence and professional preparation to implement it systematically in practice. In addition, limited time, large class sizes, and a lack of methodological resources were identified as major barriers to the application of differentiated instruction. The results further demonstrate that teachers recognize the high pedagogical potential of differentiated instruction in inclusive education. Nevertheless, the findings reveal that the systematic

implementation of differentiated instruction in practice is directly related to teachers' professional training, the availability of adequate methodological support, and their level of confidence in using digital tools. The conclusions of the article emphasize the importance of the systematic use of differentiated instruction in pedagogical practice.

**Keywords:** differentiated instruction, inclusive education, English language, teachers' perceptions, secondary school

*Келіп түсті 19 Ақпан 2026*

**Авторлар туралы мәлімет**

Роза Садықова- Филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің доценті Алматы, Қазақстан, e-mail: r.sadykova@qyzpu.edu.kz ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9695-0945

Элдана Джансеркеева- докторант, Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: e.janserkeyeva@qyzpu.edu.kz ORCID: https://orcid.org/0009-0001-8270-4022

Эмель Акай- PhD, доцент, Анадолу университеті Эскишехир, Түркия, e-mail: esentuna@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4322-1615

**Информация об авторах**

Роза Садықова- Кандидат филологических наук, старший преподаватель Казахского национального женского педагогического университета, Алматы, Казахстан, e-mail: r.sadykova@qyzpu.edu.kz ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9695-0945

Элдана Джансеркеева- докторант, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан, e-mail: e.janserkeyeva@qyzpu.edu.kz ORCID: https://orcid.org/0009-0001-8270-4022

Эмель Акай- PhD, доцент, Университет Анадолу, Эскишехир, Турция, e-mail: esentuna@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4322-1615

**Information about the authors**

Roza Sadykova - Candidate of Philological Sciences, senior lecturer of Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: r.sadykova@qyzpu.edu.kz ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9695-0945

Eldana Janserkeyeva - doctoral student, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan, e-mail: e.janserkeyeva@qyzpu.edu.kz ORCID: https://orcid.org/0009-0001-8270-4022

Emel Akay- PhD, Anadolu University, Eskişehir, Turkey, e-mail: esentuna@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4322-1615

FTAMP 14.35.01
DOI: https://doi.org/10.47344/q8rk9v81

*Бекболат Жаннұр[1*], Жолмаханова Ақерке[1], Сейфуллах Йылдырым[2]*
[1]Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
[2]Гази университеті, Анкара, Түркия
[*]e-mail: zhannurbekbolat@gmail.com

# М.ШОҚАЙ ХАТТАРЫН ЗЕРТТЕУШІЛІК ӘДІС АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Аңдатпа.** Бұл зерттеу мақаласында жоғары оқу орындарындағы әдеби білім беру үдерісінде эпистолярлық жанрды оқытуда эмигрант хаттарының маңызы және оқытудың ғылыми-әдістемелік қырлары қарастырылады. Зерттеу объектісі ретінде ЖОО-дағы «Шет елдердегі қазақ әдебиеті» пәні аясында эмигрант хаттары оқу материалы ретінде пайдаланылды. Мақалада қазақ әдебиетіндегі эмигранттық эпистолярлық мұраның жанрлық табиғаты мен оқу үдерісіндегі әлеуетін толық ашуға кедергі келтіріп отырған мәселелер айқындалады. Зерттеу барысында әдебиеттанулық талдау, салыстырмалы әдіс, жүйелеу және педагогикалық модельдеу тәсілдері қолданылды. Эмигранттық хаттар тарихи құжат қана емес, тұлғалық дүниетаным мен ұлттық идеяны бейнелейтін әдеби мәтін ретінде қарастырылып, олардың оқу үдерісіндегі танымдық және тәрбиелік мүмкіндіктері негізделеді. Әсіресе Мұстафа Шоқай эпистолярлық мұрасы эмигранттық дискурстың репрезентативті үлгісі ретінде талданады. Зерттеу нәтижесінде эмигранттық эпистолярлық жанрды оқытудың әдебиеттанулық, педагогикалық және әдістемелік ұстанымдары біртұтас жүйе ретінде айқындалып, ЖОО-ға арналған әдістемелік үлгінің негізгі компоненттері ұсынылады. Ұсынылған тұжырымдар студенттердің тарихи-мәдени санасын қалыптастыруға, мәтінді кешенді талдау дағдыларын дамытуға және әдеби білім мазмұнын жаңғыртуға бағытталған. Зерттеуде Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасы Қазақстан тарихы мен мәдениетінің маңызды дереккөзі әрі рухани-әдеби құндылық ретінде кешенді түрде қарастырылып, оның жанрлық табиғаты, стильдік және идеялық-мазмұндық ерекшеліктері жоғары әдеби дискурс деңгейінде ғылыми-теориялық тұрғыда негізделді, соның нәтижесінде эмигранттық эпистолярлық жанр аясындағы репрезентативтік сипаты айқындалып, ұлттық дүниетаным мен тарихи сананы қалыптастырудағы танымдық әрі рухани қызметі дәлелденді. Зерттеу барысында алынған тұжырымдар мен ғылыми нәтижелерді жоғары оқу орындары мен жалпы білім беретін мектептердің қазақ әдебиеті курстарында эпистолярлық жанрды оқыту үдерісін жетілдіруде, арнайы курстар мен элективті пәндердің мазмұнын толықтыруда, сондай-ақ қазақ эпистолярлық мұрасын ғылыми тұрғыда зерделеудің өзекті мәселелерін нақтылау мен оның даму бағыттары мен зерттеу перспективаларын айқындауда теориялық-әдіснамалық негіз ретінде пайдалануға мүмкіндік бар.

**Түйін сөздер:** эмигранттық әдебиет, эпистолярлық жанр, қазақ әдебиеті, әдістеме, Мұстафа Шоқай, эпистолярлық мұра

## Кіріспе

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде әдеби білім мазмұнын жаңғырту, ұлттық тарих пен рухани мұраны ғылыми тұрғыда меңгертудің тиімді жолдарын айқындау өзекті мәселелердің қатарынан орын алады. Осы бағытта қазақ әдебиетіндегі эмигранттық эпистолярлық жанр — XX ғасыр басындағы тарихи-әлеуметтік ахуалды, ұлт зиялыларының дүниетанымын және азаматтық ұстанымын бейнелейтін ерекше әдеби құбылыс ретінде назар аударуды қажет етеді. Эпистолярлық мәтіндер ұзақ уақыт бойы негізінен деректік немесе қосымша материал ретінде қарастырылып, олардың әдеби-танымдық және дидактикалық әлеуеті оқу үдерісінде жүйелі түрде іске асырылмай келеді.

Қазақ эмиграциясы тарихымен тығыз байланысты бұл жанрдың қалыптасуы мен дамуы XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қоғамдық-саяси үдерістермен сабақтас. Аталған кезеңде шетелде өмір сүріп, ұлт тағдырына қатысты өз көзқарасын хат жанры арқылы білдірген Мұстафа Шоқай эпистолярлық мұрасы эмигранттық дискурстың мазмұндық, идеялық және стильдік белгілерін айқындайтын репрезентативті үлгілердің бірі болып табылады. Соған қарамастан, бұл мұраны жоғары оқу орындарында оқытуға арналған ғылыми-әдістемелік тұжырымдамалардың жеткіліксіздігі мәселенің өзектілігін арттыра түседі.

Осыған байланысты эмигранттық эпистолярлық жанрды әдеби мәтін ретінде танып, оны ЖОО-дағы әдеби пәндер мазмұнына енгізудің ғылыми негіздерін айқындау қажеттілігі туындайды. Бұл мақалада эмигранттық хаттарды оқытудың әдістемелік шешімдері ұсынылып, олардың студенттердің тарихи-мәдени санасын қалыптастырудағы, мәтінді кешенді талдау дағдыларын дамытудағы мүмкіндіктері негізделеді. Ұсынылған тұжырымдар әдеби білім беру жүйесін жаңғыртуға бағытталған ғылыми-әдістемелік ізденістердің нәтижесі ретінде сипатталады. Манзила Хабибова көрсеткендей, эпистолярлық форма автордың ішкі рухани әлемін ашатын әрі адресатпен ерекше байланыс орнататын жанр болып табылады («...эпистолярлық форма кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін ашудың және олардың арасында байланыс орнатудың о ретінде қызмет етеді, көбіне дәстүрлі қарым-қатынас түрлерінің шеңберінен асып түседі.» ) [1]. Бұл тұжырым Мұстафа Шоқай хаттарының табиғатына толық сәйкес келеді. Қайраткердің хаттары оның саяси көзқарасын ғана емес, тұлғалық болмысын, эмиграциядағы психологиялық ахуалын терең танытуға мүмкіндік береді [2]. Осы тұрғыдан алғанда, Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасын ЖОО-да оқыту студенттердің тарихи санасын, эмпатиялық қабылдауын және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруда аса маңызды. Қазақ әдебиетін оқыту үдерісінде эпистолярлық еңбектерді жүйелі түрде енгізу білім алушылардың әдеби-теориялық даярлығын тереңдетумен қатар, олардың тарихи-мәдени санасын қалыптастыруда айрықша маңызға ие. Эпистолярлық мәтіндер көркем шығарма мен деректік жазбаның тоғысқан нүктесінде орналасып, автор тұлғасының дүниетанымын, азаматтық ұстанымын және рухани болмысын тікелей танытуымен ерекшеленеді [3]. Осы тұрғыдан алғанда хат жанрын оқу материалы ретінде пайдалану білім алушыларға әдеби үдерісті жеке тұлғаның тағдырымен, тарихи уақытпен және ұлттық идеямен сабақтастыра қабылдауға мүмкіндік береді.

## Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу барысында эпистолярлық жанрды жоғары оқу орнында оқытудың ғылыми-әдістемелік қырларын айқындау мақсатында мәтіндік талдау, салыстырмалы-теориялық әдіс, жүйелеу, сондай-ақ педагогикалық бақылау және эксперименттік жұмыс элементтері қолданылды. Зерттеу материалы ретінде Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасы атты екі томдық жинақ негізге алынды. Аталған еңбекте жинақталған хаттар Мұстафа Шоқайдың эмиграция жағдайындағы дүниетанымын, азаматтық ұстанымын және ұлттық идеяны бейнелейтін эпистолярлық мәтіндер ретінде қарастырылып, әдеби әрі дидактикалық тұрғыдан талданды. Хаттар мәтіндік құрылымы, стильдік ерекшелігі, адресатқа бағдарлануы және тарихи-контекстік мазмұны тұрғысынан іріктеліп, оқу материалы ретінде пайдаланылды. Зерттеудің теориялық тұғырын айқындауда эпистолярлық жанр, хатты оқыту және әдеби білім беру мәселелерін қарастырған шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Атап айтқанда, шетелдік зерттеушілер М. Н. Хабибова мен Ф. У. Ахтамова еңбектеріндегі эпистолярлық мәтіннің коммуникативтік және дидактикалық мүмкіндіктеріне қатысты тұжырымдар зерттеу логикасын негіздеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар отандық ғалымдар Жадыра Қалижарова мен Қанипаш Мәдібаева еңбектеріндегі әдеби жанрды оқыту, мәтінді интерпретациялау және тұлғатану мәселелеріне қатысты ғылыми пікірлер зерттеудің әдістемелік бағытын нақтылауда маңызды рөл атқарды.

Зерттеу барысында эпистолярлық мәтіндерді оқыту үдерісіне байланысты педагогикалық экспериментке ерекше назар аударылды. Эксперименттік жұмыс аясында Мұстафа Шоқай хаттарын оқу, талдау және интерпретациялау арқылы студенттердің мәтінді тарихи-

контекстік тұрғыдан қабылдау деңгейі, авторлық позицияны түсінуі және сыни ойлау қабілетінің дамуы бақылауға алынды. Эксперимент нәтижелері эпистолярлық жанрды оқытудың ғылыми-әдістемелік тұрғыдан тиімді екендігін айқындауға негіз болды.

## Нәтижелер мен талқылаулар

Эпистолярлық жанр әдебиеттануда автор тұлғасын, тарихи уақытты және әлеуметтік ортаны тікелей байланыстыра бейнелейтін күрделі көркем-дискурстық форма ретінде қарастырылады. Зерттеушілердің пікірінше, хат мәтіндерінің басты ерекшелігі – автор мен адресат арасындағы диалогтық қатынастың сақталуы және авторлық «меннің» ашық көрініс табуы. Мәселен, Д. Г. Альтман эпистолярлық жанрды дербес әдеби форма ретінде негіздеп, оны адресатқа бағытталған, бірақ кең оқырманға ашық дискурстық кеңістік деп сипаттайды [4]. Ал М. Бахтин хат жанрына тән диалогтылық пен үн қату сипатын атап көрсетіп, эпистолярлық мәтінді тірі коммуникация үлгісі ретінде бағалайды [5].

Ф. У. Ахматова өзінің “The Evolution of Epistolary Genre and Its Nature in World Literature (2025)” еңбегінде эпистолярлық жанрдың ерекшелігі – автордың ішкі ойы мен сезімін жасырмай, тікелей жеткізуінде. Хат арқылы тұлға өз жан дүниесін ашып, оқырманмен бейресми, бірақ терең рухани байланыс орнатады. Бұл қасиет эпистолярлық мәтінді оқырманға барынша жақындатып, оны автордың ой толғанысына ортақтастырады дей келе мынадай пікір білдіреді: «Эпистолярлық жанр кейіпкерлердің ойлары мен сезімдеріне терең әрі жақын үңілуге мүмкіндік береді, сондай-ақ автор мен оқырман арасында тікелей байланыс орнатады.» [6]. Осы тұрғыдан алғанда, Мұстафа Шоқайдың хаттары оның саяси мақалаларынан өзгеше қырын танытады. Қайраткер хаттарында ұлттық мүдде жолындағы күрескер ғана емес, тарихи жағдайды жүрегімен сезінген, күмән мен үміттің арасында өмір сүрген тұлға ретінде көрінеді. Шоқайдың хаттық мұрасы оқырманды оның ішкі әлеміне жетелеп, автор мен оқырман арасында тікелей байланыс қалыптастырады. Демек, эпистолярлық жанр арқылы Мұстафа Шоқай тұлғасы деректік деңгейде емес, адамдық болмысымен, рухани күйімен танылады. Бұл жанрдың танымдық әрі тәрбиелік мәнін арттырып, оны ЖОО-да оқытудың маңызды әдістемелік құралына айналдырады.

Эпистолярлық жанр әдебиет тарихында жеке тұлғаның ішкі дүниесін, дүниетанымын және қоғамдық көзқарасын тікелей жеткізетін синкретті жанр ретінде танылады. Хат мәтіндері көркемдік баяндау, деректік нақтылық және авторлық рефлексия элементтерін біріктіруімен ерекшеленеді. Эмиграция жағдайында жазылған хаттарда бұл белгілер жаңа сапалық сипатқа ие болып, жанрлық трансформация үдерісі айқын байқалады.

Эмигранттық эпистолярлық мәтіндерде жеке тағдыр мен ұлттық мүдде, эмоциялық күй мен идеялық бағдар біртұтас дискурстық кеңістікте көрініс табады. Осы тұрғыдан алғанда эмигрант хаттары тек тарихи құжат қана емес, әдеби мәтін ретінде де қарастырылуы дұрыс шешім. Мақалада эпистолярлық жанрдың көркемдік, деректік және идеологиялық қырлары кешенді түрде талданып, оны әдеби білім беру үдерісінде дербес оқу нысаны ретінде тану мәселесін қарастырамыз. Эпистолярлық мұра әдебиеттануда жеке тұлғаның тарихи кезеңмен, қоғаммен және адресатпен тікелей қарым-қатынасын бейнелейтін жанрлық форма ретінде айқындалады. Хат мәтіндерінде авторлық «мен» көркем шарттылықтан гөрі өмірлік шындыққа жақын қалыпта көрініс тауып, мәтінге деректік нақтылық пен идеялық салмақ дарытады. Осы ерекшелік эпистолярлық жанрды жоғары оқу орнында оқытудың тиімді нысанына айналдырады, өйткені ол білім алушыларға әдеби мәтінді тек көркем шығарма ретінде емес, тарихи-әлеуметтік дискурс ретінде кешенді қабылдауға мүмкіндік береді.

Хат жанрын оқыту барысында студенттер авторлық позицияны, адресатпен диалогты, уақыт пен кеңістікке қатысты рефлексияны және ұлттық идеяның мәтіндік репрезентациясын терең түсінеді. Эпистолярлық мәтіндердің публицистикалық, мемориалдық және автобиографиялық қабаттарының тоғысуы оларды әдеби-теориялық талдаудың ғана емес, тарихи-дискурстық пайымдаудың да маңызды материалына айналдырады. Осы тұрғыдан алғанда Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық-публицистикалық мұрасы хат жанрының көркемдік және идеялық мүмкіндіктерін айқын танытатын репрезентативті үлгі болып

табылады. Мысалы, қоғам белсендісінің «Атамекен жағдайы» деп аталған эпистолярлық жазбасында: «...Біз, Түркістан ұлтшылдары, нахақтан өлтірілген, бойындағы барымен мекеннің, туған халқының ар-намысын қорғаған жерлестеріміздің күрескер рухына құрметпен басымызды иеміз» - деген өршіл рух лебінің реңкі басым [7]. Бұл жазбада Мұстафа Шоқай дүниетанымына тән ұлттық сана, тарихи жады және азаматтық жауапкершілік тұтас көркем-идеялық жүйе ретінде көрініс табады. Мәтін «Біз, түркістан ұлтшылдары» деп басталуы арқылы авторлық позицияны жеке тұлғалық деңгейден көтеріп, оны ұжымдық саяси-рухани субъект ретінде айқындайды. Бұл эпистолярлық әрі публицистикалық дискурсқа тән ерекшелік: «мен» емес, «біз» арқылы сөйлеу – ұлттық бірлікті риторикалық емес, идеялық ұстаным ретінде бекіту тәсілі. «Нахақтан өлтірілген» тіркесі мәтінге этикалық бағалау жүктеп, тарихи оқиғаларға моральдық өлшеммен қарау қажеттігін алға тартады. Бұл жерде өлім жеке трагедия ретінде емес, ұлттық ар-намыстың бұзылуы ретінде қабылданады. Автор жерлестерінің күресін «бойындағы барымен» деген тіркес арқылы толық жанқиярлық, рухани берілу деңгейінде сипаттайды. Бұл эпитет эпистолярлық мәтінге эмоционалдық тереңдік беріп қана қоймай, күрескер бейнесін идеалданған тұлғалық модель ретінде ұсынады. Мәтінде «мекеннің, туған халқының ар-намысын қорғау» ұғымдары қатар қолданылып, кеңістік (жер, мекен) пен қауым (халық) біртұтас құндылық жүйесіне біріктіріледі. Әдеби тұрғыдан бұл — ұлттық хронотоптың көрінісі: туған жер мен халық тағдыры бөлінбес бірлік ретінде пайымдалады. Мұндай тұтастық Мұстафа Шоқай шығармашылығына тән ұлттық идеяның өзегін құрайды.

Сөйлемнің соңындағы «күрескер рухына құрметпен басымызды иеміз» формуласы мәтінді мемориалдық-ритуалдық дискурс деңгейіне көтереді. Бұл тіркес авторлық ойдың логикалық түйіні ғана емес, тарихи әділеттілікке тағзым етудің көркем формасы ретінде көрінеді. Эпистолярлық және публицистикалық жанрға тән бұл интонация мәтінді әрекетке шақырудан гөрі тарихи жадыны сақтауға бағыттайды. Берілген жолдар Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық-публицистикалық мұрасындағы ұлттық қайғы мен ұлттық намысты, құрбандық пен рухани биіктікті қатар бейнелейтін терең мағыналы мәтін үлгісі болып табылады. Бұл мәтін жеке саяси ұстанымның көрінісі емес, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының рухани-идеялық декларациясы ретінде бағаланып, жоғары оқу орнында әдеби-теориялық және тарихи-дискурстық талдаудың маңызды нысаны бола алады.

Эпистолярлық мәтіндерде автордың азаматтық ұстанымы мен тарихи ойлау жүйесі тікелей адресатқа бағытталған сөз арқылы айқындалады. Хат жанры тұлғаның ішкі рефлексиясын ғана емес, қоғамдық жауапкершілікті де бейнелейтін әдеби форма ретінде ерекшеленеді. Осы тұрғыдан алғанда төмендегі жолдар Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық және публицистикалық мұрасына тән идеялық-азаматтық бағдарды жинақтаған мәтін үлгісі болып табылады. Оның айқын дәлелі ретінде Мұстафа Шоқайдың Уәли Нұралдин бектің мақалалырына орай жазылған «Алауыздыққа орын қалдырмайық» атты хатында біршама азаматты позициялары айқын көрініс береді: «...Біз еркін және азат өмір сүргіміз келеді. Біз де Түркия тәрізді ұлттық билікке қол жеткізуіміз керек. Осы мақсатымызға жетуіміз үшін біз өзімізге қарсы келген күштермен күреспей тұра алмаймыз... Алауыздыққа орын қалдырмайық» [8].

Берілген жолдарда Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық және публицистикалық мұрасына тән азаматтық пафос, ұлттық жауапкершілік және тарихи бағдар айқын көрініс табады. Мәтіннің өзегінде еркіндік пен азаттық идеясы негізгі құндылық ретінде қойылып, ол жеке адамның емес, тұтас ұлттың тағдырымен сабақтастырыла пайымдалады. «Біз» есімдігінің жүйелі қолданылуы авторлық позицияны ұжымдық сана деңгейіне көтеріп, адресат шеңберін нақты бір тұлғадан халықтық қауымдастыққа дейін кеңейтеді. Бұл эпистолярлық және публицистикалық мәтінге тән инклюзивті дискурс қалыптастырады. Мәтінде Түркия тәжірибесінің мысал ретінде алынуы тарихи-салыстырмалы ойлаудың белгісі болып табылады. Автор өз ұлтының болашағын өзге халықтың тарихи жетістігімен салыстыра отырып, ұлттық бірлікке қол жеткізудің мүмкін әрі қажетті екенін дәлелдеуге ұмтылады. Бұл тәсіл мәтінге тек эмоциялық емес, рационалды-идеялық аргументация дарытады. Түркия

образы мұнда географиялық немесе саяси нысан ретінде емес, ұлттық тұтастықтың символы ретінде қызмет атқарады. Сонымен қатар мәтінде күрес ұғымы романтикалық немесе абстрактілі сипатта емес, тарихи шындықтың заңды салдары ретінде беріледі. Автор қарсы күштермен күресті зорлыққа шақыру емес, еркіндік жолындағы амалсыз қажеттілік ретінде түсіндіреді. Бұл тұста Шоқайдың саяси ойлауына тән жауапкершілік этикасы байқалады: күрес – мақсат емес, ұлттық болмысты сақтаудың құралы. Мұндай пайым мәтіннің публицистикалық салмағын арттырып, оны тарихи-идеологиялық дискурс деңгейіне шығарады. Мәтіннің соңындағы «Алауыздыққа орын қалдырмайық» деген үндеу эпистолярлық және публицистикалық жанрға тән директивті интонацияны күшейтеді. Бұл сөйлем авторлық ойдың қорытындысы ғана емес, адресатқа бағытталған нақты әрекетке шақыру ретінде көрінеді. Әдеби тұрғыдан алғанда, бұл — мәтіндегі идеялық кульминация: еркіндік, бірлік, күрес ұғымдары осы тұста тұтас мағыналық жүйеге бірігеді.

Қазіргі педагогикалық зерттеулерде оқыту үдерісін тұлғаға бағыттап ұйымдастыруға басымдық беріледі. Осы тұрғыда проблемалық тапсырмалар, жобалық жұмыстар, зерттеушілік әрекет пен саралап оқыту сияқты әдістер білім алушының белсенділігін арттырудың негізгі құралы ретінде қарастырылады. Аталған тәсілдер оқушының ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, алған білімін талдау және бағалау деңгейіне көтереді. Соның ішінде зерттеушілік әдіс – оқу үдерісінде білім алушының танымдық әрекетін жандандырып, оны дербес ой қорытуға, дәлелді пікір айтуға бағыттайтын тиімді тәсілдердің бірі. Бұл әдіс барысында студент дайын ақпаратты қабылдаумен шектелмей, деректерді іздеу, іріктеу, салыстыру және жүйелеу әрекеттерін өз бетінше жүзеге асырады. Мұстафа Шоқайдың хаттарын оқытуда зерттеушілік әдісті қолдану әдеби мәтінді тек мазмұндық деңгейде емес, идеялық, әлеуметтік және саяси тұрғыдан кешенді қарастыруға мүмкіндік береді. Хаттар автор көзқарасын айқындайтын дерек көзі ретінде талданып, олардың жазылу жағдайы мен мағыналық астары білім алушылардың өз зерттеу нысанына айналады. Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасын меңгертуде бұл әдістің қолданылуы дерекпен жұмыс жасау мәдениетін қалыптастырып, ұлттық ой мен азаттық идеяларын терең түсінуге жағдай жасайды. Зерттеушілер Мұстафа Шоқайдың жазба мұрасы туралы: «Ғалымдар Мұстафа Шоқайдың жазба мұрасын қазақ эмиграциясының тарихын және XX ғасырдың басындағы ұлттық-азаттық қозғалыс идеяларын бейнелейтін маңызды тарихи дереккөз ретінде бағалайды»,-деген пікір білдіреді. Осы тұрғыдан алғанда, Мұстафа Шоқай хаттарын зерттеушілік әдіс негізінде оқыту тарихи сананы қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орнындағы әдеби білім беру үдерісінде эпистолярлық жанрды оқыту студенттердің әдеби мәтінді тұлғалық, тарихи және мәдени контексте қабылдауына мүмкіндік беретін маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Хат жанры көркем баяндау мен деректік нақтылықты тоғыстыра отырып, автордың ішкі дүниесін, азаматтық ұстанымын және қоғамдық жауапкершілігін тікелей танытатын әдеби форма ретінде ерекшеленеді. Осы тұрғыдан алғанда эпистолярлық мәтіндерді талдау білім алушылардың тарихи санасын, мәтінді интерпретациялау қабілетін және тұлғатану дағдыларын қалыптастыруда айрықша рөл атқарады. Мұстафа Шоқай хаттарын оқу арқылы студенттер тұлғаның қалыптасу кеңістігін, көп этносты ортадағы азаматтық көзқарасты және ұлттық жауапкершілік ұғымын терең түсіне алады. Қоғам қайраткерінің хаттары туралы «Мұстафа Шоқай хаттарының педагогикалық маңызы» атты мақаламда : «Мұстафа Шоқайдың хаттары – жеке тұлғаның ішкі жан дүниесін, саяси ұстанымдарын, замана келбетін және елінің тағдырына деген жанашырлығын бейнелейтін маңызды жазба деректер. Оның хаттары тек тарихи құжат ретінде емес, әдеби-көркем мұра ретінде де құнды. Бұл хаттарда сол заманның әлеуметтік-саяси жағдайы, ел болашағына деген алаңдаушылық және тұлғаның жеке эмоциялары шынайы әрі әсерлі баяндалған. Мұстафа Шоқайдың хаттары арқылы оқушылар ел тарихының күрделі кезеңдерін түсініп қана қоймай, ұлт көшбасшысының терең ойларын, шынайы адами қасиеттерін тануға мүмкіндік алады. Тұлғатану арқылы жастардың тұлғалық образы қалыптасады [10]»,-деген пікір білдірдім.

Осы негізде Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мәтіндерін автобиографиялық баяндау, тұлғалық рефлексия және қоғамдық миссия тұрғысынан қарастырып, эпистолярлық жанрдың жоғары оқу орнында оқытудың ғылыми-теориялық әрі тәрбиелік әлеуетін айқындауға бағытталады. Осы тұста мысал ретінде қайраткердің: «Ақмешіт - өзімнің туып-өскен, алғаш рет мектепке қадам басқан жерім. Мен осында тұратын өзбек, қазақ, татар, орыс және яһудейлердің бәрін түгел дерлік танимын. Бүкіл қала тұрғындары мені де жақсы таниды. "Өзі қадірлі кісінің баласын да сыйлау керек" деген біздің халықтың салтымен ел маған көп құрмет көрсететін. Әсіресе қазақтар мені өздерінің сенімді өкілі, қорғаны есептейтін» - деген сөздері ойға оралады [11]. Мұнда Мұстафа Шоқайдың автобиографиялық баяндау мәнері мен эпистолярлық жанрға тән тұлғалық рефлексия айқын көрінеді. Мәтіннің «Ақмешіт – өзімнің туып-өскен, алғаш рет мектепке қадам басқан жерім» деп басталуы автордың өмірбаяндық деректі жеке естелік ретінде ғана емес, тұлғалық қалыптасудың символдық кеңістігі ретінде ұсынуын аңғартады. Ақмешіт қаласы мұнда географиялық атау емес, автордың әлеуметтік, мәдени және рухани болмысы қалыптасқан ұлттық хронотоп қызметін атқарады.

Мәтінде қала тұрғындарының этникалық көптүрлілігін атап көрсету (өзбек, қазақ, татар, орыс, яһудей) автордың дүниетанымындағы көпмәдениеттілік пен төзімділік ұстанымын білдіреді. Бұл тізбекте этностар иерархиясыз, тең дәрежеде беріледі, яғни мәтінде «бөтен» мен «өзге» категориялары жоқ. Әдеби тұрғыдан алғанда, бұл — автордың азаматтық көзқарасын бейнелейтін инклюзивті дискурс. «Бүкіл қала тұрғындары мені де жақсы таниды» деген сөйлемде эпистолярлық жанрға тән өзін-өзі сипаттау (автохарактеристика) элементі байқалады. Автор өзін халықтан жоғары қоймайды, керісінше, қоғаммен өзара сенім мен танылу қатынасы арқылы сипаттайды. Мұнда «тану» ұғымы тек әлеуметтік беделді емес, моральдық мойындауды білдіреді. Мәтіндегі халық даналығына сүйену («өзі қадірлі кісінің баласын да сыйлау керек») ұлттық дүниетанымның мәтінге енгізілуін көрсетеді. Бұл фольклорлық формула эпистолярлық баяндауға мәдени код ретінде қызмет етіп, автордың жеке тағдырын халықтық дәстүрмен байланыстырады. Осы арқылы Шоқай өз беделін жеке жетістікпен емес, ұлттық моральдық өлшеммен түсіндіреді. «Әсіресе қазақтар мені өздерінің сенімді өкілі, қорғаны есептейтін» деген тұжырым мәтіндегі идеялық кульминация болып табылады. Бұл сөйлемде авторлық «мен» жеке адамнан қоғамдық миссия иесіне айналады. Әдеби тұрғыдан бұл – эпистолярлық жанрға тән әлеуметтік рөлді санау тәсілі. Автор өзін билік иесі ретінде емес, халық сенім артқан қорғаушы, өкіл ретінде сипаттайды, бұл оның саяси-этикалық ұстанымын айқындайды.

Зерттеу аясында эпистолярлық жанрды оқыту әдістемесінің тиімділігін анықтау мақсатында жоғары оқу орнында педагогикалық эксперимент жүргізілді. Экспериментке барлығы 60 студент қатысты. Білім алушылардың Мұстафа Шоқай тұлғасы мен оның хаттары жөніндегі бастапқы білім деңгейін анықтау мақсатында диагностикалық сипаттағы сауалнама жүргізілді. Әрбір студентке үш мазмұндық сұрақ ұсынылып, жауаптар «білемін», «білмеймін», «есіме түсіре алмадым» нұсқалары бойынша белгіленді.

**Кесте 1.** *Экспериментке дейінгі жалпы сұрақ нәтижесі*

| Сұрақ | Білемін | Білмедім | Есіме түсіре алмадым |
|---|---|---|---|
| 1. Мұстафа Шоқайдың шығармашылығымен таныссыз ба? | 24 | 22 | 14 |
| 2. Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасы туралы не білесіз? | 18 | 26 | 16 |
| 3. Мұстафа Шоқайдың жазған хаттары туралы не айта аласыз? | 12 | 32 | 16 |

Нәтижелерді өңдеу барысында барлық жауаптар жинақталып, топтың жалпы білім көрсеткіші пайыздық үлеспен анықталды. Жиынтық талдау деректері білім алушылардың белгілі бір бөлігінде Мұстафа Шоқай және оның эпистолярлық мұрасы туралы білімнің жүйесіз әрі фрагментарлы екенін көрсетті. Сонымен қатар «білемін» деп жауап бергендердің үлесі салыстырмалы түрде төмен деңгейде қалып, зерттелетін тақырыпты мақсатты түрде оқытудың қажеттігін айқындады. Осы диагностикалық кезең нәтижелері кейінгі қалыптастырушы эксперимент үшін бастапқы база ретінде алынып, оқыту әдістемесінің тиімділігін салыстырмалы түрде бағалауға мүмкіндік берді.




1 сурет - Сауалнама нәтижесі

Алынған деректер студенттердің 44%-ы Мұстафа Шоқайдың тұлғасы мен оның эпистолярлық мұрасы туралы жеткілікті ақпаратқа ие емес екенін көрсетті, ал тек 30%-ы ғана нақты білемін деп жауап берген. Бұл жағдай Мұстафа Шоқай хаттарын арнайы оқыту қажеттігін дәлелдейді.

Сонымен сабақ үдерісінде Мұстафа Шоқайдың хаттары эпистолярлық жанр контекстінде негізгі оқу материалы ретінде ұсынылды. Оқыту барысында мәтіндік талдау, салыстырмалы талдау, рөлдік ойын, пікірталас және шығармашылық жазба сияқты белсенді оқыту әдістері жүйелі түрде қолданылды. Студенттердің оқу жетістігі бірнеше көрсеткіш арқылы бағаланды: тапсырмаларды орындау деңгейі, сабақтағы белсенділік, талқылауға қатысуы және шығармашылық жұмыстардың мазмұндық сапасы. Эксперимент нәтижелері сандық және сапалық талдау негізінде жүйеленді.


**Кесте 2.** *«Шет елдердегі қазақ әдебиеті» курсына ұсынылатын лекция мен практикалық сабақ тақырыптары*

| | Лекция тақырыптары | Практикалық сабақ тақырыптары |
|---|---|---|
| 1. | М. Шоқайдың өмірі мен шығармашылығы. | М. Шоқайдың өмірі мен шығармашылығы туралы шоқайтанушылардың еңбектері мен пікірлері |
| 2. | М. Шоқайдың «1917 жыл», Мария Шоқайдың «Менің Мұстафам» естеліктері. | М. Шоқай естелігінің жариялануы, зерттелуі. М. Шоқай естелігінің тарихи-танымдық маңызы. М. Шоқай естелігінің жанрлық, стильдік ерекшелігі |

| | | |
|---|---|---|
| 3. | Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасы. | М. Шоқай хаттары әдеби мәтін ретінде тілдік-стильдік ерекшелігін талдау |
| 4. | Мұстафа Шоқай хаттарының тақырыптық ерекшелігі, саяси мәні. | М. Шоқай хаттарын мазмұны бойынша талдау және инсценировка |

Сандық талдау деректері студенттердің басым көпшілігінің эпистолярлық жанрға негізделген тапсырмаларды жоғары деңгейде меңгергенін көрсетті. Мәтіндік талдау тапсырмасын студенттердің 70%-ы жоғары деңгейде орындаса, 20%-ы орташа, тек 10%-ы төмен деңгейде нәтиже көрсетті. Салыстырмалы талдау барысында жоғары деңгей көрсеткен студенттер үлесі 63%-ды құрады. Шығармашылық хат жазу және рөлдік ойын элементтері енгізілген тапсырмаларда жоғары нәтижеге жеткендер саны 73%-ға жетіп, бұл эпистолярлық жанрдың студенттердің эмоциялық және шығармашылық әлеуетін белсенді іске қосатынын дәлелдейді. Дискуссия мен пікірталас барысында студенттердің 67%-ы жоғары деңгейде қатысып, өз көзқарасын дәлелді түрде жеткізе алды. Қорытынды эссе мен рефлексия тапсырмаларында да ұқсас нәтиже байқалып, студенттердің 68%-ы жоғары деңгей көрсетті. Жалпы алғанда, барлық тапсырмалар бойынша студенттердің 63–73%-ы жоғары деңгейде нәтиже көрсетіп, орташа деңгей 17–27% аралығында, ал төмен деңгей тек 10% шамасында болды. Бұл деректер эпистолярлық жанрды оқыту әдістемесінің тиімділігін сандық тұрғыдан дәлелдейді.

Сапалық талдау студенттердің оқу үдерісіндегі танымдық және тұлғалық өзгерістерін айқындауға мүмкіндік берді. Мәтіндік талдау барысында студенттер Мұстафа Шоқай хаттарындағы тарихи оқиғалар мен автордың ішкі дүниесін өзара байланыстыра талдап, мәтін мазмұнын деректік және көркемдік қырынан түсіндіре алды [12]. Салыстырмалы талдау тапсырмаларында студенттер эпистолярлық мәтіндерді ресми сипаттағы тарихи құжаттармен салыстыра отырып, хат жанрына тән эмоциялық, публицистикалық және диалогтық ерекшеліктерді айқын ажырата білді. Бұл тапсырмалар эпистолярлық жанрдың әдеби табиғатын терең ұғынуға ықпал етті. Рөлдік ойын және шығармашылық хат жазу кезеңінде студенттердің тарихи контекст сақтау, авторлық стильге еліктеу және эмоциялық қатысу деңгейі жоғары болды. Бұл эпистолярлық жанрдың эмпатиялық қабылдауды күшейтетін мүмкіндігін көрсетті. Дискуссия және рефлексия барысында студенттер тарихи тұлғаның идеяларын бүгінгі қоғамдық мәселелермен байланыстырып, сыни тұрғыдан ой қорыта алды [13]. Талқылауларда студенттердің жеке пікір айтуға, дәлел келтіруге және тарихи пайым жасауға бейімділігі артқаны байқалды[14].




2 сурет – Сабақ нәтижелерінің сандық көрсеткіштері

Эксперимент нәтижелерін жинақтай келе, эпистолярлық жанр негізінде ұйымдастырылған сабақтар студенттердің тарихи тұлғаны тану деңгейін едәуір арттырғаны

анықталды. Мұстафа Шоқай хаттарын оқу арқылы білім алушылар тарихи деректі эмоционалдық және тұлғалық тұрғыдан қабылдап, мәтінді терең түсінуге мүмкіндік алды. Сонымен қатар эпистолярлық жанрды қолдану студенттердің эмпатиялық ойлауын, салыстырмалы талдау дағдыларын, сыни пайымын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға оң әсер етті [15].

Жинақтай келгенде, Мұстафа Шоқай хаттарын оқу үдерісіне кіріктіру әдістемесі жоғары оқу орнындағы «Шет елдердегі қазақ әдебиеті» пәндері аясында тиімді педагогикалық құрал ретінде өзін толықтай ақтайды және эпистолярлық жанрды оқытудың ғылыми-әдістемелік әлеуетін нақты нәтижелер арқылы дәлелдейді.

## Қорытынды

Зерттеу нәтижелері эпистолярлық жанрдың қазақ әдебиетіндегі көркемдік және идеялық әлеуетін жоғары оқу орнында оқыту арқылы толық ашуға болатынын көрсетті. Эпистолярлық мәтіндер автор тұлғасын, тарихи уақытты және ұлттық идеяны біртұтас дискурста бейнелейтін жанр ретінде әдеби талдаудың маңызды нысанына айналады. Зерттеу барысында Мұстафа Шоқай эпистолярлық мұрасын оқу материалы ретінде пайдалану студенттердің тарихи тұлғаны тану деңгейін арттырып қана қоймай, олардың эмпатиялық қабылдауын, сыни пайымын және шығармашылық белсенділігін күшейтетіні анықталды. Сандық және сапалық талдау нәтижелері эпистолярлық жанрға негізделген тапсырмалардың басым көпшілігі студенттер тарапынан жоғары деңгейде меңгерілгенін көрсетті. Бұл көрсеткіштер ұсынылған әдістеменің жүйелі әрі нәтижелі екенін айғақтайды. Сонымен қатар эпистолярлық жанрды оқыту барысында қолданылған мәтіндік талдау, салыстырмалы талдау, рөлдік ойын және шығармашылық жазба сияқты белсенді оқыту әдістері білім алушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына, авторлық позицияны түсінуге және тарихи мәтінмен саналы түрде жұмыс істеуге мүмкіндік берді. Бұл эпистолярлық мәтіндерді тек қосымша дерек емес, әдеби білім берудің толыққанды нысаны ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Мұстафа Шоқай хаттарын жоғары оқу орнындағы «Шет елдердегі қазақ әдебиеті» пәні аясында жүйелі түрде оқыту эпистолярлық жанрдың ғылыми-әдістемелік әлеуетін ашуға, әдеби білім мазмұнын жаңғыртуға және тарихи тұлғаларды оқытуда тұлғалық-бағдарлы тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері эпистолярлық жанрды оқытуға арналған арнайы оқу модульдерін, пәнаралық курстарды және әдістемелік құралдарды әзірлеуге негіз бола алады.

## Алғыс білдіру

Бұл мақала Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы – Ректор гранты аясында жас ғалымдарға арналған ғылыми жобаларды қаржыландыру конкурсы негізінде орындалды.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Habibova M.N. Letter Writing and the Epistolary Form in Modernist Literature // Journal of Multidisciplinary Sciences and Innovations. – 2025. – Vol. 4. № 2. – ISSN 2751-4390.
2 Қойгелдиев, М. *Мұстафа Шоқай және Түркістан*. – Алматы: Санат, 1997.
3 Қирабаев, С. *Әдебиет және дәуір талабы*. – Алматы: Ғылым, 1997.
4 Altman, D. G. *Epistolarity: Approaches to a Form*. – Columbus: Ohio State University Press, 1982.
5 Бахтин, М. М. *Эстетика словесного творчества*. – Москва: Искусство, 1997.
6 Akhtamova, F. U. (2025). *The Evolution of Epistolary Genre and Its Nature in World Literature*. London: Routledge.
7 Таңдамалы шығармалар [Мәтін] : Үш томдық Шоқай Мұстафа- Алматы : Қайнар , 2007. – Мәдени мұра.– 3000 дана . – 9965-9948-6-2 2-ші том .– 392 бет

8 Таңдамалы шығармалар [Мәтін] : үш томдық / М. Шоқай- Алматы : Қайнар , 2007.– 3000 дана . – 9965-9948-7-0 (3-т.) (мұқ.), – 9965-9948-4-6 - "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы бойынша . 3-том .– 382
9 Zholmakhanova, A. B., Tuyakbaev, G. A., Abdrazakov, K., Oralova, G. S., & Serdali, B. K. (2018). *Kazakh Emigration and Historical Significance of Memories of Mustafa Shokay*. Utopía y Praxis Latinoamericana, 23(82), 111– 120. https://doi.org/10.5281/zenodo.1495807
10 Бекболат Ж.Н., Жолмаханова А.Б., Сейфуллах Й. Педагогическое значение писем Мустафы Шокая // Scientific Journal of Pedagogy and Economics. – 2025. – Т. 414, № 2. – С. 95–108. – DOI: 10.32014/2025.2518-1467.915
11 Эпистолярлық мұрасы : екі томдық Шоқай, Мұстафа ; жауап. ред., алғысөз бен түсіндірмелер. авт. К. Л. Есмағамбетов ; құраст. Ғ. Т. Исахан ; ауд.: Ә.Әбіласанұлы, Ғ.Исахан, У.Қыдырханұлы .- Алматы : СаГа , 2006. – 9965-443-44-0 (мұқ.) - Мәдени мұра бағдарламасы бойынша шығарылды . Т. 1 .– 423 б
12 Жұмақаева Б. Д. *Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі*. — Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2015. — 242 б.
13 Мамыт А. А., Нұрпейісов Н. Ж. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. — Шымкент: 2016 – 186-бет.
14 Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. — Алматы: Рауан, 1997. — 288 б.
15 Нұрғожа Б. Б., Сабыровна І. *Білім беру үдерісіндегі сыни ойлаудың маңыздылығы*. — Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті хабаршысы, Педагогика. Психология. Социология, 2025

## References

1 Habibova M.N. Letter writing and the epistolary form in modernist literature, Journal of Multidisciplinary Sciences and Innovations, 4(2), 45–52 (2025).
2 Koigeldiev M. Mustafa Shokaj zhane Turkistan [Mustafa Shokay and Turkestan] (Sanat, Almaty, 1997).
3 Kirabaev S. Adebiet zhane dauir talaby [Literature and the demands of the era] (Gylym, Almaty, 1997).
4 Altman J.G. Epistolarity: Approaches to a Form (Ohio State University Press, Columbus, 1982, 236 p.).
5 Bakhtin M.M. Estetika slovesnogo tvorchestva [Aesthetics of verbal creativity] (Iskusstvo, Moscow, 1997, 445 p.).
6 Akhtamova F.U. The evolution of the epistolary genre and its nature in world literature (Routledge, London, 2025, 198 p.).
7 Shokaj M. Tandamaly shygarmalar. Ush tomdyk [Selected works. Three volumes] (Kainar, Almaty, 2007, Vol. 2, 392 p.).
8 Shokaj M. Tandamaly shygarmalar. Ush tomdyk [Selected works. Three volumes] (Kainar, Almaty, 2007, Vol. 3, 382 p.).
9 Zholmakhanova, A. B., Tuyakbaev, G. A., Abdrazakov, K., Oralova, G. S., & Serdali, B. K. (2018). *Kazakh Emigration and Historical Significance of Memories of Mustafa Shokay*. Utopía y Praxis Latinoamericana, 23(82), 111–120. https://doi.org/10.5281/zenodo.1495807
10 Bekbolat Zh. N., Zholmakhanova A. B., Seifullakh Y. Pedagogicheskoe znachenie pisem Mustafy Shokaya // *Scientific Journal of Pedagogy and Economics*. – 2025. – Vol. 414, No. 2. – Pp. 95–108. – DOI: 10.32014/2025.2518-1467.915 .
11 Shokaj M. Epistoljarlyk murasy. Eki tomdyk [Epistolary heritage. Two volumes], Ed. K.L. Esmagambetov (SaGa, Almaty, 2006, Vol. 1, 423 p.).
12 Zhumakaeva B.D. Kazak adebietin okytu adistemesi [Methods of teaching Kazakh literature] (Kazakh Women's University Press, Almaty, 2015, 242 p.).
13 Mamyt A.A., Nurpeisov N.Zh. Kazak adebietin okytu adistemesi [Methods of teaching Kazakh literature] (Shymkent, 2016, 186 p.).

14 Bitibaeva K. Adebietti okytu adistemesi [Methods of teaching literature] (Rauan, Almaty, 1997, 288 p.).
15 Nurgazha B.B., Sabirovna I. The importance of critical thinking in the educational process, Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Pedagogy. Psychology. Sociology, 1, 112–119 (2025).

*Бекболат Жаннур[1*], Жолмаханова Акерке[1], Сейфуллах Йылдырым[2]*
[1]Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан
[2]Университет Гази, Анкара, Турция
[*]e-mail: zhannurbekbolat@gmail.com

# ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ОБУЧЕНИЯ ПИСЬМАМ М. ШОКАЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИМ МЕТОДОМ

**Аннотация.** В данной исследовательской статье рассматриваются научно-методические аспекты преподавания эмигрантской эпистолярной литературы в системе высшего образования. Объектом исследования стал процесс использования эмигрантских писем в рамках литературных дисциплин вузов. В статье выявляются проблемы, которые затрудняют полное раскрытие жанровой специфики эмигрантского эпистолярного наследия казахской литературы и его потенциала в учебном процессе. В ходе исследования применялись литературоведческий анализ, сравнительный метод, систематизация и педагогическое моделирование. Эмигрантские письма рассматриваются не только как исторические документы, но и как литературные тексты, отражающие личностное мировоззрение и национальные идеи, а также обосновываются их познавательные и воспитательные возможности в образовательном процессе. Особенно анализируется эпистолярное наследие Мустафы Шокая как репрезентативный пример эмигрантского дискурса. По результатам исследования научно-методические подходы к преподаванию эмигрантской эпистолярной литературы формируются в единую систему, предлагаются основные компоненты методической модели для вузов. Предложенные выводы направлены на формирование историко-культурного сознания студентов, развитие навыков комплексного анализа текстов и модернизацию содержания литературного образования. В исследовании эпистолярное наследие Мустафы Шокая рассматривается как важный источник истории и культуры Казахстана, а также как духовная и литературная ценность, с научно-теоретическим обоснованием его жанровой специфики, стилистических и идейно-содержательных особенностей на уровне высокого литературного дискурса. В результате была подтверждена репрезентативность эмигрантской эпистолярной литературы и её познавательная и духовная роль в формировании национального мировоззрения и исторической памяти. Полученные выводы и научные результаты могут быть использованы для совершенствования преподавания эпистолярного жанра в вузах и школах, в разработке специальных курсов и элективных дисциплин, а также для уточнения актуальных вопросов научного исследования казахского эпистолярного наследия и определения перспектив его изучения.

**Ключевые слова:** эмигрантская литература, эпистолярный жанр, казахская литература, методика, Мустафа Шокай, эпистолярное наследие

*Bekbolat Zhannur[1*], Zholmakhanova Akerke[1], Seyfullah Yildirim[2]*
[1]Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan
[2]Gazi University, Ankara, Turkey
[*]e-mail: zhannurbekbolat@gmail.com

# THEORETICAL FOUNDATIONS OF TEACHING M. SHOKAI'S LETTERS THROUGH A RESEARCH-BASED APPROACH

**Abstract.** This research article examines the scientific and methodological aspects of teaching emigrant epistolary literature in higher education. The object of the study was the use of emigrant letters as educational material within literary courses at universities. The article identifies issues that hinder the full disclosure of the genre characteristics of Kazakh emigrant epistolary heritage and its potential in the teaching process. The study employed literary analysis, comparative methods, systematization, and pedagogical modeling. Emigrant letters are considered not only as historical documents but also as literary texts reflecting personal worldviews and national ideas, highlighting their cognitive and educational potential. In particular, Mustafa Shokay's epistolary heritage is analyzed as a representative example of the emigrant discourse. As a result, the literary, pedagogical, and methodological principles of teaching emigrant epistolary literature are consolidated into a coherent system, and the main components of a methodological model for higher education are proposed. The findings aim to develop students' historical and cultural consciousness, enhance skills in comprehensive text analysis, and modernize the content of literary education. Mustafa Shokay's epistolary heritage is examined as a significant source of Kazakhstan's history and culture, as well as a spiritual and literary value, with scientific-theoretical justification of its genre specificity, stylistic, and ideological-content features at a high literary discourse level. Consequently, the representative nature of the emigrant epistolary genre and its cognitive and spiritual role in shaping national consciousness and historical awareness are confirmed. The conclusions and scientific results of the study can be applied to improve the teaching of epistolary genres in universities and schools, develop special courses and elective disciplines, and clarify the current issues and future directions in the scholarly study of Kazakh epistolary heritage.

**Keywords:** emigrant literature, epistolary genre, Kazakh literature, methodology, Mustafa Shokay, epistolary heritage

*Келіп түсті 25 ақпан 2026*

**Авторлар туралы мәлімет**

Бекболат Жаннұр Нұрболатқызы – гуманитарлық ғылымдар магистрі, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау» мамандығының 2-курс докторанты, Қызылорда, Қазақстан, e-mail: zhannurbekbolat@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0009-0001-3095-1267

Жолмаханова Ақерке Болатқызы – PhD, Қорқыт атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан, e-mail: erke_zh@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8273-7046

Сейфуллах Йылдырым – Гази білім беру факультетінің докторы, профессор, Гази университеті "Түрік тілі және әлеуметтік ғылымдар" кафедрасы, Анкара, Түркия, e-mail: seyfiyildirim@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4543-6524

**Информация об авторах**

Бекболат Жаннур Нурболатовна – магистр гуманитарных наук, докторант 2 курса Кызылординского университета имени Коркыт ата по специальности «Подготовка педагогов казахского языка и литературы», Кызылорда, Казахстан, e-mail: zhannurbekbolat@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0009-0001-3095-1267

Жолмаханова Акерке Болатовна – PhD, Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан, e-mail: erke_zh@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8273-7046

Сейфуллах Йылдырым – доктор, профессор факультета образования, кафедра «Турецкий язык и социальные науки», Университета Гази, Гази, Анкара, Турция, e-mail: seyfiyildirim@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4543-6524

**Information about the authors**

Bekbolat Zhannur Nurbolatkyzy – master of Humanities, 2nd year doctoral student of the specialty "training of teachers of the Kazakh language and literature" Korkyt Ata Kyzylorda

University, Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: zhannurbekbolat@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0009-0001-3095-1267

Zholmakhanova Akerke – PhD, Kyzylorda university named after Korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: erke_zh@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8273-7046

Seyfullah Yildirim – Doctor, Professor, Gazi Faculty of Education, Department of Turkish Language and Social Sciences, Gazi University, Ankara, Turkey, e-mail: seyfiyildirim@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4543-6524

IRSTI 16.01.07
DOI: https://doi.org/10.47344/6qtzqg54

*Saltanat Bolatbek*[1]*, *Aigerim Aliakbarova*[2]
[1]al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[2]Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
[*]e-mail: saltanat.bolatbek@gmail.com

# ENGINEERING STUDENTS' PERCEPTIONS OF MOBILE-ASSISTED LANGUAGE LEARNING FOR ENGLISH TERMINOLOGICAL COMPETENCE IN KAZAKHSTAN

Aliakbarova Aigerim Tilesbekkyzy - Doctor of Philosophy (PhD), Senior Lecturer, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: aliakbarova.a@qyzpu.edu.kz ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9517-1096

**Авторлар туралы мәлімет**

Салтанат Болатбек- PhD студент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: saltanat.bolatbek@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0009-0006-5913-8460

Әлиакбарова Айгерім Тілесбекқызы- Философия докторы (PhD), аға оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: aliakbarova.a@qyzpu.edu.kz ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9517-1096

**Информация об авторах**

Салтанат Болатбек- PhD студент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: saltanat.bolatbek@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0009-0006-5913-8460

Алиакбарова Айгерим Тилесбековна- Доктор философии (PhD), старший преподаватель, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан, e-mail: aliakbarova.a@qyzpu.edu.kz ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9517-1096

ҒТАМР 14.35.09
DOI: https://doi.org/10.47344/tcee6k27

*Адлет Кариев[1*], Раушан Каримова[2], Женисгул Шарипходжаева[3]*
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Астана Халықаралық Университеті, Астана, Қазақстан
[3]Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті, Алматы, Қазақстан
*e-mail: adlet.kariyev@gmail.com

# БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДАҒЫ INQUIRY-BASED LEARNING ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

**Аңдатпа.** Мақалада педагогикалық университет жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу дағдыларын дамыту мәселесі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі мұғалімдердің аналитикалық, рефлексиялық және зерттеу қызметіне дайындығын көздейтін кәсіби даярлыққа қойылатын талаптардың артуымен байланысты. Зерттеудің мақсаты – педагогикалық жоғары оқу орны жағдайында Inquiry-Based Learning (IBL) технологиясын қолдану барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу дағдыларының даму динамикасын анықтау және оның педагогикалық әлеуетін бағалау. Зерттеу бақылау және эксперименттік топтарды қамтитын педагогикалық эксперимент форматында жүргізіліп, алдын ала (pre-test) және қорытынды (post-test) тестілеу кезеңдерін қамтыды. Зерттеуге педагогикалық жоғары оқу орнының 298 студенті қатысты, олардың 152-сі бақылау тобын, ал 146-сы эксперименттік топты құрады. Зерттеу дағдыларын бағалау үшін зерттеу циклінің бес компонентін – бағдарлау, тұжырымдамалау, зерттеу, қорытынды шығару және талқылауды қамтитын 20 мәлімдемеден тұратын авторлық сауалнама қолданылды. Деректерді өңдеу барысында сипаттамалық статистика, тәуелсіз және жұптастырылған үлгілерге арналған t-тесттер, сондай-ақ әсер мөлшерін бағалау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері бақылау және эксперименттік топтардың екеуінде де зерттеу дағдыларының барлық компоненттері бойынша статистикалық маңызды оң динамика болғанын көрсетті ($p < .001$). Алайда тәуелсіз үлгілерге арналған t-тест нәтижелері post-test кезеңінде топтар арасында статистикалық маңызды айырмашылықтардың анықталмағанын көрсетті ($p > .05$), ал Cohen's d көрсеткіштері топаралық әсер мөлшерінің төмен болғанын көрсетті. Бұл IBL технологиясының дәстүрлі оқытуға қарағанда статистикалық басымдығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты алынған нәтижелер IBL технологиясының салыстырмалы артықшылығының дәлелі ретінде емес, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу дағдыларын дамыту үдерісінде қолдануға болатын педагогикалық тәсілдердің бірі ретіндегі әлеуеті тұрғысынан интерпретацияланды.

**Түйін сөздер:** зерттеу дағдылары, оқыту, педагогикалық білім, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері, педагогикалық эксперимент

## Кіріспе

Қазіргі жағдайда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау тек пәндік-әдістемелік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар педагогикалық жағдайларды талдауға, шешімдерді деректермен негіздеуге және тәжірибені рефлексивті жетілдіруге мүмкіндік беретін зерттеу дайындығын қалыптастыруды қамтиды. Осыған байланысты болашақ мұғалімдердің зерттеу дағдыларын дамыту кәсіби дайындықтың маңызды бағытына айналады. Мұның өзектілігі мұғалімнен оқыту мен тәрбиелеуде дәлелді тәсілді қолдану дағдысы күтілетін жағдайларда күшейе түседі. Зерттеу құзыреттілігін дамытудың перспективалық құралдарының бірі – сұрақ қою, гипотеза құру, зерттеу және нәтижелерді дәлелді талқылау арқылы оқытуға бағытталған Inquiry-Based Learning (IBL) технологиясы. Қазіргі заманғы зерттеулер inquiry-тәсілдердің

тиімділігі педагогикалық нұсқаулықтың болуына және білім алушылардың зерттеу белсенділігін сүйемелдеуге айтарлықтай тәуелді екенін көрсетеді. IBL интервенцияларын жобалаудың теориялық негізі ретінде Orientation, Conceptualization, Investigation, Conclusion және Discussion (бағдарлау, тұжырымдамалау, зерттеу, қорытынды шығару және талқылау) кезеңдері ерекшеленетін inquiry циклдік фазалық моделі кеңінен қолданылады. Халықаралық ғылыми күн тәртібінде IBL зерттеулерінің дамуына қарамастан, эксперименттік дизайнға және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу дағдыларының динамикасын сандық бағалауға негізделген эмпирикалық жұмыстар әлі де дәлелдер базасын кеңейтуді талап етеді. Осыған байланысты осы зерттеудің мақсаты – педагогикалық ЖОО жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу дағдыларын дамытуда Inquiry-Based Learning (IBL) технологиясын қолданудың тиімділігін анықтау.

Қазіргі заманғы зерттеулерде зерттеу дағдылары мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады және проблемаларды тұжырымдау, гипотеза құру, деректерді жинау және талдау, сондай-ақ нәтижелерді рефлексивті түсіндіру дағдыларын қамтиды. Бұл, әсіресе, әртүрлі білім беру жағдайларында педагогикалық шешімдер қабылдайтын болашақ бастауыш сынып мұғалімдері үшін маңызды [1; 2]. Сонымен қатар көптеген ғалымдардың тұжырымына сәйкес педагогикалық даярлықтың дәстүрлі моделі білімді көбінесе репродуктивті игеруге бағытталған және зерттеушілік ойлаудың дамуына жеткіліксіз ықпал етеді. Бұл зерттеу қызметін оқу процесіне кіріктіретін технологияларға қызығушылықты арттырады [3; 4]. Бұл тұрғыда Inquiry-Based Learning оқу процесін зерттеу түрінде ұйымдастыруға негізделетін оқыту тәсілі ретінде қарастырылады. Ол мәселені анықтау, шешімдер табу, деректерді талдау және нәтижелерді талқылау секілділерді қамтиды [5]. IBL-ды теориялық тұрғыда тұжырымдауда Pedaste мен бірлескен авторлардың жұмысының маңызы зор [6]. Бұл жұмыс негізінде эмпирикалық зерттеулер талдауы нәтижесінде Orientation, Conceptualization, Investigation, Conclusion, Discussion фазаларын қамтитын зерттеу циклі моделі ұсынылды. Аталған модель білім алушылардың зерттеу әрекеттерін бағалау үшін диагностикалық құралдарды әзірлеуде және inquiry бағдарланған оқу тапсырмаларын жобалауға арналған зерттеулерде кеңінен қолданыс тапты [6; 7].

Эмпирикалық және метааналитикалық зерттеулер көрсеткендей, inquiry бағдарланған оқыту тиімділігі педагогикалық қолдау деңгейіне және оқу тапсырмаларын құрылымдауға байланысты. Осылайша guided inquiry танымдық және зерттеу дағдыларын дамыту көрсеткіштері бойынша дәстүрлі оқыту формаларынан асып түседі [8; 9]. Inquiry оқыту шеңберінде педагогикалық қолдау қажеттілігі Hmelo-Silver жұмыстарында дами түсті, ол еңбектерде басқарылатын зерттеу дағдысы танымдық жүктемені азайтуға және тұрақты білім беруэффектілерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді делінген [5].

Inquiry-Based Learning технологиясын педагогикалық білім беруде қолдану болашақ мұғалімдерде зерттеу дағдыларын қалыптастыру құралды ретінде қарастырылады. Уақыт өте келе ол мектеп тәжірибесіне ойысады [1; 10]. Зерттеулер көрсеткендей, педагогикалық мамандық студенттерінің inquiry бағдарланған оқытуға қатысуы зерттеулерді жүргізуде сенімділіктің, рефлекстивтіліктің дамуына және өз зерттеу тәсілін кәсіби қызметте пайдалану дайындығына ықпал етеді [11].

Сондай-ақ осы саладағы көзптеген зерттеулер сапалық немесе аралас сипатқа ие. Ал болашақ мұғалімдердің зерттеу дағдылары динамикасын бағалауға бағдарланған сандық эксперименттік зерттеулер ғылыми әдебиеттерде аз [12]. Бұл эмпирикалық базаны кеңейту және эксперименттік дизайндерді қолдану қажеттілігіне нұсқайды.

Осылайша дереккөздерді талдау Inquiry-Based Learning тезнологиясы болашақ мұғалімдердің зерттеу дағдыларын дамытуда айтарлықтай әлеуетке ие екенін айғақтайды. Зерттеулер inquiry тәсілдердің педагогикалық қолдау мен оқытудың әдістемелік тұрғыда реттелген дизайны жағдайында тиімділігін дәлелдейді. Сондай-ақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда Inquiry-Based Learning тиімділігін бағалауға бағытталған сандық эксперименттік зерттеулер саны аз. Бұл осы зерттеу өзектілігін негіздейді.

## Материалдар мен әдістер

Осы зерттеудің мақсаты – педагогикалық жоғары оқу орны жағдайында Inquiry-Based Learning (IBL) технологиясын қолдану барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу дағдыларының даму динамикасын анықтау және оның педагогикалық әлеуетін бағалау.

Зерттеу сұрақтары:

1) эксперименттік оқыту басталғанға дейін бақылау және эксперименттік топтардағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу дағдыларының бастапқы деңгейі қандай?

2) бақылау және эксперименттік топтарда оқу процесінде студенттердің зерттеу дағдылары деңгейінде статистикалық маңызды өзгерістер бар ма?

3) дәстүрлі әдістеме бойынша оқыған студенттермен салыстырғанда Inquiry-Based Learning технологиясын қолдана отырып оқыған студенттердің зерттеу дағдыларын дамыту динамикасында айырмашылықтар бар ма?

Inquiry-Based Learning теориялық ережелерін және зерттеу мақсаттарын ескере отырып, келесі болжам ұсынылды: Inquiry-Based Learning технологиясын қолдану болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу дағдыларының статистикалық маңызды дамуына ықпал етеді, бұл зерттеу циклінің барлық компоненттері бойынша көрсеткіштердің жоғарылауынан көрінеді (бағдарлау, тұжырымдамалау, зерттеу, тұжырымдау және талқылау).

Зерттеу дизайны: зерттеу бақылау және эксперименттік топтарды қолдана отырып, педагогикалық эксперимент форматында жүзеге асырылады және алдын-ала (pre-test) және қорытынды (post-test) өлшеу кезеңдерін қамтиды. Эксперименттік топқа «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының студенттері кірді, оларды оқыту Inquiry-Based Learning технологиясын қолдану арқылы іске асырылды. Бақылау тобын IBL-ді мақсатты пайдаланбай дәстүрлі әдістеме бойынша оқыған ұқсас мамандық студенттері құрады. Эксперименттік дизайн дәстүрлі және инновациялық білім беру тәсіліндегі зерттеу құзыреттіліктерінің динамикасын салыстыруға мүмкіндік берді. Зерттеуге педагогикалық ЖОО-ның 298 студенті қатысты, оның ішінде 152 студент бақылау тобына және 146 студент эксперименттік топқа кірді. Жынысы бойынша 94 ер адам және 204 әйел адам. Қатысушылардың жасы 19-дан 23 жасқа дейін өзгерді: 19 жас – 68 адам, 20 жас – 113 адам, 21 жас – 56 адам, 22 жас – 36 адам, 23 жас – 25 адам. Оқу курстары бойынша іріктеме келесідей бөлінді: 2 курс – 141 студент, 3 курс – 96 студент, 4 курс – 61 студент. Болашақ мұғалімдердің зерттеу дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалау үшін Pedaste (2015) ұсынған Inquiry-Based Learning үлгісіне бейімделген зерттеу құзыреттіліктерінің өзін-өзі бағалау сауалнамасы пайдаланылды. Сауалнама педагогикалық мамандықтар студенттерінің зерттеу дағдыларының даму деңгейін анықтауға бағытталған және зерттеу циклінің фазаларына сәйкес бес мазмұндық блокқа топтастырылған 20 мәлімдемені қамтыды. Жауаптар бес балдық лайкерт шкаласы бойынша жазылды, мұнда 1 – «мүлдем келіспеймін», 5 – «толық келісемін».

1-блок. Бағдарлау (Orientation). Зерттеу қызметіне деген қызығушылықты және зерттеу мәселесі мен сұрағын тұжырымдау қабілетін бағалады (4 мәлімдеме).

2-блок. Тұжырымдамалау (Conceptualization)

Гипотезаларды тұжырымдау, негізгі ұғымдарды бөліп көрсету және зерттеуді жоспарлау қабілеттерін бағалауға бағытталған (4 мәлімдеме).

3-блок. Зерттеу (Investigation)

Әдістерді таңдау, деректерді жинау және оларды өңдеу үшін цифрлық құралдарды пайдалану қабілетін көрсетті (4 мәлімдеме).

4-блок. Қорытынды шығару (Conclusion)

Нәтижелерді түсіндіру, қорытындыларды шығару және деректердің дұрыстығын сыни бағалау дағдыларын бағалады (4 мәлімдеме).

5-блок. Талқылау және рефлексия (Discussion)

Өзінің зерттеу қызметінің нәтижелерін ұсыну және рефлексия дағдыларын сипаттады (4 мәлімдеме).

Әрбір респондентке сауалнаманың әрбір тармағы бойынша 1-ден 5-ке дейінгі балл берілді. Зерттеу құзыреттілігінің жиынтық көрсеткіші 20-дан 100-ге дейін болды. Жиынтық балға

сәйкес зерттеу құзыреттілігін қалыптастырудың келесі деңгейлері бөлінді: 20-46 балл – төмен деңгей; 47-73 балл – орташа деңгей; 74-100 балл – жоғары деңгей.

Сауалнаманы бейімдеу барысында оның мазмұндық валидтілігіне ерекше назар аударылды. Құралдың құрылымы Inquiry-Based Learning зерттеу циклінің теориялық моделіне сәйкестендіріліп, 20 мәлімдеме бес мазмұндық блокқа топтастырылды: Orientation, Conceptualization, Investigation, Conclusion және Discussion. Мәлімдемелердің мазмұны болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу әрекетінің ерекшеліктеріне бейімделіп, олардың зерттеу мақсаты мен тиісті компоненттерге мазмұндық сәйкестігі қарастырылды. Сонымен бірге құралдың психометриялық қасиеттерін тәуелсіз іріктемелерде қосымша тексеру қажеттілігі зерттеудің әдістемелік шектеулерінің бірі ретінде ескерілді.

Деректерді өңдеу үшін сипаттамалық және параметрлік статистика әдістері қолданылды. Орташа мәндер, стандартты ауытқулар, медианалар, минималды және максималды мәндер есептелді. Топ аралық айырмашылықтарды бағалау үшін тәуелсіз үлгілер үшін t-тесті, ал көрсеткіштер динамикасын талдау үшін жұптастырылған үлгілер үшін t-тесті қолданылды. Сонымен қатар әсер мөлшері есептелді (Cohen's d). Статистикалық маңыздылық деңгейі p <.05деп қабылданды.

Зерттеу барысында Қазақстанның білім зерттеушілерінің әдеп кодексінде (KERA) белгіленген зерттеу этикасының негізгі қағидаттары басшылыққа алынды [13]. Зерттеуге қатысу ерікті түрде жүзеге асырылып, қатысушыларға зерттеудің мақсаты, деректерді жинау тәртібі және алынған ақпаратты пайдалану шарттары алдын ала түсіндірілді. Барлық қатысушылардан ақпараттандырылған келісім алынды. Деректер анонимді және құпия түрде өңделіп, қатысушылардың жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін ақпарат тіркелмеді, ал алынған мәліметтер тек ғылыми-зерттеу мақсатында пайдаланылды. Зерттеу Q University Этикалық комитетінің отырысында қаралып, оны жүргізуге мақұлдау берілді (2025 жылғы 26 наурыздағы №3 хаттама).

## Нәтижелер және талқылау

1-кестеде алдын ала тестілеу (pre-test) кезеңіндегі бақылау (1 топ, n = 152) және эксперименттік (2 топ, n = 146) топтары студенттерінің зерттеу құзыреттілігі көрсеткіштерінің сипаттамалық статистикасы келтірілген. Орташа мәндерді талдау зерттеу құзыреттілігінің барлық бес шкаласы бойынша бақылау және эксперименттік топтардың көрсеткіштері салыстырмалы деңгейде екенін көрсетеді. Сонымен, Бағдарлау шкаласы бойынша орташа мәндер бақылау тобында 12.4 (SD = 2.12) және эксперименттік топта 12.8 (SD = 2.44) болды. Тұжырымдамалау шкаласы бойынша орташа көрсеткіштер 12 болды.Сәйкесінше 7 (SD = 2.44) және 12.5 (SD = 2.26). Ұқсас мәндер басқа шкалалар бойынша да тіркелді: Зерттеу (m = 12.4; SD = 2.39 бақылау тобында және M = 12.4; SD = 2.50 эксперименттік топта), Қорытынды шығару (M = 12.5; SD = 2.30 және M = 12.7; SD = 2.40), Талқылау және рефлексия (M = 12.7; SD = 2.47 және M = 12.4; SD = 2.44). Барлық шкалалар бойынша медианалық мәндер 12.0-ден 13.0 баллға дейін өзгерді, минималды және максималды мәндер салыстырмалы диапазондарда болды, бұл екі топтағы үлестірімдердің ұқсас құрылымын көрсетеді. Тұтастай алғанда, ұсынылған деректер pre-test кезеңіндегі бақылау және эксперименттік топтардың студенттеріндегі зерттеу құзыреттілігінің салыстырмалы бастапқы деңгейін көрсетеді.

**Кесте 1.** *Бақылау және эксперименттік топтардағы зерттеу құзыреттілігі көрсеткіштерінің сипаттамалық статистикасы (pre-test)*

| Сипаттамалы статистика | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Топ | N | Орта | Медиана | SD | Минимум | Максимум |
| Бағдарлау (Orientation) | 1 | 152 | 12.4 | 12.5 | 2.12 | 7 | 18 |
| | 2 | 146 | 12.8 | 13.0 | 2.44 | 7 | 18 |
| Тұжырымдамалау (Conceptualization) | 1 | 152 | 12.7 | 13.0 | 2.44 | 7 | 19 |
| | 2 | 146 | 12.5 | 13.0 | 2.26 | 6 | 18 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Зерттеу (Investigation) | 1 | 152 | 12.4 | 13.0 | 2.39 | 7 | 18 |
| | 2 | 146 | 12.4 | 12.0 | 2.50 | 5 | 19 |
| Қорытынды шығару (Conclusion) | 1 | 152 | 12.5 | 12.0 | 2.30 | 6 | 19 |
| | 2 | 146 | 12.7 | 13.0 | 2.40 | 8 | 19 |
| Талқылау (Discussion) | 1 | 152 | 12.7 | 13.0 | 2.47 | 7 | 19 |
| | 2 | 146 | 12.4 | 12.0 | 2.44 | 7 | 20 |
| Ескерту: 1 – бақылау тобы, 2 – эксперименттік топ | | | | | | | |

Қорытынды тестілеу нәтижелері бақылау (n = 152) және эксперименттік (n = 146) топтарда (2-кесте) зерттеу құзыреттіліктерінің барлық шкалалары бойынша орташа мәндердің ұлғаюын көрсетті. Эксперименттен кейін Orientation, Conceptualization, Investigation, Conclusion және Discussion шкалалары бойынша орташа көрсеткіштер стандартты ауытқулардың салыстырмалы мәндерінде (SD ≈ 2.2-2.6) 12.9-13.5 балл диапазонында болды. Эксперименттік топтағы медианалар бірқатар шкалалар бойынша 14 балға ауысты, ал бақылау тобында негізінен 13-14 балл деңгейінде сақталды. Минималды және максималды мәндер ұқсас диапазондарда қалды, бұл эксперименттік кезең аяқталғаннан кейін үлестірімдердің біртектілігін сақтауды көрсетеді

**Кесте 2**. *Бақылау және эксперименттік топтардағы зерттеу құзыреттілігі көрсеткіштерінің сипаттамалық статистикасы (post-test)*

| Сипаттамалы статистика | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Топ | N | Орта | Медиана | SD | Минимум | Максимум |
| Бағдарлау (Orientation) | 1 | 152 | 13.2 | 13.0 | 2.24 | 7 | 19 |
| | 2 | 146 | 13.5 | 14.0 | 2.55 | 7 | 19 |
| Тұжырымдамалау (Conceptualization) | 1 | 152 | 13.4 | 14.0 | 2.53 | 8 | 20 |
| | 2 | 146 | 13.1 | 13.0 | 2.41 | 6 | 19 |
| Зерттеу (Investigation) | 1 | 152 | 13.2 | 13.0 | 2.44 | 7 | 19 |
| | 2 | 146 | 12.9 | 13.0 | 2.60 | 5 | 20 |
| Қорытынды шығару (Conclusion) | 1 | 152 | 13.3 | 14.0 | 2.51 | 6 | 19 |
| | 2 | 146 | 13.2 | 13.0 | 2.58 | 8 | 19 |
| Талқылау (Discussion) | 1 | 152 | 13.4 | 14.0 | 2.59 | 7 | 20 |
| | 2 | 146 | 13.0 | 13.0 | 2.47 | 7 | 20 |
| Ескерту: 1 – бақылау тобы, 2 – эксперименттік топ | | | | | | | |

3-кестеде келтірілген мәліметтерге сәйкес, тәуелсіз үлгілерге арналған t-тест нәтижелері алдын ала тестілеу кезеңінде де, эксперименттік экспозиция аяқталғаннан кейін де бақылау және эксперименттік топтар арасында статистикалық маңызды айырмашылықтарды анықтаған жоқ ($p > .05$). pre-test алдындағы кезеңде Orientation, Conceptualization, Investigation, Conclusion және Discussion шкалалары бойынша t-критерий мәндері -1.464-тен 1.148-ге дейін өзгерді, бұл екі топтағы зерттеу құзыреттілігінің салыстырмалы бастапқы деңгейін көрсетеді. Ұқсас сурет post-test нәтижелері бойынша да байқалды, мұнда t-критерийінің мәндері -0.871-ден 1.346-ға дейін болды. Cohen’s d әсер мөлшерінің көрсеткіштері зерттеу құзыреттілігінің барлық компоненттері бойынша төмен деңгейде болғанын көрсетті ($d = 0.02–0.16$). Коэннің интерпретациясына сәйкес, мұндай мәндер әлсіз әсер мөлшерін білдіреді және бақылау мен эксперименттік топтар арасындағы айырмашылықтардың практикалық маңыздылығының шектеулі екенін көрсетеді. Post-test нәтижелерінде эксперименттік топта зерттеу дағдыларының оң динамикасы байқалғанымен, әсер мөлшерінің төмен болуы Inquiry-Based Learning технологиясының дәстүрлі оқытуға қарағанда айқын статистикалық басымдығын дәлелдеуге жеткіліксіз екенін аңғартады. Осыған байланысты зерттеу нәтижелері Inquiry-Based Learning технологиясының абсолютті тиімділігін емес, болашақ бастауыш сынып

мұғалімдерінің зерттеу дағдыларын дамытудағы педагогикалық әлеуетін көрсету тұрғысынан интерпретацияланды.

**Кесте 3**. *Зерттеу құзыреттілігінің көрсеткіштері бойынша тәуелсіз үлгілерге арналған t-тест нәтижелері (pre-test және post-test)*

| Тәуелсіз үлгілердің T-тестісі | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Статистика | df (еркіндік дәрежелері) | p | | Әсер мөлшері |
| Бағдарлау (Orientation) pre-test | t | -1.464 | 296 | 0.144 | Коэн d | -0.1697 |
| Тұжырымдамалау (Conceptualization) pre-test | t | 0.629 | 296 | 0.530 | Коэн d | 0.0729 |
| Зерттеу (Investigation) pre-test | t | 0.205 | 296 | 0.838 | Коэн d | 0.0237 |
| Қорытынды шығару (Conclusion) pre-test | t | -0.948 | 296 | 0.344 | Коэн d | -0.1099 |
| Талқылау (Discussion) pre-test | t | 1.148 | 296 | 0.252 | Коэн d | 0.1330 |
| Бағдарлау (Orientation) post-test | t | -0.871 | 296 | 0.384 | Коэн d | -0.1010 |
| Тұжырымдамалау (Conceptualization) post-test | t | 1.230 | 296 | 0.220 | Коэн d | 0.1425 |
| Зерттеу (Investigation) post-test | t | 0.707 | 296 | 0.480 | Коэн d | 0.0819 |
| Қорытынды шығару (Conclusion) post-test | t | 0.489 | 296 | 0.625 | Коэн d | 0.0567 |
| Талқылау (Discussion) post-test | t | 1.346 | 296 | 0.179 | Коэн d | 0.1560 |
| Ескерту: $H_a$ $\mu_1 \neq \mu_2$ | | | | | | |

Бақылау тобында (n = 152) зерттеу құзыреттілігінің барлық шкалалары бойынша алдын ала және қорытынды тестілеу көрсеткіштері арасында статистикалық маңызды айырмашылықтар анықталды ($p < .001$). T-критерий мәндері Orientation шкаласы бойынша -9.25, Conceptualization шкаласы бойынша -7.99, Investigation шкаласы бойынша -8.64, Conclusion шкаласы бойынша -9.14 және Discussion шкаласы бойынша -8.52 болды. Алынған нәтижелер оқу кезеңі ішінде бақылау тобындағы зерттеу құзыреттілігі көрсеткіштерінің статистикалық маңызды оң динамикасын көрсетеді (4-кесте).

**Кесте 4.** *Бақылау тобындағы зерттеу құзыреттілігі көрсеткіштерінің динамикасы: жұптастырылған үлгілерге арналған t-тест нәтижелері*

| pre-test | post-test | Стьюдент t | df (еркіндік дәрежелері) | p |
|---|---|---|---|---|
| Бағдарлау (Orientation) | Бағдарлау (Orientation) | -9.25 | 151 | <.001 |
| Тұжырымдамалау (Conceptualization) | Тұжырымдамалау (Conceptualization) | -7.99 | 151 | <.001 |
| Зерттеу (Investigation) | Зерттеу (Investigation) | -8.64 | 151 | <.001 |
| Қорытынды шығару (Conclusion) | Қорытынды шығару (Conclusion) | -9.14 | 151 | <.001 |
| Талқылау (Discussion) | Талқылау (Discussion) | -8.52 | 151 | <.001 |

5- кестеде келтірілген мәліметтерге сәйкес эксперименттік топта (n = 146) барлық талданатын зерттеу құзыреттілік шкалалары бойынша алдын ала және қорытынды тестілеу көрсеткіштері арасында статистикалық маңызды айырмашылықтар анықталды (p < .001). Orientation шкаласы бойынша t-критерийінің мәні -8.04 құрады, бұл эксперименттік әсерден кейін зерттеу қызметіне бағдарлану деңгейінің айтарлықтай өскенін көрсетеді. Ұқсас оң динамика зерттеу сұрақтары мен гипотезаларды тұжырымдау дағдыларының дамуын көрсететін Conceptualization (t = -6.84) шкаласы бойынша тіркелген.

Статистикалық маңызды өзгерістер Investigation (t = -6.88) шкаласы бойынша да анықталды, бұл зерттеуді жоспарлау және жүргізу дағдыларының өсуін, сондай-ақ алынған нәтижелерді түсіндіру және қорытындыларды тұжырымдау қабілетін сипаттайтын Conclusion (t = -5.98) шкаласы бойынша көрсетеді. Discussion шкаласы бойынша зерттеу қызметінің нәтижелерін ұсыну, талқылау және рефлексия дағдыларының дамуын көрсететін көрсеткіштердің айтарлықтай өсуі (t = -6.95) тіркелді.

Осылайша, жұптастырылған үлгілерге арналған t-тест нәтижелері эксперименттік топта зерттеу құзыреттілігінің барлық компоненттері бойынша статистикалық маңызды оң динамика болғанын көрсетті (p < .001). Алайда бұл нәтижелер эксперименттік топ ішіндегі өзгерістерді сипаттайды және IBL технологиясының бақылау тобындағы оқыту жағдайымен салыстырғандағы басымдығын өздігінен дәлелдемейді.

**Кесте 5.** *Эксперименттік топтағы зерттеу құзыреттілігі көрсеткіштерінің динамикасы: жұптастырылған үлгілерге арналған t - тест нәтижелері*

| Жұптастырылған үлгілердің Т-тесті | | | | |
|---|---|---|---|---|
| pre-test | post-test | Стьюдент t | df (еркіндік дәрежелері) | p |
| Бағдарлау (Orientation) | Бағдарлау (Orientation) | -8.04 | 145 | <.001 |
| Тұжырымдамалау (Conceptualization) | Тұжырымдамалау (Conceptualization) | -6.84 | 145 | <.001 |
| Зерттеу (Investigation) | Зерттеу (Investigation) | -6.88 | 145 | <.001 |
| Қорытынды шығару (Conclusion) | Қорытынды шығару (Conclusion) | -5.98 | 145 | <.001 |
| Талқылау (Discussion) | Талқылау (Discussion) | -6.95 | 145 | <.001 |
| Ескерту. $H_a$ $\mu_{Мера\ 1\ -\ Мера\ 2} \neq 0$ | | | | |

Екі топтағы өзгеріс динамикасын тікелей салыстыру мақсатында келесі кезеңде Time × Group өзара әрекеттесу әсеріне негізделген қайталанған өлшемдерге арналған дисперсиялық талдау жүргізілді (6-кесте).

**Кесте 6.** *Бақылау және эксперименттік топтардағы өзгеріс динамикасын салыстыру нәтижелері (Time × Group)*

| Зерттеу дағдыларының компоненттері | F | df | p | partial $\eta^2$ |
|---|---|---|---|---|
| Бағдарлау (Orientation) | 1.44 | 1, 296 | .230 | .005 |
| Тұжырымдамалау (Conceptualization) | 1.99 | 1, 296 | .160 | .007 |
| Зерттеу (Investigation) | 1.53 | 1, 296 | .217 | .005 |
| Қорытынды шығару (Conclusion) | 10.60 | 1, 296 | .001 | .035 |
| Талқылау (Discussion) | 0.331 | 1, 296 | .565 | .001 |
| Ескерту. *Time × Group* – тестілеу кезеңі (pre-test/post-test) мен топтың (бақылау / эксперименттік) өзара әрекеттесу әсері; partial $\eta^2$ – парциалды эта-квадрат. | | | | |

Бақылау және эксперименттік топтардағы зерттеу дағдыларының өзгеріс динамикасын тікелей салыстыру мақсатында қайталанған өлшемдерге арналған дисперсиялық талдау

жүргізілді. Time × Group өзара әрекеттесу әсері Бағдарлау ($F(1, 296) = 1.44$, $p = .230$, partial $\eta^2 = .005$), Тұжырымдамалау ($F(1, 296) = 1.99$, $p = .160$, partial $\eta^2 = .007$), Зерттеу ($F(1, 296) = 1.53$, $p = .217$, partial $\eta^2 = .005$) және Талқылау ($F(1, 296) = 0.331$, $p = .565$, partial $\eta^2 = .001$) компоненттері бойынша статистикалық маңызды болған жоқ. Бұл аталған төрт компонент бойынша pre-test пен post-test арасындағы өзгеріс динамикасының бақылау және эксперименттік топтарда статистикалық тұрғыдан ерекшеленбегенін көрсетеді.

Қорытынды шығару (Conclusion) компоненті бойынша Time × Group өзара әрекеттесуі статистикалық маңызды болды ($F(1, 296) = 10.60$, $p = .001$, partial $\eta^2 = .035$). Сипаттамалық көрсеткіштер бақылау тобында орташа мәннің 12.5-тен 13.3 балға, ал эксперименттік топта 12.7-ден 13.2 балға дейін өскенін көрсетті. Осылайша, бұл компонент бойынша анықталған топаралық динамика IBL технологиясының артықшылығын көрсетпейді, өйткені көрсеткіштің өсуі бақылау тобында салыстырмалы түрде жоғары болды. Жалпы алғанда, жүргізілген талдау IBL технологиясының бақылау жағдайымен салыстырғандағы қосымша статистикалық басымдығын растамады.

Зерттеу нәтижелері педагогикалық жоғары оқу орны жағдайында Inquiry-Based Learning (IBL) технологиясын қолдану болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу дағдыларының дамуымен байланысты болуы мүмкін екенін көрсетті. Алынған деректер бақылау және эксперименттік топтарда зерттеу дағдыларының барлық компоненттері бойынша статистикалық маңызды оң өзгерістердің болғанын анықтады. Бұл жоғары білім беру үдерісінің өзі студенттердің зерттеушілік, аналитикалық және рефлексивтік дағдыларының біртіндеп дамуына ықпал етуі мүмкін екенін көрсетеді.

Бақылау және эксперименттік топтардың екеуінде де зерттеу циклінің барлық кезеңдері – бағдарлау, тұжырымдамалау, зерттеу жүргізу, қорытынды шығару және талқылау бойынша статистикалық маңызды оң динамика анықталды. Эксперименттік топтағы өзгерістер IBL құрылымына сәйкес зерттеу циклінің барлық компоненттерін қамтыды. Дегенмен бақылау тобында да ұқсас оң өзгерістердің байқалуы анықталған динамиканы тек IBL технологиясының әсерімен түсіндіруге мүмкіндік бермейді. Сондықтан алынған нәтижелер IBL технологиясының дәстүрлі оқытуға қарағанда артықшылығын емес, оның зерттеу дағдыларын дамытудағы педагогикалық әлеуетін сипаттайды [9].

Алайда тәуелсіз үлгілерге арналған t-тест нәтижелері бақылау және эксперименттік топтар арасында статистикалық маңызды айырмашылықтардың анықталмағанын көрсетті ($p > .05$). Сонымен қатар Cohen’s d көрсеткіштері барлық шкалалар бойынша төмен әсер мөлшерін көрсетті ($d = 0.02–0.16$). Бұл алынған айырмашылықтардың практикалық маңыздылығы шектеулі болғанын және Inquiry-Based Learning технологиясының дәстүрлі оқытуға қарағанда айқын басымдылығы статистикалық тұрғыдан дәлелденбегенін білдіреді.

Мұндай нәтижелер бірнеше факторлармен түсіндірілуі мүмкін. Біріншіден, зерттеу дағдылары ұзақ уақыт бойы қалыптасатын күрделі көпкомпонентті құзыреттілік болып табылады. Екіншіден, бақылау тобы да зерттеу элементтері, рефлексия және аналитикалық тапсырмалар қамтылған жалпы оқу үдерісіне қатысқандықтан, олардың көрсеткіштерінде де оң динамика байқалды. Үшіншіден, зерттеуде өзін-өзі бағалау сауалнамасының қолданылуы студенттердің өз құзыреттіліктерін қабылдауына әсер етуі мүмкін [2].

Зерттеу циклінің бағдарлау, тұжырымдамалау, зерттеу, қорытынды шығару және талқылау кезеңдерін қамтуы Inquiry-Based Learning тәсілінің теориялық құрылымымен сәйкес келеді. Алайда осы зерттеуде аталған компоненттер бойынша оң өзгерістер тек эксперименттік топта ғана емес, бақылау тобында да анықталды. Осыған байланысты нәтижелер IBL технологиясының салыстырмалы артықшылығы ретінде емес, зерттеу әрекетін құрылымдауға мүмкіндік беретін педагогикалық тәсілдердің бірі ретінде интерпретацияланды [9, 14].

Тағы бір маңызды мәселе – зерттеу дағдыларын бағалау үшін өзін-өзі бағалау шараларын қолдану. Соңғы жүргізілген зерттеу өзін-өзі есеп беру құралдары білім алушылардың метакогнитивті хабардарлығын және олардың оқу процестері туралы ойлауын жақсарта алатынын көрсетеді, бұл оқу жағдайларының болжамды жақсаруына ықпал етуі мүмкін [15]. Сонымен бірге өзін-өзі бағалау сауалнамасының қолданылуы студенттердің өз зерттеу

дағдыларын субъективті қабылдауын көрсетуі мүмкін. Сондықтан анықталған оң динамиканы интерпретациялау кезінде өлшеу құралының осы ерекшелігін ескеру қажет. Болашақ зерттеулерде өзін-өзі бағалау деректерін практикалық тапсырмалар, бақылау және өнімділікке негізделген бағалау әдістерімен толықтыру ұсынылады.

Нәтижелер сонымен қатар болашақ мұғалімдерді сұранысқа бағытталған оқу орталарын жобалауға қабілетті рефлексивті тәжірибешілер ретінде даярлаудың маңыздылығын көрсететін мұғалімдерді оқытудың заманауи перспективаларымен үндеседі [16]. Зерттеу кезеңінде сауалнамаға негізделген тапсырмалармен және цифрлық құралдармен жұмыс істеу деректер мен аналитикалық дағдылардың дамуына одан әрі ықпал еткен болуы мүмкін, олар қазіргі заманғы мұғалімдердің кәсібилігінің маңызды компоненттері ретінде қарастырылып келеді [17].

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер IBL технологиясын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу дағдыларын қолдауға бағытталған педагогикалық тәсілдердің бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге топтар арасындағы статистикалық маңызды айырмашылықтардың болмауы және әсер мөлшерінің төмен болуы IBL технологиясының дәстүрлі оқытуға қарағанда басымдығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді.

**Зерттеудің шектеулері** ретінде зерттеудің бір жоғары оқу орны аясында жүргізілуін, іріктеменің шектеулілігін, эксперимент ұзақтығының қысқалығын және өзін-өзі бағалау сауалнамасының қолданылуын атауға болады. Болашақ зерттеулерде лонгитюдтік дизайндарды, аралас әдістерді және зерттеу дағдыларын практикалық әрекет нәтижелері арқылы бағалайтын диагностикалық құралдарды қолдану ұсынылады. Зерттеуде қолданылған авторлық сауалнаманың психометриялық қасиеттері тәуелсіз іріктемеде толық валидтеуден өтпегендіктен, алынған нәтижелерді интерпретациялау кезінде бұл жағдайды ескеру қажет.

## Қорытынды

Бұл зерттеуде педагогикалық жоғары оқу орны жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу дағдыларын дамытудағы Inquiry-Based Learning технологиясының педагогикалық әлеуеті қарастырылды. Зерттеу нәтижелері бақылау және эксперименттік топтарда зерттеу дағдыларының барлық компоненттері бойынша статистикалық маңызды оң өзгерістердің болғанын көрсетті.

Тәуелсіз үлгілерге арналған t-тест нәтижелері топтар арасында статистикалық маңызды айырмашылықтардың анықталмағанын көрсетті, ал Cohen’s d көрсеткіштері төмен әсер мөлшерін көрсетті. Бұл Inquiry-Based Learning технологиясының дәстүрлі оқытуға қарағанда айқын статистикалық басымдылығын дәлелдеуге мүмкіндік бермейді.

Сонымен бірге эксперименттік топта зерттеу циклінің барлық компоненттері бойынша оң өзгерістердің анықталуы IBL технологиясын студенттердің зерттеу әрекетін құрылымдауға және зерттеу дағдыларын дамыту үдерісін қолдауға бағытталған педагогикалық тәсілдердің бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Алайда бақылау тобында да ұқсас оң динамиканың байқалуына байланысты анықталған өзгерістерді тек IBL технологиясының әсерімен байланыстыруға болмайды. Осы тұрғыдан зерттеу нәтижелері IBL технологиясының салыстырмалы артықшылығын емес, оның болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда қолданылуы мүмкін педагогикалық әлеуетін көрсетеді.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Brew, A. Understanding the scope of undergraduate research: A framework for curricular and pedagogical decision-making //Higher Education. – 2013. – №66(5). – P. 603-618. https://doi.org/10.1007/s10734-013-9624-x

2 Cochran-Smith, M., Lytle, S. L. Inquiry as stance: Practitioner research for the next generation. – Teachers College Press, 2015.

3 Darling-Hammond, L. Teacher education around the world: What can we learn from international practice? //European journal of teacher education. – 2017. №40(3). – P. 291-309. https://doi.org/10.1080/02619768.2017.1315399
4 Zeichner, K. Rethinking the connections between campus courses and field experiences in college-and university-based teacher education //Journal of teacher education. – 2010. – №61(1-2). – P. 89-99. https://doi.org/10.1177/0022487109347671
5 Hmelo-Silver, C. E., Duncan, R. G., Chinn, C. A. Scaffolding and achievement in problem-based and inquiry learning: a response to Kirschner, Sweller, and //Educational psychologist. – 2007. – №42(2). – P. 99-107. https://doi.org/10.1080/00461520701263368
6 Pedaste, M. et al. Phases of inquiry-based learning: Definitions and the inquiry cycle //Educational research review. – 2015. – №14. – P. 47-61. https://doi.org/10.1016/j.edurev.2015.02.003
7 De Jong, T., Sotiriou, S., Gillet, D. Innovations in STEM education: the Go-Lab federation of online labs //Smart Learning Environments. – 2014. – №1(1). – P. 3. https://doi.org/10.1186/s40561-014-0003-6
8 Alfieri, L. et al. Does discovery-based instruction enhance learning? //Journal of educational psychology. – 2011. – №103(1). – P. 1. https://doi.org/10.1037/a0021017
9 Lazonder, A. W., Harmsen, R. Meta-analysis of inquiry-based learning: Effects of guidance //Review of educational research. – 2016. – №86(3). – P. 681-718. https://doi.org/10.3102/0034654315627366
10 Levy P., et al. The Sheffield companion to inquiry-based learning. – 2010.
11 Korthagen, F. Inconvenient truths about teacher learning: Towards professional development 3.0 //Teachers and teaching. – 2017. – №23(4). – P. 387-405. https://doi.org/10.1080/13540602.2016.1211523
12 Loyens, S. M. M. et al. Problem-based learning as a facilitator of conceptual change //Learning and Instruction. – 2015. – №38. – P. 34-42. https://doi.org/10.1016/j.learninstruc.2015.03.002
13 Қазақстан білім зерттеушілерінің әдеп кодексі. Бірінші басылым. Нұр-Сұлтан: Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қоғамы, 2020. – 68 б.
14 Furtak, E. M. et al. Experimental and quasi-experimental studies of inquiry-based science teaching: A meta-analysis //Review of educational research. – 2012. – №82(3). – P. 300-329.
15 Panadero, E., Jonsson, A., Botella, J. Effects of self-assessment on self-regulated learning and self-efficacy: Four meta-analyses //Educational research review. – 2017. – № 22. – P. 74-98.
16 OECD. (2021). Teachers as designers of learning environments. OECD Publishing. https://doi.org/10.1787/9789264085374-en
17 Instefjord, E., Munthe, E. Preparing pre-service teachers to integrate technology: an analysis of the emphasis on digital competence in teacher education curricula //European Journal of Teacher Education. – 2016. – №39(1). – P. 77-93.

## References

1 Brew, A. Understanding the scope of undergraduate research: A framework for curricular and pedagogical decision-making //Higher Education. – 2013. – №66(5). – P. 603-618. https://doi.org/10.1007/s10734-013-9624-x
2 Cochran-Smith, M., Lytle, S. L. Inquiry as stance: Practitioner research for the next generation. – Teachers College Press, 2015.
3 Darling-Hammond, L. Teacher education around the world: What can we learn from international practice? //European journal of teacher education. – 2017. №40(3). – P. 291-309. https://doi.org/10.1080/02619768.2017.1315399
4 Zeichner, K. Rethinking the connections between campus courses and field experiences in college-and university-based teacher education //Journal of teacher education. – 2010. – №61(1-2). – P. 89-99. https://doi.org/10.1177/0022487109347671

5 Hmelo-Silver, C. E., Duncan, R. G., Chinn, C. A. Scaffolding and achievement in problem-based and inquiry learning: a response to Kirschner, Sweller, and //Educational psychologist. – 2007. – №42(2). – P. 99-107. https://doi.org/10.1080/00461520701263368
6 Pedaste, M. et al. Phases of inquiry-based learning: Definitions and the inquiry cycle //Educational research review. – 2015. – №14. – P. 47-61. https://doi.org/10.1016/j.edurev.2015.02.003
7 De Jong, T., Sotiriou, S., Gillet, D. Innovations in STEM education: the Go-Lab federation of online labs //Smart Learning Environments. – 2014. – №1(1). – P. 3. https://doi.org/10.1186/s40561-014-0003-6
8 Alfieri, L. et al. Does discovery-based instruction enhance learning? //Journal of educational psychology. – 2011. – №103(1). – P. 1. https://doi.org/10.1037/a0021017
9 Lazonder, A. W., Harmsen, R. Meta-analysis of inquiry-based learning: Effects of guidance //Review of educational research. – 2016. – №86(3). – P. 681-718. https://doi.org/10.3102/0034654315627366
10 Levy P., et al. The Sheffield companion to inquiry-based learning. – 2010.
11 Korthagen, F. Inconvenient truths about teacher learning: Towards professional development 3.0 //Teachers and teaching. – 2017. – №23(4). – P. 387-405. https://doi.org/10.1080/13540602.2016.1211523
12 Loyens, S. M. M. et al. Problem-based learning as a facilitator of conceptual change //Learning and Instruction. – 2015. – №38. – P. 34-42. https://doi.org/10.1016/j.learninstruc.2015.03.002
13 Qazaqstan bilim zertteushilerinin ädep kodeksi [Code of Ethics for Education Researchers of Kazakhstan]. Birinshi basylym. – Nur-Sultan: Bilim beru salasyndagy zertteushilerdin qazaqstandyq qoğamy, 2020. – 68 b.
14 Furtak, E. M. et al. Experimental and quasi-experimental studies of inquiry-based science teaching: A meta-analysis //Review of educational research. – 2012. – №82(3). – P. 300-329.
15 Panadero, E., Jonsson, A., Botella, J. Effects of self-assessment on self-regulated learning and self-efficacy: Four meta-analyses //Educational research review. – 2017. – № 22. – P. 74-98.
16 OECD. (2021). Teachers as designers of learning environments. OECD Publishing. https://doi.org/10.1787/9789264085374-en
17 Instefjord, E., Munthe, E. Preparing pre-service teachers to integrate technology: an analysis of the emphasis on digital competence in teacher education curricula //European Journal of Teacher Education. – 2016. – №39(1). – P. 77-93.

*Адлет Кариев[1*], Раушан Каримова[2], Женисгул Шарипходжаева[3]*
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
[2]Международный университет Астаны, Астана, Казахстан
[3]Алматинский гуманитарно-экономический университет, Алматы, Казахстан
*e-mail: adlet.kariyev@gmail.com

# ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ ТЕХНОЛОГИИ INQUIRY-BASED LEARNING В РАЗВИТИИ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

**Аннотация.** В статье рассматривается проблема развития исследовательских навыков будущих учителей начальных классов в условиях педагогического университета. Актуальность исследования обусловлена возрастающими требованиями к профессиональной подготовке учителей, предполагающими их готовность к аналитической, рефлексивной и исследовательской деятельности. Цель исследования – определить динамику развития исследовательских навыков будущих учителей начальных классов в процессе применения технологии Inquiry-Based Learning (IBL) в условиях педагогического вуза и оценить её

педагогический потенциал. Исследование проводилось в формате педагогического эксперимента с участием контрольной и экспериментальной групп и включало этапы предварительного (pre-test) и итогового (post-test) тестирования. В исследовании приняли участие 298 студентов педагогического вуза, из которых 152 составили контрольную группу, а 146 – экспериментальную. Для оценки исследовательских навыков использовалась авторская анкета, состоящая из 20 утверждений и охватывающая пять компонентов исследовательского цикла: ориентацию, концептуализацию, исследование, формулирование выводов и обсуждение. Обработка данных осуществлялась с использованием методов описательной статистики, t-тестов для независимых и парных выборок, а также оценки размера эффекта. Результаты исследования показали статистически значимую положительную динамику по всем компонентам исследовательских навыков как в контрольной, так и в экспериментальной группе ($p<.001$). Однако результаты t-теста для независимых выборок не выявили статистически значимых различий между группами на этапе post-test ($p > .05$), а значения Cohen's d свидетельствовали о низком размере межгруппового эффекта. Это не позволяет сделать вывод о статистическом преимуществе технологии IBL по сравнению с традиционным обучением. В связи с этим полученные результаты интерпретируются не как доказательство сравнительного преимущества технологии IBL, а с позиции её потенциала как одного из педагогических подходов, который может применяться в процессе развития исследовательских навыков будущих учителей начальных классов.

**Ключевые слова:** исследовательские навыки, обучение, педагогическое образование, будущие учителя начальных классов, педагогический эксперимент

*Adlet Kariyev[1*], Raushan Karimova[2], Zhenisgul Sharipkhodzhayeva[3]*
[1]Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan
[2]Astana International University, Astana, Kazakhstan
[3]Almaty University of Humanities and Economics, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: adlet.kariyev@gmail.com

# PEDAGOGICAL POTENTIAL OF INQUIRY-BASED LEARNING TECHNOLOGY IN DEVELOPING RESEARCH SKILLS OF PRE-SERVICE PRIMARY SCHOOL TEACHERS

**Abstract.** The article examines the development of research skills among pre-service primary school teachers in the context of a pedagogical university. The relevance of the study is determined by the increasing demands placed on teacher education, which require future teachers to be prepared for analytical, reflective, and research activities. The study aimed to determine the dynamics of research skill development among pre-service primary school teachers during the implementation of Inquiry-Based Learning (IBL) in a pedagogical university and to assess its pedagogical potential.

The study was conducted as a pedagogical experiment involving control and experimental groups and included pre-test and post-test stages. A total of 298 students from a pedagogical university participated in the study, with 152 students assigned to the control group and 146 to the experimental group. Research skills were assessed using an author-developed questionnaire consisting of 20 items covering five components of the inquiry cycle: Orientation, Conceptualization, Investigation, Conclusion, and Discussion. Data were analyzed using descriptive statistics, independent-samples and paired-samples t-tests, as well as effect size estimates.

The results demonstrated statistically significant positive changes across all components of research skills in both the control and experimental groups ($p < .001$). However, the independent-samples t-test revealed no statistically significant differences between the groups at the post-test stage ($p > .05$), while Cohen's d values indicated small between-group effect sizes. These findings do not support a conclusion regarding the statistical superiority of IBL over traditional instruction. Therefore, the findings are interpreted not as evidence of the comparative advantage of IBL, but rather

in terms of its potential as one of the pedagogical approaches that can be employed to support the development of research skills among pre-service primary school teachers.

**Keywords:** research skills, teaching, teacher education, future primary school teachers, pedagogical experiment

*Келіп түсті 16 наурыз 2026*

**Авторлар туралы мәлімет**

Кариев Адлет Дюсембаевич – постдокторант, педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Бастауыш білім беру» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан, e-mail: adlet.kariyev@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0002-7789-9080

Каримова Раушан Марденқызы – PhD докторы, Астана Халықаралық Университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: karimovaraushan@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2811-9751

Шарипходжаева Женисгул Бейсембековна – Философия докторы PhD, аға оқытушы, Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: jeniskul_8970@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9888-3118

**Information about the authors**

Kariyev Adlet – postdoctoral researcher, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of Primary Education Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan, e-mail: adlet.kariyev@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0002-7789-9080

Karimova Raushan – PhD, Astana International University, Astana, Kazakhstan, e-mail: karimovaraushan@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2811-9751

Sharipkhodzhaeva Zhenisgul – Almaty University of Humanities and Economics, PhD, Senior Lecturer, Almaty, Kazakhstan, e-mail: jeniskul_8970@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9888-3118

**Информация об авторах**

Кариев Адлет Дюсембаевич – постдокторант, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры “Начальное образование” Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: adlet.kariyev@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0002-7789-9080

Каримова Раушан Марденовна – PhD доктор, Международный университет Астаны, Астана, Казахстан, e-mail: karimovaraushan@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2811-9751

Шарипходжаева Женисгул Бейсембековна – Алматинский гуманитарно-экономический университет, PhD доктор, старший преподаватель, Алматы, Казахстан, e-mail: jeniskul_8970@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9888-3118

IRSTI 14.01.11
DOI: https://doi.org/10.47344/edxgtv31

*Xiu Si[1], Wang Ze[2], Akramova Aliya[3*]*
[1,2,3]al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[*]e-mail: Akramova_@mail.ru

# EDUCATIONAL APPLICATION OF CANVA IN CULTIVATING VISUALIZATION-DRIVEN PROJECT THINKING: A KAZAKH-SINO COMPARATIVE STUDY

**Abstract.** Visualization tools like Canva have become key resources for developing project-based thinking, a critical competence for future educational psychologists. This exploratory cross-sectional study examined the associations between two Canva use variables (depth of use and visual feature dependence) and two project thinking dimensions (idea organization and user perspective-taking) across two cultural contexts. Survey data were collected from 83 university students at Huanggang Normal University in China (n=48) and Al-Farabi Kazakh National University in Kazakhstan (n=35). Pearson correlation, t-tests, and ANOVA were used for analysis. Results showed that: (1) depth of Canva use had a weak, non-significant association with idea organization ($r = -0.044$, $p = 0.690$); (2) visual feature dependence was moderately and positively correlated with perspective-taking ($r = 0.56$, $p < 0.001$); and (3) Kazakhstani students scored significantly higher on overall project thinking than Chinese students ($M = 4.71$ vs. $4.40$, $t = -3.79$, $p < 0.001$). These findings suggest that specific Canva features, particularly visual design tools, support audience-centered thinking more effectively than general depth of use. The pedagogical significance lies in embedding intentional visual design tasks into educational psychology curricula, as such tasks can cultivate perspective-taking skills that traditional instruction rarely develops directly.

**Keywords:** Canva, Visualization Tools, Project Thinking, Cross-Cultural Study, Higher Education

## Introduction

As digital education expands worldwide, tools like Canva have become important resources for teaching innovation. These tools are easy to use, which suits students who are new to digital learning environments, and they are steadily changing how knowledge is shared and how learners engage. At the same time, educational psychologists are increasingly expected to master idea generation, perspective-taking, and collaborative problem-solving. These skills help practitioners plan appropriate interventions, analyze complex learning environments, and support inclusion throughout their careers.

Бүгінгі күні прозалық шығармаларды оқытудың отандық зерттеулермен қатар, әлемдік зерттеулерде бірнеше әдістері қолданылады. Мәселен Тайе және Тешоме (2025) кең көлемді оқыту (extensive reading) әдісі арқылы білім алушыларға әдеби мәтіндерді оқыту арқылы оқу дағдылары біршама жақсарғандығын байқаған. Бұл әдіс арқылы оқушылар бірінші қысқа мәтіндерді оқудан бастайды және мәтіндегі сөздердің мағынасын ашудан гөрі, мәтіннің мазмұны мен идеясына көбірек назар аударуға тырысады. Мәтіннің мазмұнына көбірек назар аударту оқушылардың көркем прозаны өмірмен байланыстыра алуына жағдай туғызады. Шетелдік зерттеулер, мысалы Муслиминнің (2025) зерттеуінде extensive reading және intensive reading тәсілдерінің оқушылардың оқу үдерісіне әсері салыстырылып, көлемді оқу әдісінің оқушылардың оқу белсенділігі мен тұрақты оқу дағдыларын дамытуда тиімді екендігі анықталған. Сонымен қатар бұл тәсіл оқушылардың мәтінмен өздігінен жұмыс істеуіне және оқуға деген қызығушылығын арттыруға ықпал еткен. Әл-Хафиз (2010) прозалық шығармаларды оқытуды оқушылардың танымдық және тілдік дағдыларын дамытатын негізгі іс-әрекет екендігін алдыға тартады. Прозалық шығармаларды оқыту сыни ойлауды қалыптастырады, пікірталас, жазу дағдыларын дамытып, шығармашылық әрекетке жетелейді. Кучина (2020) заманауи әдебиетке деген қызығушылық шығармашыл оқушылардың тарапынан туындайды деп пікір білдірген. Әрине, көркем прозаға деген сұраныстың оқушы тарапынан артуы өз кезегінде оны оқытатын тың әдіс-тәсілдерді туындатады. Бұл тұрғыда

мұғалім сол қажеттіліктерді қанағаттандыра білуі тиіс. Орынбаева және т.б. (2024) қазіргі қазақ әдебиетін мектеп оқушыларына оқыту барысында көркем шығармаларды оқушының өмірлік тәжірибесімен, дүниетанымымен және қоршаған ортамен байланыстырудың маңыздылығын атап көрсетеді. Авторлар XXI ғасырдағы оқырманның қызығушылығын ескере отырып, заманауи қазақ прозасы мен поэзия үлгілерін оқу үдерісіне енгізу қажеттігін негіздейді. Бұл бағыт көркем мәтіндегі көтерілген мәселелерді оқушының күнделікті өмірімен сабақтастыруға, кейіпкерлер әрекетін талдауға және шығарма мазмұнын тұлғалық тұрғыдан қабылдауға мүмкіндік береді.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқушыларға қазіргі қазақ прозаларын оқытуда мұғалімдер қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ой толғау, сын тұрғысынан ойлау стратегияларын тәжірибеде қолданып жүр (Әбдіқалық және т.б., 2021). Алайда аталған әдіс-тәсілдер бүгінгі тәжірибелік өзгерістерді қажет етеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қазақ әңгімесі біршама көркемдік жетістіктерге қол жеткізді. Бұл жылдары жазылған туындылар да ғалымдардың зерттеу нысанына айналды (Атаханова және т.б., 2025). Тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген шығармалар тек теориялық және көркемдік жағынан ғана зерттеліп қоймай, оларды оқытудың тиімді әдістерін зерделеу – педагогикадағы маңызды тақырыптардың бірі. Көркем прозаларды оқытуда педагогтер өз бетінше бірнеше әдіс-тәсілдерді қолданып, сынамадан өткізіп жүр. Дегенмен әдіс-тәсілдердің бәрін тегіс қолдану үнемі нәтижелі бола бермейді. Әдебиетті оқыту барысында оқушының креативті ойлауын дамыту көркем шығарманы өмірмен байланыстыра меңгертумен тығыз сабақтас.

Шығарма мазмұнын оқушының жеке тәжірибесімен, қоршаған ортамен және қазіргі қоғамдағы мәселелермен байланыстыру оның өзіндік пікір қалыптастыруына, шығармашылық тұрғыдан ойлауына мүмкіндік береді. Көркем мәтінді талдау кезінде өмірлік жағдаяттармен салыстыру, кейіпкерлер әрекетін бағалау арқылы оқушы дайын ақпаратты қабылдаушы емес, жаңа идея ұсынушы тұлға ретінде дамиды (Керімбекова мен Отарбаева, 2024).

Жұмақаева мен Қамбарова (2023) өз зерттеуінде әдеби шығарманы оқуды тек мәтін мазмұны туралы ақпарат алу үдерісі ретінде қарастырмайды. Авторлардың пікірінше, көркем мәтін – оқушының өмірлік тәжірибесімен, эмоциялық қабылдауымен және эстетикалық танымымен байланысатын күрделі танымдық жүйе. Сондықтан әдеби шығарманы меңгерту барысында оқушының алғашқы қабылдауын ұйымдастыру, оның мәтінмен белсенді қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беру маңызды. Көркем шығарманы оқу оқушының жеке тәжірибесіне, дүниетанымына және құндылықтық бағдарларына сүйене отырып, мәтінді өзіндік тұрғыдан түсіндіруіне жағдай жасайды. Бұл прозалық шығармаларды оқытуда мәтіндегі идеялық мазмұнды өмірлік жағдаяттармен байланыстыру, кейіпкерлер әрекетін бағалау және шығармадағы көтерілген мәселелерді оқушының жеке тәжірибесі арқылы пайымдау қажеттігін көрсетеді.

Қазақ прозасын оқытуда жиі қолданылатын әдістер ретінде эвристикалық әдіс, ізденіс әдісі, репродуктивтік әдіс, продуктивтік әдіс, шығармашылық әдіс сынды әдістерді атауымызға болады. Қазіргі білім беру жүйесінде әдебиетті оқыту тек көркем мәтінді меңгертумен ғана шектелмейді, ол оқушылардың сыни ойлауын, қарым-қатынас дағдыларын және өмірлік ұстанымдары мен құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған кешенді жұмыс. Бұл тұрғыда тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасын оқыту – оқушылардың ұлттық танымын кеңейтіп қана қоймай, олардың заманауи және әлеуметтік ортада бейімделу қабілетін арттырады. Көркем прозаны өмірмен байланыстыра оқыту оқушылардың тек мазмұндық деңгейде қабылдауымен қатар, оның идеялық, философиялық және әлеуметтік мәнін терең түсінуін қамтамасыз етеді. Соңғы жылдары педагогикада оқытудың тұлғаға бағытталған конструктивистік тәсілдері жиі дамып келеді. Бұл тәсілдер бойынша білім алушы ақпаратты тек қабылдаушы ретінде емес, өз бетінше ізденушіге айналады. Осыған байланысты көркем прозаны оқытуда оқушының жеке көзқарасын, өмірлік тәжірибесін, әлеуметтік ортаны ескеру маңызды. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасы осы тәсілдерді кеңінен қолдануға тиімді, себебі бұл шығармаларда қазіргі қоғамдағы әлеуметтік мәселелер, адамгершілік құндылықтар

мен рухани құндылықтар кеңінен көрініс табады. Көркем прозаны оқытуда жиі қолданылып жүрген іс-әрекеттердің бірі интерпретациялық оқыту. Интерпретациялау барысында оқушы мәтін мазмұнын, астарлы мәнін, көркемдік құрылымын талдайды. Бұл оқушының аналитикалық ойлау қабілетін дамытады. Сонымен қатар интерпретациялық оқыту арқылы оқушы шығарманы өмірлік жағдаяттармен салыстыра алады, оқушылардың оқу мотивациясы артады. Қазіргі педагогикада кеңінен қолданылып жүрген оқытудың әдістерінің бірі – проблемалық оқыту . Бұл әдіс арқылы оқушыларға мәтіндік немесе нақты мәселе ұсынып, оны шешу жолдарын өз бетінше ізденуді талап етеді.

Көркем әдебиет – адам болмысының, қоғамның және тарихтың көрінісі. Әсіресе тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасы қоғамдағы өзгерістерді, рухани ізденістерді шебер бейнелейді. Мұндай шығармаларда адам мен қоғам арасындағы байланыс, кейіпкердің рухани әлемі кеңінен көрініс табады. Көркем мәтінді қабылдау әр оқушыда әртүрлі қалыптасады, әр адамның ойлау ерекшелігі, дүниетанымы өзгеше, талғамы да әрқилы. Көркем прозаны түсіну тек мәтіндегі ақпаратты игеру ғана емес, күнделікті өмірде қолдану білу. Оқушы мәтіндегі оқиғаларды, кейіпкердің іс-әрекетін талдау арқылы көркем мәтінді тану қабілеті артады. Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушылардың ақпаратты қабылдау ерекшелігі де біршама өзгерген. Олар визуалды, интерактивті ақпаратқа көбірек бейім келеді және жылдам ақпарат алмасуға үйренген. Бұндай жағдайда әдеби мәтіндерді қабылдау күрделене түседі, себебі көркем мәтін терең ойлауды, мұқият оқуды талап етеді. Көркем мәтінді оқу барысында оқушылардың эмоционалдық қабылдауы да маңызды рөл атқарады. Эмоционалдық қабылдау мәтіндегі оқиғаларды логикалық және мазмұндық жағынан емес, сезім деңгейінде түсінуге мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың мәтінге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, эстетикалық талғамын да дамытады. Прозалық шығарма арқылы берілген эмоциялар оның ішкі дүниесіне әсер етіп, оның рухани дамуына септігін тигізеді. Осы орайда қаза әдебиетінде тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының орны ерекше. Көркем прозаны оқытуда мәтіннің көп қабатты табиғатын түсіндіру өте маңызды. Көркем проза тек оқиға желісінен ғана тұрмайды, ол философиялық және мәдени мән-мағыналарды қамтиды. Осы маңызды аспектілерді түсіну үшін оқушыға арналған тиімді әдістерді саралап алу қажет. Сонымен қатар әдеби білім беру үдерісінде тілдік дағдыларды дамыту оқушы үшін аса маңызды. Көркем прозаны оқу арқылы оқушы сөздік қорын кеңейтеді, ойлау қабілетін дамытады. Бұл дағдылар оқушының функционалды сауаттылығын арттыруға көмектеседі. Қазіргі білім беру жүйесі тек білім мазмұнын меңгертумен шектелмей, тұлғаның әлеуметтік ортаға бейімделуін де назарда ұстайды. Бұл тұрғыда әдеби білім беру оқушылардың ішкі әлемін, моральдық ұстанымдарын қалыптастырады. Көркем шығарманы оқу барысында оқушының дербес ойлау қабілетін дамытып, интеллектуалды әлеуетін арттыруға тырысу – сапалы білімнің негізі. Көркем прозаны оқыту – тек оқу үдерісі емес, тұлғаны қалыптастыратын күрделі педагогикалық іс-әрекет. Сондықтан көркем прозаны оқыту әдістерін жетілдіріп, қазіргі білім беру талаптарына сәйкестендіру – зерттеу жұмысының маңызды алғышарты.

## Әдістер мен материалдар

Зерттеу жұмысында тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасын өмірмен байланыстара оқытудың тиімді әдістері тәжірибе жүзінде дәйектелді. Зерттеу барысы екі кезеңде жүргізілді. Бірінші кезеңде прозалық шығармаға мазмұндық, идеялық және тақырыптық талдау жасалынды. Екінші кезеңде сандық зерттеу әдісі арқылы оқушылардан сауалнама алынып, педагогикалық бақылау тәсілдері негізге алынды. Зерттеу материалы ретінде тәуелсіздік кезеңінде жазылған мектеп бағдарламасына енгізілген Шерхан Мұртазаның «Тәуекел тойы» шығармасы таңдалынды. «Тәуекел тойы» әңгімесі – қоғамдағы әлеуметтік, моральдық, рухани мәселелерді көтеретін шығарма. Аталған туынды оқушылардың өмірлік тәжірибесімен байланыстыра оқытуға қолайлы материал ретінде іріктелді. Прозалық шығармаларды өмірмен байланыстыра оқыту әдістері ретінде Experience mapping әдісі (тәжірибе картасы), Context flow әдісі (контекст ағыны), Neocontext әдісі (жаңа контекст) әдістері қолданылды.

Әдістердің тиімділігін анықтау мақсатында негізгі орта білім беретін мектептің 10-сынып оқушыларына эксперимент жүргізілді. Эксперименттік топ ретінде екі топша алынып, эксперимент соңында Likert шкаласына бойынша сауалнама алынды. Бірінші топ дәстүрлі оқыту әдістері бойынша шығарманы талдаса, екінші топ зерттеу барысында ұсынылатын жаңа әдістер бойынша шығарманы талдады. Эксперименттік жұмыстар кезеңдер бойынша жүзеге асырылды. Зерттеуге қатысқан оқушылардың жалпы саны, олардың жас ерекшеліктері мен оқу деңгейлері ескеріліп, топтар іріктелді. Сауалнама сұрақтары оқушылардың көркем прозаны қабылдау деңгейін, түсіну ерекшеліктерін, өмірмен байланыстыра алу қабілетін анықтауға бағытталды. Сауалнамада жабық сұрақтар қамтылды. Бақылау барысында оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі, өз пікірін білдіру деңгейі назарға алынды. Зерттеу барысында алынған мәліметтер жүйеленіп, нәтижелері талқыланды. Эксперименттік және бақылау топтарына берілген тапсырмалар мазмұндас және бірдей уақыт аралығында жүргізілді. Зерттеу барысында этикалық талаптар толық орындалып, оқушылардың зерттеуге қатысуы ерікті түрде жүзеге асырылды, құпиялық толық сақталды. Зерттеу нәтижелері тек ғылыми мақсатта пайдаланылды.

## Нәтижелер және оларды талдау

Шерхан Мұртазаның «Тәуекел тойы» әңгімесі жалпы білім беретін мектептерде қазақ әдебиеті пәні бойынша 10-сыныпта оқытылады. Шығармада ел-жұрттың тойға әкелер сыйлықтары мен ақшасына сеніп дүркіретіп той жасап, шығынға батқан кейіпкердің басынан өткен оқиғалары баяндалады. Ұлын үйлендіріп, ақшаға қарық боламын деген басты кейіпкер Керімқұл, тойға келген қонақтарының көбі сыйлықсыз, ақшасыз келгенін көріп, қара терге түседі. Той ортасында туысқаны бриллиант бұйымын жоғалтып, қонақтар мен ел-жұртты әуре-сарсаңға салады. Той шығынын өтей алмаған Керімқұл той емес, әлдекімнің жаназасын шығарғандай түтігіп кетеді.

Шығарманың тақырыбы – ысырапшылдық пен арзан даңққойлық, шығарма идеясы – ел-жұрт үшін той жасап, абыройын асырамын деп ойлап тақырға отырған кейіпкер арқылы қоғамдағы мәселені жеткізу.

Автор шығарманы қат-қабат оқиғалармен шиеленістіре отырып, оқырманын түрлі эмоцияға бөлейді. Сонымен қатар кейіпкер бойындағы түрлі мінез-құлықтарды баяндамай, оның іс-әрекеті арқылы дөп көрсетеді. Қазақ тойды қазыналы санап, «шашылса, тек тойға шашылсын» деген ұранмен жасаған, алайда шығарманың басты кейіпкері көк тиыны болмаса да, елге мақтан етпекші болып той жасайды. Әрине, бұндай құбылыстар бүгінгі халық арасында танымал жағдай. Қарапайым халықтың көрпесіне қарамай көсіліп, қарызданып, несиелетіп той жасап жүргендігі шығарманың айтпақ ойымен дәл үндеседі. Шығармада орын алатын оқиғалар оқырманды шынайы өмірмен байланыстыруға еріксіз итермелейді.

Мысалы, мына үзіндіде кейіпкердің сараңдығы мен пайдакүнемдігі айқын көрінеді: «Құйрықты қазақы қой екен, Керімқұл ішінен: «Он мың болып қалар» деп, есепке салды. Ораза кезі болса, бағасы одан да жоғары көтерілер еді» (Қасқабасов, 2019) Әрине, оқырман үшін бұл таңсық кейіпкер емес, себебі Керімқұл секілді кейіпкерлер шынайы өмірде де жетіп артылады. Шағын көлемді прозалық шығарма болғандықтан, оқушылар үшін мәтінді оқу, мәтін тілін түсіну қиындық тудырмайды. 15-16 жастағы жасөспірмдер үшін шығарманың желісі қызықты, бүгінгі күнмен байланысы біршама.

Бақылау тобында дәстүрлі оқыту әдістері үш кезең бойынша ұйымдастырылды: кіріспе, негізі және қорытынды кезең. Кіріспе кезеңінде педагог *түсіндіру және баяндау* әдістері арқылы шығарманың тақырыбына, негізгі идеясына, көтерілген әлеуметтік мәселелерге тоқталып, оқушыларға мазмұн бойынша мәлімет берді. Бұл кезеңде оқушылардың шығармаға деген қызығушылығын ояту, мәтінді мазмұнын түсінуге бағыттау көзделді.

Сабақтың негізгі кезеңінде *репродуктивті әдіс* жүзеге асырылды. Оқушылар мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап берді.

**Мысалы:**

Шығарманың тақырыбы мен идеясының бүгінгі күнмен қандай байланысы бар?

Керімқұл қандай кейіпкер?

Керімқұлдың той туралы пікірлерімен келісесің бе?

Авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықта және т.б. Аталған әдіс оқушылардың мәтінді түсіну деңгейін, теориялық білімді меңгеруін және әдеби ұғымдарды дұрыс қолдануын дамытуға бағытталды. Бұл кезеңде оқушылар көбіне мұғалімнің жетекші сұрақтарына сүйене отырып жұмыс жасады.

Сабақтың бекіту кезеңінде *продуктивті әдіс* негізінде оқушыларға шағын эссе немесе кейіпкерге хат жаздырды. Оқушылар «Кейіпкерге хат», «Қазіргі қазақ қоғамындағы ысырапшылдық» тақырыптарында шағын эссе жазды. Бұл тапсырмалар оқушылардың өзіндік пікір білдіруіне, мәтінді өмірмен байланыстыра талдауына мүмкіндік берді. Ал шығармашылық әдіс негізінде оқушылар шығарма сюжетін бейнелейтін иллюстрациялар дайындады. Бұл жұмыс түрі кейіпкерлер психологиясын тереңірек түсінуге және шығарманы эмоционалдық тұрғыдан қабылдауға ықпал етті.

Екінші топқа (эксперименттік топ) *Experience mapping әдісі* бойынша сабақтың ортасында тапсырма берілді. Оқушылар шығарма мазмұнына сүйене отырып, шығарманың картасын сызды. Әдіс бойынша оқушылар мына сызба реттімен жұмыс жасады.

**Сурет 1**

*Experience mapping әдісі*




*Context flow* әдісі бойынша оқушылар сабақтың негізгі бөлігінде әңгіме мәтіні бойынша жұмыс жасады. Мәтінде берілген үзінділерді өмірмен байланыстырды. Бұл оқушылардың тұтас мәтіннің ішіндегі маңызды бөліктерімен жұмыс істеуге үйретеді. Алдымен оқушылар шығармадан әлеуметтік мәселені, кейіпкер мінезін және авторлық идеяны ашатын маңызды үзінділерді іріктеді. Кейін таңдалған үзінділердің мазмұнын бүгінгі қоғамдағы шынайы өмір құбылыстарымен байланыстырып талдады. Мысалы, шығармадағы ысырапшылдық, даңғойлық, қарызға той жасау секілді мәселелер қазіргі қоғамдағы жағдайлармен салыстырылып, оқушылар өз пікірлерін дәлелдер арқылы ұсынды.

**Кесте 1**

*Мәтін үзінділерімен жұмыс*

| Мәтін үзіндісі | Өмірмен байланысы (Оқушы жауабы) |
|---|---|
| ...Ол конверттердің ішінде қанша ақша жатқаны белгісіз. Жұрттың көзінше санай алмайсың ғой. Былайырақ шығып, туалетке кіріп кетіп санап алайын десе, оның ретін таппады. Санағанда алтын мен күміске қолы малына қалмайтынын көңілі түскір сезеді. Жездесі берген томпақ конверт болмаса... Қырғыздан темекі тасып, соны стакандап сатып жүрген майда саудагерде қай бір ірі ақша болады дейсің... (Қасқабасов және т.б., 2019) | Ақшаның буына мас болып, туысқандарын тек пайдасы үшін ғана сыйлайтын адамдар бұл өмірде аз кездеспейді. Тойға келген қонақтың жеке басынан гөрі, «не алып келеді екен?» деген сауал маңыздырақ болатынын бүгінде көп адамның басынан көріп жүрміз... |

*Neocontext* әдісі бойынша оқушыларға өздері оқыған мәтінді өмірмен байланыстырып, қайта жазып шығуға тапсырма берілді.

Мысалы, оқушы нұсқасында «Тәуекел тойы» «Тәуекелсіз той» деген шығармаға айналып, мазмұндық және идеялық өзгерістерге түсті. Тапсырманы орындатудағы мақсат – оқушыларды шығарманы толық түсінуге, әлеуметтік проблемаларды анықтай алуға бағыттау.

Зерттеу барысында Шерхан Мұртазаның «Тәуекел тойы» шығармасын өмірмен байланыстыра оқыту бойынша ұсынылған әдістердің тиімділігі эксперименттік жолмен зерттелді. Экспериментке екі сыныптан жалпы 20 оқушы қатысып, олар бақылау және эксперименттік топтарға бөлінді. Эксперимент нәтижелерін бағалау үшін 1-5 балл аралығындағы Likert шкаласына бойынша сауалнама алынды, SoC моделі арқылы топтастырылды. Алынған нәтижелер оқушылардың мәтінді түсіну, өздігінше интерпретациялау және өмірмен байланыстыра алу деңгейін анықтауға бағытталды.

**Кесте 2**

*Likert шкаласы негізінде сауалнама нәтижелері*

| № | Сұрақтар | Бақылаушы топ | Эксперименттік топ |
|---|---|---|---|
| 1 | Мәтін бойынша негізігі ойды түсіндім | 3 | 3,1 |
| 2 | Кейіпкер әрекетін талдай аламын | 2,7 | 2,8 |
| 3 | Әңгімені өмірлік жағдаймен байланыстыра алдым | 2,7 | 2,8 |
| 4 | Автор идеясын өз сөзіммен жеткізе аламын | 2,9 | 3,1 |
| 5 | Мәтінге сыни көзқарасымды білдіре аламын | 3,1 | 3,1 |
| 6 | Шығармадағы оқиғаларды интерпретациялай аламын | 2,9 | 4 |
| **Жалпы орташа мән** | | **2,8** | **3,15** |

Тест нәтижелері бойынша бақылау тобының орташа мәні 17,3 балл, **M = 2,8** ал эксперименттік топтың орташа мәні 18,9 балл, **M = 3,15** болды. Бұл эксперименттік топ оқушыларының көркем мәтінді түсіну және өмірмен байланыстыра отырып талдау деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Топтар арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін статистикалық әдіс ретінде T-test қолданылды.

**Кесте 3**

*T-test нәтижесі*

| Көрсеткіш | Бақылау тобы | Эксперименттік топ |
|---|---|---|
| Оқушы саны (n) | 10 | 10 |
| Орташа балл (M) | 17,3 | 18,9 |
| Стандартты ауытқу (SD) | 1,49 | 2,27 |
| Айырмашылық (ΔM) | - | 2 |
| t-есептік мән | - | 2,33 |
| Еркіндік дәрежесі (df) | - | 18 |
| Маңыздылық деңгейі | - | $p<0,05$ |

Есептеу нәтижесінде $t = 2.33$ мәні алынды ($p \leq 0.05$). Бұл бақылау және эксперименттік топтар арасындағы айырмашылықтың статистикалық тұрғыдан бар екенін дәлелдейді.

Эксперименттік топтың бақылаушы топпен салыстырғанда мәтінді өмірмен байланыстыра талдай алу қабілеті, сыни ойлау деңгейі жоғары екенін көрсетті. Бақылаушы топта қолданылған дәстүрлі әдістер оқушылардың көркем мәтінді түсінуіне көмектеседі, алайда оқушының өз бетінше жұмыс жасауына жағдай тудырмайды. Ал эксперименттік топта қолданылған experience mapping әдісі (тәжірибе картасы), context flow әдісі (контекст ағыны), neocontext әдісі (жаңа контекст) әдістері оқушылардың мәтінді тек мазмұн ретінде емес, оны өмірлік және әлеуметтік маңызымен байланыстыра талдауына ықпал етті. Бұл олардың сыни ойлау қабілетін, оқу мотивациясын арттырды. Прозалық шығарманы талдай келе оқушылар шығарма ішіндегі оқиғаларды салыстыра отырып, өмірмен байланыстыра алды.

*Оқушы жауаптары:*

- *Бүгінгі күні әлеуметтік желі үшін той жасайтын отбасылар да өте көп, мәселе жастардың бақытты болуы емес, «жұрт не айтар екен» деген уайымның көптігі той иелерін көбірек алаңдатады...*
- *Той жасаймын деп қарызға бату бүгінгі өмірде де көп кездеседі, қарызданып той жасағанша, жас отбасыға қолдау ретінде баспана алып берсе, олардың болашақтарына жасалған ең үлкен қолдау деп ойлаймын.*
- *Қазақ тойшыл қауым, бірақ осындай тек пафос үшін жасалған тойлар ағайынның арасын бұзып, соңы жиі дау-дамаймен аяқталып жатады. Сол тойдан кейін тіпті араласпай кететіндері де бар.*
- *Той жасау жақсы деп білемін, сондықтан оны көп адам шақырмай-ақ қазіргі заманда шағын қылып өткізсе де болады.*

Оқушылар ұсынылған жаңа әдіс-тәсілдер арқылы мәтін мұзмұнын талдау барысында мәтін мазмұнын өмірмен байланыстыра алу, өз ойын білдіре алу деңгейі жоғарлағанын көрсетеді.

**Кесте 4**

*Шерхан Мұртазаның «Тәуекел тойы» әңгімесін өмірмен байланыстыра оқытудағы дәстүрлі және жаңа әдістерге сараптамалық талдау*

| № | Дәстүрлі әдістер | Тиімділігі | Кемшіл тұстары | Жаңа әдістер | Тиімділігі | Кемшіл тұстары |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | *Түсіндіру, баяндау әдісі* | Педагог «Тәуекел тойы» әңгімесіндегі той дәстүрі, әлеуметтік мәселе және кейіпкерлер әрекетін түсіндіріп береді; оқушылар мәтінді толық меңгереді | Оқушылар өз бетінше шығарма туралы ой қозғау қабілеті азаяды | *Mapping әдісі* | Оқушылар шығармадағы той көрінісін, кейіпкерлер әрекетін және әлеуметтік мәселені визуалды түрде қалыптастыра алады | Барлық оқушының ойы бір жерден шықпауы мүмкін |
| 2 | *Репродуктивті әдіс* | Оқушылар «Тәуекел тойы» әңгімесі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріп, | Барлық оқушыны түлгел сабаққа қамту мүмкін емес. | *Context flow әдісі* | Шығармадағы той дәстүрі мен бүгінгі қоғамдағы несиеге той жасау, әлеуметтік қысым | Кейбір оқушыларға талдау жасау қиындық тудыруы мүмкін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | негізгі оқиғаларды есте сақтайды | | | құбылыстарын салыстырады | |
| 3 | *Шығармашылық әдіс (кейіпкерге хат)* | Оқушылар «Тәуекел той» шығармасындағы кейіпкерлердің әрекетіне баға беріп, өз пікірін білдіреді | Бұл әдіс бойынша оқушылардың шығарма бойынша білімін бағалау субъективті болуы мүмкін, нақты критерийлерді қажет етеді | *Neocontext әдісі* | Оқушылар шығарманы қазіргі заманмен байланыстырып, «егер өмірде осылай болса қалай болар еді?» деген тұрғыда ой қорытады | Уақыт тапшылығы |

## Қорытынды

Қорытындылай келе, тәуелсіздік кезеңінде жазылған қазақ прозасын оқыту Шерхан Мұртазаның «Тәуекел тойы» әңгімесі мысалында талданды. Оқушылардың көркем прозаны өмірмен байланыстыра алу қабілетін арттыру үшін experience mapping әдісі (тәжірибе картасы), context flow әдісі (контекст ағыны), neocontext әдісі (жаңа контекст) әдістерінің тиімділігі тәжірибелік тұрғыда дәлелденді. Experience mapping әдісі бойынша оқушылар шығармада болған оқиғалар бойынша карта сызып, оны өмірмен байланыстырды. Аталған әдіс оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, оқиғаны өмірмен байланыстыра алу қабілетін дамытқан. Context flow әдісі бойынша оқушылар мәтіндегі нақты үзінділер бойынша жұмыс жасады. Әдіс барысында мәтіннен негізгі маңызды бөліктерді алып тұжырым жасай алу қабілеті қалыптасты. Neocontext әдісі бойынша оқушылар өздері оқыған мәтінді бүгінгі заманға сәйкестендіріп, өздігінше интерпретациялады.

Зерттеу нәтижелері аталған әдістерді кешенді түрде қолдану жоғары нәтиже беретіндігін көрсетті. Experience mapping әдісі оқиғаны құрылымдауға бағытталса, context flow әдісі мәтінді терең талдауға, ал neocontext әдісі шығармашылыққа бағытталған әдіс ретінде өз тиімділігін көрсетті. Ұсынылған әдістер прозалық шығарманы терең түсінуіне мүмкіндік беріп, оқыту үдерісінде тек ақпарат берумен шектемей, оқушының танымдық белсенділігін арттырды. Зерттеу барысында оқушылардың оқу мотивациясының артқаны байқалады және дәстүрлі әдістерді қолдануда кей жағдайда мәтінге қызығушылық төмен болса, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану барысында оқушылардың сабаққа белсенді қатысуы, пікір алмасуы, өз ойларын еркін білдіруі қалыптасты. Практикалық тапсырмаларды орындауда оқушылардың мәтінді эмоциялық қабылдау деңгейі артып, әдеби шығармаларға қызығушылығы арта түсті. Бұл іс-әрекет оқу процесінің нәтижелігін күшейтті. Педагогикалық тұрғыда зерттеу нәтижелері мұғалімнің тек ақпарат беруші ғана емес, бағыттаушы ретіндегі қызметінің маңызын көрсетті. Зерттеу материалы ретінде алынған Шерхан Мұртазаның «Тәуекел тойы» шығармасын талдауда екі топ та мәтіннің негізгі идеясы мен тақырыбын жақсы аша алды.

Зерттеу нәтижелері қазақ прозасын оқытуда көркем мәтінді визуализациялау құралдарын қолдану, мәтінді өмірлік тәжірибемен байланыстаратын тапсырмаларды жүйелі пайдалану, интерпретациялық және шығармашылық тапсырмаларды көбірек енгізудің тиімділігін анықтады. Бұл бағыттар оқушылардың функционалды сауаттылығының дамуына ықпал етіп, алған білімдерін өмірде қолдануына жағдай жасайды. Зерттеу нәтижесінде тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасын оқытуда ұсынылған әдістердің тиімділігі тәжірибелік тұрғыда дәлелденді. Шерхан Мұртазаның «Тәуекел тойы» әңгімесі негізінде жүргізілген зерттеу

жұмысы оқушылардың мәтінді терең түсіну, өмірмен байланыстыру қабілеттерін айтарлықтай дамытты. Ұсынылған әдістерді қолдану қазіргі білім беру талаптарына сәйкес қазақ әдебиетін жаңаша деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


Атаханова, Н. А., Кынаджы, Д., Аяпова, Г. Б. (2025). Художественные поиски в современных казахских рассказах. *Керуен, 88*(3), 195–210. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-13

Әбдіқалық, К., Нұрғали, А., Сейітов, Д. (2021). Мектепте прозалық шығармаларды оқытудың тиімді әдістері. *Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы, 72*(2), 513–519. https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7804.86

Әрінова, Б. А. (1998). Әдебиет пәніне әлеуметтік сұраныстың жаңа кезеңі. *Қазақстан жоғары мектебі*, (5), 88–90.

Бітібаева, Қ. Б. (1997). *Әдебиетті оқыту әдістемесі*. Рауан.

Жұмақаева, Б., Қамбарова, Ғ. (2023). Көркем мәтінді қабылдау мен түсіну – интерпретация қадамдары. *Білім – Образование: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми-педагогикалық журналы, 104*(1), 60–66. https://bilim-uba.kz/index.php/science/article/view/13

Керімбекова, Б. Д., Отарбаева, Ғ. Н. (2024). Әдебиет сабағында оқушылардың креативті ойлауын қалыптастыра отырып шығармашылыққа баулу жолдары. *Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы (Bulletin of the Eurasian Humanities Institute), 4*, 27–33. https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-4.27

Көшімбаев, А. (1969). *Қазақ әдебиетінің методикасы*. Мектеп.

Көшімбаев, А. (1970). *Орта мектептің қазақ әдебиетін оқыту методикасының мәселелері*. Мектеп.

Қоңыратбаев, Ә. (1962). *Әдебиеттік оқу методикасы: Очерктері*. ҚМОПБ.

Қоңыратбаев, Ә. (1964). *Қазақ әдебиетінің методикасы*. Мектеп.

Қасқабасов, С., Әлмұханова, Р., Раушанов, Е., Қайырбай, Қ. (2019). *Қазақ әдебиеті: 10-сынып оқулығы*. Жазушы.

Орынбаева, Д. Г., Сатемирова, Д. А., Абитова, Ж. С. (2024). XXI ғасырдағы қазақ әдебиетін мектеп оқушыларына оқытудың өзектілігі. *Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы, 75*(4), 500–515. https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.75.4.031

Тоқсамбаева, А. О. (2022). Қазіргі қазақ прозасының көркемдік ерекшелігі. *Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы*, (3), 188–196. https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-3.18

Al-Hafizh, M. (2010). The praise of prose in achieving participatory English language teaching (ELT). *Lingua Didaktika: Jurnal Bahasa dan Pembelajaran Bahasa, 4*(1), 35–41. https://doi.org/10.24036/ld.v4i1.7392

Kuchina, T. G. (2020). Modern prose at literature lessons and in independent reading of senior secondary school students. *Philological Class, 25*(1), 195–202. https://doi.org/10.26170/FK20-01-19

Muslimin, A. I. (2025). English as a foreign language (EFL) students' engagement, reading habits, and learning outcomes: A comparative study of extensive and intensive reading. *Asia Pacific Journal of Educators and Education, 40*(2), 337–355. https://doi.org/10.21315/apjee2025.40.2.16

Taye, T., & Teshome, G. (2025). The efficacy of extensive reading strategies for enhancing reading comprehension among 4th year EFL students at Mizan Tepi University. *Social Sciences & Humanities Open, 11*, Article 101616. https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2025.101616


## References


Atakhanova, N. A., Kynadzhy, D., Ayapova, G. B. (2025). Hudojestvennye poiski v sovremennyh

kazahskih rasskazah [Artistic searches in modern Kazakh stories]. *Keruen, 88*(3), 195–210. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-13

Äbdıqalyq, K., Nurgali, A., Seitov, D. (2021). Mektepte prozalyq şyğarmalardy oqytudyñ tiımdı ädisterı [Effective methods of teaching prose works at school]. *Abai Kazakh National Pedagogical University Bulletin. Philological Sciences Series, 72*(2), 513–519. https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7804.86

Ärınova, B. A. (1998). Ädebiet pänine äleumettık suranystyñ jaña kezeñı [A new stage of social demand for literature teaching]. *Qazaqstan joğary mektebı*, (5), 88–90.

Bıtıbaeva, Q. B. (1997). *Ädebiettı oqytu ädıstemesı* [Methods of teaching literature]. Rauan.

Jumaqaeva, B., & Qambarova, Ğ. (2023). Körkem mätındı qabıldau men tüsınu – interpretaciya qadamdary [Understanding and perception of literary text – steps of interpretation]. *Bilim – Obrazovanie: Scientific and Pedagogical Journal of the National Academy of Education named after Y. Altynsarin, 104*(1), 60–66. https://bilim-uba.kz/index.php/science/article/view/13

Kerimbekova, B. D., Otarbaeva, Ğ. N. (2024). Ädebiet sabağynda oquşylardyñ kreativtı oylauyn qalyptastyra otyryp şyğarmaşylyqqa baulu joldary [Ways of developing students' creativity through the formation of creative thinking in literature lessons]. *Bulletin of the Eurasian Humanities Institute, 4,* 27–33. https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-4.27

Köşımbaev, A. (1969). *Qazaq ädebietınıñ metodikasy* [Methodology of Kazakh literature]. Mektep.

Köşımbaev, A. (1970). *Orta mekteptıñ qazaq ädebietın oqytu metodikasynyñ mäseleleri* [Issues of teaching Kazakh literature methodology in secondary school]. Mektep.

Qoñyratbaev, Ä. (1962). *Ädebiettık oqu metodikasy: Ocherkterı* [Methods of literary reading: Essays]. QMOPB.

Qoñyratbaev, Ä. (1964). *Qazaq ädebietınıñ metodikasy* [Methodology of Kazakh literature]. Mektep.

Qasqabasov, S., Älmuhanova, R., Raushanov, E., Qayırbay, Q. (2019). *Qazaq ädebietı: 10-synyp* [Kazakh literature: Grade 10]. Zhazushy.

Orynbaeva, D. G., Satemirova, D. A., Abitova, Zh. S. (2024). XXI ğasyryndağı qazaq ädebietın mektep oquşylaryna oqytudyñ özektılıgı [The relevance of teaching XXI century Kazakh literature to school students]. *Abai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages Bulletin. Pedagogical Sciences Series, 75*(4), 500 – 515. https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.75.4.031

Toqsambaeva, A. O. (2022). Qazırgı qazaq prozasynyñ körkemdık erekşelıgı [Artistic features of modern Kazakh prose]. *Euraziia gumanitarlyq instituty habarşysy*, (3), 188 – 196. https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-3.18

Al-Hafizh, M. (2010). The praise of prose in achieving participatory English language teaching (ELT). *Lingua Didaktika: Jurnal Bahasa dan Pembelajaran Bahasa, 4*(1), 35–41. https://doi.org/10.24036/ld.v4i1.7392

Kuchina, T. G. (2020). Modern prose at literature lessons and in independent reading of senior secondary school students. *Philological Class, 25*(1), 195–202. https://doi.org/10.26170/FK20-01-19

Muslimin, A. I. (2025). English as a foreign language (EFL) students' engagement, reading habits, and learning outcomes: A comparative study of extensive and intensive reading. *Asia Pacific Journal of Educators and Education, 40*(2), 337–355. https://doi.org/10.21315/apjee2025.40.2.16

Taye, T., & Teshome, G. (2025). The efficacy of extensive reading strategies for enhancing reading comprehension among 4th year EFL students at Mizan Tepi University. *Social Sciences & Humanities Open, 11*, Article 101616. https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2025.101616

*Нурай Айтбаева[1]*, Гаухар Балтабаева[2], Гулбейне Скендирова[3]*
[1,2]Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
[3]Средняя школа №9 имени Г. Кайырбекова, Костанай, Казахстан
*e-mail: nuray.aytbaeva@mail.ru

# ОБУЧЕНИЕ КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ ПЕРИОДА НЕЗАВИСИМОСТИ В СВЯЗИ С ЖИЗНЕННЫМ ОПЫТОМ (НА ОСНОВЕ РАССКАЗА ШЕРХАНА МУРТАЗЫ «ТӘУЕКЕЛ ТОЙЫ»)

**Аннотация.** В статье рассматриваются методы и приемы обучения казахской прозе периода независимости в связи с жизненным опытом учащихся на примере рассказа Ш. Муртазы «Тәуекел тойы». С момента обретения независимости Казахстана казахская литература пополнилась рядом новых произведений. В настоящее время в школьной программе широко изучаются авторы периода независимости. В этой связи формирование у школьников интереса к художественной прозе, развитие навыков понимания и анализа текста является одной из важнейших задач. В исследовании предлагаются эффективные методы обучения, направленные на развитие у учащихся способности самостоятельно принимать решения и адаптироваться к жизненным ситуациям через изучение казахской прозы периода независимости. Эффективный анализ художественного текста способствует развитию критического мышления учащихся и повышает их интерес к чтению прозаических произведений. В статье рассматриваются вопросы формирования у учащихся навыков анализа содержания произведения на основе личного мнения, повышения их интереса к литературе и развития самостоятельного принятия решений. Также доказывается, что эффективное обучение художественной прозе способствует не только развитию языковой компетенции учащихся, но и формированию нравственных ценностей и жизненных взглядов. В исследовании анализируются труды отечественных и зарубежных ученых. Результаты исследования направлены на совершенствование преподавания казахской прозы периода независимости и развитие у учащихся способности глубоко понимать литературное произведение и связывать его с жизненным опытом, что подтверждается научными экспериментами.

**Ключевые слова:** проза, обучение, методы, независимость, связь с жизнью, средняя школа

*Nurai Aitbaeva[1]*, Gaukhar Baltabayeva[2], Gulbeine Skendirirova[3]*
[1,2]Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
[3]G. Qayyrbekov Secondary School No. 9, Kostanay, Kazakhstan
*e-mail: nuray.aytbaeva@mail.ru

# TEACHING KAZAKH PROSE OF THE INDEPENDENCE PERIOD THROUGH CONNECTION WITH LIFE EXPERIENCE (BASED ON SH. MURTAZA'S SHORT STORY "TAUYEKEL TOYY")

**Abstract.** This article examines methods and approaches to teaching Kazakh prose of the independence period through connection with real-life experience, based on Sh. Murtaza's short story "Tauyekel toyi." Since Kazakhstan gained independence, Kazakh literature has been enriched with a number of new works. Today, authors of the independence period are widely included in the school curriculum. In this regard, fostering students' interest in literary prose and developing their skills in understanding and analyzing texts are among the key educational tasks. The study proposes effective teaching methods aimed at developing students' ability to make independent decisions and adapt to real-life situations through the study of Kazakh prose of the independence period. Effective analysis of literary texts enhances students' critical thinking skills and increases their interest in reading prose works. The article addresses the formation of students' skills in analyzing literary content based on personal interpretation, increasing their engagement with literature, and developing independent decision-making skills. It is also demonstrated that effective teaching of literary prose contributes not only to students' linguistic competence but also to the formation of moral values and life perspectives. The study analyzes the works of both domestic and international scholars. The results are aimed at

improving the teaching of Kazakh prose of the independence period and enhancing students' ability to deeply understand literary works and relate them to real-life experience, which is supported by empirical research.

**Keywords:** prose, teaching, methods, independence, life connection, secondary school

*Келіп түсті 27 сәуір 2026*

**Авторлар туралы мәлімет**

Айтбаева Нұрай Айтбайқызы – хат-хабар авторы, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 3-курс докторанты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: nuray.aytbaeva@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0009-0007-5468-5614

Балтабаева Гаухар Саядыловна – филология ғылымдарының докторы, қазақ әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. e-mail: gauhar-128@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0002-7555-0766

Скендирова Гулбейне Айтбаевна– Ғ. Қайырбеков атындағы №9 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Қостанай, Қазақстан.

**Информация об авторах**

Айтбаева Нурай Айтбаевна– автор для корреспонденции, докторант 3 курса образовательной программы «Казахский язык и литература», Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан, e-mail: nuray.aytbaeva@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0009-0007-5468-5614

Балтабаева Гаухар Саядыловна – доктор филологических наук, ассоциированный профессор кафедры казахской литературы, Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан, e-mail: gauhar-128@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0002-7555-0766

Скендирова Гульбейне Айтбаевна – учитель казахского языка и литературы общеобразовательной школы №9 имени Г. Кайырбекова, г. Костанай, Казахстан.

**Information about the authors**

Aitbayeva Nuray – corresponding author, 3rd-year doctoral student of the educational program "Kazakh Language and Literature", Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: nuray.aytbaeva@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0009-0007-5468-5614

Baltabayeva Gaukhar – Doctor of Philological Sciences, Associate Professor of the Department of Kazakh Literature, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: gauhar-128@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0002-7555-0766

Skendirova Gulbeine – Teacher of Kazakh Language and Literature at Secondary School No. 9 named after G. Kaiyrbekov, Kostanay, Kazakhstan.

*МРНТИ 14.25.09*
*DOI: https://doi.org/10.47344/pthasm92*

*Кималь Хальметов[1*], Нуржамал Аблязимова[1], Баян Уалиханова[2]*
[1]Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
[2]Южно-Казахстанский педагогический университет имени О.Жанибекова, Шымкент, Казахстан
*e-mail: kkhalmetov@gmail.com

# МОДЕЛЬ КРИТЕРИАЛЬНО-ДЕСКРИПТОРНОГО РАБОЧЕГО ЛИСТА ДЛЯ ОРГАНИЗАЦИИ И ОЦЕНИВАНИЯ ЛАБОРАТОРНЫХ РАБОТ ПО ФИЗИКЕ В 8 КЛАССЕ

**Аннотация.** Статья посвящена теоретическому обоснованию и описанию структуры критериально-дескрипторного рабочего листа как методического инструмента организации лабораторных работ по физике в 8 классе. Актуальность исследования обусловлена тем, что при традиционной организации лабораторная работа нередко сводится к механическому выполнению инструкции без осознания цели опыта, логики измерений и физического смысла получаемых результатов. Исследование имеет методико-проектировочный характер и включает анализ нормативных требований, теоретический анализ научной литературы по критериальному и формативному оцениванию, структурно-функциональный анализ лабораторной работы и методическое моделирование рабочего листа. В качестве предметного контекста выбраны пять лабораторных работ раздела «Постоянный электрический ток»: сборка электрической цепи, исследование зависимости силы тока от напряжения, изучение последовательного и параллельного соединения проводников, измерение работы и мощности электрического тока. В результате разработана модель рабочего листа, объединяющая три методические линии: предметно-содержательную, деятельностную и оценочно-рефлексивную. Модель включает шесть компонентов экспериментальной компетенции учащегося, пять критериев оценивания с трёхуровневыми дескрипторами и элемент самооценки. Предложенная структура делает требования к выполнению лабораторной работы прозрачными, связывает экспериментальные действия учащегося с критериями оценивания и создаёт условия для формативной обратной связи. Практическая значимость состоит в возможности использования модели учителями физики при подготовке лабораторных работ.

**Ключевые слова:** критериальное оценивание, дескрипторы, рабочий лист, лабораторная работа по физике, экспериментальная компетенция, формативное оценивание, самооценка, педагогическая поддержка, постоянный электрический ток, методика преподавания физики

## Введение

Лабораторные работы занимают особое место в структуре школьного курса физики: они не только закрепляют теоретические знания, но и создают условия для формирования экспериментальной деятельности учащихся. Типовая учебная программа по физике для 7–9 классов определяет в числе ключевых задач развитие навыков выполнения физического эксперимента и исследования, умения наблюдать, анализировать и фиксировать явления природы (Ministerstvo prosveshcheniya Respubliki Kazakhstan, 2022). В 8 классе раздел «Постоянный электрический ток» предусматривает пять лабораторных работ, охватывающих сборку электрической цепи, измерение силы тока и напряжения, изучение закона Ома, последовательного и параллельного соединения проводников, а также определение работы и мощности электрического тока. Следовательно, лабораторный практикум данного раздела образует методически связную систему, в которой каждая работа опирается на результаты предыдущей и формирует у учащегося целостное представление об электрических явлениях.

Вместе с тем практика организации лабораторных работ в основной школе обнаруживает устойчивую проблему: при традиционном подходе выполнение эксперимента нередко сводится к следованию инструкции, заполнению таблицы и получению ответа в численном виде. Учащийся может корректно собрать электрическую цепь, измерить силу тока и напряжение на различных участках, построить график зависимости I(U), однако при этом не всегда осознаёт цель опыта, смысл погрешностей, логику формулируемого вывода и связь полученных результатов с физическими закономерностями. Abrahams and Millar (2008) в масштабном исследовании эффективности практических работ в школьном естествознании показали, что учащиеся, как правило, успешно взаимодействуют с объектами и оборудованием, однако значительно реже устанавливают связь между выполняемыми действиями и научными идеями. Иными словами, процедурная активность не гарантирует концептуального понимания, если деятельность учащегося не подкреплена методической структурой, направляющей его рефлексию.

В этой связи представляется методически значимым вопрос о создании инструмента, который соединял бы инструктивную часть лабораторной работы, последовательность экспериментальных действий учащегося, требования к качеству их выполнения и критерии оценивания в единое дидактическое целое. Таким инструментом может рассматриваться критериально-дескрипторный рабочий лист, который будет служить не как обычный бланк для записи результатов, а как методически спроектированный документ, в котором каждый этап лабораторной работы соотнесён с ожидаемыми учебными действиями, а требования к их выполнению сформулированы в виде критериев и дескрипторов. Подобный рабочий лист, с одной стороны, структурирует деятельность учащегося, а с другой, делает основания оценивания прозрачными и доступными для самого ученика.

В казахстанском образовательном контексте критериальное оценивание занимает устойчивое место в методической системе обновлённого содержания образования. Karymsakova and Khassenova (2021) рассматривают критериальное оценивание как современную контрольно-оценочную деятельность, при которой ключевую роль играют чётко сформулированные критерии и дескрипторы, обеспечивающие прозрачность требований и осмысленную обратную связь. Требования к педагогу в этой системе предполагают не только знание инструментов оценивания, но и умение проектировать оценочные ситуации, интегрированные в учебную деятельность (Meterbaeva & Kiyasova, 2020). Исследования Kurmanova et al. (2023) подчёркивают, что именно осознание учащимся критериев выполнения задания способствует развитию учебно-познавательной деятельности и поддерживает самооценку. Перенесение этих принципов на контекст лабораторной работы по физике означает, что критерии должны быть связаны с конкретными экспериментальными действиями: точностью сборки цепи, правильностью подключения приборов, корректностью измерений тока и напряжения, качеством графика, обоснованностью вывода.

С точки зрения методики преподавания физики лабораторная работа представляет собой сложную многокомпонентную деятельность, включающую постановку цели, планирование эксперимента, сборку установки, соблюдение техники безопасности, выполнение измерений, обработку данных с учётом погрешностей, анализ результатов и формулирование вывода. Zhanatbekova et al. (2021) указывают, что исследовательская деятельность учащихся на уроках физики требует специальной методической организации, поскольку каждый из перечисленных компонентов требует отдельного педагогического внимания. Применительно к разделу «Постоянный электрический ток» это означает, что при изучении последовательного и параллельного соединения проводников учащийся должен не просто зафиксировать значения тока и напряжения, но и осмыслить, каким образом закон Ома проявляется в каждой из схем, и обосновать полученные закономерности в выводе.

В зарубежной науке вопросы оценивания учебных лабораторных работ получили достаточно глубокую теоретическую разработку. Ketonen et al. (2023) в обзоре моделей оценивания лабораторных работ обосновывают необходимость согласования целей лабораторной работы, процесса её выполнения и формативной обратной связи. Liew et al.

(2019) разработали рубрики для оценки практических умений по физике, опираясь на наблюдаемые действия учащихся, что позволяет перейти от субъективной оценки к обоснованной и воспроизводимой. Panadero and Jonsson (2013) в обзоре применения рубрик для формативного оценивания показывают, что рубрики поддерживают самооценку и саморегуляцию учащихся, если критерии понятны и сформулированы на языке конкретных действий. Black and Wiliam (2009), разрабатывая теорию формативного оценивания, подчёркивают, что критерии успеха должны быть заранее известны учащемуся и стать частью его учебной деятельности. Brookhart (2018) уточняет, что полноценная рубрика включает не только критерии, но и описания уровней качества выполнения, что принципиально отличает её от простой числовой шкалы.

Исследовательский характер лабораторной работы предполагает, что учащийся в значительной мере самостоятелен в принятии решений: о методе измерения, последовательности действий, интерпретации результатов. Однако исследовательская самостоятельность требует направляющей педагогической поддержки, которая помогает учащемуся удерживать цель деятельности и понимать логику эксперимента. Hmelo-Silver et al. (2007) убедительно показывают, что исследовательское обучение при минимальном методическом руководстве зачастую менее эффективно, чем обучение с опорой на продуманную учебную поддержку, структурирующую деятельность учащегося. Fahyuni et al. (2019) демонстрируют, что рабочие листы с направляемой исследовательской деятельностью способствуют развитию экспериментальных умений, поскольку задают последовательность познавательных действий, не подменяя при этом самостоятельного мышления учащегося.

Анализ научной литературы позволяет констатировать, что критериальное оценивание, формативная обратная связь, рубрики и лабораторные работы изучались преимущественно как самостоятельные объекты исследования. Вместе с тем остаётся недостаточно разработанной модель методического инструмента, в котором этапы лабораторной работы по физике, компоненты экспериментальной компетенции учащегося, критерии оценивания и дескрипторы учебных действий были бы объединены в единую структуру. Именно этот методический пробел определяет направление настоящего исследования.

Цель статьи — теоретически обосновать и описать структуру критериально-дескрипторного рабочего листа как методического инструмента организации лабораторных работ по физике в 8 классе. В соответствии с целью определены следующие задачи:

- раскрыть методическое значение лабораторных работ по физике для формирования экспериментальной деятельности учащихся;
- обосновать роль критериев и дескрипторов в организации и оценивании лабораторной работы;
- определить структурные компоненты критериально-дескрипторного рабочего листа;
- соотнести этапы лабораторной работы с компонентами экспериментальной компетенции учащихся;
- описать возможности применения рабочего листа при выполнении лабораторных работ раздела «Постоянный электрический ток».

Объектом исследования выступает процесс организации лабораторных работ по физике в основной школе.

Предметом исследования является структура и методическое содержание критериально-дескрипторного рабочего листа для лабораторных работ по физике в 8 классе.

Научная новизна статьи состоит в разработке модели критериально-дескрипторного рабочего листа, в которой лабораторная работа рассматривается не только как форма выполнения практического задания, но и как последовательность взаимосвязанных учебно-экспериментальных действий учащегося. В предложенной модели этапы лабораторной работы соотнесены с компонентами экспериментальной компетенции, критериями оценивания и дескрипторами качества выполнения действий. Это позволяет объединить в одном методическом инструменте инструктивную, деятельностную, оценочную и

**Аңдатпа.** Мақала 8-сыныпта физика пәні бойынша зертханалық жұмыстарды ұйымдастырудың әдістемелік құралы ретінде критериалды-дескрипторлық жұмыс парағының құрылымын теориялық тұрғыдан негіздеуге және сипаттауға арналған. Зерттеудің өзектілігі дәстүрлі ұйымдастыру жағдайында зертханалық жұмыстың көбіне тәжірибенің мақсатын, өлшеулер логикасын және алынған нәтижелердің физикалық мағынасын саналы түрде түсінбей, нұсқаулықты механикалық орындауға дейін қысқарып кетуімен байланысты. Зерттеу әдістемелік-жобалау сипатында жүргізілді және нормативтік талаптарды талдауды, критериалды және қалыптастырушы бағалау бойынша ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау жасауды, зертханалық жұмысты құрылымдық-функционалдық талдауды және жұмыс парағын әдістемелік модельдеуді қамтиды. Пәндік контекст ретінде «Тұрақты электр тогы» бөлімі бойынша бес зертханалық жұмыс таңдалды: электр тізбегін құрастыру, ток күшінің кернеуге тәуелділігін зерттеу, өткізгіштердің тізбектей және параллель жалғануын зерделеу, электр тогының жұмысы мен қуатын өлшеу. Нәтижесінде пәндік-мазмұндық, іс-әрекеттік және бағалау-рефлексивтік үш әдістемелік бағытты біріктіретін жұмыс парағының моделі әзірленді. Модель оқушының эксперименттік құзыреттілігінің алты компонентін, үш деңгейлі дескрипторлары бар бес бағалау критерийін және өзін-өзі бағалау элементін қамтиды. Ұсынылған құрылым зертханалық жұмысты орындауға қойылатын талаптарды айқын етеді, оқушының эксперименттік әрекеттерін бағалау критерийлерімен байланыстырады және қалыптастырушы кері байланыс үшін жағдай жасайды. Практикалық маңыздылығы модельді физика мұғалімдерінің зертханалық жұмыстарды дайындау барысында қолдана алуымен анықталады.

**Түйін сөздер:** критериалды бағалау, дескрипторлар, жұмыс парағы, физика бойынша зертханалық жұмыс, эксперименттік құзыреттілік, қалыптастырушы бағалау, өзін-өзі бағалау, педагогикалық қолдау, тұрақты электр тогы, физиканы оқыту әдістемесі

*Kimal Khalmetov[1*], Nurzhamal Ablyazimova[1], Bayan Ualikhanova[2]*
[1]Mukhtar Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan
[2]South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekali Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan
[*]e-mail: kkhalmetov@gmail.com

# A CRITERIA-AND-DESCRIPTOR-BASED WORKSHEET MODEL FOR ORGANIZING AND ASSESSING GRADE 8 PHYSICS LABORATORY WORK

**Abstract.** The article is devoted to the theoretical justification and description of the structure of a criteria-and-descriptor-based worksheet as a methodological tool for organizing laboratory work in physics in Grade 8. The relevance of the study is determined by the fact that, in traditional organization, laboratory work is often reduced to the mechanical following of instructions without students' awareness of the purpose of the experiment, the logic of measurements, and the physical meaning of the obtained results. The study has a methodological and design-oriented character and

includes an analysis of regulatory requirements, a theoretical analysis of scientific literature on criterion-based and formative assessment, a structural and functional analysis of laboratory work, and methodological modeling of the worksheet. Five laboratory works from the section “Direct Electric Current” were selected as the subject context: assembling an electric circuit, investigating the dependence of current on voltage, studying series and parallel connections of conductors, and measuring the work and power of electric current. As a result, a worksheet model was developed that integrates three methodological lines: subject-content, activity-based, and assessment-reflective. The model includes six components of students’ experimental competence, five assessment criteria with three-level descriptors, and an element of self-assessment. The proposed structure makes the requirements for performing laboratory work transparent, links students’ experimental actions with assessment criteria, and creates conditions for formative feedback. The practical significance lies in the possibility of using the model by physics teachers when preparing laboratory work.

**Keywords:** criterion-based assessment, descriptors, worksheet, physics laboratory work, experimental competence, formative assessment, self-assessment, pedagogical support, direct electric current, methods of teaching physics

*Поступила 8 мая 2026*

**Информация об авторах**

Хальметов Кималь Рустамович — магистрант 2-го курса кафедры «Физика», Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, учитель физики КГУ «IT-лицей № 9 имени О. Жолдасбекова», Шымкент, Казахстан, e-mail: kkhalmetov@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0009-0005-0378-9988

Уалиханова Баян Сапарбековна — доктор философии (PhD), ассоциированный профессор (доцент) кафедры «Физика» Южно-Казахстанского педагогического университета имени Өзбекәлі Жәнібекова, Шымкент, Казахстан, e-mail: ualikhanova.bayan@okmpu.kz ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7679-380X

Аблязимова Нуржамал Махаматовна — кандидат педагогических наук, доцент кафедры «Физика», Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, e-mail: nuri_7@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9663-921X

**Авторлар туралы мәлімет**

Хальметов Кималь Рустамович — «Физика» кафедрасының 2-курс магистранты, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, «Ө. Жолдасбеков атындағы № 9 IT лицейі» КММ физика пәнінің мұғалімі, Шымкент, Қазақстан, e-mail: kkhalmetov@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0009-0005-0378-9988

Уалиханова Баян Сапарбекқызы — философия докторы (PhD), «Физика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан, e-mail: ualikhanova.bayan@okmpu.kz ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7679-380X

Аблязимова Нұржамал Махаматовна — педагогика ғылымдарының кандидаты, «Физика» кафедрасының доценті, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан, e-mail: nuri_7@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9663-921X

**Information about the authors**

Kimal Khalmetov — second-year master's student at the Department of Physics, M. Auezov South Kazakhstan Research University, physics teacher at O. Zholdasbekov IT Lyceum No. 9, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: kkhalmetov@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0009-0005-0378-9988

Bayan Ualikhanova — Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor (Docent) at the Department of Physics, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: ualikhanova.bayan@okmpu.kz ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7679-380X

Nurzhamal Ablyazimova — Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor at the Department of Physics, M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: nuri_7@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9663-921X

*FTAMP 371.1. 373.6*
*DOI: https://doi.org/10.47344/1774cn45*

*Аметхан Жанат[1*], Аманкулова Лайла[2]*
[1,2] Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
[*]e-mail: jianati_888@mail.ru

# 8-СЫНЫПТА ЗАР ЗАМАН ПОЭЗИЯСЫН ОҚЫТУДА ГЕНЕРАТИВТІ ЖИ ҚОЛДАНУ: ПИЛОТТЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТ

**Аңдатпа**. Мақалада қазақ әдебиетінің мектеп бағдарламасындағы ең күрделі бөлімдерінің бірі – Зар заман поэзиясын (Шортанбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлы) 8-сынып оқушыларына оқытуда генеративті жасанды интеллекттің (ChatGPT GPT-4o) мүмкіндіктері мен тәуекелдері зерттелген. Зерттеудің мақсаты – ЖИ-ді ұлттық әдебиет сабағында қолданудың дидактикалық тиімділігін және ықтимал қауіптерін эмпирикалық тұрғыдан бағалау. Алматы қаласындағы орта мектепте 6 апта бойы (12 сабақ) квазиэкспериментттік дизайндағы пилоттық зерттеу жүргізілді. Эксперименттік топта (n=27) дәстүрлі оқытуға ChatGPT элементі кіріктірілсе, бақылау тобы (n=25) тек дәстүрлі әдістемемен оқытылды. Оқушылардың білім сапасы 6 критерийді қамтитын 10 балдық авторлық рубрикамен бағаланды. Статистикалық талдау Манн-Уитни U-критерийі арқылы жүзеге асырылды. Нәтижелер эксперименттік топта «тарихи контекстті түсіну» (+39 %) және «салыстырмалы талдау» (+48 %) дағдылары бойынша статистикалық маңызды өсім ($p < 0,01$) бар екенін көрсетті. Дегенмен, «дербес пікір» критерийі бойынша айтарлықтай айырмашылық байқалмады ($p > 0,05$), бұл халықаралық ғылымдағы «академиялық тәуелділік» (academic dependency) мәселесімен үйлеседі. Сонымен қатар, зерттеу барысында ЖИ-дің ұлттық-тарихи және мәдени кодтарды түсінбеуіне байланысты галлюцинация (конфабуляция) жағдайлары анықталды. Қорытындылай келе, генеративті ЖИ тиімді қосымша құрал бола алады, бірақ ол үшін мұғалімнің қатаң модерациясы және оқушылардың міндетті фактчекинг жасауы талап етіледі. Мақалада ЖИ-ге тәуелділікті азайту мақсатында нақты промпт үлгілері мен «алдымен өз пікірің – содан кейін ЖИ» стратегиясы ұсынылған.

**Түйін сөздер:** генеративті ЖИ, Зар заман поэзиясы, сыни ойлау, академиялық тәуелділік, цифрлық дидактика

## Кіріспе

Зар заман поэзиясы (Шортанбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлы) қазақ әдебиеті мектеп бағдарламасындағы ең күрделі және көпқабатты бөлімдердің бірі болып табылады. XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан бұл ағым отаршылдық саясаттың күшеюі салдарынан туындаған қоғамдық-саяси дағдарысты, рухани құндылықтардың әлсіреуін және ұлттық өзіндік сананың оянуын көркем-философиялық деңгейде бейнелейді. Шығармалар терең символикаға, архаикалық тілдік қабатқа және экзистенциалдық толғанысқа толы.

8-сынып оқушылары үшін бұл материалды меңгеру бірнеше объективті қиындықтармен байланысты: көнерген лексиканы түсіну, XIX ғасырдың тарихи-саяси контекстін игеру және ақындардың лирикалық «мені» мен ұлттық тағдыр арасындағы философиялық байланысты ұғыну [1,2]. Дәстүрлі оқыту әдістемесі көбіне мұғалімнің монологы мен оқушылардың пассивті қабылдауына әкеліп, мәтіннің терең семантикалық қабаттарын ашуды қиындатады.

Бүгінгі таңда жасанды интеллект (ЖИ) білім беру ортасын түрлендірудің маңызды механизміне айналды. Алайда, гуманитарлық пәндерді, әсіресе ұлттық әдебиетті оқытуда генеративті ЖИ-ді қолданудың эмпирикалық негізі мен мәдени контекстті түсінудегі ЖИ мүмкіндіктері толық зерттелмеген. Осыған байланысты, жаңа цифрлық құралдарды мектеп практикасына тиімді интеграциялау, сондай-ақ оқушылардың сыни ойлауын дамытып,

«академиялық тәуелділігін» болдырмау – қазіргі педагогиканың өзекті проблемасына айналып отыр.

Зар заман әдебиетін дәстүрлі оқыту және оның тарихи-философиялық мәні Б.Д. Жұмақаева [3, 333 б.], М. Қойгелдиев [4, 15 б.], Б. Омаруұлы [5, 372 б.], сондай-ақ Э. Телеуова, Б. Салимжанов және С. Иманбаева сияқты ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты зерттелген [6; 7; 8]. Сонымен қатар, халықаралық деңгейде ЖИ-дің білім берудегі әлеуеті белсенді талқылануда [9; 10]. Мысалы, Hutson ЖИ-ді мәтінмен жұмыс істеудегі «когнитивтік серіктес» ретінде қарастырса, Pan және т.б. адам мен ЖИ-дің өзара әрекеттесуі аргументация мен аналитикалық пайымдауды жақсартатынын көрсеткен [10, 899-910 б.]. Ал Wang цифрлық жүйелермен жұмыс барысында сыни ойлаудың маңыздылығын айқындаған [11, 899-910 б.]. Отандық зерттеушілер Р. Сабдалиева және т.б. әдеби мәтіндерді талдауда адам мен ЖИ өзара әрекеттесуінің жаңа педагогикалық парадигмасын зерттеп, ЖИ-дің ұлттық-мәдени кодтарды бұрмалау (галлюцинация) қаупін атап өткен [12, 899-910 б.]. Дегенмен, бұл теориялар мен халықаралық тәжірибені мектепте қазақ әдебиетін оқыту процесіне бейімдеу бағытындағы эмпирикалық зерттеулер әлі де жеткіліксіз.

Зерттеудің объектісі – 8-сыныпта Зар заман поэзиясын оқыту үдерісі.

Пәні – осы үдерісте генеративті жасанды интеллект (ChatGPT GPT-4o) технологияларын қолданудың дидактикалық мүмкіндіктері мен тәуекелдері.

Зерттеудің мақсаты – Зар заман поэзиясын оқытуда ChatGPT платформасын қолданудың тиімділігін, оқу нәтижелеріне әсерін және ықтимал шектеулерін пилоттық эксперимент арқылы анықтау және мұғалімдерге практикалық ұсыныстар әзірлеу.

Міндеттері: (1) Зар заман поэзиясын оқытудың қазіргі әдістемелік проблемаларын және ЖИ-дің халықаралық тәжірибесін талдау; (2) Эксперименттік және бақылау топтары арқылы ЖИ-дің оқу нәтижелеріне әсерін эмпирикалық бағалау; (3) ЖИ-дің ұлттық-мәдени контексті интерпретациялаудағы шектеулерін (галлюцинация) анықтау; (4) Оқушылардың академиялық тәуелділігін азайтуға бағытталған промпт-модельдер жүйесін әзірлеу.

Зар заман поэзиясы қазақ әдебиеттану ғылымында жан-жақты зерттелген ағым болғанымен [3,4,5,6,7,8], оны мектепте оқыту мәселесіне цифрлық технологиялар тұрғысынан қараған зерттеулер әлі жеткіліксіз. Соңғы жылдары генеративті ЖИ-дің әлеуеті әлемдік және отандық ғылымда белсенді талқылануда [9,10,11]. Дегенмен, ұлттық әдебиет контекстінде ЖИ-ді қолданудың эмпирикалық негізі ғылыми олқылық болып қалып отыр. Осы олқылықты толтыру – ұсынылып отырған зерттеудің негізгі міндеті.

## Әдістер мен материалдар

Зерттеу Алматы қаласындағы орта мектептің 8-сыныптары базасында пилоттық эксперимент форматында, квазиэкспериментік дизайнымен жүргізілді. Эксперименттік жұмыс 2025-2026 оқу жылының II тоқсанында 6 апта бойы (барлығы 12 сабақ) өтті. Топтарды кездейсоқ іріктеу қолданылмағанымен, бастапқы тестілеу (пре-тест) арқылы эксперименттік (8А сыныбы, n=27) және бақылау (8Б сыныбы, n=25) топтарының бастапқы дайындық деңгейінің салыстырмалы теңдігі қамтамасыз етілді.

Зерттеу материалдары ретінде Шортанбай Қанайұлының «Зар заман», Дулат Бабатайұлының «Өсиет» және Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян» өлеңдері алынды. Бұл шығармалар Зар заман поэзиясының негізгі тақырыптық-идеялық және көркемдік ерекшеліктерін толыққанды бейнелейді.

Бақылау тобы дәстүрлі әдістеме бойынша оқытылды: мәтінмен жұмыс, мұғалімнің тарихи-әдеби түсіндірмесі, конспект жазу, топтық талқылау және жазбаша тапсырмалар. Эксперименттік топта дәстүрлі оқытуға генеративті жасанды интеллект (ChatGPT GPT-4o) элементі кіріктірілді. Оқушылар көнерген сөздер мен тіркестердің мағынасын ашу, үш ақынның «заман» образын салыстырмалы талдау, поэтикалық тәсілдердің (эпифора, метафора, интонация) қызметін анықтау үшін промпт құрастырды және ЖИ ұсынған жауаптарды оқулықпен салыстыра отырып фактчекинг жүргізді.

Оқушылардың білім сапасы мен дағдыларын бағалау үшін автор әзірлеген 10 балдық рубрика қолданылды (Кесте 1). Рубриканың мазмұндық валидтілігін қамтамасыз ету үшін ол екі тәуелсіз сарапшы (қазақ әдебиеті әдіскері және педагогика ғылымдарының кандидаты) тарапынан бағаланды. Бағалаушыаралық сенімділік Коэннің каппа коэффициентімен тексерілді (κ = 0,84), бұл жоғары келісімділікті көрсетеді. Сонымен қатар, рубриканың ішкі консистенттілігі Кронбахтың альфа коэффициентімен бағаланды (α = 0,81).

**Кесте 1.** *Зар заман поэзиясын меңгеруді бағалаудың 10 балдық авторлық рубрикасы*

| № | Бағалау критерийлері | Төмен деңгей (1-3 балл) | Орташа деңгей (4-7 балл) | Жоғары деңгей (8-10 балл) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Мәтін мазмұнын түсіну | Көнерген сөздердің мағынасын түсінбейді, мәтін мазмұнын үстірт қабылдайды. | Мәтін мазмұнын жалпылай түсінеді, бірақ кейбір архаизмдерді қате интерпретациялайды. | Мәтін мазмұнын толық түсінеді, көнерген лексиканың мағынасын дәл ашып көрсетеді. |
| 2 | Тарихи контекстті байланыстыру | Өлеңді XIX ғасырдағы отаршылдық саясатпен және тарихи оқиғалармен байланыстыра алмайды. | Тарихи контекстті ішінара біледі, бірақ ақынның мұңы мен саяси жағдайдың байланысын толық ашпайды. | Шығарманы сол дәуірдің тарихи-саяси жағдайымен терең байланыстырып, негізді талдайды. |
| 3 | Поэтикалық тәсілдерді тану/талдау | Эпифора, метафора сияқты көркемдегіш құралдарды таба алмайды. | Көркемдегіш құралдарды табады, бірақ олардың мәтіндегі эмоционалдық қызметін түсіндіре алмайды. | Поэтикалық тәсілдерді дәл танып, олардың идеяны ашудағы қызметін терең талдайды. |
| 4 | Салыстырмалы талдау жасау | Үш ақынның шығармаларындағы ортақ мотивтерді тауып, салыстыра алмайды. | Ақындар шығармаларындағы ұқсастықтарды атайды, бірақ терең логикалық салыстыру жоқ. | Үш ақынның «заман» образын логикалық каркаспен (тезис-мысал) жоғары деңгейде салыстырады. |
| 5 | Дербес пікір білдіру | Өз пікірі жоқ, тек дайын мәліметті (немесе ЖИ жауабын) қайталайды. | Өз пікірін білдіруге тырысады, бірақ аргументтері әлсіз немесе басқалардың пікіріне тәуелді. | Өзіндік позициясы айқын, аргументтері нақты және тәуелсіз сын-көзқарасы қалыптасқан. |
| 6 | Сыни бағалау (фактчекинг) | Ақпаратты (оның ішінде ЖИ жауабын) сыни тұрғыдан бағаламай, бірден қабылдайды. | Ақпараттың дұрыс-бұрыстығына күмән келтіреді, бірақ фактчекингті толық жасай алмайды. | ЖИ ұсынған жауаптарды немесе басқа да мәліметтерді оқулықпен салыстырып, терең фактчекинг жасайды. |

Рубрика 6 критерийді қамтыды: мәтін мазмұнын түсіну, тарихи контекстті байланыстыру, поэтикалық тәсілдерді тану және талдау, салыстырмалы талдау жасау, дербес пікір білдіру және сыни бағалау. Өлшеу пре-тест және пост-тест арқылы екі рет жүргізілді.

Деректердің қалыпты үлестірімге сәйкестігін тексеру мүмкіндігі шектеулі болғандықтан (шағын іріктеме), бейпараметрлік статистика қолданылды. Екі тәуелсіз топтың қорытынды нәтижелерін салыстыру үшін Манн-Уитнидің U-критерийі (Mann-Whitney U test) пайдаланылды. Статистикалық маңыздылық $p < 0,05$ деңгейінде бағаланды. Бұл тест шағын іріктемелерде және қалыптылық болжамы орындалмаған жағдайда топтар арасындағы айырмашылықты бағалауға арналған. Статистикалық маңыздылық $p < 0,05$ деңгейінде бағаланды. Әсер көлемі r (rank-biserial correlation) формуласымен есептелді: $r = 1 - (2U)/(n_1 n_2)$. Деректерді өңдеу және талдау SPSS 26 және Microsoft Excel бағдарламаларында жүзеге асырылды.

Зерттеу мектеп әкімшілігінің рұқсатымен және оқушылардың ата-аналарынан алынған жазбаша келісім негізінде өткізілді. Қатысушылар кәмелетке толмағандықтан, ата-аналардың келісімінен бөлек оқушылардың өздерінен де саналы келісім (assent) алынды.

Қатысушыларға зерттеу мақсаты, процедурасы және қатысу еріктілігі толық түсіндірілді. Барлық жиналған деректер анонимді түрде өңделді, оқушылардың жеке басын анықтайтын мәліметтер жарияланбады. Зерттеу этикалық нормаларға сәйкес жүргізілді. Зерттеу барысында қандай да бір этикалық бұзушылық орын алмағаны «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ Ғылыми әдеп жөніндегі комитетінің қорытындысымен расталды (13.05.2026 ж.).

Таңдалған әдіснама пилоттық зерттеудің мақсаттарына – ЖИ-дің дидактикалық әсерін бағалауға және нақты тәуекелдерді анықтауға – толық сәйкес келеді және зерттеудің ішкі валидтілігін қамтамасыз етеді.

## Нәтижелер және оларды талдау

Пилоттық эксперименттің қорытынды бақылау нәтижелері Кесте 2-де ұсынылған.

**Кесте 2.** *8-сынып оқушыларының Зар заман поэзиясын меңгеру деңгейінің динамикасы және топтар арасындағы салыстырмалы талдау (10 балдық шкала)*

| **Бағалау көрсеткіші** | **Бақылау тобы (n=25)** | **Эксперименттік топ (n=27)** | **Топтар арасындағы айырмашылық** |
|---|---|---|---|
| | Бастапқы → Қорытынды (SD) | Бастапқы → Қорытынды (SD) | Манн-Уитни U, p, r |
| Мәтінді түсіну | 6,2 → 6,8 (0,5) | 6,1 → 7,8 (0,6) | U = 215, p = 0,031, r = 0,30 |
| Тарихи контекст | 5,5 → 6,2 (0,7) | 5,4 → 7,5 (0,5) | U = 148, p = 0,003, r = 0,47 |
| Поэтикалық талдау | 6,0 → 6,5 (0,6) | 5,9 → 7,3 (0,5) | U = 201, p = 0,019, r = 0,34 |
| Салыстырмалы талдау | 4,9 → 5,4 (0,6) | 4,8 → 7,1 (0,6) | U = 129, p = 0,001, r = 0,53 |
| Дербес пікір | 6,4 → 6,7 (0,5) | 6,3 → 6,9 (0,7) | U = 289, p = 0,24, r = 0,14 |
| Сыни бағалау (фактчекинг) | 5,7 → 6,1 (0,6) | 5,6 → 7,9 (0,5) | U = 112, p < 0,001, r = 0,58 |

Эксперимент нәтижелері екі топта да оң динамиканың бар екенін көрсетті, алайда эксперименттік топта өсім айқын жоғары және тұрақты болды. Манн-Уитни U-критерийінің нәтижелері бойынша эксперименттік топ тарихи контекст (U = 148, p = 0,003, r = 0,47) және салыстырмалы талдау (U = 129, p = 0,001, r = 0,53) критерийлері бойынша бақылау тобынан статистикалық маңызды деңгейде озып тұр. Сыни бағалау (фактчекинг) дағдысы бойынша да

айқын өсім байқалды (U = 112, p < 0,001, r = 0,58). Бұл нәтижелер генеративті ЖИ-дің (ChatGPT GPT-4o) күрделі тарихи-философиялық мәтіндерді түсінуге және үш ақынның шығармаларын салыстырмалы талдау дағдыларын қалыптастыруға оң әсер ететінін көрсетеді. Дегенмен зерттеу дизайнында толық рандомизация қолданылмағанын ескерсек, бұл байланысты қатаң себеп-салдарлық тұрғыда емес, корреляциялық үрдіс ретінде қарастырған жөн.

Сандық көрсеткіштердің артында тұрған когнитивтік процестерді тереңірек түсіну үшін оқушылардың ЖИ-мен өзара әрекеттесуінің нақты мысалдарын сапалық тұрғыдан талдау маңызды.

1-кейс. Рөлдік промпт және тарихи контекстті түсіну (+39 % өсім).

Тарихи контекстті игеру мақсатында оқушыларға мынадай рөлдік промпт ұсынылды: «Сен XIX ғасырдағы қазақ даласын зерттеп жүрген тарихшысың. Дулат Бабатайұлының "бозды ел" метафорасын сол дәуірдің саяси-әлеуметтік жағдайымен байланыстырып, тек 3 қысқа сөйлеммен сипатта». ЖИ-дің генерациялаған тарихи стилизациясы оқушыларға бұл метафораның артында отарлық саясаттан туындаған халықтың рухани тоқырауы мен күйреуі жатқанын визуалды түрде елестетуге көмектесті. Бұл оқушылардың эсселерінде тарихи контекстті байланыстырудың сапасын күрт арттырды.

2-кейс. Салыстырмалы талдау дағдысындағы күрт секіріс (+48 % өсім).

Сапалық бақылау көрсеткендей, бұл өсім ЖИ-дің логикалық құрылымдау мүмкіндігіне тікелей байланысты болды. Оқушылар үш ақынның шығармаларындағы «заман» образын салыстыру үшін ЖИ-ге жүгінгенде, нейрожелі жауаптарды жүйелі түрде ұсынды (тезис – антитезис – мысал – түсіндіру құрылымымен) [12, 899-910 б.]. Оқушылар осы дайын логикалық каркасты қабылдап, оны өздерінің талдау жұмыстарына сәтті бейімдей алды.

3-кейс. ЖИ галлюцинациясы және фактчекинг.

Эксперименттегі ең құнды эпизод – ЖИ-дің ұлттық-тарихи кодтарды бұрмалауы болды. Шортанбай Қанайұлының «Дін мен ғылым іздеп тапқан жанда жоқ» деген жолдарын талдау кезінде ChatGPT бұл мотивті «XIX ғасырдағы медреселердің жаппай жабылуымен» байланыстырды. Бұл – тарихи дәлсіздік (галлюцинация), себебі ақынның мұңы отаршылдық саясатпен байланысты еді. Осы тұста оқушылар ЖИ жауабын мектеп оқулығымен салыстырып (сыни бағалау промпты), қатені түзетті. Бұл оқушылар үшін құнды педагогикалық триггерге айналып, дайын ақпаратты сыни бағалау (фактчекинг) дағдысын іс жүзінде қалай дамытатынын көрсетті. Кесте 2-дегі «сыни бағалау» критерийі бойынша эксперименттік топтың жоғары нәтижесі (7,9 балл) осы тәжірибенің тікелей әсері болып табылады.

Зерттеуімізде байқалған «салыстырмалы талдау» дағдысының күрт өсуі Р. Сабдалиева және т.б. (2025) жүргізген зерттеудің тұжырымымен толық үйлеседі [12, 899-910 б.]. Олардың зерттеуі ЖИ-дің мәтінді логикалық құрылымдау қабілеті (тезис – антитезис – мысал – түсіндіру) студенттердің аргументациясын және аналитикалық пайымдауларын едәуір жақсартатынын дәлелдеген [12, 899-910 б.]. Алайда, «дербес пікір» критерийі бойынша статистикалық маңызды өсімнің болмауы (U = 289, p = 0,24, r = 0,14) халықаралық ғылыми дискурста кеңінен талқыланып жүрген «академиялық тәуелділік» (academic dependency) мәселесімен үйлеседі, дегенмен статистикалық маңызды айырмашылықтың болмауы бұл құбылыстың дәлелі емес, тек соған сай келетін бақылау ретінде түсіндірілуі тиіс. Р. Сабдалиева және т.б. ЖИ-ді оқу процесіне енгізудің сәттілігі тікелей білім алушылардың сыни ойлау деңгейіне тәуелді екенін атап өтеді [12, 899-910 б.]. Біздің тәжірибемізде оқушылар ЖИ-дің авторитетіне арқа сүйеп, дайын жауаптарды сыни тұрғыдан өңдемей қабылдауға бейім болғандықтан, олардың өзіндік пікір білдіру дағдысы баяу дамыды. Сонымен қатар, ЖИ-дің ұлттық-тарихи контексті толық түсінбеуі (галлюцинация) отандық және халықаралық зерттеулер арасындағы ең маңызды байланыс нүктесін көрсетті. Сабдалиеваның (2025) зерттеуінде студенттер: «ЖИ біздің мәдениетіміздің ерекшеліктерін ескермейді, сондықтан мәтіндерді қате түсіндіруі мүмкін», – деп қауіп білдірген еді [12, 899-910 б.]. Бұл қауіп біздің мектеп оқушыларымен өткізген экспериментімізде (медреселердің жабылуы туралы

галлюцинация мысалында) нақты кейс ретінде көрініс тапты, дегенмен жалғыз эпизодқа сүйенген бұл байқауды жалпылама тұжырым емес, болашақ зерттеуге негіз болатын бағыт ретінде қарастырған жөн.. Жаһандық ЖИ жиі жауаптарды жалпылайтыны және нақты елдердің мәдени контекстін түсінбейтіні халықаралық зерттеушілердің еңбектерінде де көрсетілген [9,10,11]. Оқушылардың ЖИ-ге тәуелділігін азайту үшін «алдымен өз пікірің – содан кейін ЖИ» стратегиясына негізделген аналитикалық, рөлдік және сыни бағалау промпттарын қолдану ұсынылады.

Бұл пилоттық зерттеудің белгілі бір объективті шектеулері бар. Біріншіден, іріктеме көлемінің шағын болуы (барлығы 52 оқушы) және эксперименттің тек Алматы қаласындағы бір мектеп базасында өтуі алынған нәтижелерді жалпы ұлттық деңгейде генерализациялауға кедергі келтіреді. Екіншіден, топтарды кездейсоқ іріктеу (рандомизация) толық жүзеге аспады. Үшіншіден, тәжірибе қысқа мерзімді (6 апта) қамтыды және тек бір ғана модель (ChatGPT GPT-4o) қолданылды. Аталған шектеулерге қарамастан, бұл зерттеу – қазақ ұлттық әдебиетін оқытуда генеративті ЖИ-ді қолданудың алғашқы эмпирикалық негіздерінің бірі болып табылады. Басты ғылыми үлес – ЖИ жүйелерінің ұлттық-тарихи және мәдени кодтарды түсінудегі шектеулілігін (галлюцинация феноменін) нақты эмпирикалық тұрғыдан дәлелдеуі. Сонымен қатар, мақалада оқушылардың «академиялық тәуелділігін» болдырмау үшін нақты практикалық механизм – ЖИ-ді бәрін білетін «оракул» ретінде емес, «электронды рецензент» ретінде қарастыру стратегиясы ұсынылды.

## Қорытынды

Пилоттық эксперимент нәтижелері генеративті жасанды интеллекттің (ChatGPT GPT-4o) 8-сынып оқушыларына Зар заман поэзиясын оқытуда айтарлықтай дидактикалық потенциалға ие екенін көрсетті. Эксперименттік топта тарихи контекстті түсіну (+39 %, U = 148, p = 0,003, r = 0,47) және салыстырмалы талдау (+48 %, U = 129, p = 0,001, r = 0,53) дағдылары бойынша статистикалық маңызды өсім тіркелді. Сыни бағалау (фактчекинг) критерийі бойынша да күшті әсер байқалды (r = 0,58). Бұл нәтижелер ЖИ-дің күрделі тарихи-философиялық мәтіндермен жұмысты жеңілдетуге, оқушылардың когнитивтік жүктемесін азайтуға және мәтіндік-тарихи алшақтықты қысқартуға қабілетті екенін көрсетеді.

Дегенмен, зерттеу барысында ЖИ-дің маңызды шектеулері мен тәуекелдері де айқын анықталды. Ең алдымен, «дербес пікір» критерийі бойынша эксперименттік және бақылау топтары арасында статистикалық маңызды айырмашылық болмады (U = 289, p = 0,24, r = 0,14). Бұл оқушылардың ЖИ ұсынған дайын жауаптарға тәуелді болып, өзіндік сыни рефлексия мен дербес ойлау қабілетінің дамуы баяулауы мүмкін екенін көрсетуі ықтимал және халықаралық ғылымдағы «академиялық тәуелділік» (academic dependency) тұжырымдамасымен үйлеседі. Алайда шағын іріктеме мен пилоттық сипатты ескере отырып, бұл тұжырымды бір мәнді дәлел ретінде қарастыруға болмайды; ол тек алдын ала байқау ретінде түсіндірілуі тиіс.

Екіншіден, ЖИ-дің ұлттық-мәдени және тарихи контексті түсінудегі іргелі шектеулілігі (галлюцинация/конфабуляция) Зар заман поэзиясы сияқты терең рухани-идеологиялық астарға ие материалдармен жұмыс істеуде ерекше өзекті болып шықты. Бұл феномен ЖИ-ді мектеп сабағында бақылаусыз пайдалануға болмайтынын анық көрсетеді.

Қорытындылай келе, генеративті жасанды интеллект қазақ әдебиетін оқытуда тиімді қосымша құрал ретінде қарастырылуы мүмкін. Алайда оның нақты тиімділігі толығымен мұғалімнің кәсіби шеберлігіне, промпт-инжиниринг сапасына, оқушылардың сыни бағалау дағдыларын жүйелі қалыптастыруға және міндетті фактчекинг процесіне тікелей байланысты. ЖИ-ді «когнитивтік серіктес» ретінде емес, «электронды рецензент» және «ойлауды ынталандырушы» ретінде қолдану стратегиясы ең орынды болып табылады.

Ұсынылған дидактикалық тәсілдер мен промпт үлгілерін қазақ әдебиетінің басқа да күрделі бөлімдерін оқытуда (Абайдың «Қара сөздері», Махамбет Өтемісұлының жыраулық поэзиясы, Мұхтар Әуезовтің прозасы) масштабтауға болады. Алайда мұндай масштабтау үшін «алдымен өз пікірің – содан кейін ЖИ» принципі, міндетті фактчекинг, оқушылардың сыни

ойлау дағдыларын жүйелі дамыту және мұғалімдердің ЖИ-мен жұмыс істеу бойынша арнайы біліктілігін арттыру сияқты шарттарды қатаң сақтау қажет.

Болашақ зерттеулердің маңызды бағыты ретінде пилоттық эксперимент нәтижелерін кеңірек аудиторияда (n ≥ 100–150, бірнеше мектеп, көп орталықтық дизайн) тексеру және ұзақмерзімді әсерін (follow-up) зерттеу қажет. Осылайша, ұлттық әдебиетті цифрлық дәуір талаптарына сай оқытудың теориялық және әдістемелік негізін толыққанды қалыптастыруға мүмкіндік туады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1 Жұматаева, Ш. (1996). *Дулат Бабатайұлының тәлім-тәрбиелілік идеялары* [Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация]. Алматы.

2 Нуртазина, Н. Д. (2008). *Народы Туркестана: проблемы ислама, интеграции, модернизации и деколонизации (на рубеже XIX-XX веков)*. Қазақ университеті.

3 Жұмақаева, Б. Д. (2024). *Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: оқулық*. Lantar books.

4 Қойгелдиев, М. (1990, 9 тамыз). Ұлт үшін жаным садаға. «Зар заман», «Оян, қазақ» және тарихи шындық. *Ана тілі*, 15.

5 Омарұлы, Б. (2005). *«Зар заман» әдебиеті*. Елорда.

6 Телеуова, Э., & Искакова, Г. (2025). «Зар заман» шығармаларындағы отарланған қазақ ойы мен күйінің әрленуі. *Journal of History, 116*(1).

7 Салимжанов, Б., & Ердембеков, Б. (2025). Дулат Бабатайұлы және зар заман ақындарының поэзиясындағы образдар жүйесі. *Вестник Шәкәрім университета. Серия филология, 3*(3), 90-103.

8 Imanbaeva, S. S., Sandykbaeva, O. D., & Ashirova, A. T. (2019). «Зар заман» ағымы ақындарының толғауларындағы елдік идеясы. *Eurasian Journal of Philology: Science and Education, 173*(1), 179-186.

9 Hutson, J. (2025). Human-AI collaboration in writing: A multidimensional framework for creative and intellectual authorship. *International Journal of Changes in Education*. https://doi.org/10.47852/bonviewijce52024908

10 Pan, X., Araujo Oliveira, E., & Ferreira Mello, R. (2025). Exploring human-AI collaboration in educational contexts: Insights from text analysis and authorship identification. In *LAK '25: Proceedings of the 15th International Learning Analytics and Knowledge Conference* (pp. 903-909). Association for Computing Machinery. https://doi.org/10.1145/3706468.3706536

11 Wang, Z., & Wang, C. (2025). A posthuman approach to AI literacy. *Computers and Composition, 76*, Article 102933. https://doi.org/10.1016/j.compcom.2025.102933

12 Sabdaliyeva, R., Orynkhanova, G., Abildayeva, K., Adilbekova, L., & Auelkhan, K. (2025). Human-AI collaboration in the analysis of literary narratives: A new pedagogical paradigm. *Periodicals of Engineering and Natural Sciences, 13*(4), 899-910. https://doi.org/10.21533/pen.v13.i4.631


## References


1 Jūmataeva, Ş. (1996). *Dulat Babataiūlynyñ tälım-tärbielılık ideialary* [Pedagogika ğylymdarynyñ kandidaty ğylymi därejesın alu üşın daiyndalğan dissertasia]. Almaty.

2 Nurtazina, N. D. (2008). *Narody Turkestana: problemy islama, integratsii, modernizatsii i dekolonizatsii (na rubezhe XIX-XX vekov)*. Qazaq universitetı.

3 Jūmaqaeva, B. D. (2024). *Qazaq ädebietın oqytu ädıstemesı: oqulyq*. Lantar books.

4 Qoigeldiev, M. (1990, 9 tamyz). Ūlt üşın janym sadağa. «Zar zaman», «Oian, qazaq» jäne tarihi şyndyq. *Ana tılı*, 15.

5 Omarūly, B. (2005). *«Zar zaman» ädebietı*. Elorda.

6 Teleuova, E., & İskakova, G. (2025). «Zar zaman» şyğarmalaryndağy otarlanğan qazaq oiy men küıınıñ ärlenuı. *Journal of History, 116*(1).
7 Salimjanov, B., & Erdembekov, B. (2025). Dulat Babataiūly jäne zar zaman aqyndarynyñ poeziasyndağy obrazdar jüiesı. *Vestnik Şäkärım universiteta. Seria filologia, 3*(3), 90-103.
8 Imanbaeva, S. S., Sandykbaeva, O. D., & Ashirova, A. T. (2019). «Zar zaman» ağymy aqyndarynyñ tolğaularyndağy eldık ideiasy. *Eurasian Journal of Philology: Science and Education, 173*(1), 179-186.
9 Hutson, J. (2025). Human-AI collaboration in writing: A multidimensional framework for creative and intellectual authorship. *International Journal of Changes in Education*. https://doi.org/10.47852/bonviewijce52024908
10 Pan, X., Araujo Oliveira, E., & Ferreira Mello, R. (2025). Exploring human-AI collaboration in educational contexts: Insights from text analysis and authorship identification. In *LAK '25: Proceedings of the 15th International Learning Analytics and Knowledge Conference* (pp. 903-909). Association for Computing Machinery. https://doi.org/10.1145/3706468.3706536
11 Wang, Z., & Wang, C. (2025). A posthuman approach to AI literacy. *Computers and Composition, 76*, Article 102933. https://doi.org/10.1016/j.compcom.2025.102933
12 Sabdaliyeva, R., Orynkhanova, G., Abildayeva, K., Adilbekova, L., & Auelkhan, K. (2025). Human-AI collaboration in the analysis of literary narratives: A new pedagogical paradigm. *Periodicals of Engineering and Natural Sciences, 13*(4), 899-910. https://doi.org/10.21533/pen.v13.i4.631

*Аметхан Жанат[1*], Аманкулова Лайла[2]*
[1,2] Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
[*]e-mail: jianati_888@mail.ru

# ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ГЕНЕРАТИВНОГО ИИ В ПРЕПОДАВАНИИ ПОЭЗИИ «ЗАР ЗАМАН» В 8 КЛАССЕ: ПИЛОТНЫЙ ЭКСПЕРИМЕНТ

**Аннотация**. В статье исследуются возможности и риски применения генеративного искусственного интеллекта (ChatGPT GPT-4o) при обучении учащихся 8-х классов одному из самых сложных разделов школьной программы по казахской литературе – поэзии «Зар заман» (Шортанбай Канаев, Дулат Бабатаев, Мурат Мункеев). Цель исследования – эмпирически оценить дидактическую эффективность и потенциальные угрозы использования ИИ на уроках национальной литературы. В одной из средних школ Алматы в течение 6 недель (12 уроков) проводилось пилотное исследование в квазиэкспериментальном дизайне. В экспериментальной группе (n=27) традиционное обучение дополнялось интеграцией элементов ChatGPT, тогда как контрольная группа (n=25) обучалась исключительно по традиционной методике. Качество знаний учащихся оценивалось по авторской 10-балльной рубрике, включающей 6 критериев. Статистический анализ осуществлялся с помощью U-критерия Манна-Уитни. Результаты показали статистически значимый рост ($p < 0,01$) в экспериментальной группе по навыкам «понимание исторического контекста» (+39 %) и «сравнительный анализ» (+48 %). Однако по критерию «самостоятельное мнение» значимых различий выявлено не было ($p > 0,05$), что согласуется с обсуждаемой в международной науке проблемой «академической зависимости» (academic dependency). Кроме того, в ходе исследования были выявлены случаи галлюцинаций (конфабуляции) ИИ, связанные с непониманием национально-исторических и культурных кодов. В заключение авторы отмечают, что генеративный ИИ может служить эффективным вспомогательным инструментом, но это требует строгой модерации со стороны учителя и обязательного выполнения учащимися фактчекинга. В статье, с целью снижения зависимости от ИИ, предложены конкретные модели промптов и стратегия «сначала свое мнение – затем ИИ».

**Ключевые слова:** генеративный ИИ, поэзия «Зар заман», критическое мышление, академическая зависимость, цифровая дидактика

*Ametkhan Zhanat[1*], Amankulova Layla[2]*
[1,2]Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
[*]e-mail: jianati_888@mail.ru

# USING GENERATIVE AI IN TEACHING "ZAR ZAMAN" POETRY IN THE 8TH GRADE: A PILOT STUDY

**Abstract.** The article examines the possibilities and risks of using generative artificial intelligence (ChatGPT GPT-4o) in teaching one of the most complex sections of the Kazakh literature school curriculum – "Zar Zaman" poetry (Shortanbai Kanaiuly, Dulat Babataiuly, Murat Monkeuly) to 8th-grade students. The aim of the study is to empirically evaluate the didactic effectiveness and potential threats of using AI in national literature lessons. A pilot study with a quasi-experimental design was conducted in a secondary school in Almaty over 6 weeks (12 lessons). In the experimental group (n=27), traditional teaching was supplemented with ChatGPT elements, while the control group (n=25) was taught using only the traditional methodology. The students' learning quality was assessed using an author-designed 10-point rubric covering 6 criteria. Statistical analysis was performed using the Mann-Whitney U test. Results revealed a statistically significant improvement in the experimental group for the skills of "understanding the historical context" (+39%) and "comparative analysis" (+48%) ($p < 0.01$). However, no significant difference was observed for the "independent opinion" criterion ($p > 0.05$), which is consistent with the issue of "academic dependency" discussed in international science. Furthermore, the study identified cases of AI hallucinations (confabulation) due to a lack of understanding of national-historical and cultural codes. In conclusion, generative AI can be an effective supplementary tool, but it requires strict teacher moderation and mandatory fact-checking by students. To reduce AI dependency, the article proposes specific prompt templates and the "own opinion first – then AI" strategy.

**Keywords:** generative AI, Zar Zaman poetry, critical thinking, academic dependency, digital didactics

*Келіп түсті 13 мамыр 2026*

**Авторлар туралы мәлімет**

Аметхан Жанат – докторант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: jianati_888@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0009-0001-3150-3562

Аманкулова Лайла – PhD, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: amankulova.layla74@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0002-3407-9023

**Информация об авторах**

Аметхан Жанат – докторант, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан, e-mail: jianati_888@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0009-0001-3150-3562

Аманкулова Лайла – PhD, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан, e-mail: amankulova.layla74@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0002-3407-9023

**Information about the authors**

Ametkhan Zhanat– Doctoral student, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: jianati_888@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0009-0001-3150-3562

Amankulova Layla– PhD, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: amankulova.layla74@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0002-3407-9023

IRSTI 14.35.07
DOI: https://doi.org/10.47344/772h3d48

*Қали Азат*[1]*
[1]SDU University, Каскелен, Казахстан
*e-mail: azat.kali@sdu.edu.kz

# ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ПРЕПОДАВАНИЯ РЕГИОНАЛЬНОЙ ИСТОРИИ В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ (НА ПРИМЕРЕ ИСТОРИИ ТАТАР СЕМИРЕЧЬЯ ВТОРОЙ ПОЛОВИНЫ XIX – НАЧАЛА XX ВЕКА)

**Аннотация.** Статья посвящена разработке и экспериментальной оценке регионально ориентированной методики преподавания истории в системе высшего образования. Актуальность исследования обусловлена необходимостью интеграции регионального исторического материала в изучение более широких туркестанских и общеимперских процессов. В качестве содержательного кейса использована история татарской диаспоры Семиречья в рамках изучения джадидского движения по элективному курсу HPE 212 «Исторические этапы джадидского просвещения в Туркестане». Исследование проведено на основе смешанного квазиэкспериментального дизайна с участием 49 студентов третьего курса образовательной программы «6B01601 – История»: 25 студентов контрольной и 24 экспериментальной группы. Методика строилась на принципе перехода от регионального исторического примера к анализу источников, сравнению, аргументации и самостоятельной интерпретации. В экспериментальной группе использовались региональные архивные и музейные материалы, периодическая печать, мемуары, биографические источники, метод INSERT, дискуссии, контрфактическое моделирование и проектная деятельность. Полученные результаты свидетельствуют о более высокой результативности регионально ориентированной модели и изменении характера учебной деятельности студентов. Исследование демонстрирует потенциал региональной истории как инструмента повышения результативности и аналитической направленности исторического образования в высшей школе.

**Ключевые слова:** региональная история, историческое образование, высшее образование, татары Семиречья, джадидизм, просветительская деятельность, интерактивное обучение

## Введение

Современное историческое образование постепенно переходит от преимущественного усвоения обобщённых национальных и общеисторических нарративов к более сложному сочетанию национального, регионального и локального уровней исторического знания. В этой связи региональная история рассматривается не только как средство дополнения основного курса отдельными краеведческими фактами, но и как педагогический ресурс для формирования более конкретного и осмысленного представления об исторических процессах.

Международный опыт показывает, что региональный компонент может органично включаться в систему исторического образования на различных уровнях. Показателен опыт Польши, где региональная история рассматривается не изолированно, а в контексте истории страны и Европы. Для профессионального образования предлагается изучение истории региона во взаимосвязи с более широкими общественными, экономическими и культурными процессами. При этом регионализация исторического образования интерпретируется как возможность перехода «от ближайшего к дальнейшему», «от опыта к пониманию» и «от конкретности к теоретической абстракции» [1, с. 33].

Важным является и практический аспект регионального обучения. История конкретной территории может изучаться посредством местных музеев, архивов, периодической печати, исторических памятников, свидетельств участников и других источников. Такие формы работы позволяют соединять изучение программного материала с исследовательской деятельностью, наблюдением, сравнением и последующей интерпретацией полученных сведений. Аналогичный подход представлен в современных исследованиях регионального исторического образования, где среди эффективных форм выделяются экскурсии, исследовательская работа с местной литературой, периодикой и документами, а также включение регионального материала в учебные и внеучебные курсы.

Таким образом, региональный компонент обладает потенциалом не только для расширения предметных знаний, но и для развития исторического мышления, способности устанавливать причинно-следственные связи, сопоставлять различные исторические процессы и аргументировать собственную позицию**.** Исследования показывают, что обращение к истории конкретного края может служить основой для перехода от анализа отдельного события к пониманию его связи с более масштабными историческими процессами [2, с. 195].

Данная проблема приобретает особую актуальность в контексте подготовки будущих учителей истории в Казахстане. Отличительной особенностью образовательной программы «6B01601 – История» в SDU University является последовательное усиление регионального компонента в преподавании отдельных исторических дисциплин. Такая ориентация обусловлена не только необходимостью учитывать историческую специфику территории расположения университета, но и стремлением подготовить будущего учителя к работе с историей как многоуровневым процессом, в котором локальные и региональные события рассматриваются во взаимосвязи с национальным и общеисторическим контекстом.

Особое значение данный подход приобретает в условиях исторического Семиречья**,** территории, характеризовавшейся сложным этнокультурным составом, интенсивными миграционными процессами и активным взаимодействием различных социальных и культурных групп. Вместе с тем история Семиречья и, в особенности, история отдельных этнокультурных сообществ региона представлены в образовательной литературе неравномерно. Это создаёт методическую проблему: студент может знать основные процессы истории Туркестана и Российской империи, однако не всегда способен проследить, каким образом эти процессы проявлялись в конкретном регионе.

В качестве одного из наиболее показательных примеров может рассматриваться история татарской общины Семиречья. Татары принимали активное участие в торгово-экономической, образовательной и культурной жизни региона, а представители татарской интеллигенции были связаны с распространением новых образовательных и просветительских идей. Поэтому их история предоставляет возможность рассмотреть джадидизм не только как общеимперское или туркестанское интеллектуальное движение, но и как исторический процесс, получавший конкретные формы в определённой региональной среде.

Выбор джадидизма в качестве содержательной основы исследования обусловлен его значением для современной исторической и педагогической подготовки. Для будущих учителей истории данная проблематика позволяет рассматривать вопросы модернизации образования, просветительства, развития печати, формирования новой интеллектуальной культуры и общественно-политических движений конца XIX – начала XX века. Одновременно современное переосмысление взаимосвязей джадидизма с движением «Алаш» открывает возможность рассматривать данные процессы не как изолированные явления, а как взаимосвязанные проявления интеллектуальной и общественной модернизации Центральной Азии.

В большинстве традиционных подходов джадидизм рассматривается преимущественно через широкую географию Туркестана и деятельность наиболее известных представителей движения. В настоящем исследовании предлагается иной педагогический ракурс: сохранить общеисторическое содержание курса, но раскрывать его через конкретный региональный

опыт Семиречья**.** Таким образом, регионализация не предполагает отказа от общеимперского или туркестанского контекста, а, напротив, используется для его более глубокого понимания.

На этой основе было разработано регионально ориентированное содержание элективного курса HPE 212 «Исторические этапы джадидского просвещения в Туркестане», в котором общеисторическая проблематика джадидизма была дополнена систематическим изучением истории Семиречья, деятельности местных представителей, региональной периодической печати, архивных документов, мемуаров и музейных материалов.

Цель исследования заключалась в разработке и педагогической апробации регионально ориентированной методики преподавания джадидизма, основанной на переходе от конкретного исторического опыта Семиречья к осмыслению более широких процессов истории Туркестана и Российской империи.

Исследовательский вопрос был сформулирован следующим образом: способствует ли систематическое включение регионального материала Семиречья в содержание курса джадидизма более глубокому освоению исторического материала и развитию аналитических, сравнительных и аргументационных умений студентов по сравнению с преимущественно общеисторическим подходом?

## Методы и материалы

Исследование выполнено в рамках смешанного исследовательского дизайна (mixed-methods) с использованием количественных и качественных методов и организовано как квазиэкспериментальное педагогическое исследование. Основной задачей являлась экспериментальная проверка эффективности регионально ориентированного подхода к преподаванию истории в высшей школе.

Исследование проводилось в рамках вышеуказанной элективной дисциплины. Выбор данной дисциплины был обусловлен её содержательной близостью к исследовательской проблематике: курс предполагает изучение джадидизма, его интеллектуальных и образовательных идей, деятельности представителей движения и его развития в Туркестане. Это позволило сохранить общую содержательную основу курса и одновременно изменить методику его преподавания за счёт систематического включения регионального материала.

Исследование включало три взаимосвязанных этапа. Первый этап имел диагностико-аналитический характер и включал анализ научной литературы, школьных учебников и образовательных материалов, а также предварительное анкетирование студентов. Его задачей было определить степень представленности регионального компонента и выявить характер знаний студентов об истории Семиречья и роли татарского населения.

Предварительная диагностика проводилась отдельно и включала 116 студентов различных образовательных программ учреждения SDU University. Она осуществлялась в рамках образовательного процесса и использовалась для выявления исходных представлений студентов о региональной истории, истории татар Семиречья и джадидизме. Данная выборка не включалась в основную экспериментальную оценку эффективности методики.

Участие студентов в диагностических и исследовательских процедурах носило добровольный характер. Участники были проинформированы о целях проводимой работы и использовании обобщённых результатов. Персональные данные в публикации не раскрывались.

Второй этап был связан с разработкой и предварительной апробацией регионально ориентированной методики. На основе выявленных образовательных потребностей были отобраны региональные исторические материалы, источники, биографические и документальные свидетельства и разработаны формы учебной работы. Отдельные элементы подхода предварительно апробировались во внеаудиторной деятельности исторического клуба «Замана».

Третий этап представлял собой основной педагогический эксперимент. Две существующие академические группы студентов изучали одну элективную дисциплину, однако по различным вариантам её содержания. Контрольная группа продолжала обучение по

7 CSA RK, F. 44, I.1, f. 2868, 33 p.;
8 CSA RK, F. 44, I. 1, f. 15396, 17 p.;
9 CSA RK, F. 44, I. 1, f. 15821, 38 p.;
10 CSA KR, F. I-136, I. 1, f. 2, l. P. 16-21.;
11 CSA KR, F. I-86, I. 1, f. 1, 44 p.;
12 CSA RU, F. I-47, I. 1, f. 638, 26 p.;
13 CSA RU, F. I-47, I. 1, f. 1148, P. 155–158.;
14 Karmysheva G.Sh. kyzy. K istorii tataskoj intelligencii (1890-1930-e gody). Memuary / G.Sh. kyzy Karmysheva; Per. s tataskogo F.H. Muhamedievoj; Sostavlenie B.H. Karmyshevoj; Otv. red. S.S. Gubaeva; In-t jetnologii i antropologii im. N.N. Mikluho-Maklaja. – M.: Nauka, 2004. – 511 p.;
15 Muhamedieva F. H., Karmysheva B.H. Iz proshlogo tatar Semirech'ja // Vestnik Evrazii. 1995. № 1. P. 139-166.;
16 Nehamkin V. O metodike prepodavanija istorii: kontrfakticheskoe modelirovanie //Vysshee obrazovanie v Rossii. – 2005. – №. 6. – P. 101-104.;
17 Atahozhaev V., Alibekov Sh. A. PREIMUShhESTVO PEDAGOGIChESKOGO METODA “INSERT” I EGO ZNAChENIE V POVYShENII STEPENI USPEVAEMOSTI STUDENTOV //Jekonomika i socium. – 2021. – №. 3-1 (82). – P. 443-445.

*Қали Азат*[1]*
[1]SDU University, Қаскелен, Қазақстан
*e-mail: azat.kali@sdu.edu.kz

## ӨҢІР ТАРИХЫН ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ (XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ ТАТАРЛАРЫ ТАРИХЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА)

**Аңдатпа.** Мақала жоғары білім беру жүйесінде өңір тарихын оқытуға бағдарланған әдістемесін әзірлеуге және оның педагогикалық тиімділігін эксперименттік бағалауға арналған. Зерттеудің өзектілігі өңірлік тарихи материалды Түркістан және жалпыимпериялық ауқымдағы кең тарихи үдерістерді зерттеуде жүйелі түрде кіріктіру қажеттілігімен байланысты. Зерттеу мазмұны ретінде Түркістандағы жәдидшілдік қозғалысын зерттеуге арналған HPE 212 «Түркістандағы жәдидтік ағартушылығының тарихи кезеңдері» элективті курсы аясындағы Жетісу татарлары диаспорасының тарихы алынды. Зерттеу аралас әдістерге негізделген квазиэксперименттік дизайн бойынша жүргізіліп, оған «6B01601 – Тарих» білім беру бағдарламасының 3-курсынан 49 студент қатысты: 25 студент бақылау тобын, 24 студент

эксперименттік топты құрады. Әдістеме өңірлік тарихи мысалдан тарихи деректерді талдауға, салыстыруға, дәлелдеуге және дербес интерпретациялауға біртіндеп көшу қағидатына негізделді. Эксперименттік топта өңірлік архивтік және музей материалдары, мерзімді басылымдар, мемуарлар, биографиялық деректер, INSERT әдісі, пікірталастар, контрфактілік модельдеу және жобалық оқыту қолданылды. Зерттеу нәтижелері өңірлік бағдарланған модельдің оқу нәтижелерінің тиімділігіне және студенттердің оқу әрекетінің сипатының өзгеруіне ықпал еткенін көрсетті. Зерттеу өңірлік тарихтың жоғары білім берудегі тарихты оқытудың нәтижелілігі мен аналитикалық бағытын арттыру құралы ретіндегі әлеуетін көрсетеді.

**Түйін сөздер**: өңір тарихы, тарихи білім беру, жоғары білім беру, Жетісу татарлары, жәдидшілдік, ағартушылық қызмет, интерактивті оқыту

*Kali Azat*[1]*
[1]SDU University, Kaskelen, Kazakhstan
*e-mail: azat.kali@sdu.edu.kz

## THEORY AND PRACTICE OF TEACHING REGIONAL HISTORY IN HIGHER EDUCATION (A CASE STUDY OF THE HISTORY OF THE TATARS OF SEMIRECHYE IN THE SECOND HALF OF THE 19TH AND EARLY 20TH CENTURIES)

**Abstract.** The article focuses on the development and experimental evaluation of a regionally oriented methodology for teaching history in higher education. The relevance of the study is determined by the need to integrate regional historical material into the study of broader Turkestan and imperial processes. The history of the Tatars of Semirechye was used as a case study within the elective course HPE 212 «Historical Stages of Jadid Educational Reform in Turkestan». The study employed a mixed-methods quasi-experimental design involving 49 third-year students enrolled in the «6B01601 – History» educational program: 25 students in the control group and 24 in the experimental group. The methodology was based on a progression from a regional historical example to source analysis, comparison, argumentation, and independent interpretation. The experimental group worked with regional archival and museum materials, periodicals, memoirs, biographical sources, the INSERT method, discussions, counterfactual modeling, and project-based activities. The results indicate higher learning outcomes in the regionally oriented model and a change in the nature of students' learning activities. The study demonstrates the potential of regional history as a tool for improving the effectiveness and analytical orientation of history education in higher education.

**Keywords:** regional history, history education, higher education, Tatars of Semirechye, Jadidism, educational activities, interactive learning

*Поступила 14 августа 2026*

**Информация об авторах**

Қали Азат- PhD, ассистент профессор школы образования и гуманитарных наук, постдокторант SDU University, Каскелен, Казахстан, e-mail: azat.kali@sdu.edu.kz ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2582-376X

**Авторлар туралы мәлімет**

Қали Азат- PhD, білім беру және гуманитарлық ғылымдар мектебінің ассистент профессоры, SDU University постдокторанты, Қаскелен, Қазақстан, e-mail: azat.kali@sdu.edu.kz ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2582-376X

**Information about the authors**

Kali Azat- PhD, Assistant Professor, School of Education and Humanities, Postdoctoral student at SDU University, Kaskelen, Kazakhstan, e-mail: azat.kali@sdu.edu.kz ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2582-376X

FTAMP:16.01.45
DOI: https://doi.org/10.47344/5ns0pn89

*Еркеғали Райбек*[1]*
[1]SDU University, Қаскелең, Қазақстан
*e-mail: yerkegali.raibek@sdu.edu.kz

# СӨЗ МӘДЕНИЕТІН ОҚЫТУ: ОРТОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

**Аңдатпа.** Мақала сөз мәдениетін оқыту мәселесіне арналады. Сөз мәдениеті ғылыми-әдістемелік жағынан қарастырылып, оны оқытуда ортологиялық талдау негізге алынады. Өзгермелі заманда түрлі факторлардың әсерінен болашақ тіл мамандарына әдеби тілді меңгертіп, сөз мәдениетін дамыту өзекті мәселеге айналып отыр. Сөз мәдениетін оқыту кезінде әдеби тілге сай тілдік бірліктерді қолдану, тілдік қарым-қатынастың сапалы, нәтижелі және оның этикаға сай болуы маңызды. Сондықтан мақалада сөз мәдениетінің аспектілері, теориялық негіздері талданып, оны ортологиялық талдау арқылы оқытудың ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеу барысында сөз мәдениетінің нормативтік, коммуникативтік, этикалық аспектілері талданып, олар біртұтас жүйе ретінде қарастырылды. Алғашқысы тілдік бірліктерді дұрыс қолданып, әдеби тіл нормасын сақтап және оны сөйлеу кезінде пайдалану болса, кейінгісі коммуникативтік аспект тілдік бірліктерді, оның құралдарын нақты жағдайға сай тиімді, мақсатты пайдалануды қамтиды. Ал сөйлеу кезіндегі адамгершілік, сыпайылық, әдептілік, тілдік этикет нормалары болса сөз мәдениетінің этикалық аспектісінде қарастырылады. Зерттеу жұмысында осы аталған үш аспектінің өзегі норма екені айтылады. Ол сөз мәдениетінің барлық салаларын біріктіретін негізгі категория ретінде сипатталып, тілдік ортадағы орны айқын көрсетілді. Сонымен қатар, нормаларды зерттейтін ғылым «ортология» туралы айтылып, оның мәні мен табиғаты түсіндіріледі. Мақалада оның норма ұғымымен байланысты екені және сөз мәдениетінің аспектілеріндегі норма түрлерімен бірлікте зерттеу қажеттігі сөз болады. Мақалада сөз мәдениетінің негізі ортологиялық білімдер арқылы жүйеленгеннен кейін, оны оқыту барысындағы әрекеттер мен қағидалар түсіндірілді. Сондай-ақ, сөз мәдениетін оқытуда ортологиялық талдау ұсынылады және талдаудың кезеңдері жүйеленіп, қадамдары көрсетіледі. Квазиэксперимент нәтижесінде қорытынды диагностикалық кезеңде эксперименттік және бақылау топтарының деңгейлік үлестірімдері арасында статистикалық мәнді айырмашылық анықталды ($p < 0{,}001$; Крамердің $V = 0{,}505$). Алынған нәтижелер ортологиялық талдауды жүйелі қолданудың білімгерлердің тілдік ауытқуларды анықтау, сипаттау, нормативтік дереккөздер арқылы тексеру, түзету және болжам жасау дағдыларын қалыптастыруға оң ықпал ету мүмкіндігін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері ортологиялық талдауды сөз мәдениетін оқытуда теория мен практиканы ұштастыратын перспективалы әдіс ретінде қарастыруға негіз береді.

**Түйін сөздер:** сөз мәдениеті, нормативтік аспект, коммуникативтік аспект, этикалық аспект, оқыту, әдістеме, ортология, ортологиялық талдау

## Кіріспе

Қазіргі кезеңде түрлі салалардың қарқынды дамуы мен жаһандық өзгерістердің әсерінен қоғамда ақпарат алмасу жеңілдеп, әлеуметтік және мәдени қарым-қатынастар жиіледі. Мұндай үдерістер тілдік қатынастың сапасына және тілдің қоғамдық қызметіне қойылатын талаптардың күшеюіне әсер етуде. Ақпарат алмасу жылдамдығы мен көлемінің артуы тілді тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, тілдік тұлғаның коммуникативтік құзыреттілігін, кәсіби біліктілігін және мәдени деңгейін танытатын көрсеткіш ретінде қарастыруды талап етеді. Сол себепті сөз мәдениетінің қазіргі мәселелері қазақ тіл біліміндегі зерттеу мен оқытудың маңызды ғылыми-әдістемелік бағыттарының бірі болып саналады. Сөз мәдениетін әдеби тіл нормаларын сақтау, ойды әсерлі, дәл, анық, уәжді әрі нақты

коммуникативтік жағдаятқа сәйкес жеткізу мен қабылдауды қамтитын кешенді ұғым ретінде қарастыруға болады.

Сөз мәдениеті – көпаспектілі сипатқа ие ұғым. Ол әдеби тіл теориясымен ғана емес, әлеуметтік лингвистикамен, функционалдық лингвистикамен, прагмалингвистикамен және тілді оқыту әдістемесімен де байланыста қарастырылады. Ғылыми зерттеулерде сөз мәдениеті көбіне тілдік бірліктерді дұрыс қолдану, тіл тазалығын сақтау және тілдік нормадан ауытқымау тұрғысынан сипатталып келді. Ал қазіргі антропоөзектік зерттеулерде сөз мәдениеті аталған мәселелермен ғана шектелмей, сөйлеу әрекетінің, тілдік қарым-қатынастың тиімділігін, тыңдаушыға әсер ету жолдары мен мүмкіндіктерін де қамтиды. Яғни сөз мәдениеті тілдік жүйе мен тілдік тұлғаның сөйлеу тәжірибесінің өзара байланысы негізінде қалыптасатын құбылыс. Алайда дұрыс әрі нормаға сай сөйлеу сөз мәдениетінің негізі екенін ұмытпауымыз керек. Егер бұл шарт орындалмаса, тілдік қатынас тиімсіз болып, адресатқа әсер ету мүмкіндігі азаяды. Сондықтан ол сөз мәдениетінің маңызды бөлігі болып қала береді. Ал оны оқыту қазіргі білім беру жүйесінің өзекті мәселесі болып отыр.

## Әдістер мен материалдар

Сөз мәдениетін оқытудың әдіснамалық қырларын жан-жақты айқындау үшін, алдымен оның теориялық ғылыми негізін айқындап алу маңызды. Сөз мәдениеті, тілдік норма және ортология мәселелеріне қатысты А. Байтұрсынұлы, М. Балақаев, І. Кеңесбаев, Р. Сыздық, Н. Уәли, А. Алдаш, Ж. Дәулетбекова, Р. Әбішева, Р. Сәкенова сияқты ғалымдардың ғылыми-теориялық, әдістемелік зерттеу еңбектерін алға тартамыз. Жалпы қазақ тілінде тіл мәдениеті аспектісіндегі зерттеулерді негіз ете отырып, сөз мәдениеті ұғымын және оның қолданыстағы қызметін ортологиялық білімдер арқылы айқындау мақсаты көзделді. Ғылыми еңбектерді зерделеу үшін салыстыра талдау, жинақтау және тұжырымдау әдістері пайдаланылды. Бұл әдістер аталған мәселеге қатысты сөз мәдениетінің мазмұны мен оның негізгі ұғымдарын, жалпы ғылыми көзқарастарын айқындауға мүмкіндік береді.

Сөз мәдениеті аспектілерінің бір-бірімен байланысын, олардың негізі «тілдік норма» ұғымы екенін және оның ортологиямен байланысын анықтау мақсатында салыстырмалы талдау, жүйелеу, интерпретациялау әдістері пайдаланылды.

Тіл білімінің көптеген салалары сияқты сөз мәдениеті ұғымының көпқырлы екенін байқауымызға болады. Себебі ол тілдің әртүрлі қызметімен, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынастың табиғатымен, ұлттың дүниетанымымен, болмысымен, өмір сүру салтымен байланысты. Оның үстіне ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жедел дамуы, бірнеше тілді қатар игеріп, көптілді орта қалыптасуы сөз мәдениеті жайлы зерттеулердің өзектілігін арттыра түседі. Тілдің қарым-қатынас құралы ғана емес, оның ұлттық код екенін ескеруіміз шарт. Сондықтан қазіргі өзгермелі заманда тілге қауіп төндіретін факторлардың алдын алу мен оны болдырмауда сөйлеу мәдениетімізді дамыту ерекше маңызға ие болып отыр.

Сөз мәдениетінің зерттелуі қазақ тіл білімінде өткен ғасырдың басында А. Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. Әрине, өз кезеңінде ғалым зерттеулерінде сөз мәдениеті бөлек сала ретінде қарастырылмады. Дегенмен зерттеушінің «сөз дұрыстығы» қазіргі кезде сөз мәдениеті ұғымдарымен бір мәнде екенін байқау қиын емес (Байтұрсынұлы, 2003). Ал нақты ғылым саласы ретінде қалыптасуы жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысынан бастау алады (Балақаев, 2004; Кеңесбаев, 2014; Сыздықова, 2014; Уәлиев, 1984). Ғалымдардың еңбектерінде сөз мәдениетінің әдеби тіл нормасы, тілдік қолданыстың дұрыстығы мен тіл тазалығы, стиль, орфоэпия мен орфография мәселелері жан-жақты зерттеліп, талданды.

Қазақ тіл білімінде қазіргі кезде сөз мәдениеті жаңа қырынан зерттелуде. Соның әсерінен басқа ғылым салалары секілді сөз мәдениетінің де ұғымдары мен түсініктері, зерттеу аспектілері пайда болды. Сол арқылы зерттеушілер сөз мәдениетінің ішкі құрылымын танып, оларды түсінуге мүмкіндік алды.

## Нәтижелер және оларды талдау

Сөз мәдениетінің негізгі және алғаш қалыптасқан аспектісі – нормативтік аспект. Ғалым Рәбиға Сыздық тіл (сөз) мәдениетінің өзегі норма туралы ұғым екенін айтады (Сыздықова, 2014, 7-б.). Ал ғалым Нұргелді Уәли сөз мәдениеті әдеби тіл нормаларын (грамматикалық, лексикалық, орфоэпиялық, орфографиялық, стилистикалық) меңгерту екенін айтады (Уәлиев, 1984, 9-б.). Ол тіл элементтерін нормаға сай, яғни әдеби тіл нормасына сай қолдану деген сөз. Ал әдеби тіл дегеніміз – бірнеше ғасырлар бойы тілдік қауым қабылдаған, уақыт сынынан өтіп, сұрыпталған тілдік үлгілердің жиынтығы. Бұл аспектінің негізгі мақсаты – тілдің барлық деңгейінде жазу мен сөйлеудің дұрыстығын қамтамасыз ету. Нормативтік талаптардың сақталмауы коммуникация барысында түсініспеушілік туғызып, қарым-қатынастың тиімділігін төмендетуі мүмкін. Сондықтан сөйлеу барысында норма талаптарын сақтау сөз мәдениетінің бастапқы шарты ретінде қарастырылады.

Сөз мәдениетінің іргелі ұғымдарының бірі, әрі теориялық негізі – норма. Норманы белгілі бір тілдік қауымдастықта орныққан, әдеби тілде қабылданған және қолданысы кодификацияланған тілдік үлгілер жүйесі ретінде қарастыруға болады. Бұл тілдік үлгілер әдеби тілге тікелей қатысты болып, оның тұрақтылығы мен бірізділігін, жалпы халыққа ортақ сипатын қамтамасыз етеді. Норма – сөз мәдениетінің ғана емес, жалпы тілдік жүйенің тірегі. Норманың не екенін түсіну үшін, оның тілдің ішкі заңдылықтарына, ережелеріне негізделетінін, жоғарыда атап өткендей, сол қоғамда өмір сүріп келе жатқан адамдардың тілдік тәжірибесі, өмір сүру салты, мәдениеті мен дәстүрлері сияқты факторлар арқылы қалыптасатынын назарда ұстау керек. Сол себепті норма тек тілдік ұғым ғана емес, қоғамдық, әлеуметтік, мәдени құбылыс деген тұжырым жасай аламыз.

Норма тілдің барлық салаларына қатысты қолданылады. Мысал ретінде дыбыстарды дұрыс айтуды, дұрыс жазуды, сөздерді мағынасына сай орынды пайдалануды, сөздерді дұрыс қиюластыруды, сөйлемдерді дұрыс құрастыруды, тілдік бірліктерді стильге сай дұрыс қолдануды айта аламыз. Сондықтан біз басты нысан ретінде алып отырған сөз мәдениетінің нормативтік аспектісі тілдік қарым-қатынас кезіндегі норманың сақталуына негізделе отырып, тілдік мақсатқа жетуде маңызды орын алады. Әдеби тілдің нормасы сақталмай, айтылған сөз түсініксіз әрі ұғынықсыз болса, онда тілдік қарым-қатынастың тиімділігі төмендеп, тілдік мақсат орындалмайды.

Норма – сөз мәдениетінің негізі және оның барлық аспектілерінің өзегі. Сондықтан сөз мәдениеті қай бағытта зерттелсе де, нормамен тығыз байланыста қарастырылады. Мысалы, коммуникативтік аспект сөйлеу кезінде сөздің мақсатқа сай екенін, оның түсінікті әрі әсерлі болуын талап етсе, норма осы әрекеттердің өз дәрежесінде жүзеге асуын қамтамасыз етеді және тілдік қатынастың тиімділігінің көрсеткіші болады. Бұл тілдік нормалар тілдік қарым-қатынастың нәтижелі болуына мүмкіндік береді деген сөз. Сонымен қатар, норма сөйлеу кезіндегі дәлдік, логикалық, анықтық, жүйелілік сияқты коммуникацияның маңызды қасиеттерін қамтамасыз етеді. Аталған қасиеттер сөздің сапалы болуын қамтамасыз етіп, ақпаратты тыңдаушының дұрыс қабылдауына әсер етеді. Осылардың ішіндегі анықтық нормамен тығыз байланыста қалыптасады. Себебі ой жарыққа шыққанда анық әрі дәл болуы үшін сөйлемдерді дұрыс құрастыру керек. Тілдің барлық деңгейлеріндегі ережелер мен заңдылықтарды сақтау сөзді анық етіп, оны тыңдаушыға барынша түсінікті етеді. Оған қоса ойдың логикалық жағынан жүйелі болуына көмектесіп, айтылар сөздің бірізді, өзара байланысты болуына көмектеседі. Дегенмен бұл жағдайда тек сөз иесіне ғана емес, оны қабылдаушы тілдік тұлғаның білімі мен білігінің де қатысты екенін ескергеніміз жөн.

Сөз мәдениеті қазіргі тіл білімінде тек тілдік норма талаптарын сақтау тұрғысынан ғана емес, тілдік қарым-қатынас барысында сөйлеу әрекетінің тиімді болуын, сөз сапасы мен қатынасқа түсуші сөз иесінің коммуникативтік құзыреті тұрғысынан қарастырады. Бұл сөз мәдениетінің коммуникативтік аспектісінің маңызын көрсетеді. Аталған аспект коммуникация барысында сөздің қызметімен қатар, сөйлеушінің мақсатын, ойын анық жеткізу қабілетін анықтайды. Сонымен қатар, сөздің коммуникация жағынан тиімді жүзеге асуы, оның сапалық көрсеткіші болады. Бұған қоса қарым-қатынас кезінде тілдік бірліктердің қызметін,

сөздің мақсатқа сай жұмсалуын, оның нәтижелілігін айқындайды. Бұл дегеніміз сөздің тек нормаға сай болуы жеткіліксіз екенін көрсетеді.

Бұрын тілдік қарым-қатынас тек адресант тұрғысынан зерттелсе, қазір оны адресат тұрғысынан зерттеу де өзекті болып отыр. Сонымен қатар, коммуникацияның вербалды кезеңнен ғана емес, коммуникацияға дейінгі және кейінгі кезеңнен тұруын ескерсек, тілдік емес құралдардың да тілдік қарым-қатынасқа әсері бар екенін көрсетеді (Уәли, 2025, 41-б.).

Коммуникацияны адамдар арасында болатын әлеуметтік әрекет деп қарастырамыз және ол тіл арқылы көрініс тауып, жүзеге асады. Бұл сөз мәдениетінің коммуникативтілігін ерекшелеп, оның қоғамдық қызметін көрсетеді. Сөйлеу барысында тілдік бірліктерді пайдаланған кезде оның нормасы сақталғанымен, тыңдаушы тарапынан тиісті деңгейде дәл, дұрыс қабылданбаса, айтылған сөз мақсатты түрде жұмсалып, өз мақсатына жетпесе, онда коммуникация толық жүзеге асты деп айта алмаймыз. Бұл аталған аспектінің маңызын көрсетіп, ғылыми мәнін айқындайды.

Сөз сапалары сөз мәдениетінің коммуникативтік аспектісінің негізгі ұғымдары қатарына жатады. Ең алдымен, сөз сапалы болу үшін ой анық әрі түсінікті болуы шарт. Бұл жағынан алғанда адресант коммуникация кезінде қандай да бір ақпаратты адресатқа еш кедергісіз жеткізуді көздейді. Сөздің логикалық тұрғыдан дұрыс құрылуы, тілдік бірліктердің орынды таңдалуы және артық тілдік бірліктердің болмауы ойдың анық берілуіне тікелей әсер ететін факторлар болып саналады. Аталған факторлар дискурстың барлық түрін қоса алғанда, ресми және ғылыми дискурста ерекше маңызға ие. Оның бірнеше себебі бар. Алғашқысы ресми және ғылыми дискурс ақпараттық қызметпен бірге реттеушілік қызмет те атқарады. Бұл қызмет адресатқа ақпаратты анық, нақты, тұжырымды түрде жеткізеді. Ал логикалық жүйесіздік, дұрыс таңдалмаған тілдік бірліктер берілетін ақпараттың мазмұнын анық көрсетпей, оны қабылдаушы тілдік тұлғаның қате түсіну қаупін тудырады. Екіншіден, екі дискурстың нормалық сипатқа ие болуында жатыр. Бұл екі дискурста басқа дискурстарға қарағанда норма қатаң тәртіпке негізделеді. Олай болмаған жағдайда ой анық берілмей, әртүрлі құжаттық және ғылыми қателіктерге алып келуі мүмкін. Сондықтан ресми және ғылыми дискурстағы сөз анық әрі түсінікті болуы шарт. Үшіншіден, ресми және ғылыми дискурста адресант пен адресат арасындағы коммуникация тікелей емес, жанама түрде жүреді. Сондықтан адресат өзінде пайда болған қандай да бір сұраққа тікелей жауап ала алмайды. Осы тұрғыдан алғанда айтылар сөз, ой, ұғымдар мен терминдер өздігінен түсінікті болуы керек. Төртіншіден, мақсатқа сай дәл таңдалмаған тілдік бірліктер ғылыми және ресми мәтіннің жүктемесін арттырып, адресаттың ол мәтінді қабылдауын қиындатады. Ғылыми және ресми дискурстың ықшамдылық пен мазмұндылық қағидасын ескерсек, ойдың анық болуы тілдік құралдардың дәл болуымен байланысты екенін аңғару қиынға соқпайды. Бұл айтылғандар аталған дискурстарда коммуникацияның тиімді, мақсатқа сай нәтижелі болуына жағдай жасайтын шарт болып саналды. Коммуникация ойдың анықтығымен қатар, оның дәлдігімен тығыз байланыста жүзеге асады. Ол айтар сөздің жалпы мазмұнға сәйкестігімен, мағыналық тұрғыдан ауытқулардың болмауымен түсіндіріледі. Сөздің дәлдігі сөз мәдениетінің негізгі өлшемдері қатарына жатады. Сөз мазмұнға сай дәл болмаған жағдайда адресанттың мақсаты бұрмаланып, адресаттың қате түсінуіне алып келеді. Демек сөз мәдениетінің коммуникативтік аспектісі тілдік тұлғаның семантикалық тұрғыдан сауатты болуын талап етеді.

Тілдік коммуникация – ой-пікірдің, ақпараттың айтылуын қамтамасыз етеді (*Қазақ тілі коммуникативтік мәдени жүйеде,* 2015, 275-б.). Сөз мәдениетінің коммуникативтік аспектісінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде адресат факторын да алып қарастыруымызға болады. Себебі сөз әрқашан белгілі бір адресатқа бағытталып жұмсалады. Сөйлеу тәсілі адресаттың жас ерекшелігіне, біліміне, әлеуметтік мәртебесіне және кәсіби деңгейіне сәйкес таңдалады. Сондықтан сөз мәдениетінің коммуникативтік аспектісіне тоқталғанда осы аталған жайтты да ұмытпауымыз керек. Егер адресант адресаттың қабылдау ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескермей коммуникацияға түссе, онда ол әрекет сәтсіз болады. Бұл аталған аспектінің әлеуметтік сипаты мен маңызын айқындайды.

Сөз мәдениетінің коммуникативтік аспектісі қарым-қатынас кезінде сөйлеудің мақсатты болуымен де анықталады. Кез келген сөйлеу актісі қандай да бір мақсатқа бағытталады. Мысалы, жай ғана ақпарат беруден бастап, оны түсіндіру, тыңдаушыны белгілі бір ақпаратқа сендіру, баға беру немесе сөз арқылы ықпал ету және т.б. болуы мүмкін. Коммуникация нәтижесінде айтылған сөз немесе айтылар сөз осы мақсаттардың біреуіне, я болмаса бірнешеуіне жетуі шарт. Жоғарыда айтылған жайттармен қатар, коммуникативтік аспект берілетін мәтіннің немесе ойдың біртұтас әрі өзара байланысты болуымен сипатталады. Сөз мәдениеті жеке тілдік бірліктер деңгейінде ғана емес, сондай-ақ жинақталған мәтін мен тұтас ой деңгейінде бағаланады. Берілген ойдың немесе мәтіннің құрылымдық тұрғыдан жүйелі болуы, айтылар ақпараттың тақырыпқа сай бірізді дамуы, ойдың логикалық байланыста өрбуі тілдік қарым-қатынастың тиімді болуын арттырады. Ойдың жүйесіздігі адресаттың ақпаратты түсінуін қиындатып, жеткілікті дәрежеде дұрыс қабылдауына кедергі келтіреді. Сондықтан коммуникативтік аспект мәтін лингвистикасымен тығыз байланыста болып, дискурстық деңгейде қалыптасады. Сондай-ақ, коммуникация функционалдық стильмен де тығыз байланысты. Кез келген функционалдық стиль қандай да бір коммуникативтік мақсатқа бағытталады. Мысалы, ауызекі сөйлеу стилі күнделікті еркін қарым-қатынасқа қызмет етсе, ресми стиль реттеушілік қызмет атқарады, ғылыми стиль ақпаратты логикалық жүйемен дәлелді әрі нақты жеткізуге бағытталады, ал публицистикалық стиль қоғамдық маңызы бар ақпаратты жеткізуге және қоғамдық пікірге ықпал етуге қызмет етеді. Коммуникация осы аталған стильдік мақсаттарға сай болған жағдайда ғана сәтті болады.

Ауызша және жазба сөз мәдениетінде оның коммуникативтік аспектісі әртүрлі көрініс табатынын ескеруіміз керек. Ауызша тілде сөйлеу барысында интонация, екпін, кідіріс, дауыс ырғағы сияқты құралдар маңызды рөл атқарса, жазбаша сөйлеуде бұл құралдарды тыныс белгілері, азат жол және мәтін құрылымы ауыстырады. Сондықтан ауызша сөйлеу кезіндегі синтаксистік құрылымды жазбаша сөйлеу кезінде жазба мәтінге сай алмастырып қолдану керек. Бұл коммуникация кезінде осы аталған айырмашылықтарды ескеру керек екенін айқындай түседі.

Қазіргі жаһандану кезеңінде коммуникация да өзгеріске ұшырап, жаңа қыры қалыптасуда. Атап айтар болсақ, әлеуметтік желілердегі виртуалды қарым-қатынас пен онлайн байланыс коммуникацияға қатысушылардан ақпаратты ықшам әрі түсінікті түрде жеткізуді талап етеді. Бұл сөздің нақтылығымен қатар, оның түсінікті болуын одан әрі маңызды ете түседі. Сол себепті сөз мәдениеті коммуникативтік тұрғыдан ықшамдылық пен мазмұндылық арасындағы тепе-теңдіктің сақталуын талап етеді.

Сонымен, сөз мәдениетінің коммуникативтік аспектісі тілдік қарым-қатынас барысында оның тиімді болуының, адресатқа әсер етіп, мақсатқа сай құрылуының негізі деген тұжырымға келе аламыз.

Сөз мәдениетінің коммуникациямен тығыз байланысты бағыты – этикалық аспект. Бұл тілдік қарым-қатынас барысында ұлттық, қоғамдық сана, тұлғалық жауапкершілікпен бірге қарастырылады. Этикалық аспект тілдік бірліктерін орынды қолданумен қатар, адресаттың әлеуметтік-психологиялық жай-күйін ескере отырып, сыпайы қолдану қағидаларын қамтиды. Бұл күрделі құбылыс адресанттың интенциясы мен тұлғалық жауапкершілігі арқылы тіл мен қоғам арасындағы ықпалдастығын айқындайды.

Отандық тіл білімінде сөз мәдениетінің нормативтік және коммуникативтік қырларымен қоса, сөйлеу кезіндегі этика мәселелері де өзекті болып отыр. Себебі сөйлеу кезінде этиканы сақтау, тіл әдебі шеңберінен шықпау коммуникацияның тиімді әрі нәтижелі болуына әсерін тигізеді. Яғни бұл коммуникация кезіндегі әртүрлі әлеуметтік диалогтың сапасын көтеруден, сондай-ақ, тілдік тұлғаның коммуникация кезіндегі құзыреттілігін жетілдіру қажеттігінен туындап отыр. Осы жағынан алып қарағанда тілдік қарым-қатынас кезіндегі әдеп мәселесін сөз мәдениетінің маңызды зерттеу нысанының бірі деп айта аламыз.

«Этика» немесе «әдеп» ұғымын сөз мәдениетінің негізгі зерттеу нысанының бірі деп атап өттік. Сонымен қатар, ол сөз мәдениетінің құрамдас бөлігі бола отырып, сөйлеуде белгілі бір өлшемді қамтиды. Этика – сөйлеу кезіндегі ақпараттың мазмұны мен формасынан бастап,

оның қарым-қатынас кезіндегі сөз иесінің мінез-құлқына қойылатын талаптардан тұрады. Басқаша айтқанда, оны «этикалық өлшем» деп атаймыз.

Сөз этикасы нормалары – жұртшылыққа ортақ адамгершілік құндылықтар негізінде тілдесуші жақтардың мүдделерінің үйлесімді болуын қамтамасыз ететін тілдесу ережетәртіптерінің жиынтығы (Уәли, 2025, 88-б.). «Әдеп» ұғымы тілде қоғам қалыптастырған моральдық қалыптар (нормалар) арқылы көрініс табады. Ол өз кезегінде сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қандай да бір тактіні, сыпайылық пен әдептілікті қамтиды. Осы аталғандармен бірге, құрмет, жауапкершілік және төзімділікті тіл этикасының негізгі категорияларының қатарына жатады. Сөз таңдауда, сөйлеуде оның қандай да бір интонация арқылы айту кезінде және сөйлеу стратегиясында бұл категориялар айқын көрінеді. Бұл аспект – сөз мәдениетінің ең жоғарғы аспектісі. Себебі норма тек грамматикалық және лексикалық дұрыстықпен өлшенсе, этика коммуникацияға қатысушы тұлғалардың сөйлеу кезіндегі адамгершілік ұстанымдары мен әдеп нормаларын қамтиды. Ал адамгершілікті тұлғааралық қатынастың басты көрсеткіші ретінде білеміз. Сондықтан айтылған сөз грамматикалық жағынан қанша дұрыс болғанымен, этикалық тұрғыдан орынды болмауы коммуниканттар арасындағы қарым-қатынастың сәтсіз болуына алып келеді. Ал коммуникация сәтті болуы үшін әдеп тұрғысынан мынадай қағидаларды басшылыққа алу керек:

- құрмет көрсету қағидасы;
- сыпайылық және такт қағидасы;
- жауапкершілік қағидасы.

Ең алғашқысы осы қағидалардың ішіндегі басты қағида болып саналады. Құрмет – коммуникацияның сәтті орындалуының басты шарты. Аталған қағида сөз иесі айтар ойын жеткізу кезінде адресаттың жас ерекшелігін, әлеуметтік мәртебесін, психологиялық жай-күйін және т.б. ескеруді міндет етеді. Мұны «үлкенге құрмет, кішіге ізет» көрсету формуласы деп алып қарастырсақ, сөз мәдениетінде, жалпы қазақ сөз мәдениетінде бұл аталған формуланың мәні ерекше екенін ұғыну қиын емес. Ал сыпайылық болуы ықтимал қақтығыстардың алдын алып, қарым-қатынасты барынша жұмсартса, шындықты тыңдаушының ар-намысын сақтай отырып орынды жеткізуде такт маңызды орын алады. Соңғысы, әсіресе, адресанттың сыни көзқарасын білдіруде, пікірталаста ұстану керек ерекше қағида. Осылардың бәрін біріктіретін ұстаным – жауапкершілік. Коммуникацияға қатысушы тұлғалардың жауапкершілікті сезініп, айтылар әңгіменің салдарын болжай алуы одан әрі болатын қарым-қатынастың қалай өрбитініне өз әсерін тигізбей қоймайды.

Этикалық аспект тұрғысынан коммуникацияның нәтижелі болуы үшін жоғарыда аталған қағидалардан бөлек тілдік құралдарды дұрыс таңдай алу шарт. Қазақ тілінде бұл сыпайылық формаларынан, қаратпа сөздерден, эвфемизмдер мен этикеттік тіркестерден көрініс табады. Мысал ретінде өтініш білдіру барысында бұйрық райдың сыпайы формасын пайдалануды айта аламыз.

Өзгермелі заманда жоғарыда аталған қағидалар мен тілдік құралдардан бөлек нақты жағдайды ескерген жөн. Атап айтар болсақ, ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыру формалары өзгеріп жатыр. Бұған дейін коммуникация бетпе-бет немесе хат арқылы жүзеге асса, қазіргі таңда әлеуметтік желілер, сан түрлі онлайн платформалар арқылы орындалып жатыр. Бұл өз кезегінде цифрлық этика мәселесін алға шығарып, онлайн дискурс кезіндегі этика нормаларын қайта қарастыруды талап етеді. Мысалы, тікелей, бетпе-бет жүзеге асатын коммуникацияда эмоция анық көрінсе, ал онлайн коммуникацияда бейвербалды құралдардың шектелуі және кейбір платформалардағы анонимділік коммуниканттардың бірін-бірі түсінуіне әсер етіп, жекелеген жағдайларда этикалық нормалардың сақталуына қосымша қиындықтар туғызуы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда коммуникацияның этикалық нормасының бұзылуына алып келеді.

Этикалық аспект тұрғысынан «этикалық норма» ұғымы пайдаланылады. Яғни коммуникативтік аспект секілді, этикалық аспект те нормамен тікелей байланысты. Ал тілдік қарым-қатынастың мәдени деңгейін біз айтып отырған этикалық нормалар анықтайды.

Қазақ сөз мәдениетінде тыңдаушы мен сөйлеуші арасындағы әдеп ерекше мәнге ие. Ұлттың дүниетанымында сөз құдіреті, «бірауыз сөзбен» мәселені шешу сол ерекшелікті айқындайды. Қазақ ұлтының түсінігінде әдеп нормалары, үлкенге құрмет көрсету, кішіге ізетпен қарау, амандасу, жағдай сұрасу, хат-хабар алу, көңіл сұрау т.б. тілдік қарым-қатынаста болуы керек нәрселерге жатады. Бұл этикалық нормалар әлеуметтік үйлесімдікті қамтамасыз етіп, түсіністеушіліктер мен әртүрлі әлеуметтік шиеленістердің алдын алады. Сондықтан сөз мәдениетінің этикалық аспектісі этикалық норма төңірегінде қарастырылады.

Сөз мәдениеті адамның ойлау, логикалық мәдениетінің жоғары деңгейде болуының көрсеткіші (Әбішева, 2019, 178-б.). Ал бұған тілдің негізгі заңдылықтарын, коммуникативтік, этикалық нормаларды меңгеру арқылы қол жеткіземіз. Бұдан біз норманың мәдениеттің сөйлеу деңгейіне дейін жеткізе алатын қызметін атқарады деген тұжырымға келе аламыз. Соған байланысты нормативтік аспектіде – норма, коммуникативтік аспектіде – коммуникативтік норма, этикалық аспектіде – этикалық норма ұғымдарын пайдалануды жөн деп санаймыз (Кесте 1).

**Кесте 1**

*Сөз мәдениеті аспектілеріндегі норма атаулары*

| Нормативтік аспект | Коммуникативтік аспект | Этикалық аспект |
|---|---|---|
| норма | коммуникативтік норма | этикалық норма |

Тілдік норманы қатаң, өзгермейтін ереже ретінде түсіну қазіргі кездегі тілде болып жатқан үдерістерге толық қатысты емес. Жаһандану заманындағы өзгерістер тілдік жүйеге де әсер етпей қоймайды. Норма салыстырмалы тұрақтылыққа ие болғанымен, сөйлеу қолданысы динамикалық сипатта болады. Тілдік қолданыстағы өзгерістер ұзақ мерзім ішінде норманың да өзгеруіне ықпал етуі мүмкін. Сөйлеу қолданысындағы динамикалық өзгерістер ұзақ уақыт ішінде тілдік норманың да өзгеруіне ықпал етуі мүмкін. Тілдік бірліктер белгілі бір заңдылықтар арқылы құрылғанымен, ол әрекетке түскенде мәдени, әлеуметтік, прагматикалық факторларға тәуелді болады. Бұл тілдің өзгермелі екенін көрсетеді және норманы қазіргі кезде тек қатаң ереже ретінде қабылдамау керек екенін көрсетеді. Осы жағынан қарастырсақ, өмір сүру формасы жағынан тілдік норма нақты жағдаятта, қолданыста жүзеге асатынын байқаймыз. Тілдік норманың қолданыстағы сипатын зерттеу ортология мәселелерімен тікелей байланысты.

Ортология – дұрыс сөйлеу туралы ілім (Ұйықбаев, 1969, 3-б.). Бұл пікірге сөз мәдениетін зерттеуші ғалым Жанар Айтбайқызы да қосылады (Дәулетбекова, 2009, 11-б.). Басқаша атау берер болсақ, оны норманы зерттеп, жүйелейтін ғылым саласы деп айтамыз.

«Ортология» ұғымы «норма» ұғымынан кейін пайда болды. Норма туралы ғылымның зерттеле бастауы бұл саланың ауқымын кеңейтіп, әртүрлі тілдік зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беруде. Ортологияның негізгі міндеттеріне әдеби тіл нормаларын анықтау, жүйелеу, сондай-ақ тілдік қарым-қатынастағы сөз сапалары мен әдеп нормаларының қолданысын зерттеу жатады. Бұған қоса аталғандардың іс жүзінде қолдану ерекшеліктерін зерттеуді де, оны коммуникация кезінде дұрыс пайдалануды ғылыми тұрғыдан негіздеуді де қарастырады.

Норма – тілдік бірліктердің дұрыс қолданылуын қамтыса, ортология – тілдік бірліктерді дұрыс қолданумен қатар, оны орынды пайдалану заңдылықтарын да зерттейді. Ортология тілдік норманы «дұрыс» немесе «бұрыс» деп қана емес, тілдік бірліктердің мақсатқа сәйкестігін, уәжділігін, прагматикалық жағынан тиімділігін қоса қарастырады. Яғни ол тілдік норманың динамикалық тұрғыдағы сипатын, сөйлеу жағдаяты кезіндегі түрлі бейімделу мүмкіндіктерін айқындайды. Дегенмен ортология нормаға негізделетінін ұмытпағанымыз жөн. Бұл екі ұғымның бір-бірімен тығыз байланысты екенін, зерттеу барысында екеуін біртұтас алып қарау керек екенін көрсетеді. «Норма» және «ортология» бір-бірімен қандай

байланысты болса, екі ұғымның дәл сондай дәрежеде сөз мәдениетіне қатысты екенін және олардың сөз мәдениетінің теориялық негізі екенін ұмытпауымыз керек. Сөз мәдениетін норма және ортология шегінде зерттеу, оны терең түсінуге, зерделеуге, оның ғылыми-әдістемелік жүйесін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Сөз мәдениетіндегі норманы және оған қатысты түсініктерді ортологиямен байланыста зерттеуде оны статикалық сипаттан, динамикалық сипатқа өзгертетіндігі туралы айттық. Демек ол тілмен бірге дамып, өзгеріп отырады. Қоғамдық әсерден болатын мәдени-әлеуметтік, технологиялық өзгерістер тілдегі норманы өзгертіп отырады. Ортология әдеби тіл нормаларын сипаттау, жүйелеу, олардың қолданысын және өзгеру үдерістерін зерттеумен байланысты. Тілдік әртүрлілік жағдайында жаңа реңктегі тілдік қарым-қатынастар да пайда болады. Бұл дегеніміз ақпараттық технологиялар кезеңіндегі әртүрлі факторлар нормалардың тілдегі қолданысына да әсер етеді дегенді білдіреді.

Тұжырымдай келе, сөз мәдениеті теориясында тілдік норма мен ортология ұғымдарының мәні ерекше деп айта аламыз. Тілдік жүйенің тұрақты болуы нормаға байланысты, ал ортология біз айтып отырған норманың тілдік қолданыста жүзеге асуы жолын айқындайтын сала. Осы тұрғыдан норма ортологияның негізгі зерттеу категорияларының бірі болып саналады, ал ортологиялық зерттеулер тілдік норманың қалыптасуы, қызмет етуі және өзгеру ерекшеліктерін түсіндіруге мүмкіндік береді. Оларды тұтастай бірге алып қарастыру білім алушыларға сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негізі болады.

Елдер арасындағы саяси, экономикалық және мәдени байланыстардың күшеюі тілдік қолданысқа да ықпал етеді. Тілдік байланыстар нәтижесінде жаңа қолданыстардың пайда болуы, кірме элементтердің таралуы және тілдік вариантардың көбеюі әдеби тіл нормаларын меңгерту мәселесінің өзектілігін арттырады. Сондықтан орта және жоғары білім беру жүйесінде сөз мәдениетін оқыту маңызды міндеттердің бірі болып саналады. Әсіресе тіл мамандары мен педагогтерді даярлауда білімгерлердің тілдік құзыреттілігін дамыту үшін сөз мәдениетін тереңдете оқыту қажет. Осы үдерісте ортологиялық бағытта тілдік, коммуникативтік және этикалық нормаларды меңгерту ерекше маңызға ие.

Ортологиялық бағытты сөз мәдениетінің әрбір аспектісіндегі норма түрлерімен байланысты қарастыруға болады (Кесте 2).

**Кесте 2**

*Сөз мәдениеті аспектілеріндегі норма түрлері*

| Нормативтік аспект: | Коммуникативтік аспект: | Этикалық аспект: |
|---|---|---|
| Орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық, стилистикалық, пунктуациялық | дәлдік, логикалық, ашықтық, ықшамдық, тіл байлығы, коммуникативтік орындылық нормасы | әдеп, сыпайылық, этикет, толеранттық, коммуникативтік жауапкершілік |

Сөз мәдениетін білімгерлерге оқытуда ортология жоғарыда аталған норма түрлерін меңгертуге негізделеді. Білімгерлердің сөз мәдениетінің түрлі аспектілеріндегі нормаларды түсініп, оны практикада қолдана алуы ортологияның негізгі мақсаты болып саналады.

Білімгерлердің сөз мәдениетін оқыту үшін төмендегідей үш әрекет жүзеге асуы тиіс:

- білімгерлерге нормаларды меңгерту;
- тілдік қарым-қатынас кезіндегі коммуникативтік дағдыларын дамыту;
- сөйлеу әдебін қалыптастыру.

Жоғарыда аталған әрекеттерді жүзеге асыру және сөз мәдениетін оқытудың тиімді жолдарын анықтау мақсатында SDU University-дің «6B01701 – Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасының 3-курс білімгерлеріне «Сөз мәдениеті және педагогтың сөйлеу шеберлігі» пәні аясында екі эксперименттік жұмыс жүргізілді. Экспериментке 56 білімгер қатысты.

Эксперимент анықтау, қалыптастыру, қорытынды диагностикалық кезеңдерінен тұрды. Онда білімгерлердің сөз мәдениетіне, оның ішінде нормаға қатысты білім көрсеткіштері анықталып, дәріс тақырыбына сай теориялық білім берілді және қорытынды диагностика жүргізіліп, білімгерлердің бастапқы және қорытынды көрсеткіштері салыстырылды.

Экспериментке 3-курс білімгерлері қатысты. Олардың бұған дейін тіл білімі салалары бойынша белгілі бір теориялық білімдерінің болуы аталған курс білімгерлеріне эксперимент жүргізуге негіз болды. Олардың осы уақытқа дейін игерген тілдік білімдері, әлеуметтенуі және сол арқылы адамдармен коммуникацияға түсуі олардың тілдік дағдылармен қатар, сөйлеу әдебін де біршама қалыптастырды. Сондықтан біз тек пән аясында бұған дейін берілген білімдерді еске түсіріп, тілдік нормаға қатысты ақпараттарды бердік. Дегенмен тілдік нормаларды оқыту жеткіліксіз. Себебі сөздің динамикалық сипаты тілдік тұлға оны нақты тілдік жағдайда қолдана білуін талап етеді. Бұған тілдік қарым-қатынас кезіндегі коммуникативтік дағдыларды дамыту арқылы қол жеткізуге болады. Ал дағдыларды дамыту үшін білімгерлерге практикалық тапсырмалар берілуі шарт. Олардың қатарына берілген мәтінді талдаудан бастап, пікір таластыруды, мәтін құрастыруды және т.б. жатқыза аламыз.

Сөз мәдениетін оқытудағы негізгі бағыты ретінде сөйлеушінің сөз әдебін қалыптастыруды айта аламыз. Ол – тілдік қарым-қатынас мәдениетінің негізгі көрсеткіші. Сол себепті білімгерлер коммуникация кезіндегі әдеп (этика) нормаларын білуі керек. Ал әдеп нормасы ұлттың мәдениеті, танымымен, өмір сүру салтымен айқындалады. Біз бұдан сөз мәдениетін оқыту ұлттық құндылық ретінде меңгерту парадигмасымен өзектесіп жатқанын көреміз (Дәулетбекова, 2009, 9-б.).

Бірінші эксперименттік жұмыстың анықтау кезеңінде білімгерлерге сөз мәдениетіне қатысты сұрақтар берілді. Мәліметтерді салыстыра алу үшін жауап жазбаша қабылданды. Білімгерлерге тақырыпқа қатысты төмендегідей сұрақтар қойылды:

1. *Тілдік норма дегенді қалай түсінесіз?*
2. *Оның қандай түрлерін білесіз?*
3. *Қазіргі сөйлеу тіліміздe нормаға сай келмейтін қандай тілдік қателіктер кездеседі? Сіз келтірген мысалдарды неліктен қатеге жатқызасыз?*

Анықтау кезеңінен кейін «Тілдік норма» тақырыбында дәріс өткізілді. Дәріс мазмұны отандық ғалым-зерттеушілердің сөз мәдениеті және тілдік норма мәселелеріне арналған ғылыми еңбектері негізінде құрылды.

Дәріс аяқталғаннан кейін білімгерлерге алғашқы диагностикалық кезеңдегі сұрақтар қайта ұсынылып, жауаптары жазбаша түрде алынды. Бұл бастапқы және қорытынды жауаптарды бірдей критерий негізінде салыстыруға мүмкіндік береді. Жауаптарды бағалау үшін әр сұраққа 0-2 балдық берілді. Тілдік норма ұғымын түсіндіру, норма түрлерін көрсету, тілдік қатені анықтау және оның нормаға сәйкес келмеу себебін нормативтік тұрғыдан негіздеу негізгі бағалау көрсеткіштері ретінде белгіленді. Үш сұрақ бойынша білімгердің жинай алатын жалпы балы – 6. 0–2 балл төмен, 3–4 балл орта, 5–6 жоғары деңгей деп белгіленді.

Анықтау кезеңінің нәтижесі бойынша «тілдік норма» ұғымын түсіну көрсеткіші орта есеппен 1,18, норма түрлерін білу көрсеткіші 0,96, тілдік қатені анықтау және негіздеу көрсеткіші 0,91 болса, қорытынды диагностикалық кезеңде «тілдік норма» ұғымын түсіну көрсеткіші 1,79 , норма түрлерін білу көрсеткіші 1,71, қатені анықтау және негіздеу 1,63-ке жетті (Кесте 3).

**Кесте 3**

*Білімгерлердің орташа жиынтық балл көрсеткіші*

| Сұрақ/кезең | Алғашқы диагностикалық кезең | Қорытынды диагностикалық кезең | Өсім |
|---|---|---|---|
| 1-сұрақ | 1,18 | 1,79 | 0,61 |
| 2-сұрақ | 0,96 | 1,71 | 0,75 |
| 3-сұрақ | 0,91 | 1,63 | 0,72 |

Бірінші эксперименттік жұмыстың бастапқы және қорытынды диагностикалық кезеңдеріндегі деңгейлік көрсеткіштер 4-кестеде берілді.

**Кесте 4**

*Бірінші эксперименттік жұмыстың деңгейлік көрсеткіштері*

| Білім деңгейі | Бастапқы диагностика, *n* | Қорытынды диагностика, *n* | Өзгеріс |
|---|---|---|---|
| Төмен деңгей | 16 | 2 | −14 |
| Орта деңгей | 31 | 14 | −17 |
| Жоғары деңгей | 9 | 40 | +31 |
| Барлығы | 56 | 56 | − |

4-кестеде көрсетілгендей, қорытынды диагностикалық кезеңде төмен деңгейдегі білімгерлер саны 16-дан 2-ге, орта деңгейдегі білімгерлер саны 31-ден 14-ке дейін азайған. Жоғары деңгейдегі білімгерлер саны 9-дан 40-қа дейін артқан. Бұл нәтижелер «Тілдік норма» тақырыбы бойынша жүргізілген оқытудан кейін білімгерлердің тілдік норма ұғымын түсіну, норма түрлерін көрсету және тілдік қателерді анықтап, нормативтік тұрғыдан негіздеу көрсеткіштерінің жоғарылағанын көрсетеді. Алайда бірінші экспериментте бақылау тобы болмағандықтан, байқалған өзгерісті тек жүргізілген оқытудың әсері ретінде біржақты түсіндіруге болмайды.

Екінші эксперименттік жұмыс біз ұсынып отырған ортологиялық талдауды жүйелі қолдану нәтижелерін бағалауға бағытталды.

Ортологиялық бағытта сөз мәдениетін оқыту үшін басшылыққа алынуы керек әдістемелік қағидалар бар. Ең алдымен, оқыту жүйелі болуы және ортология нормаларын меңгерту бірізді жүргізілуі шарт. Теориялық білімді игергеннен кейін барып, оны практикамен ұштастыру керек. Яғни білімгер теориялық білімін сөйлеу тәжірибесінде қолдана алуы қажет. Бұл қазіргі білім беру жүйесінде құзыреттілікке негізделген оқыту моделімен түсіндіріледі. Бұл модель негізінде білімгерлердің білім деңгейімен қатар, практикалық дағдылары да маңызды рөл атқарады. Сондықтан сөз мәдениетін оқытуда теория мен практика бірлігінде жүзеге асыру үшін ортологиялық талдауды ұсынамыз. Білімгер талдау арқылы теориялық білімді бекітіп, оны күнделікті өмірде дағдылы түрде пайдалануға мүмкіндік алады. Ал бұл білімгерлердің сөз мәдениетін дамытуда маңызды фактор болып саналады.

Ортологиялық талдау жасау үшін ең бірінші ортологиялық құралдардың түрлерін анықтап алу шарт. Ғалым А. Алдаш олардың қатарына емле сөздігі, емле анықтағышы, емле ережелерін жатқызады (Алдаш, 2021, 19-б.). Яғни анықтағыштар мен сөздіктер ортологиялық талдауда пайдаланылатын негізгі еңбектер қатарына жатады. Одан бөлек тіл білімінің барлық деңгейдегі салаларында қамтитын заңдылықтар мен ережелерді айтуымызға болады.

Сонымен қатар, ғалым ортологиялық талдаудың қалай жүзеге асырылатынына да тоқталады. Ол үшін кешенді сипаттама жасалады. Талдау барысында жұмсалымда көрініс берген тілдік бірліктерді жеке алып, тілдің жүйесіне, заңдылықтарына қатысын анықтау, тілдік бірліктің қолданысқа түскен себептерін танып білу керек екенін айтады (Алдаш, 2021, 38-б.).

Сөз мәдениеті пәнінің әдістемесі лингвистикалық теориямен тікелей байланысты (Сәкенова, 2014, 4-б.). Демек ортологиялық талдауды да лингвистикадан бөліп қарастыра алмаймыз. Сондықтан ортологиялық талдауды лингвистикалық әрі әдістемелік талдау ретінде қарастырғанымыз жөн. Осы негізде білімгерлерге сөз мәдениетін оқытуда ортологиялық талдау жүйесін ұсынамыз. Бұл талдаудың ерекшелігі жоғарыда өзіміз айтқан теория мен практика біртұтас қаралып, сөз мәдениетінің барлық аспектілері деңгейінде талданады. Бір сөзбен айтқанда білімгерлер талдау жасау арқылы шағын зерттеу жүргізеді.

Ортологиялық талдау кешенді жүзеге асырылады. Ол үшін бірнеше қадам орындалуы керек (Кесте 5).

**Кесте 5**

*Ортологиялық талдаудың қадамдары*

| | |
|---|---|
| 1-қадам | идентификациялау |
| 2-қадам | квалификациялау |
| 3-қадам | дескрипциялау |
| 4-қадам | генезисін анықтау |
| 5-қадам | кодификациялық тексеру |
| 6-қадам | түзету |
| 7-қадам | болжам жасау |

Талдаудың бірінші кезеңі – идентификациялау. Яғни мәтіннен (оның аудио немесе бейнематериал түрінде болуы да мүмкін), көп жағдайда сөйлеуге қатысты, әдеби нормаға сай келмейтін тілдік бірліктерді анықтайды. Бұл сөз мәдениеті пәніне дейінгі алған білімдері негізінде жүзеге асырылады. Сондықтан аталған пәнді барынша оқытудың 3 немесе 4-курсында оқыту орынды. Ортологиялық талдаудың екінші қадамында бірінші қадамда анықталған әдеби тіл нормасына сай емес тілдік бірліктерді квалификациялайды. Бұл кезеңде анықталған тілдік ауытқудың түрі мен деңгейі белгіленеді. Ол нормативтік, коммуникативтік, этикалық болуы мүмкін. Үшінші қадам – дескрипциялау (сипаттау). Тілдік бірліктің нақты қолданыстағы нұсқасын сипаттайды және тәжірибеде қалай қолданылып жүргенін көрсетеді. Төртінші қадамда әдеби тілге, коммуникацияға, этикаға сай емес тілдік бірліктердің генезисі анықталады (себеп-салдар). Ол нақты тілдік жағдайға байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Мысал ретінде физиологиялық, қостілділік, тілдік заңдылықтар мен ережелерді өз деңгейінде білмеу және т.б. айта аламыз. Бесінші қадамда білімгер ресми нормативтік базаға сүйену арқылы кодификациялық тексеру жасайды. Яғни білімгер сөздіктерді, анықтағыштар мен емле ережелерін қарап, салыстыру жүргізеді. Алтыншы қадам – түзету. Бұл қадамда әдеби тіл нормасына сай нұсқасы ұсынылады. Қажет болған жағдайда нұсқалардың стильдік ерекшеліктері түсіндіріледі. Соңғы қадамда тілдік ауытқудың нормаға айналу немесе айналмау мүмкіндігі болжанады.

Жоғарыда көрсетілген қадамдар негізінде ортологиялық талдау кезінде бірнеше әрекеттер мазмұнын көруімізге болады. Талдау барысында салыстыру әрекеті, яғни әдеби тіл нормасына сай емес тілдік бірлікті кодификациядағы нұсқамен салыстырады, одан кейін сүзгілеу әрекеті арқылы тілдік нұсқалардан дұрысын анықтайды және оны ережелер мен заңдылықтар арқылы негіздейді.

Сөз мәдениетін оқытуда ортологиялық талдауды жүйелі қолдану нәтижелерін бағалау мақсатында квазиэксперименттік зерттеу жүргізілді. Зерттеуге барлығы 56 білімгер қатысты: бақылау тобына 28, эксперименттік топқа 28 білімгер енгізілді. Білімгерлер бақылау және эксперименттік топтарға кездейсоқ бөлінген жоқ, зерттеу басталғанға дейін өздері тіркелген академиялық топтары негізінде топтастырылды. Топтардың бастапқы көрсеткіштерінің салыстырмалылығы алғашқы диагностика нәтижелері арқылы тексерілді.

Эксперименттік жұмыс бастапқы диагностика, қалыптастыру және қорытынды диагностика кезеңдерінен тұрды. Қалыптастыру интервенциясы төрт апта бойы жүргізіліп, оның жалпы көлемі 5 академиялық сағатты құрады. Екі топқа да бір оқытушы сабақ берді. Бақылау және эксперименттік топтардағы пән мазмұны, өтілген тақырыптар, сабақ ұзақтығы, оқу материалдары, тапсырмалардың күрделілік деңгейі және бағалау критерийлері бірдей болды. Топтар арасындағы негізгі айырмашылық оқыту әдісіне қатысты болды: эксперименттік топта ортологиялық талдаудың жеті қадамына негізделген тапсырмалар жүйелі қолданылса, бақылау тобында дәстүрлі оқу тапсырмалары орындалды. Осылайша, интервенциядан басқа негізгі оқыту жағдайлары екі топта да бірдей сақталды.

Зерттеу SDU University-де автор сабақ беретін «Сөз мәдениеті және педагогтың сөйлеу шеберлігі» пәнінің қалыпты оқу үдерісі аясында жүргізілді. Зерттеу автор сабақ беретін «Сөз мәдениеті және педагогтың сөйлеу шеберлігі» пәнінің қалыпты оқу үдерісі аясында, қатысушыларға қосымша тәуекел тудырмайтын білім беру зерттеуі ретінде жүргізілді. Қатысушылардың барлығы 18 жастан асқан білімгерлер болды. Оларға зерттеудің мақсаты,

қатысу шарттары және алынған деректердің ғылыми мақсатта пайдаланылуы ауызша түсіндіріліп, ақпараттандырылған келісім алынды. Қатысудың ерікті екені және қатысудан бас тартудың пән бойынша бағаларына, оқу үдерісіне әсер етпейтіні ескертілді. Қатысушылардың жұмыстары сәйкестендіру нөмірлері арқылы кодталып, аты-жөні мен жеке нәтижелері жарияланбады, ал деректер мақалада тек жинақталған түрде ұсынылды.

Қатысушылардың құпиялылығын сақтау мақсатында олардың жұмыстары сәйкестендіру нөмірлері арқылы кодталды. Білімгерлердің аты-жөні, жеке нәтижелері және эксперимент барысында жинаған балдары жарияланбады. Деректер мақалада тек жинақталған түрде ұсынылды. Кодталған жұмыстар ғылыми жетекшіге бағалау критерийлерін сараптау және түсіндіруді қажет ететін жағдайларды қарастыру мақсатында ғана берілді. Зерттеу материалдарына автор мен ғылыми жетекшіден басқа тұлғалардың қол жеткізуіне жол берілмеді.

Бастапқы диагностикалық кезеңде білімгерлердің ортологиялық талдау дағдыларының бастапқы деңгейі анықталды. Қорытынды диагностикалық кезеңде бастапқы тапсырмалармен құрылымы және күрделілік деңгейі жағынан сәйкес келетін тапсырмалар ұсынылып, екі топтың нәтижелері салыстырылды. Ортологиялық талдаудың жеті қадамының орындалу деңгейі әр критерий бойынша 0–2 балл аралығында бағаланды. Ең жоғары жиынтық көрсеткіш 14 балды құрады (Кесте 6).

**Кесте 6**

*Тапсырмаларды бағалау критерийлері*

| Критерий | 0 балл | 1 балл | 2 балл |
|---|---|---|---|
| Идентификациялау | ауытқуды анықтай алмайды | жартылай анықтайды | дәл анықтайды |
| Квалификациялау | қате түрін анықтай алмайды | жалпы деңгейін көрсетеді | қате дәл анықтайды |
| Дескрипциялау | сипаттай алмайды | толық сипаттай алмайды | контекстегі қызметін толық сипаттайды |
| Генезисін анықтау | себебін түсіндірмейді | болжамды себебін айтады | себеп-салдарын негізді түсіндіреді |
| Кодификациялық тексеру | дереккөз қолданбайды | дереккөзге сілтеме жасайды, бірақ негіздемейді | нормативтік дереккөзбен нақты дәлел келтіреді |
| Түзету | дұрыс нұсқа ұсынбайды | дұрыс нұсқа береді, бірақ негіздемейді | нормативтік нұсқаны ұсынып, негіздейді |
| Болжам жасау | бағалай алмайды | дәлел жеткіліксіз | тілдік үрдіске сүйеніп негізді болжам жасай алады |

Бағалау құралының мазмұндық валидтілігін қамтамасыз ету мақсатында тапсырмалар, бағалау критерийлері және 0–2 балдық дескрипторлар педагогика ғылымдарының кандидаты, SDU University профессоры әрі ғылыми жетекшінің сараптамалық қарауына ұсынылды. Сараптау барысында критерийлердің зерттеу мақсатына сәйкестігі, мазмұндық толықтығы, тұжырымдарының түсініктілігі, балдық дескрипторлардың бір-бірінен ажыратылуы және практикалық тапсырмаларға сәйкестігі қарастырылды. Сарапшының ұсыныстары негізінде тапсырмалардың мазмұны мен бағалау дескрипторлары нақтыланды.

Білімгерлердің жұмыстарын бағалауды зерттеуші 6-кестеде көрсетілген бірыңғай критерийлер мен дескрипторлар негізінде жүргізді. Бағалау барысында түсіндіруді қажет ететін жұмыстар мен даулы жағдайлар ғылыми жетекшімен бірге қарастырылып, қорытынды балл критерийлерге сәйкестігі бойынша келісім негізінде анықталды. Дегенмен барлық жұмысты екі бағалаушы бір-бірінен тәуелсіз бағаламағандықтан, бағалаушылар арасындағы келісім коэффициенті есептелген жоқ.

Білімгерлердің жинаған балына сәйкес нәтижені үш деңгейге бөлдік. Төмен деңгей – 0–5 балл, орта деңгей – 6–10 балл, жоғары деңгей – 11–14 балл.

Бақылау және эксперименттік топтардың нәтижелеріндегі айырмашылықтың статистикалық маңыздылығын анықтау үшін білімгерлердің төмен, орта және жоғары деңгейлер бойынша үлестірімі салыстырылды. Жекелеген ұяшықтардағы күтілетін жиілік 5-тен төмен болғандықтан, 2×3 кестесіне арналған Фишер–Фриман–Холтонның дәл тесті қолданылды. Статистикалық маңыздылық деңгейі $p < 0,05$ деп белгіленді. Айырмашылықтың әсер көлемі Крамердің $V$ коэффициенті арқылы есептелді: $V \approx 0,10$ – әлсіз, $V \approx 0,30$ – орташа, $V \geq 0,50$ – үлкен әсер ретінде қабылданды.

Эксперименттің алғашқы кезеңінде білімгерлерге нақты коммуникацияға жақын қате сөйлемдерден құралған тапсырмалар берілді. Білімгерлер сол қателерді анықтап, өз білімдерінің негізінде талдау жасады. Тапсырмада төмендегідей типтегі сөйлемдер болды:


*1. Жиналыста кафедра меңгерушісі білімгерлерге оқу үлгерімдерін жақсару керектігін айтты. Сонымен қатар әрбір студенттерге ғылыми жобаларға қатысу ұсынылды.*

*2. Ресми кездесуде білімгер оқытушысына: «Ағай, анау қарап тасташы. Маған бүгін өткізу керек болып тұр», – деді.*

*3. Әлеуметтік желідегі жазба: «Бүгін универде жаңа проектті талқыладық. Дедлайн кестесі келер аптаға қойылды. Жалпы проект күшті болады деп ойлаймын».*

*4. «Ол бұл мәселе туралы өзінің жеке пікірін білдіріді және алдағы болашақта мұндай жағдай қайталанбайтынын айтты».*

Ал қалыптастыру кезеңінде бақылау тобы дәстүрлі жүйе бойынша тапсырмаларды орындаса, эксперименттік топқа біз ұсынып отырған 7 қадамға негізделген ортологиялық талдау түсіндіріліп, тапсырмалар берілді (Сурет 1).




Сурет 1- Тапсырмаларды орындау қадамдары

Қорытынды диагностикалық кезеңде бастапқы анықтау кезеңіндегідей тапсырма берілді. Тапсырманың күрделілігі, құрылымы ұқсас болды. Мысалы:

*1. «Университетте көптеген жаңа инновациялар енгізіліп, білімгерлердің басым көпшілігі*
*бастаманы қолдады».*

*2. Білімгерлер оқытушысына электрондық хабарлама жіберді. Хабарламада: «Сәлеметсіз бе? Ертең сабаққа келе алмаймын. Отработка қашан болады? Тезірек жауап беріңізші» – деп жазылған.*

*3. Кеше жаңа контент түсірдік. Видео ертең сетьке шығады.*

*4. Жиналыстың негізгі мақсаты студенттердің оқу сапасын жоғарлату болып табылады.*

Эксперименттік жұмыстың қорытынды диагностикалық кезеңінде екі топ та бірдей критерий бойынша бағаланды.

Эксперименттің анықтау кезеңі (АД) нәтижесінде бақылау тобының орташа көрсеткіші 7,07-ні құраса, эксперименттік топтың орташа көрсеткіші 7,14-ті құрады. Бұдан біз екі топтың да көрсеткіштері шамалас екенін көреміз. Ал қалыптастыру кезеңінен кейін алынған қорытынды диагностика (ҚД) нәтижесінде бақылау тобының көрсеткіші 8,36-ны құраса, эксперименттік топтың орташа көрсеткіші 11,43-ті құрады. Бақылау тобының өсімі 1,29-ды құраса, эксперименттік топтың өсімі 4,29-ды құрады (Кесте 7).

**Кесте 7**

*Білімгерлердің орташа жиынтық балл көрсеткіші*

| Эксперимент тобы/кезеңі | Алғашқы диагностика | Қорытынды диагностикалық | Өсім |
|---|---|---|---|
| Бақылау тобы | 7,07 | 8,36 | 1,29 |
| Эксперименттік топ | 7,14 | 11,43 | 4,29 |

Орташа балдар нәтижелердің жалпы өзгерісін сипаттау мақсатында берілді, ал статистикалық қорытынды бақылау және эксперименттік топтардағы деңгейлік үлестірімдерді салыстыру негізінде жасалды.

Білімгерлердің төмен, орта және жоғары деңгейлер бойынша үлестірімі және топтар арасындағы айырмашылықтың статистикалық көрсеткіштері 8-кестеде берілді.

**Кесте 8**

*Бақылау және эксперименттік топтардың деңгейлік көрсеткіштерін статистикалық салыстыру*

| Диагностикалық кезең | Бастапқы диагностика | Қорытынды диагностика |
|---|---|---|
| Бақылау тобы: төмен / орта / жоғары, *n* | 9/ 16 / 3 | 5 / 18 / 5 |
| Эксперименттік топ: төмен / орта / жоғары, *n* | 7 / 18 / 3 | 2 / 7 / 19 |
| Статистикалық тест | Фишер–Фриман–Холтонның дәл тесті | Фишер–Фриман–Холтонның дәл тесті |
| $\chi^2$ ($df$ = 2) | 0,368 | 14,292 |
| $p$-мәні | 0,921 | < 0,001 |
| Крамердің $V$ коэффициенті | 0,081 | 0,505 |
| Әсер көлемі | Әлсіз | Үлкен |

8-кестеде көрсетілгендей, бастапқы диагностикалық кезеңде бақылау және эксперименттік топтардың деңгейлік үлестірімі арасында статистикалық мәнді айырмашылық анықталған жоқ: Фишер–Фриман–Холтонның дәл тесті бойынша $p$ = 0,921; $\chi^2(2, N = 56)$ = 0,368. Әсер көлемінің әлсіз болуы (Крамердің $V$ = 0,081) эксперимент басталғанға дейін екі топтың салыстырмалы түрде біртекті болғанын көрсетеді.

Қорытынды диагностикалық кезеңде екі топтың деңгейлік үлестірімі арасында статистикалық мәнді айырмашылық анықталды: Фишер–Фриман–Холтонның дәл тесті бойынша $p < 0,001$; $\chi^2(2, N = 56) = 14,292$. Крамердің $V$ = 0,505 болуы әсер көлемінің үлкен екенін көрсетті. Эксперименттік топта жоғары деңгейге жеткен білімгерлер саны 3-тен 19-ға дейін артса, бақылау тобында бұл көрсеткіш 3-тен 5-ке дейін ғана өсті. Бұл нәтижелер ортологиялық талдауға негізделген тапсырмалар жүйелі қолданылған эксперименттік топта ортологиялық талдау дағдылары бойынша жоғары көрсеткіштер байқалғанын көрсетеді.

## Қорытынды

Қорытындылай келе, зерттеу нәтижесінде сөз мәдениетінің жалпы мазмұны, оның құрылымы бірнеше аспект негізінде қарастырылып, олардың біртұтас жүйе екені айқындалды. Теориялық талдау негізінде сөз мәдениетінің аспектілерін біріктіретін негізгі категория ретінде норма ұғымы айқындалды. Сонымен қатар, норма ұғымы тек нормативтік аспектімен шектелмей, сөз мәдениетінің коммуникативтік және этикалық аспектілерімен де байланысты екені анықталды. Ортологияның мәні мен мазмұнын түсіндіріп, оның нормаларды зерттейтін ғылым саласы деген тұжырымға келдік. Осы себепті ортология сөз мәдениетін оқытуда ерекше мәнге ие, оның ғылыми негізін айқындайтын бағыт деп айта аламыз. Квазиэксперимент нәтижесінде ортологиялық талдаудың қадамдары жүйелі қолданылған эксперименттік топтың қорытынды деңгейлік көрсеткіштері бақылау тобымен салыстырғанда статистикалық тұрғыдан жоғары болды ($p < 0{,}001$). Крамердің $V = 0{,}505$ болуы топтар арасындағы айырмашылықтың әсер көлемі үлкен екенін көрсетті. Бұл нәтижелер ортологиялық талдауға негізделген тапсырмаларды жүйелі қолдану мен білімгерлердің тілдік ауытқуларды анықтау, жіктеу, сипаттау, олардың себептерін түсіндіру, кодификациялық тексеру, түзету және болжам жасау дағдыларының жақсаруы арасында оң байланыс бар екенін көрсетеді. Сондықтан ортологиялық талдауды сөз мәдениетін оқытуда теориялық білім мен практикалық әрекетті ұштастыруға мүмкіндік беретін перспективалы әдіс ретінде қарастыруға болады. Дегенмен алынған нәтижелерді зерттеудің квазиэкспериментік сипаты мен бағалау рәсіміне қатысты шектеулерді ескере отырып интерпретациялау қажет.

Зерттеу нәтижелерін интерпретациялау кезінде бағалау рәсіміне қатысты әдістемелік шектеуді ескеру қажет. Бағалау құралының мазмұндық сәйкестігін айқындау мақсатында педагогика ғылымдарының кандидаты, SDU University профессорының сараптамалық бағалауы жүргізіліп, тапсырмалар мен бағалау дескрипторлары берілген ұсыныстар негізінде нақтыланды. Білімгерлердің жұмыстары бірыңғай критерийлер мен 0–2 балдық дескрипторлар негізінде бір зерттеуші тарапынан бағаланды, ал түсіндіруді қажет ететін жағдайлар сарапшымен бірлесіп қарастырылды. Барлық жұмысты екі тәуелсіз бағалаушы бағаламағандықтан, бағалаушылар арасындағы келісімнің сандық коэффициенті есептелмеді. Кейінгі зерттеулерде бағалау құралының мазмұндық валидтілігін бірнеше сарапшының қатысуымен тексеру және жұмыстардың кемінде бір бөлігін екі тәуелсіз бағалаушыға бағалату арқылы бағалаушылар арасындағы сенімділікті статистикалық тұрғыдан анықтау қажет.

## Декларация

Осы жұмысты жазу барысында автор ChatGPT құралын аңдатпа мәтінін орыс және ағылшын тілдеріне аударуда, сөз мәдениеті және оның аспектілеріне қатысты ғылыми пікірлерді, тұжырымдарды салыстыруда, «Қазақ ортологиясы» (Алдаш, 2021) еңбегінде көрсетілген лингвистикалық әдіс болып саналатын ортологиялық талдауды оқытуға бейімдеп, әрі қарай практикалық жағынан дамытып, жеті қадамын жасауда, эксперименттік жұмыста берілген тапсырмаларды құрастыруда, алынған нәтижелерді статистикалық салыстыруда пайдаланды. Құралды қолданғаннан кейін автор мазмұнын тексеріп, қажет болған жағдайда өңдеді және жарияланған мақаланың мазмұны үшін толық жауапты.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Алдаш, А. (2021). *Қазақ ортологиясы*. Қазақ университеті.

Әбішева, Р. (2019). Сөз мәдениетін қалыптастырудың кейбір мәселелері. *Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы*, 1(38), 177–182.

Байтұрсынұлы, А. (2003). *Бес томдық шығармалар жинағы* (1-том). Алаш.

Балақаев, М. (2004). *Қазақ тілінің мәдениеті*. Зият Пресс.

Дәулетбекова, Ж. (2009). Сөз мәдениетін оқытудың тірек парадигмалары. *Қазақ тілі мен әдебиеті*, (3), 3–11.

Кеңесбаев, І. (2014). *Қазақ тіл білімінің мәселелері* (Ғ. Әнес, құраст.). Абзал-Ай.

*Қазақ тілі коммуникативтік мәдени жүйеде: теориясы мен практикасы: халықаралық*

*ғылыми-әдістемелік материалдар*. (2015). Қазақ университеті.
Сәкенова, Р. (2014). Сөз мәдениеті әдістемесінің педагогикалық ұстанымдары және басқа салалармен байланысы. *Ұлағат*, (3), 3–9.
Сыздықова, Р. (2014). *Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы)*. Ел-шежіре.
Ұйықбаев, И. (1969). *Тіл мәдениетінің кейбір мәселелері*. Қазақ ССР «Білім» қоғамы.
Уәли, Н. (2025). *Қазақ сөз мәдениетінің теориялық мәселелері*. Асыл.
Уәлиев, Н. (1984). *Сөз мәдениеті*. Мектеп.

## References

Aldaş, A. (2021). *Qazaq ortologiasy*. Qazaq universitetı.
Äbışeva, R. (2019). Söz mädenietın qalyptastyrudyñ keibır mäseleleri. *Abai atyndağy QazŪPU habarşysy,* 1(38), 177–182.
Baitūrsynūly, A. (2003). *Bes tomdyq şyğarmalar jinağy* (1-tom). Alaş.
Balaqaev, M. (2004). *Qazaq tılınıñ mädenietı.* Ziat Pres.
Däuletbekova, J. (2009). Söz mädenietın oqytudyñ tırek paradigmalary. *Qazaq tılı men ädebietı,* (3), 3–11.
Keñesbaev, I. (2014). *Qazaq tıl bılımınıñ mäseleleri* (Ğ. Änes, qūrast.). Abzal-Ai.
*Qazaq tılı komunikativtık mädeni jüiede: teoriasy men praktikasy: halyqaralyq ğylymi-ädıstemelık materialdar.* (2015). Qazaq universitetı.
Säkenova, R. (2014). Söz mädenietı ädıstemesınıñ pedagogikalyq ūstanymdary jäne basqa salalarmen bailanysy. *Ūlağat,* (3), 3–9.
Syzdyqova, R. (2014). *Tıldık norma jäne onyñ qalyptanuy (kodifikasiasy).* El-şejıre.
Ūiyqbaev, İ. (1969). *Tıl mädenietınıñ keibır mäseleleri.* Qazaq SSR «Bılım» qoğamy.
Uäli, N. (2025). *Qazaq söz mädenietınıñ teorialyq mäseleleri.* Asyl.
Uäliev, N. (1984). *Söz mädenietı.* Mektep.

*Еркегали Райбек*[1]*
[1]SDU University, Каскелен, Казахстан
*e-mail: yerkegali.raibek@sdu.edu.kz

# ОБУЧЕНИЕ КУЛЬТУРЕ РЕЧИ: ОРТОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

**Аннотация.** Статья посвящена проблеме обучения культуре речи. Культура речи рассматривается с научно-методической точки зрения, при этом в качестве основного подхода к её обучению принимается ортологический анализ. В условиях изменяющегося мира под воздействием различных факторов актуализируется задача формирования у будущих специалистов-филологов владения литературным языком и развития культуры речи. В процессе обучения важно учитывать использование языковых единиц в соответствии с нормами литературного языка, обеспечивать качество, результативность и этичность речевого общения. В связи с этим в статье анализируются аспекты и теоретические основы культуры речи, а также особенности её преподавания на основе ортологического анализа.

В исследовании нормативный, коммуникативный и этический аспекты культуры речи рассматриваются как единая система. Нормативный аспект связан с правильным употреблением языковых единиц и соблюдением норм литературного языка; коммуникативный — с целесообразным и эффективным использованием языковых средств в конкретной ситуации; этический — с нормами речевого этикета, вежливости и нравственности. Доказано, что ядром всех трёх аспектов является норма, которая выступает объединяющей категорией культуры речи. Раскрывается сущность ортологии как науки о нормах и её связь с культурой речи. Результаты исследования показывают, что ортологический анализ является эффективным методом, интегрирующим теорию и практику

обучения, способствующим развитию языковой компетенции обучающихся и формированию эффективного речевого взаимодействия.

**Ключевые слова:** культура речи, нормативный аспект, коммуникативный аспект, этический аспект, обучение, методика, ортология, ортологический анализ

*Yerkegali Raibek*[1]*
[1]SDU University, Kaskelen, Kazakhstan
*e-mail: yerkegali.raibek@sdu.edu.kz

# TEACHING SPEECH CULTURE: ORTHOLOGICAL ANALYSIS

**Abstract.** The article is devoted to the problem of teaching speech culture. Speech culture is analyzed from a scientific and methodological perspective, with orthological analysis taken as the principal approach to its instruction. In the context of a rapidly changing world, various factors increase the urgency of equipping future language specialists with a command of the literary language and developing their speech culture. In teaching speech culture, it is essential to ensure the use of language units in accordance with the norms of the literary language, as well as to maintain the quality, effectiveness, and ethical appropriateness of communication. Therefore, the article examines the aspects and theoretical foundations of speech culture and explores the specific features of teaching it through orthological analysis. The study analyzes the normative, communicative, and ethical aspects of speech culture as an integrated system. The normative aspect involves the correct use of language units and adherence to literary norms; the communicative aspect focuses on the purposeful and context-appropriate use of linguistic means; and the ethical aspect addresses politeness, morality, and speech etiquette. The research demonstrates that the concept of norm constitutes the core of all three aspects. Orthology, the science that studies norms, is discussed in terms of its nature and its connection with speech culture.The findings confirm that orthological analysis is an effective method that integrates theory and practice in teaching speech culture, contributing to the development of learners' linguistic competence and communicative effectiveness.

**Keywords:** speech culture, normative aspect, communicative aspect, ethical aspect, teaching, methodology, orthology, orthological analysis

*Келіп түсті 1 сәуір 2026*

**Авторлар туралы мәлімет**
Еркеғали Райбек- PhD докторант, SDU University, Қаскелең, Қазақстан, e-mail: yerkegali.raibek@sdu.edu.kz ORCID: https://orcid.org/0009-0000-6004-0643

**Информация об авторах**
Еркегали Райбек- PhD докторант, SDU University, Каскелен, Казахстан, e-mail: yerkegali.raibek@sdu.edu.kz ORCID: https://orcid.org/0009-0000-6004-0643

**Information about the authors**
Yerkegali Raibek- PhD doctoral student, SDU University, Kaskelen, Kazakhstan, e-mail: yerkegali.raibek@sdu.edu.kz ORCID: https://orcid.org/0009-0000-6004-0643

FTAMP 14.35.09
DOI: https://doi.org/10.47344/dqt2ww10

*Садыков Қанат[1*], Бектенов Несіпхан[1], Ахметов Нурлан[1], Дюсебаев Ханат[1], Гавронская Юлия[2]*
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]А.И. Герцен атындағы Ресей мемлекеттік педагогикалық университеті, Санкт-Петербург, Ресей
*e-mail: sadykovkanat5@gmail.com

# УНИВЕРСИТЕТТЕГІ ХИМИЯ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМЫТУДАҒЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ОҚЫТУ

**Аңдатпа.** Университеттегі химия зертханасы студентті дайын операцияларды орындауға ғана емес, зерттеу сұрағын қоюға, айнымалыны негіздеуге, деректі талдауға және нәтижеге рефлексия жасауға үйретуі тиіс. Осы орындаушылық пен зерттеушілік арасындағы алшақтықты азайту үшін ионалмастырғыш материалдарға негізделген төрт модульдік зертханалық оқыту форматы әзірленді. Зерттеудің мақсаты - аталған форматтың химия мамандығы студенттерінің зерттеушілік құзыреттілігіне ықпалын бағалау. Жұмыс сынаққа дейінгі және сынақтан кейінгі бақылау тобы бар квазиэкспериментік дизайнмен жүргізілді. Зерттеуге 62 студент қатысты: эксперименттік топта 31, бақылау тобында 31 студент. Құзыреттілік когнитивтік, процедуралық, аналитикалық және рефлексивтік компоненттер арқылы бағаланды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы ионалмастырғыш материалдардың «алу-сыйымдылықты анықтау-құрылымдық сәйкестендіру-сорбциялық қолдану» тізбегін аталған төрт компонентпен сәйкестендіріп, біртұтас оқу-зерттеу моделі ретінде эмпирикалық бағалауда. Оқытудан кейін эксперименттік топта төмен деңгейдегі студенттер саны 13-тен 7-ге азайып, жоғары деңгей 1-ден 6 студентке өсті. Бақылау тобындағы өзгеріс баяуырақ болды. Pearson $\chi^2$ талдауы дәстүрлі статистикалық шекке жетпеді: $\chi^2$ (3, $N$ = 62) = 7.08, $p$ = .069; дәл шартты $p$ = .072. Сондықтан нәтиже толық дәлелденген әсер ретінде түсіндірілмейді. Дегенмен эксперименттік топтағы деңгейлік жылжу және процедуралық пен аналитикалық компоненттердің қорытынды топаралық айырмасы педагогикалық тұрғыдан назар аудартады. Ионалмастырғыш материалдардың дидактикалық ерекшелігі - бір объектіде синтез шарты, функционалдық топ, ионалмасу сыйымдылығы, ИҚ-спектр және сорбция нәтижесін құрылым-қасиет-қызмет байланысында талдауға мүмкіндік беруі.

**Түйін сөздер:** зерттеуге бағытталған оқыту, химияны оқыту, зертханалық оқыту, зерттеушілік құзыреттілік, ионалмастырғыш материалдар, квазиэксперимент, жоғары білім

## Кіріспе

Жаратылыстану пәндерін оқытудағы талап соңғы жиырма жылда едәуір өзгерді. Бұрын салмақ көбіне дайын білімді меңгеруге түссе, қазір студенттің ғылыми пайымдауына көбірек мән беріледі. Химияда мұндай бұрылыс алдымен зертханалық сабақтан көрінуі тиіс. Заттың құрылысы, қасиеті, реакция жүруі, тепе-теңдік, сорбция немесе ион алмасу формуламен ғана ашылмайды. Оны тәжірибе үстінде көру, өлшеу, салыстыру және түсіндіру керек.

Қиындық осы жерден басталады. Көп зертханалық сабақ әлі де «рецепт» тәртібімен өтеді: студентке нұсқаулық беріледі, ол сол жолмен жүреді. Қандай ерітінді дайындау керек, қанша мл қосу керек, қанша минут күту керек, соңында қандай формуламен есептеу керек - бәрі алдын ала жазылады. Мұндай формат қателікті азайтады, уақытты да үнемдейді. Бірақ ғылыми ойлау қай тұста қалыптасады? Студент реагенттің неге таңдалғанын, pH не үшін сол аралықта ұсталғанын, нәтижедегі ауытқуды қалай түсіндіру керегін өзі шешпесе, зертхана орындау алаңы болып қала береді.

Inquiry-Based Learning, яғни зерттеуге бағытталған оқыту, дәл осы әлсіз тұсқа жауап іздейді. Студент дайын ақпаратты қабылдап қана қоймайды; сұрақ қояды, болжам жасайды,

әдіс таңдайды, дерек жинайды, кейін сол деректі қорғайды. Идея тартымды. Бірақ химия зертханасында оны іске асыру жеңіл емес. Толық еркіндік берілсе, тәжірибе шашырап кетеді. Нұсқау тым көп болса, «inquiry» қайтадан алгоритмге айналады.

Hofstein және Lunetta (2004) зертхананы теория мен эмпирикалық дерек түйісетін оқу ортасы ретінде сипаттайды. Химияда бұл өте нақты көрінеді: студент ұғымды ерітіндімен, тұнбамен, спектрмен, өлшенген санмен байланыстырады. Бірақ зертхананың өзі автоматты түрде зерттеушілік дағды бермейді. Студент тек дайын әрекетті қайталаса, тәжірибе бар, зерттеу жоқ.

Domin (1999) дәстүрлі зертханалық оқыту студентті көбіне «орындаушы» рөлінде қалдыратынын жазған. Prince (2004) белсенді оқуда таңдау, талқылау және өз шешімін дәлелдеу маңызды екенін көрсетеді. Қол жұмыс істеп тұрғанымен, ой жұмыс істемеуі мүмкін. Колбаны шайқау - зерттеу емес. Неге дәл сондай нәтиже шыққанын түсіндіру - зерттеуге жақынырақ.

Pedaste et al. (2015) inquiry үдерісін бағдарлану, мәселені тұжырымдау, зерттеу жүргізу, қорытынды шығару, талқылау және рефлексия кезеңдері арқылы сипаттайды. Бірақ химия зертханасында бұл кезеңдер әрдайым таза ретпен жүрмейді. Студент кейде сорбция нәтижесін көргеннен кейін ғана бастапқы болжамының әлсіз болғанын байқайды. Кейде ИҚ-спектрдегі бір жолақ синтез шартын қайта ойлауға мәжбүр етеді.

Dah et al. (2024) ашық inquiry туралы жүйелі шолуда еркіндік артқан сайын когнитивтік өсім күшеюі ықтимал екенін айтады. Дегенмен мұнда тәуекел бар. Тірексіз еркіндік студентті зерттеуге емес, адасуға алып келуі мүмкін. de Jong et al. (2024) inquiry мен тікелей нұсқаулықты қарсы қоюдың өнімсіз екенін атап өтеді. Химия зертханасында таңдау да керек, әдістемелік тірек те керек.

Zammit et al. (2024) АҚШ-тағы жоғары білім зертханалары бойынша ұлттық сауалнама жүргізіп, inquiry деңгейі курстар арасында бірдей емес екенін анықтаған. Кей зертханада студентке таңдау беріледі, көп жерде ол таңдау өте шектеулі. Seery et al. (2024) зертханалық оқытуға арналған он басшылық қағида ұсынады: тапсырма мағыналы болуы, дәлелге сүйенуі және рефлексиямен аяқталуы тиіс. Техниканы меңгеру аз. Студент оны не үшін қолданғанын түсінуі керек.

Mundy et al. (2024) зертханалық педагогиканы жақсартуда design-based research тәсілін талдаған. Бұл бағытта сабақ зерттеуден бөлек қаралмайды: сабақтың өзі сыналады, қайта құрылады, тағы тексеріледі. Зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыруға мұндай логика үйлеседі. Болашақ химик те, болашақ химия мұғалімі де сұрақ қоя білуі керек. Әдіс таңдайды. Дерекке күмәнмен қарайды. Нәтижені «дұрыс шықты» немесе «дұрыс шықпады» деп қана емес, химиялық себеппен түсіндіреді.

Brew (2013) бакалавриаттағы зерттеуді жеке жоба емес, оқу мазмұнына кіріккен әрекет ретінде қарастырады. Willison және O'Regan (2007) студенттің зерттеуші ретінде өсуін тәуелсіздік пен әдіснамалық жауапкершіліктің біртіндеп артуымен байланыстырады. Зертхана осы өсімді көруге ыңғайлы: жоспарлау бар, орындау бар, салыстыру бар, қателікті түсіндіру бар. Бірақ бәрі студенттің өз ойымен байланыспаса, зертхананың мүмкіндігі толық ашылмайды.

Осы зерттеуде зерттеушілік құзыреттілік төрт бөлікке бөлінді: когнитивтік, процедуралық, аналитикалық және рефлексивтік. Мұндай бөлу зертханалық жұмыстың ішкі қозғалысына сәйкес келеді. Когнитивтік бөлік теорияны түсінумен байланысты. Процедуралық бөлік тәжірибені жоспарлау мен орындауды қамтиды. Аналитикалық бөлік деректі өңдеу және түсіндіруге сүйенеді. Рефлексивтік бөлік студенттің өз нәтижесіне, қатесіне және жұмыстың шектеуіне қайта қарауын көрсетеді.

Hofstein et al. (2005) inquiry типті зертхана осындай дағдыларға ықпал ете алатынын көрсеткен. Бірақ химия біліміндегі бірқатар жұмыстарда химиялық мазмұн салыстырмалы түрде жеңіл деңгейде қалады. Проблема осында. Зерттеу формасы бар, ал мазмұн студентті шынайы ғылыми ойлауға итермелемеуі мүмкін. Сондықтан химиялық контекст кездейсоқ таңдалмауы керек.

Неге дәл ионалмастырғыш материалдар? Ионалмастырғыш материал - құрамында ерітіндідегі иондармен қайтымды алмасатын бекітілген функционалдық топтары бар полимерлік немесе минералдық матрица. Helfferich (1962) және Alexandratos (2009) бұл материалдарды құрылымы мен қызметі өзара тығыз байланысқан күрделі жүйелер ретінде сипаттайды. Бір объектімен жұмыс барысында студент материалды алу шартын талдайды, ионалмасу сыйымдылығын сандық анықтайды, ИҚ-спектр арқылы функционалдық топтарды сәйкестендіреді және металл иондарының сорбциясын бағалайды.

Бұл контекстің артықшылығы барлық басқа химиялық тақырыптардан абсолютті басымдығында емес. Оның дидактикалық ерекшелігі - бір зерттеу тізбегінде бірнеше басқарылатын айнымалының, әртүрлі дерек түрлерінің және «құрылым-қасиет-қызмет» байланысының қатар көрінуі. Студент функционалдық топ, pH, жанасу уақыты, бастапқы концентрация немесе материал түрі сияқты бір айнымалыны таңдап, қалған шарттарды бақылауда ұстайды. Титриметриялық дерек, ИҚ-спектр және сорбциялық көрсеткіштер бір-бірін толықтырады. Сондықтан бір кезеңдегі шешім келесі кезеңдегі нәтижеге әсер етіп, ауытқуды жай ғана «қате» деп емес, химиялық себеп-салдар арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді.

Көптеген қысқа оқу тәжірибелерінде соңғы нәтиже алдын ала белгілі болып, студенттің міндеті сол нәтижеге дұрыс жетумен шектелуі мүмкін. Ионалмастырғыш материалдарда бір ғана дұрыс сан жоқ: сыйымдылық материалдың күйіне, функционалдық орталықтарға және өлшеу шартына тәуелді; спектрлік белгі толық немесе әлсіз көрінуі мүмкін; сорбция нәтижесіне ерітінді ортасы мен жанасу тәртібі әсер етеді. Осы белгісіздік басқарылатын inquiry үшін маңызды, өйткені студентке болжам ұсыну, айнымалыны негіздеу, деректі салыстыру және шектеуді көрсету қажет болады.

Chu et al. (2023) зертханалық курстарға scaffolded inquiry және project-based learning элементтерін кезеңдеп енгізу эксперименттік дизайнды, аргументацияны және деректермен жұмыс істеуді күшейте алатынын көрсеткен. Алайда ионалмастырғыш материалдардың «алу-сыйымдылық-құрылым-сорбция» тізбегін зерттеушілік құзыреттіліктің когнитивтік, процедуралық, аналитикалық және рефлексивтік компоненттерімен жүйелі сәйкестендіріп, бақылау тобымен салыстырған педагогикалық зерттеулер аз.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы**

Зерттеудің ғылыми жаңалығы ионалмастырғыш материалды зерттеушілік құзыреттілікті дамытуға арналған бірізді дидактикалық модель ретінде ұйымдастыруда. Материалды алу, ионалмасу сыйымдылығын анықтау, ИҚ-спектрлік сәйкестендіру және сорбциялық қолдану кезеңдері «құрылым-қасиет-қызмет» тізбегіне біріктірілді. Әр кезең құзыреттіліктің төрт компонентіндегі оқу әрекеттерімен және бағалау дескрипторларымен сәйкестендірілді. Модель дайын нұсқаулықпен оқытылатын бақылау тобымен квазиэксперименттік жағдайда салыстырылды. Ионалмастырғыш материал бір объектіде бірнеше айнымалы мен әртүрлі дерек түрін байланыстыруға мүмкіндік береді.

Осы еңбектерден шығатын ортақ тұжырым мынау: зертханалық реформаларда тапсырманың шынайылығы, әдістемелік тірек және бағалау жүйесі бірге қаралуы керек (Chu et al., 2023; Mundy et al., 2024; Seery et al., 2024). Демек, сұрақ тек «қандай тақырып оқытылды?» дегенге тірелмейді. Тақырып қалай ұйымдастырылды? Студентке қандай таңдау берілді? Қай нәтиже бағаланды? Осы үш сұрақ шешуші.

1-сурет химиялық мазмұн мен зертханалық педагогикаға арналған әдебиеттің авторлық тақырыптық схемасын көрсетеді. Негізгі Dimensions экспорты мен карта параметрлері ұсынылмағандықтан, сурет сандық библиометриялық карта ретінде түсіндірілмейді.


Схемадағы жасыл торап зерттеуге бағытталған оқыту мен химия зертханасы жөніндегі авторларды (Hofstein, Lunetta, Domin, Pedaste, de Jong, Prince), көк торап зертханалық педагогика мен оқыту дизайнын (Seery, Zammit, Connor, Mundy) жинақтайды. Қызыл торап студенттің зерттеушілік әрекеті мен құзыреттілік шеңберін (Brew, Willison, O'Regan), күлгін торап зертханалық inquiry тапсырмаларын (Chu, Dewey, Zheng), сары торап ионалмасудың

химиялық негізін (Helfferich, Alexandratos) бейнелейді. Бұл түстер суреттегі авторлардың тақырыптарына сүйенген авторлық жіктеу.

Осылайша 1-сурет химия мазмұны мен оқыту әдістемесінің мақаланың әдеби негізінде қалай қатар қаралғанын көрсетеді. Кластер атаулары мәтінде берілді және суреттің оқылатын кескіні сақталды.

**Сурет 1**

*Зертханалық педагогика мен ионалмасу мазмұнына қатысты авторлар топтарының көрнекі сызбасы (авторлық жіктеу; библиометриялық карта емес)*




Зерттеу логикасы осы екі қабаттың түйіскен жерінен құрылды: бір жағында зертханалық оқытуды қайта ұйымдастыру, екінші жағында ионалмастырғыш материалдарды нақты зерттеу нысаны ретінде пайдалану бар.

Зерттеудің мақсаты - ионалмастырғыш материалдарға негізделген зерттеуге бағытталған зертханалық жұмыстардың химия мамандығы студенттерінің зерттеушілік құзыреттілігіне ықпалын бағалау.

Гипотеза: зерттеу сұрағы, дерекпен жұмыс және рефлексия кіріктірілген модульдер бақылау тобымен салыстырғанда жоғарырақ нәтиже беруі мүмкін. Ең үлкен өзгеріс процедуралық және аналитикалық компоненттерден күтілді. Себебі дәл осы екі компонент тәжірибені жоспарлау, өлшеу шартын таңдау және нәтижені химиялық тұрғыдан түсіндірумен тікелей байланысты.

## Әдістер мен материалдар

Әдебиеттің екі тақырыптық бағытын жинақтау үшін 1-сурет авторлық көрнекі схема ретінде пайдаланылды. Зерттеу қалыпты оқу үдерісінде жүргізілді. Академиялық топтар мен сабақ кестесі алдын ала бекітілгендіктен, студенттер кездейсоқ бөлінбеді. Сондықтан сынаққа дейінгі және сынақтан кейінгі бақылау тобы бар квазиэксперименттік дизайн қолданылды.

Зерттеуге 62 студент қатысты. Эксперименттік топта - 31 студент, бақылау тобында - 31 студент. Екі топ та бірдей химиялық мазмұнды оқыды. Айырмашылық тапсырманың берілуінде болды. Бақылау тобы дайын нұсқаулықпен жүрді. Эксперименттік топта студент зерттеу сұрағын нақтылады, pH, уақыт, концентрация немесе материал түрі сияқты айнымалыны негіздеді, нәтижені салыстырды және жұмыстың шектеуін түсіндірді.

**Этикалық рәсімдер**

Зерттеу оқу үдерісіндегі қалыпты зертханалық жұмыстар аясында жүргізілді және студенттерге қосымша қауіп төндірмеді. Қатысушыларға зерттеудің мақсаты, деректердің тек ғылыми-әдістемелік талдау үшін қолданылатыны және қатысудан бас тарту немесе дерегін пайдалануға келісім бермеу оқу бағасына әсер етпейтіні алдын ала түсіндірілді. Қолжазбада тек келісім берген студенттердің жасырындандырылған оқу-зертханалық деректері пайдаланылды.

Құпиялылықты сақтау үшін зертханалық есептер мен бақылау парақтары кодталды; студенттердің аты-жөні деректер файлына енгізілген жоқ. Нәтижелер жеке студентті тануға мүмкіндік бермейтін жинақталған түрде ғана берілді.

Зерттеу кезеңінде осы жұмысқа арналған этикалық комитеттің жеке мақұлдауы алынбады; ресми босату құжаты да ұсынылмады.

Модульдік зертханалық оқыту төрт өзара байланысты кезеңнен тұрды: 1) ГМА-ММА негізіндегі ионалмастырғыш материалды синтездеу және оксиэтилидендифосфон қышқылымен (ОЭДФҚ) модификациялау; 2) статикалық ионалмасу сыйымдылығын анықтау; 3) ИҚ-спектр арқылы құрылымдық сәйкестендіру; 4) $Cu^{2+}$ және $Ni^{2+}$ иондарының сорбциясын бағалау. Рецензент қолданған «синтез» және «модификация» атаулары осы модельдің бірінші кіріктірілген модуліндегі екі бірізді операцияны білдіреді; олар бөлек нәтиже емес, бір материалды алу логикасында бірге бағаланды. Қалған үш модуль сыйымдылықты сандық анықтау, құрылымды идентификациялау және сорбциялық қолдануға сәйкес келеді. Эксперименттік топта студент бір тәуелсіз айнымалыны негіздеп, қалған шарттарды тұрақты ұстады; бақылау тобы сол химиялық мазмұнды дайын алгоритм бойынша орындады. Толық қайталау параметрлері Қосымша А-дағы төрт әдістемелік картада берілді.

**Терминологиялық түсіндірме.** Жалпы педагогикалық аудитория үшін мақалада қолданылған негізгі ұғымдар қысқаша былай түсіндіріледі: функционалдық топ - материалдың иондармен әрекеттесуін анықтайтын химиялық орталық; ионалмасу сыйымдылығы - материалдың бірлік массасы алмастыра алатын иондар мөлшері; ИҚ-спектр - функционалдық топтарды олардың сипаттамалық жұтылу жолақтары арқылы тануға мүмкіндік беретін құрылымдық дерек; сорбция - ерітіндідегі иондардың қатты материалда жиналуы. Бұл ұғымдар педагогикалық модельде жеке мақсат емес, студенттің деректі байланыстырып түсіндіруіне қызмет етеді.

**Кесте 1**

*Зертханалық модульдердің қысқаша әдістемелік картасы және бағаланатын құзыреттілік компоненттері*

| Модуль | Негізгі зерттеу сұрағы | Студенттің әрекеті және таңдауы | Тіркелетін дерек/нәтиже | Нысаналы компонент |
|---|---|---|---|---|
| 1.Синтездеу және модификациялау | ОЭДФҚ мөлшері материалдың түзілуі мен кейінгі қасиетіне қалай әсер етеді? | ГМА-ММА сополимерін ОЭДФҚ-пен модификациялайды; реагенттер қатынасын негіздейді; температура мен уақытты тұрақты ұстайды. | Реагенттер қатынасы, шығым, гель түзілуі, түйіршік фракциясы және зертханалық хаттама. | Когнитивтік, процедуралық |
| 2.Статикалық ионалмасу сыйымдылығы | Материалдағы алмасуға қабілетті қышқылдық орталықтардың мөлшері қандай? | 0.1000 г үлгіні 25.00 мл 0.1 н NaOH-пен 24 сағат өңдейді; аликвотты кері титрлейді; бос тәжірибені және үш қайталауды орындайды. | Титрант көлемі, Q (мг-экв/г немесе ммоль-экв/г), орташа мән, SD және RSD%. | Процедуралық, аналитикалық |

| Модуль | Негізгі зерттеу сұрағы | Студенттің әрекеті және таңдауы | Тіркелетін дерек/нәтиже | Нысаналы компонент |
|---|---|---|---|---|
| 3. ИҚ-спектрлік идентификация | Эпоксидтік топтың өзгеруі мен фосфорлы топтардың енгізілуін ИҚ-спектр растай ма? | Бастапқы және модификацияланған үлгілерді KBr таблеткасы әдісімен салыстырады; диагностикалық жолақтарды тағайындайды. | 850-1250 және 3012-3075 $см^{-1}$ эпоксидтік аймақтары; 1267 және 703 $см^{-1}$ фосфорлы топ белгілері; әдіс шектеуі. | Аналитикалық, рефлексивтік |
| 4. $Cu^{2+}$ және $Ni^{2+}$ сорбциясы | pH, уақыт немесе $C_0$ сорбция сыйымдылығына қалай әсер етеді? | Бір айнымалыны таңдайды; m = 0.1000 г, V = 50.0 мл және температураны бақылайды; $C_e$-ні калибрлеу арқылы анықтайды. | $q_e$, R, калибрлеу графигі, орташа мән ± SD, химиялық түсіндірме және рефлексия. | Аналитикалық, рефлексивтік |

*Ескерту.* ГМА–ММА — глицидилметакрилат пен метилметакрилат сополимері; ОЭДФҚ — оксиэтилидендифосфон қышқылы; *Q* — ионалмасу сыйымдылығы; *SD* — стандартты ауытқу; *RSD* — салыстырмалы стандартты ауытқу.

**Модульдерді орындаудың қысқаша әдістемелік сипаттамасы**

**1-модуль. Синтездеу және модификациялау.** Зертханалық модульде бастапқы ГМА-ММА сополимерінің біртекті партиясы қолданылды. Ионалмастырғыш материалды алу үшін ГМА-ММА сополимерінің ДМФА-дағы ерітіндісі 35%-дық ОЭДФҚ ерітіндісіне біртіндеп қосылды. Негізгі қайталау режимі: сополимер:ОЭДФҚ массалық қатынасы 1.0:1.0, 90 °C және 10 сағат. Зерттеушілік тапсырмада 1.0:0.5, 1.0:1.0, 1.0:2.0 және 1.0:3.0 қатынастары салыстырылуы мүмкін. Гель түзілгеннен кейін материал 90 °C-та қатырылып, ұсақталып, 0.25-1.00 мм фракциясы алынды (Sadykov et al., 2022). Студент реагенттер қатынасын тәуелсіз айнымалы ретінде негіздеп, температура мен уақытты тұрақты ұстады.

**2-модуль. Статикалық ионалмасу сыйымдылығын анықтау.** Құрғақ $H^+$-формадағы катиониттің 0.1000 г үлгісіне 25.00 мл 0.1 н NaOH қосылып, қоспа 24 сағат ұсталды. Сүзіндіден 5.00 мл аликвот алынып, 0.1 н HCl ерітіндісімен титрленді; бос тәжірибе дәл сол жағдайда жүргізілді. Сыйымдылық $Q = ((V_0 - V)\cdot N\cdot K\cdot V_{жалпы}) / (V_{аликвот}\cdot m)$ формуласы бойынша мг-экв/г немесе ммоль-экв/г бірлігінде есептелді (GOST 20255.1-89, 2002). Әр үлгі кемінде үш рет анықталып, орташа мән, стандартты ауытқу және салыстырмалы стандартты ауытқу берілді.

**3-модуль. Құрылымдық сәйкестендіру.** Бастапқы ГМА-ММА сополимері мен модификацияланған ГМА-ММА-ОЭДФҚ ионитінің ИҚ-спектрлері Nicolet 5700 немесе баламалы Фурье-ИҚ спектрометрінде KBr таблеткасы әдісімен салыстырылды. Эпоксидтік фрагментке тән 850, 912, 1000, 1250, 3012 және 3075 $см^{-1}$ жолақтарының әлсіреуі немесе жойылуы, сондай-ақ 1267 және 703 $см^{-1}$ аймақтарындағы P=O және C-P/P-O тербелістерінің пайда болуы құрылымдық белгі ретінде қаралды. Студент әр жолақтың тағайындалуын негіздеп, ИҚ-спектр функционалдануды қолдайтынын, бірақ байланысу механизмін өздігінен толық дәлелдемейтінін шектеу ретінде көрсетті.

**4-модуль. Сорбциялық қолдану.** Қайта жүргізуге арналған стандартталған базалық нұсқада 0.1000 г ионит 50.0 мл $Cu^{2+}$ немесе $Ni^{2+}$ ерітіндісімен жанастырылды; бастапқы концентрация $C_0$ = 100 мг/л, температура 25 ± 2 °C. Студент бір ғана тәуелсіз айнымалыны таңдады: pH 3.0-5.0, жанасу уақыты 30-120 минут немесе бастапқы концентрация 50-100 мг/л. Қалған параметрлер тұрақты ұсталды. Тепе-теңдік концентрациясы жеке дайындалған калибрлеу графигі бойынша анықталып, $q_e = (C_0 - C_e)V/m$ және $R = (C_0 - C_e)/C_0\cdot 100\%$ есептелді. Бұл pH пен уақыт қатарлары бастапқы тарихи хаттаманың жасырын параметрлері ретінде

емес, басқа оқу орнында интервенцияны бірізді қайталауға арналған стандартталған репликация матрицасы ретінде енгізілді.

Модельді басқа оқу орнында қайталау үшін химиялық объект пен педагогикалық әрекет бөлек көрсетілді. Өзгермейтін педагогикалық құрылым: зерттеу сұрағы, бір тәуелсіз айнымалы, бақыланатын шарттар, кемінде үш қайталау, өлшенетін нәтиже және рефлексия. Химиялық шарттар Қосымша А-да нақты берілген. Сақталған бастапқы хаттамада бірмәнді тіркелмеген pH және жанасу уақыты ретроспективті түрде ойдан толықтырылған жоқ; олардың орнына репликацияға арналған стандартталған деңгейлер ашық белгіленді. Осы айырмашылық әдістемелік қайталанымдылықты күшейтеді және бастапқы деректерді бұрмалауға жол бермейді.

2-сурет модульдік оқытудың ішкі құрылымын береді. Онда химиялық мазмұн мен зерттеу әрекеті қатар жүреді: студент сұрақ қояды, айнымалыны таңдайды, тәжірибе жүргізеді, деректі түсіндіреді және соңында өз жұмысына қайта қарайды. Бұл тізбектің әлсіз тұсы да бар: бір кезеңдегі қате келесі кезеңнің түсіндірмесін қиындатуы мүмкін.

**Сурет 2**

*Ионалмастырғыш материалдарға негізделген зертханалық интервенция логикасы*




Зерттеушілік құзыреттілік төрт компонентпен бағаланды: когнитивтік, процедуралық, аналитикалық және рефлексивтік. Когнитивтік компонент теориялық ұғымды тәжірибе нәтижесімен байланыстыруды қамтыды. Процедуралық компонент тәжірибені жоспарлау және өлшеу тәртібін сақтау арқылы қаралды. Аналитикалық компонент деректі өңдеу, салыстыру және химиялық түсіндіру сапасына сүйенді. Рефлексивтік компонент студенттің өз нәтижесіне күмәнмен қарауы, әдістің шектеуін көруі және келесі жұмыста нені өзгерту керегін ұсынуы арқылы анықталды.

Құзыреттілік компоненттері 1–4 балдық аналитикалық рубрикамен бағаланды; жалпы деңгейлер төмен, орта, жеткілікті және жоғары санаттарға бөлінді. Бастапқы және қорытынды $2 \times 4$ кестелеріне Pearson $\chi^2$ және, шағын күтілетін жиіліктерге байланысты, жол мен баған жиынтықтары бекітілген шартты дәл p мәні есептелді. Жеке студенттердің сәйкестендірілген бастапқы және қорытынды балдары, сондай-ақ компоненттердің бастапқы балдары қолда болмағандықтан, жұпталған тесттер қолданылмады; компоненттік қорытынды мәндер сипаттамалық түрде берілді.

**Бағалау рубрикасы және бағалау тәртібі**

Зерттеушілік құзыреттілік аналитикалық рубрика арқылы бағаланды. Рубрика төрт компоненттен тұрды: когнитивтік, процедуралық, аналитикалық және рефлексивтік. Әр компонент 1-ден 4 балға дейін белгіленді: 1 - төмен, 2 - орта, 3 - жеткілікті, 4 - жоғары деңгей. Қорытынды деңгей бір ғана дұрыс жауапқа емес, студенттің зертханалық есептегі дәлеліне, деректі өңдеуіне, химиялық түсіндіруіне және рефлексиясына сүйеніп қойылды.

Төмен деңгейде студент дайын нұсқауды орындайды, бірақ зерттеу сұрағын және алынған деректің химиялық мағынасын толық түсіндіре алмайды. Орта деңгейде негізгі әрекет орындалады, алайда айнымалыны негіздеу мен қате көзін түсіндіру әлсіз болады. Жеткілікті

деңгейде студент айнымалыны таңдап, нәтижені салыстырады және негізгі химиялық себепті көрсете алады. Жоғары деңгейде зерттеу сұрағы, әдіс таңдауы, дерек талдауы және шектеуді көрсету бір логикаға бірігеді.

Бағалауды зертханалық курсқа жауапты оқытушы бірдей аналитикалық рубрика бойынша жүргізді. Дескрипторлар зерттеу сұрағын тұжырымдау, айнымалыны негіздеу, тәжірибе тәртібі, деректі өңдеу, химиялық түсіндіру және рефлексия сияқты оқу әрекеттерімен сәйкестендірілді. Шекаралық жұмыстар рубрика бойынша қайта қаралды. Екінші тәуелсіз бағалаушы болмағандықтан, бағалаушылар келісімі есептелмеді.

3-суретте зерттеу дизайнының қысқаша моделі көрсетілген. Бір пән, бір академиялық кезең және бірдей мазмұн сақталған. Айырмашылық студентке берілген тапсырма түрінде болды: бір топ дайын алгоритммен жұмыс істеді, екінші топ айнымалыны таңдау, деректі салыстыру және шектеуді түсіндіру сияқты зерттеу әрекеттерін орындады.

**Сурет 3**

*Квазиэкспериментік зерттеу дизайнының қысқаша сызбасы*




## Нәтижелер және оларды талдау

Бастапқы деңгейлік таралулар 2-кестеде берілген. Pearson $\chi^2(3, N = 62) = 0.18$, асимптоталық $p = .981$; жиынтықтар бекітілген дәл шартты $p = 1.000$. Күтілетін ұяшық жиіліктері 1.0–13.5 аралығында (8 ұяшықтың 4-еуі 5-тен төмен), сондықтан негізгі пайымдауда дәл р мәніне сүйенеміз.

Қорытынды таралуда эксперименттік топта төмен деңгей 13-тен 7-ге азайып, жоғары деңгей 1-ден 6-ға өсті. Бақылау тобында сәйкес өзгерістер 13-тен 12-ге және 1-ден 2-ге болды. Бұлар агрегаттық шеткі жиіліктер; бір студенттің қандай деңгейден қай деңгейге өткенін көрсетпейді (2-кесте).

**Кесте 2**

*Сынаққа дейінгі және сынақтан кейінгі құзыреттілік деңгейлерінің таралуы*

| Деңгей | Эксп. топ, дейін | Бақ. топ, дейін | Эксп. топ, кейін | Бақ. топ, кейін |
|---|---|---|---|---|
| Төмен | 13 | 13 | 7 | 12 |
| Орта | 13 | 14 | 8 | 13 |
| Жеткілікті | 4 | 3 | 10 | 4 |
| Жоғары | 1 | 1 | 6 | 2 |
| Барлығы | 31 | 31 | 31 | 31 |

*Ескерту.* Эксп. — эксперименттік топ; Бақ. — бақылау тобы; әр топта $n = 31$.

Қорытынды кесте үшін Pearson $\chi^2(3, N = 62) = 7.08$, асимптоталық $p = .069$; күтілетін жиіліктер 4.0–10.5 (8 ұяшықтың 2-еуі 5-тен төмен). Жол мен баған жиынтықтарын бекітіп, мүмкін 2 × 4 кестелерді толық санап, Pearson $\chi^2$ статистикасы бақыланған мәннен кем емес

кестелер ықтималдығын қосқанда дәл шартты $p = .072$ алынды. Екі есеп те .05 шегінен жоғары. Cramér $V = .34$ сипаттамалық әсер шамасы ретінде берілді.

Деңгейлерді 1–4 балл деп кодтағанда, эксперименттік топтың орташа деңгейі 55/31 = 1.774-тен 77/31 = 2.484-ке, бақылау тобында 54/31 = 1.742-ден 58/31 = 1.871-ге өзгерді. Агрегаттық орташа өзгерістер тиісінше +0.710 және +0.129 балл, айырмасы +0.581 балл болды. Бұл топтық жиынтықтардың сипаттамалық айырмасы.

2-кестеде жеке студенттің «дейін–кейін» ауысуы берілмегендіктен, Wilcoxon, McNemar және normalized gain көрсеткіштері есептелмеді.

3-кестедегі төрт компоненттің қорытынды орташа балдары эксперименттік топта жоғары. Ең үлкен топаралық айырма аналитикалық (+0.9) және процедуралық (+0.8) компоненттерде байқалды.

**Кесте 3**

*Қорытынды өлшемдегі зерттеушілік құзыреттілік компоненттерінің сипаттамалық орташа балдары (1–4 шкала)*

| **Компонент** | Эксперименттік топ: кейінгі орташа балл | Бақылау тобы: кейінгі орташа балл | Кейінгі айырма |
|---|---|---|---|
| Когнитивтік | 2.9 | 2.3 | +0.6 |
| Процедуралық | 3.2 | 2.4 | +0.8 |
| Аналитикалық | 3.1 | 2.2 | +0.9 |
| Рефлексивтік | 2.8 | 2.1 | +0.7 |

3-кесте тек қорытынды орташа балдарды көрсетеді; компоненттердің бастапқы балдары мен вариациясы болмағандықтан, олар бойынша жеке өсім талданбады. Процедуралық және аналитикалық компоненттердің қорытынды айырмалары модуль тапсырмаларының мазмұнымен үйлеседі: студент айнымалыны таңдады, өлшеу шартын негіздеді, сыйымдылық пен сорбция деректерін химиялық түсіндірді.

Зерттеу барысында ионалмастырғыш материалдарды зертханалық оқытуда пайдаланудың маңызы осы тұстан көрінді. Олар тек химиялық объект емес, зерттеу әрекетін құрастыруға ыңғайлы негіз болды. Тапсырма синтезден басталып, сипаттау мен қолдануға дейін барғандықтан, студент бір нәтижені екіншісімен байланыстыруға мәжбүр болды. Бұл Seery et al. (2024) ұсынған зертханалық оқытуды мақсат, әрекет және бағалау бірлігі ретінде жобалау қағидасымен сәйкес келеді. Mundy et al. (2024) талдаған «design-based research» логикасы да осыған жақын. Ол жерде сабақ тек өткізіліп қоймайды, оның ішкі құрылымы тексеріледі және қайта қаралады.

Алынған нәтиже Chu et al. (2023) сипаттаған «scaffolded inquiry» зертханаларымен де үндеседі. Ол еңбекте студентке толық еркіндік емес, біртіндеп күрделенетін зерттеу кеңістігі беріледі. Осы зерттеуде де сондай жол таңдалды: тірек бар, бірақ барлық шешім дайын күйде ұсынылмайды.

Осыдан практикаға жақын мынадай қорытынды жасауға болады: химия зертханасын бірден толық ашық зертханаға айналдырудың қажеті жоқ. Оқу уақыты, қауіпсіздік, реактив шығыны және студент дайындығы бәрібір шектеу қояды. Бірақ студентке шағын таңдау беру керек. Айнымалыны негіздеу, нәтижені басқа топпен салыстыру, қате себебін айту, әдістің шектеуін көрсету - осы қадамдар студентті дайын есеп толтырудан деректі түсіндіруге қарай жылжытады.

Осыған орай бағалау жүйесі де соған сай болуы тиіс. Студент тек кестені дұрыс толтырғаны үшін бағаланса, кестені толтыруды үйренеді. Ал сұрақ қою, әдісті таңдау, деректі түсіндіру және шектеуді көру бағаланса, зерттеушілік әрекет оқу нәтижесіне айналады. Сондықтан зертханалық реформа тапсырманы ғана емес, бағалау критерийін де өзгертуді талап етеді.

Зертханалық сабақты өзгерту үшін әрдайым үлкен ғылыми жоба бастау шарт емес. Кейде дайын жұмыстың ішіне екі-үш зерттеу элементін енгізудің өзі жеткілікті. Мысалы, студент бір айнымалыны таңдайды, екі материалдың нәтижесін салыстырады немесе алынған деректегі ауытқуға химиялық түсіндірме жазады. Осындай шағын қадамдар зертхананың сипатын өзгертеді.

Дәстүрлі зертханалық формат қауіпсіздік ережесін, аспапты қолдануды және өлшеу мәдениетін үйретеді. Ұсынылған модульдер осы дайындыққа зерттеу сұрағын, айнымалыны негіздеуді және деректі түсіндіруді қосады.

Оқытушы үшін мұндай модельдің нақты артықшылығы бар. Студенттің сұрақ қоюы, айнымалыны таңдауы, өлшеу тәртібін сақтауы, деректі түсіндіруі және шектеуді атауы бөлек бақыланады. Яғни бағалау соңғы жауапқа ғана емес, зерттеу әрекетінің өзіне бағытталады. Сонда құзыреттілік жалпы сөз болып қалмайды: студент сұрақ қоя алды ма, айнымалыны не үшін таңдағанын түсіндірді ме, нәтижедегі ауытқуды химиялық себеппен байланыстырды ма - осының бәрі көрінеді.

**Кесте 4**

*Зертханалық жұмысты зерттеуге бағыттау үшін қолдануға болатын педагогикалық қадамдар*

| Педагогикалық қадам | Студент әрекеті | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|
| Зерттеу сұрағын нақтылау | Материал қасиетіне қатысты қысқа зерттеу сұрағын құрастырады | Жұмыстың мақсатын дайын нұсқау емес, тексерілетін міндет ретінде түсінеді |
| Айнымалыны таңдау | pH, уақыт, концентрация немесе материал түрін таңдап, себебін түсіндіреді | Процедуралық дербестік қалыптасады |
| Деректі салыстыру | Өз нәтижесін басқа топтың немесе бастапқы үлгінің дерегімен салыстырады | Деректі жай көшірмей, химиялық себеппен байланыстырады |
| Шектеуді көрсету | Қате көзі мен әдістің әлсіз тұсын атайды | Рефлексия және ғылыми адалдық дамиды |

4-кестедегі қадамдар сырттай шағын көрінуі мүмкін. Бірақ олар студенттің рөлін өзгертеді. Дайын алгоритмді орындаушы студент зерттеу сұрағын қойған сәтте жауапкершілік алады. Айнымалыны таңдағанда әдісті түсіндіруге мәжбүр болады. Деректі салыстырғанда нәтиженің кездейсоқ емес, белгілі бір химиялық себепке тәуелді болуы мүмкін екенін көреді. Ал шектеуді жазғанда есептің «әдемі» көрінуінен гөрі, деректің сенімділігі маңызды екенін түсінеді.

Бағалау критерийлері де осы өзгеріске сай болуы керек. Егер бағалау парағында тек «жұмысты орындады», «есептеді», «қорытынды жазды» деген тармақтар тұрса, студент зерттеу әрекетіне көп мән бермейді. Критерийге «айнымалыны негіздеді», «нәтижедегі ауытқуды түсіндірді», «әдістің шектеуін көрсетті» деген өлшемдер енгізілсе, студент соңғы саннан бұрын ойлау жолына назар аударады.

Бұл тәсіл болашақ химия мұғалімдері үшін де пайдалы болуы мүмкін: зертханалық тапсырманы зерттеу сұрағымен және деректі түсіндірумен ұйымдастыру тәжірибесі педагогикалық дайындыққа сәйкес келеді. Алайда кейінгі кәсіби қызметтегі өзгеріс осы зерттеуде бақыланбады.

Келесі кезең үшін іріктемені кеңейтіп, студенттердің бірегей кодпен байланыстырылған бастапқы және қорытынды балдарын, әр компоненттің балдары мен бағалаушылар

хаттамаларын сақтау қажет. Бұл топтардағы өзгеріс айырмасын тікелей бағалауға, бақылау факторларын ескеруге және бағалаушылар келісімін тексеруге мүмкіндік береді.

Компоненттерді бөлек бағалау студентті бөлшектеп тексеру үшін емес, зерттеу әрекетінің қай тұсы әлсіз екенін көру үшін қажет. Мысалы, студент теорияны білуі мүмкін, бірақ деректі түсіндіре алмауы ықтимал. Немесе тәжірибені дұрыс орындағанымен, нәтижедегі ауытқуға себеп айта алмауы мүмкін. Жалпы балл мұндай айырманы жасырып жібереді.

Сондықтан когнитивтік, процедуралық, аналитикалық және рефлексивтік компоненттер бірге қолданылды. Когнитивтік бөлік студенттің ұғымды түсінуін көрсетеді. Процедуралық бөлік әрекет тәртібін қалай жоспарлағанын ашады. Аналитикалық бөлік алынған деректерді жұмыс істеу сапасын көрсетеді. Рефлексивтік бөлік студенттің өз жұмысына сырттай қарай алуын байқатады. Рубрика студентке зерттеу сұрағын, айнымалыны, деректі түсіндіруді және жұмыс шегін көрсету бойынша нақты кері байланыс беруге арналған.

Мақаладағы негізгі жаңалық жаңа сорбент ұсынуда емес. Жаңалық - ионалмастырғыш материалдардың «алу-сыйымдылық-құрылым-сорбция» тізбегін зерттеушілік құзыреттіліктің төрт компонентімен сәйкестендіріп, оны бірізді оқу-зерттеу моделі ретінде ұйымдастыру және квазиэкспериментік жағдайда бағалау. Химиялық мазмұн педагогикалық мақсатқа қызмет етеді, ал құзыреттілік студенттің нақты зертханалық әрекеттері мен дәлелдері арқылы өлшенеді.

## Қорытынды

Ионалмастырғыш материалдарға негізделген оқу моделі зерттеу әрекетін бірізді ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Эксперименттік топтағы деңгейлік таралуда оң бағыт байқалды; қорытынды топаралық салыстырудың дәл шартты $p = .072$ мәні .05 деңгейіне жетпеді. Бұл нәтижелер модельді жұпталған деректермен қайта бағалауға негіз болады. Қорытынды өлшемде процедуралық және аналитикалық компоненттердің топаралық айырмасы ең үлкен болды (+0.8 және +0.9 балл).

Жұмыстың практикалық маңызы - зертханалық сабаққа зерттеушілік элементті толық еркіндік арқылы емес, басқарылатын таңдау арқылы енгізуге болатынын көрсетуінде. Ионалмастырғыш материалдар мұндай мақсатқа қолайлы: бір тәжірибеде синтез, сипаттау, сандық есептеу, қолданбалы нәтиже және рефлексия бір-біріне байланысады.

**Шектеулер.** Зерттеу бір университетте, бір оқу кезеңінде, студенттерді кездейсоқ бөлмей жүргізілді. Топтардың деңгейлік жиіліктері агрегатталған, ал жеке жұпталған балдар мен компоненттердің бастапқы балдары сақталмаған; сондықтан өсім айырмасы мен компоненттік өзгерістер сипаттамалық деңгейде талданды. Бағалауды бір оқытушы жүргізді; ықтимал субъективтілік пен бағалаушылар келісімі бөлек тексерілмеді. Осы зерттеуге арналған этикалық мақұлдау не ресми босату құжаты ұсынылмаған, ал зерттеу кезеңіндегі мекеме талабы құжатпен нақтыланбаған. Келесі зерттеуде институционалдық шешімді алдын ала тіркеп, кодталған жұпталған балдарды сақтап, тәуелсіз бағалаушы мен бірнеше оқу орнын тарту орынды.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізмі

Alexandratos, S. D. (2009). Ion-exchange resins: A retrospective from industrial and engineering chemistry research. *Industrial & Engineering Chemistry Research, 48*(1), 388–398. https://doi.org/10.1021/ie801242v

Brew, A. (2013). Understanding the scope of undergraduate research: A framework for curricular and pedagogical decision-making. *Higher Education, 66*(5), 603–618. https://doi.org/10.1007/s10734-013-9624-x

Chu, C., Dewey, J. L., & Zheng, W. (2023). An inorganic chemistry laboratory technique course using scaffolded, inquiry-based laboratories and project-based learning. *Journal of Chemical Education, 100*(9), 3500–3508. https://doi.org/10.1021/acs.jchemed.3c00547

Dah, N. M., Mat Noor, M. S. A., Kamarudin, M. Z., & Syed Abdul Azziz, S. S. (2024). The impacts of open inquiry on students' learning in science: A systematic literature review.

*Educational Research Review, 43*, Article 100601. https://doi.org/10.1016/j.edurev.2024.100601

de Jong, T., Lazonder, A. W., Chinn, C. A., Fischer, F., Gobert, J., Hmelo-Silver, C. E., Koedinger, K. R., Krajcik, J. S., Kyza, E. A., Linn, M. C., Pedaste, M., Scheiter, K., & Zacharia, Z. C. (2024). Beyond inquiry or direct instruction: Pressing issues for designing impactful science learning opportunities. *Educational Research Review, 44*, Article 100623. https://doi.org/10.1016/j.edurev.2024.100623

Domin, D. S. (1999). A review of laboratory instruction styles. *Journal of Chemical Education, 76*(4), 543–547. https://doi.org/10.1021/ed076p543

GOST 20255.1-89. (2002). *Иониты. Метод определения статической обменной емкости* [Ion-exchange resins: Method for determining static exchange capacity]. ИПК Издательство стандартов.

Helfferich, F. (1962). *Ion exchange*. McGraw-Hill.

Hofstein, A., & Lunetta, V. N. (2004). The laboratory in science education: Foundations for the twenty-first century. *Science Education, 88*(1), 28–54. https://doi.org/10.1002/sce.10106

Hofstein, A., Shore, R., & Kipnis, M. (2005). Providing high school chemistry students with opportunities to develop learning skills in an inquiry-type laboratory. *International Journal of Science Education, 27*(1), 47–62. https://doi.org/10.1080/0950069042000261302

Mundy, C. E., Potgieter, M., & Seery, M. K. (2024). A design-based research approach to improving pedagogy in the teaching laboratory. *Chemistry Education Research and Practice, 25*(1), 266–275. https://doi.org/10.1039/D3RP00134B

Pedaste, M., Mäeots, M., Siiman, L. A., de Jong, T., van Riesen, S. A. N., Kamp, E. T., Manoli, C. C., Zacharia, Z. C., & Tsourlidaki, E. (2015). Phases of inquiry-based learning: Definitions and the inquiry cycle. *Educational Research Review, 14*, 47–61. https://doi.org/10.1016/j.edurev.2015.02.003

Prince, M. (2004). Does active learning work? A review of the research. *Journal of Engineering Education, 93*(3), 223–231. https://doi.org/10.1002/j.2168-9830.2004.tb00809.x

Sadykov, K. A., Bektenov, N. A., & Ybraimzhanova, L. K. (2022). Obtaining new polyfunctional ion-exchange sorbents. *Chemical Journal of Kazakhstan, 2*(78), 70–79. https://doi.org/10.51580/2022-2/2710-1185.66

Seery, M. K., Agustian, H. Y., Christiansen, F. V., Gammelgaard, B., & Malm, R. H. (2024). 10 guiding principles for learning in the laboratory. *Chemistry Education Research and Practice, 25*(2), 383–402. https://doi.org/10.1039/D3RP00245D

Willison, J., & O'Regan, K. (2007). Commonly known, commonly not known, totally unknown: A framework for students becoming researchers. *Higher Education Research & Development, 26*(4), 393–409. https://doi.org/10.1080/07294360701658609

Zammit, K. M., Connor, M. C., & Raker, J. R. (2024). Evaluating the level of inquiry in postsecondary instructional laboratory experiments: Results of a national survey. *Chemistry Education Research and Practice, 25*(1), 79–91. https://doi.org/10.1039/D3RP00154G

*Садыков Канат[1*], Бектенов Несипхан[1], Ахметов Нурлан[1], Дюсебаев Ханат[1], Гавронская Юлия[2]*

[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

[2]Российский государственный педагогический университет имени А.И. Герцена, Санкт-Петербург, Россия

*e-mail: sadykovkanat5@gmail.com

# ЛАБОРАТОРНОЕ ОБУЧЕНИЕ В РАЗВИТИИ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ В УНИВЕРСИТЕТСКОМ ХИМИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ

**Аннотация.** Университетская химическая лаборатория должна обучать студента не только выполнению операций, но и постановке исследовательского вопроса, обоснованию переменной, анализу данных и рефлексии. Для сокращения разрыва между исполнительской и исследовательской деятельностью разработана четырехмодульная лабораторная программа на основе ионообменных материалов. Цель исследования - оценить ее влияние на исследовательскую компетентность студентов-химиков. Использован квазиэкспериментальный дизайн с контрольной группой и измерениями до и после обучения. В исследовании участвовали 62 студента: 31 в экспериментальной и 31 в контрольной группе. Компетентность оценивалась по когнитивному, процедурному, аналитическому и рефлексивному компонентам. Научная новизна состоит в объединении этапов «получение материала - определение ионообменной емкости - структурная идентификация - сорбционное применение» в единую учебно-исследовательскую модель и их соотнесении с четырьмя компонентами компетентности. После обучения число студентов экспериментальной группы с низким уровнем снизилось с 13 до 7, а с высоким уровнем увеличилось с 1 до 6. В контрольной группе изменения были менее выраженными. Анализ Pearson $\chi^2$ не достиг традиционного порога статистической значимости: $\chi^2(3, N = 62) = 7{,}078$, $p = 0{,}069$; условное точное $p = 0{,}072$. Поэтому результат не трактуется как полностью доказанный эффект. Вместе с тем уровневая динамика и более выраженные итоговые межгрупповые различия по процедурному и аналитическому компонентам имеют педагогическое значение. Дидактическая особенность ионообменных материалов заключается в возможности связать условия получения, функциональные группы, емкость, ИК-спектр и сорбцию в логике «структура-свойство-функция».

**Ключевые слова:** исследовательски ориентированное обучение, обучение химии, лабораторное обучение, исследовательская компетентность, ионообменные материалы, квазиэксперимент, высшее образование

*Sadykov Kanat*[1], *Bektenov Nesiphan*[1], *Akhmetov Nurlan*[1], *Dyusebaev Khanat*[1], *Gavronskaya Yulia*[2]
[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
[2]Herzen State Pedagogical University of Russia, Saint Petersburg, Russia
*e-mail: sadykovkanat5@gmail.com

# LABORATORY LEARNING FOR DEVELOPING RESEARCH COMPETENCE IN UNIVERSITY CHEMISTRY EDUCATION

**Abstract.** A university chemistry laboratory should teach students not only to perform operations but also to formulate a research question, justify variables, analyse data, and reflect on results. To reduce the gap between procedural performance and inquiry, a four-module laboratory programme based on ion-exchange materials was developed. The study aimed to evaluate its influence on chemistry students' research competence. A quasi-experimental pre-test/post-test control-group design was used. Sixty-two students participated: 31 in the experimental group and 31 in the control group. Competence was assessed through cognitive, procedural, analytical, and reflective components. The novelty of the study lies in integrating the sequence "material preparation-ion-exchange-capacity determination-structural identification-sorption application" into a coherent educational research model and aligning its stages with the four competence components. After the programme, the number of students at the low level in the experimental group decreased from 13 to 7, while the number at the high level increased from 1 to 6. Changes in the control group were less pronounced. Pearson's chi-square analysis did not reach the conventional significance threshold: $\chi^2(3, N = 62) = 7.08$, $p = .069$; conditional exact $p = .072$. The result should therefore not be interpreted as a fully confirmed effect. Nevertheless, the level shift and the larger post-test differences in the procedural and analytical components are pedagogically noteworthy. The didactic value of ion-

exchange materials lies in enabling students to connect preparation conditions, functional groups, ion-exchange capacity, FTIR data, and sorption within a structure-property-function relationship.

**Keywords:** inquiry-based learning, chemistry education, laboratory learning, research competence, ion-exchange materials, quasi-experiment, higher education

*Келіп түсті 25 мамыр 2026*

**Авторлар туралы мәлімет**

Садыков Қанат Амиркулович- химия ғылымдары магистрі, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: sadykovkanat5@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8931-7973

Бектенов Несіпхан Абжапарович - химия ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: bektenbna@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0003-1427-438X

Ахметов Нурлан Каркенович - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: sadykovkanat5@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9273-3177

Дюсебаев Ханат Алимжанович - химия ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: khanat581219@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0009-0004-0528-3713

Гавронская Юлия Юрьевна - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, А.И. Герцен атындағы Ресей мемлекеттік педагогикалық университеті, Санкт-Петербург, Ресей, e-mail: gavronskaya@yandex.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4813-3235

**Информация об авторах**

Садыков Канат Амиркулович - магистр химических наук, старший преподаватель, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: sadykovkanat5@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8931-7973

Бектенов Несипхан Абжапарович - доктор химических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: bektenbna@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0003-1427-438X

Ахметов Нурлан Каркенович - доктор педагогических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: sadykovkanat5@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9273-3177

Дюсебаев Ханат Алимжанович - кандидат химических наук, доцент Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: khanat581219@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0009-0004-0528-3713

Гавронская Юлия Юрьевна - доктор педагогических наук, профессор, Российский государственный педагогический университет имени А.И. Герцена, Санкт-Петербург, Россия, e-mail: gavronskaya@yandex.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4813-3235

**Information about the authors**

Sadykov Kanat - Master of Chemical Sciences, Senior Lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: sadykovkanat5@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8931-7973

Bektenov Nesiphan - Doctor of Chemical Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: bektenbna@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0003-1427-438X

Akhmetov Nurlan - Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: sadykovkanat5@gmail.com ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9273-3177

Dyusebaev Khanat Alimzhanovich - Candidate of Chemical Sciences, Associate Professor at

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: khanat581219@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0009-0004-0528-3713

Gavronskaya Yulia - Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Herzen State Pedagogical University of Russia, Saint Petersburg, Russia, e-mail: gavronskaya@yandex.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4813-3235

FTAMP 14.25.09
DOI: https://doi.org/10.47344/xmdppz83

*Найля Утеубаева[1]*, Жайнагүл Дүйсебекова[2]*
[1,2]SDU University, Қаскелең, Қазақстан
*e-mail: uteubayeva.nailya@gmail.com

# ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛМЕН ТІЛДІ ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

**Аңдатпа.** Бұл жұмыста 5–8-сынып оқушыларына арналған тілдік дамытуды интеграциялық тәсіл негізінде ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктері қарастырылады. Интеграциялық тәсіл – пәндер арасындағы мазмұндық байланыстарды, тілдік және танымдық дағдыларды біртұтас дамытуға мүмкіндік беретін тиімді әдістемелік ұстаным. Бұл тәсіл оқушылардың тіл үйрену үдерісін тек қана грамматика мен сөздік қорды меңгерумен шектемей, оны пәндік біліммен, өмірлік тәжірибемен және шығармашылық әрекетпен ұштастыруды көздейді. 5–8 сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, интеграциялық тәсіл тілдік дамытуды танымдық қызығушылықпен, сыни ойлаумен және коммуникативтік қабілеттермен ұштастырады. Мұндай әдістемелік тәсілдерде оқу материалы әртүрлі пәндік салалардан алынған мәтіндер, тапсырмалар мен жобалық жұмыстар арқылы ұсынылады. Мысалы, тарих, география, өнер секілді пәндердегі тақырыптар тілдік сабақтарда мәтін, диалог, пікірталас немесе эссе жазу түрінде енгізіледі. Интеграциялық тәсілдің артықшылығы – оқушыны тілдік ортада белсенді әрекет етуге, түрлі тақырыптарды талқылау арқылы ой-өрісін кеңейтуге, мәдениетаралық коммуникация дағдыларын жетілдіруге бағыттауы. Бұл тәсіл оқытуда пәнаралық байланыстарды орнату арқылы білімнің тұтастығын қамтамасыз етеді және тілдік материалды өмірмен байланыстырады. Сонымен бірге, оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеті дамып, ақпаратты талдау, салыстыру және қорыту машығы қалыптасады. Осылайша, 5–8 сыныптарда тілдік дамытуды ұйымдастырудың әдістемелік жолдары интеграциялық тәсілді қолдану арқылы білім алушының жан-жақты дамуына, тілдік және танымдық құзыреттілігінің артуына, оқу мотивациясының күшеюіне мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** интеграциялық тәсіл, тілдік даму, әдістемелік жолдар, пәнаралық байланыс, танымдық қызығушылық, сыни ойлау, коммуникативтік қабілет, шығармашылық, зерттеушілік дағдылар, мәдениетаралық коммуникация, оқу мотивациясы

## Кіріспе

Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, олардың танымдық, коммуникативтік және шығармашылық қабілетін кешенді қалыптастыру мектептің басты міндеттерінің бірі ретінде қарастырылады. Бұл міндетті жүзеге асыруда тілдік құзыреттілік негізгі нәтижелердің қатарына жатады, өйткені тіл тұлғаның қарым-қатынас дағдысын ғана емес, ойлау мәдениетін, дүниетанымын және әлеуметтік-мәдени тәжірибесін қалыптастыратын жетекші құрал қызметін атқарады. Осы тұрғыдан алғанда 5–8-сынып кезеңі ерекше орын алады: бұл жас аралығында оқушылардың логикалық ойлауы, сыни пайымдауы, мәтінмен жұмыс істеу қабілеті және әлеуметтік өзара әрекет дағдылары белсенді дамиды.

Сонымен қатар мектеп тәжірибесінде тілдік дамуды пәндік мазмұнмен кіріктіріп ұйымдастыру мәселесі әлі де жеткілікті деңгейде жүйеленбеген. Интеграциялық тапсырмалар көп жағдайда эпизодтық сипатта қолданылып, олардың тілдік мақсаттары, күтілетін нәтижелері мен бағалау өлшемдері алдын ала нақтыланбайды. Нәтижесінде интеграциялық оқытудың тиімділігі біркелкі дәлелденбей, мұғалімге қолдануға ыңғайлы құрылымдалған модельдің (кезеңдері, тапсырмалар жүйесі, бағалау критерийлері) жеткіліксіздігі байқалады. Бұл жағдай зерттеу үшін проблемалық өрісті қалыптастырып, 5–8-сынып оқушыларының

тілдік құзыреттілігін дамытуда интеграциялық тәсілді жүйелі ұйымдастырудың тиімді әдістерін айқындауды қажет етеді.

Бұл бағыт қазақ тілін оқытудағы мазмұн мен тіл бірлігін ескерген А. Байтұрсынұлы еңбектерінің жалпы әдістемелік бағыттарымен сабақтасады (Baitursynuly, 1992). Пәндік мазмұнды тілдік мақсаттармен кіріктіру арқылы оқушылардың сөздік қоры кеңейіп, мәтінді терең түсінуі, ақпаратты талдау, салыстыру және қорыту дағдылары қалыптасады. Бұл өз кезегінде оқушылардың сыни ойлауын, шығармашылық белсенділігін және коммуникативтік мәдениетін қалыптастырады. Демек, тілдік дамытуды пәндік контентпен ұштастыру тілді тек грамматикалық білім ретінде емес, ойын жеткізу және білімді қолдану құралы ретінде қарастыруға негіз болады.

Осыған байланысты мақаланың негізгі мақсаты — 5–8-сынып оқушыларының тілдік құзыреттілігін пәндік мазмұнмен кіріктіре дамытудың нақты тапсырмалар жүйесін және оны сабақта қолданудың әдістемелік моделін ұсыну әрі оның тиімділігін тәжірибе жүзінде көрсету. Зерттеудің негізгі болжамы — тілдік материал пәндік мәтінмен сатылы біріктіріліп, әр сабақтың тілдік өнімі алдын ала белгіленген критерийлермен бағаланса, оқушылардың тілдік өнімділігі мен ғылыми мәтінмен жұмыс істеу дағдысы жақсарады. Ұсынылатын тәсіл қазақ тілін оқыту әдістемесіндегі мазмұн мен тіл бірлігі идеясына (Baitursynuly, 1992; Orazbaeva, 2005) және пәндік білім мен тілді қатар меңгертуге бағытталған CLIL (Content and Language Integrated Learning) тәсіліне (Coyle et al., 2010) сүйенеді.

Тіл мен пәндік мазмұнды кіріктіру идеясы халықаралық әдістемеде Content and Language Integrated Learning (CLIL) тәсілі арқылы дамыған: ол пәндік білім мен тілді қатар меңгертуге бағытталған (Coyle et al., 2010; Mehisto et al., 2008; Marsh, 2002) және мектеп тәжірибесінде белсенді зерттелген (Dalton-Puffer, 2007; Llinares et al., 2012). Тілді мазмұн арқылы дамытудың тиімділігі иммерсиялық бағдарламаларда расталса (Genesee, 1994; Cummins, 2000), тілдік дамуды күрделі жүйе ретінде қарастыру әдіснамалық тұрғыдан негізделген (Freeman & Cameron, 2008).

Пәнаралық интеграцияның мектеп білімін жаңғыртудағы әлеуеті дидактикалық зерттеулерде көрсетілген (Dosanova, 2016; Oshepkova & Blagov, 2014), ал интеграцияны енгізуге қатысты мұғалімдердің көзқарасы мен қиындықтары да зерттеу нысаны болған (Sharma & Desai, 2002). Бұл бағыт оқыту мазмұны мен танымдық дамудың сабақтастығы туралы дамыта оқыту тұжырымдамаларымен үндеседі (Vygotsky, 2013; Davydov, 2004). Қазақ тілін оқыту әдістемесінде мазмұн мен тіл бірлігі идеясы А. Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алып (Baitursynuly, 1992), кешенді оқыту (Aimautov, 2013), коммуникативтік тәсіл (Orazbaeva, 2005) және пәндік-тілдік интеграция (Aldakhmetova & Karbaeva, 2025) зерттеулерінде жалғасын тапты.

Зерттеудің теориялық негізі тіл мен пәндік мазмұнды біртұтас үдерісте дамыту идеясына сүйенеді: тіл оқшауланған грамматикалық білім ретінде емес, пәндік мазмұнды түсіну, талдау және жеткізу құралы ретінде дамиды. Мұндай тәсілде тілдік даму мәтінмен жұмыс шеберлігінің сатылап күрделенуі арқылы жүзеге асады: тұрмыстық тілді қолданудан — пәндік мәтінді түсініп, ақпаратты талдауға, одан әрі — өз ойын дәлелді әрі жүйелі мәтінде жеткізуге қарай.

Осыдан бағалаудың негізгі қағидаты туындайды: оқушының тілдік дамуы ереже туралы білімнен емес, нақты сөйлеу өнімінен — бейтаныс мәтінді түсінуінен, өз мәтінін құрастыруынан және жағдаятқа лайық жауап бере алуынан — бағаланады. Сондықтан жүйеде әр сабақтың қорытынды тілдік өнімі алдын ала белгіленген критерийлермен бағаланады (Coyle et al., 2010).

## Әдістер мен материалдар

Зерттеу жұмысында интеграциялық оқытудың теориялық және практикалық аспектілерін саралау мақсатында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне салыстырмалы талдау жүргізілді. Оның тиімділігін тексеру мақсатында мектеп жағдайында педагогикалық эксперимент жүргізілді. Эксперимент тәжірибелік және бақылау топтарын қамтыды: 5–8-

сынып оқушыларынан құралған жалпы саны 40 респондент екі топқа бөлініп, әр топта 20 білім алушы қамтылды. Тәжірибелік топта пәнаралық мазмұнға негізделген мәтіндер мен сатылы тапсырмалар жүйесі қолданылды, бақылау тобында дәстүрлі әдістеме сақталды. Эксперимент анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау кезеңдерінен тұрды.

Зерттеу материалы ретінде 5–8-сыныптарға арналған қазақ тілі, әдебиет, тарих және география пәндерінің оқу бағдарламалары мен оқу материалдары пайдаланылды. Сонымен қатар пәнаралық байланысқа негізделген тапсырмалар үлгілері және оқушылардың жазбаша әрі ауызша жұмыстары талдау нысанына енгізілді.

Білім алушылардың тілдік және танымдық дағдыларын өлшеу үшін құрылымы бірдей pre-test және post-test диагностикалық жұмыстары қолданылды. Бағалау құралы бес көрсеткіштен тұрды: сөздік қор, грамматика, сөйлеу мәдениеті, сыни ойлау және коммуникативтік дағдылар. Әр көрсеткіш 0–20 балл аралығында бағаланып, ең жоғары жиынтық балл 100 болды. Сөздік қорда терминдердің мағынасын түсіну, оларды контексте дұрыс қолдану және лексикалық әртүрлілік; грамматикада морфологиялық және синтаксистік дұрыстық; сөйлеу мәдениетінде ойдың жүйелілігі, байланыстылығы және әдеби тіл нормаларын сақтау; сыни ойлауда негізгі ойды анықтау, салыстыру, себеп-салдар байланысын табу және дәлелді қорытынды жасау; коммуникативтік дағдыларда сұраққа мазмұнды жауап беру, пікірін негіздеу және диалогке қатысу бағаланды. Өлшеу тапсырмалары пәнаралық мәтінді түсіну мен талдауды, лексика-грамматикалық тапсырмаларды, қысқаша жазбаша жұмысты және ауызша дәлелді жауапты қамтыды. Әр көрсеткіштің пайыздық нәтижесі «алынған балл / 20 × 100» формуласы арқылы есептелді; топтық көрсеткіш жеке нәтижелердің арифметикалық орташа мәні ретінде анықталды.

Бағалау бірыңғай критерийлік рубрика бойынша жүргізілді. Әр көрсеткіш төрт деңгейде сипатталды: 0–5 балл — төмен деңгей (тапсырма орындалмаған немесе өрескел қателермен орындалған, ой жүйесіз берілген); 6–10 балл — қанағаттанарлық деңгей (тапсырма ішінара орындалған, терминдер мен грамматикалық құрылымдар тұрақсыз қолданылады, пікір дәлелденбейді); 11–15 балл — жақсы деңгей (тапсырма негізінен дұрыс орындалған, жекелеген қателер кездеседі, пікір ішінара дәлелденеді); 16–20 балл — жоғары деңгей (тапсырма толық әрі дұрыс орындалған, терминдер орынды қолданылады, пікір жүйелі әрі дәлелді беріледі). 1-кестедегі бағалау өлшемдері осы бес көрсеткіш арқылы өлшенді: грамматикалық сауаттылық — «грамматика», логикалық байланыстардың болуы — «сыни ойлау», сөйлеу мәдениеті мен дәлел келтіру деңгейі — «сөйлеу мәдениеті» және «коммуникативтік дағдылар» көрсеткіштері бойынша; идеяның бірегейлігі мен мазмұнның толықтығы жазбаша жұмыс негізінде «сыни ойлау» және «сөздік қор» көрсеткіштерінің құрамында ескерілді.

**Этикалық мақұлдау.** Зерттеу 5–8-сыныптағы кәмелетке толмаған білім алушылардың қатысуымен жүргізілді. Зерттеу SDU University Зерттеу этикасы комитетінде қаралып, № 11-12-03 мақұлдауымен 2026 жылғы 16 наурызда бекітілді. Зерттеу барысында этикалық стандарттар мен институционалдық талаптар сақталды, алынған деректер құпия түрде өңделді.

**1-кесте**

*Интеграциялық оқытудағы мақсат–мазмұн–бағалау моделі*

| № | Мақсат түрі | Мазмұны | Мысалдар | Бағалау өлшемдері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Тілдік мақсат | Сөздік қорды молайту, дұрыс сөйлеу | Жаңа сөздермен сөйлем құрау | Грамматикалық сауаттылық |
| 2 | Танымдық мақсат | Талдау, салыстыру, қорыту | Пәнаралық мәтіндерді салыстыру | Логикалық байланыстардың болуы |

| № | Мақсат түрі | Мазмұны | Мысалдар | Бағалау өлшемдері |
|---|---|---|---|---|
| 3 | Коммуникативтік мақсат | Диалог, пікірталас | Рөлдік ойын, пікірталас | Сөйлеу мәдениеті, дәлел келтіру деңгейі |
| 4 | Шығармашылық мақсат | Жаңа идея ұсыну, жоба әзірлеу | Эссе, бейнепрезентация | Идеяның бірегейлігі, мазмұнның толықтығы |

1-кестеде интеграциялық оқытудағы мақсат, мазмұн және бағалау өлшемдерінің өзара байланысы көрсетілген. Ұсынылған модель тіл мен пәндік мазмұнды кіріктіру қағидатына негізделеді (Genesee, 1994; Coyle et al., 2010).

Тәжірибелік топта қолданылған тапсырмалар жүйесі мәтінмен «қарапайымнан күрделіге» қағидаты бойынша сатылы жұмысқа негізделді. Әр мәтін бойынша алдымен тілдік минимум (негізгі терминдер, тұрақты тіркестер, мәтіндік байланыс құралдары) айқындалып, одан соң тапсырмалар мынадай тізбекпен орындалды: оқылым арқылы мәтінді түсіну, негізгі ақпаратты іріктеу, терминологиялық бірліктермен жұмыс, мәтін мазмұнын қысқаша баяндау және мәтін мәселесі бойынша дәлелді пікір білдіру. Соңғы саты сабақтың тілдік өніміне айналып, 1-кестедегі өлшемдер бойынша бағаланды.

Жүйеде үш типтегі мәтін қолданылды: «Қазақ әдебиеті» бағдарламасынан алынған көркем мәтіндер (прозалық және поэтикалық шығармалардың фрагменттері) бейнелі лексикамен, авторлық ұстанымммен және мәдени мағыналармен жұмысты қамтамасыз етеді; Қазақстан тарихы бойынша ғылыми-көпшілік мәтіндер тарихи оқиғалар мен тұлғалардың бейімделген сипаттамаларын ұсынады; география пәні бойынша ақпараттық-сипаттамалық мәтіндер табиғат нысандарын, аймақтарды және экологиялық жағдаяттарды сипаттайды.

Пәнаралық мәтінмен жұмыс үш кезеңде ұйымдастырылды: мәтін алдындағы кезеңде пәндік және тілдік білім жаңғыртылады («Тарих сабағынан бұл туралы не білесіңдер?»); мәтіндік кезеңде бағдарлы оқу жүргізіліп, негізгі ой табылады, кілт сөздер жазылып, байланыс құралдарына назар аударылады; мәтін кейінгі кезеңде тапсырмалар орындалып, талқылау мен сөзжасам жұмысы жүзеге асырылады.

Тапсырмалар жүйесінің нақты жүзеге асуын 8-сыныптағы «Арал: тарих, экология, тіл» блогы (5–6 сағат) мысалында көрсетуге болады. Блок «Қазақстанның су ресурстары» бөлімін Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романымен (әдебиет), Аралдың экологиялық апаты тақырыбымен (тарих) және Арал бассейні мәселесімен (география) біріктіреді.

Бірінші сабақта (мәтін алдындағы кезең) мұғалім оқушылардың Арал теңізі жайлы білімін жаңғыртады, одан соң Арал бассейні туралы ақпараттық-сипаттамалық мәтін ұсынылады — статистика, тайыздану ауқымы, экожүйеге зардаптар сипатталады. Оқушылар кілттік терминдерді (бассейн, деградация, экожүйе, тұздану) түсіндіріп, абзацтар арасындағы байланыс құралдарын талдайды.

Екінші сабақта Арал апатының себептері туралы ғылыми-көпшілік тарихи мәтін енгізіледі — суармалы егіншілік саясаты, тың жерлерді игеру, каналдар салу. Оқушылар «Себептер - Процесс - Зардаптар» мағыналық схемасын құрып, «Арал апатының алдын алуға бола ма еді?» проблемалық сұрағына жауап тұжырымдайды; осы тұста географиялық деректер тарихи себептермен байланыстырылады.

Үшінші–төртінші сабақтарда көркем мәтін — Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романынан фрагмент — енгізіледі. Оқушылар тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды талдап, автор ұстанымын талқылайды: Нұрпейісов романды неге «Қан мен тер» деп атады? Осылайша оқушылар экологиялық апатты тек географиялық дерек ретінде емес, адами трагедия және ұлттық жоғалту ретінде ұғынады.

Бесінші сабақта «Аралды құтқару мүмкін бе?» пікірталасы өткізіледі. Оқушылар үш топқа бөлінеді: «экологтар» қалпына келтіру мүмкіндігін дәлелдейді, «экономистер» шығындар мен ресурстарды талдайды, «тарихшылар» өткен тәжірибеге жүгінеді; әр топ дәлелді баяндама (3–5 минут) дайындайды.

Алтыншы сабақта оқушылар «Суды сақтау – ұлттық міндет» публицистикалық эссесін (10–15 сөйлем) жазады. Эссе — блоктың қорытынды өнімі: онда үш пәндік саланың білімі біріктіріледі әрі жұмыстар алдын ала белгіленген өлшемшарттар бойынша бағаланады. Бұл мысал жүйенің екі қағидалық ерекшелігін көрсетеді: интеграция формальды емес, мазмұнды жүзеге асырылады — әрбір мәтін тақырыпты толық түсіну үшін қажет бірегей білім береді; ал тапсырмалардың сатылы тізбегі оқылымнан дәлелді өнімге дейінгі жолды бөлшектеп, әр сабақтың тілдік нәтижесін өлшенетін етеді.

Екінші мысал — 7-сыныптағы «Табиғат пен көшпелілер» блогы (5–6 сағат): М. Әуезовтің «Абай жолы» шығармасындағы табиғат суреттемесі (әдебиет), көшпелілер шаруашылығы туралы ғылыми-танымдық мәтін (тарих) және Қазақстан климаты мен дала зонасының сипаттамасы (география) біріктіріледі. Тапсырмалар деформацияланған мәтінді қалпына келтіруден басталып, «Климат - көшпелі өмір» себеп-салдар схемасын құрумен, «Көшпелілер мәдениеті – өркениет пе?» дискуссиясымен жалғасады және «Ұлы Дала маған не береді?» эссесімен аяқталады; қорытынды өнім — мини-эссе (10–15 сөйлем).

Әр блоктың қорытынды жұмысы — оқушының өз мәтіні: 5-сыныптағы 5–7 сөйлемдік байланысты сөзден 8-сыныптағы публицистикалық эссеге дейін. Жазба өнімнің жанрлары жасқа қарай сараланады: 5–6-сыныптарда сипаттамалық және баяндамалық жанрлар басым (мазмұндау, сипаттау, досқа хат), 7-сыныпта — пайымдау жанрлары (проблемалық сұраққа дәлелді жауап, ойтолғау), 8-сыныпта — публицистикалық жанрлар (эссе, сұхбат, мақала).

Пәнаралық интеграция пән мұғалімдерінің үйлестірілуін талап етеді және екі деңгейде жүзеге асырылады. Ең аз деңгейде — ақпараттық алмасу: қазақ тілі мұғалімі оқушылардың тарих пен география бойынша қандай материалды оқып жатқанын біліп, мәтіндер мен тапсырмаларды іріктеу кезінде осы білімді пайдаланады. Толық деңгейде — бірлескен жоспарлау: мұғалімдер тоқсан басында әдістемелік кеңес өткізіп, жақын тақырыптарды өту мерзімдерін келістіреді.

## Нәтижелер және оларды талдау

Анықтаушы кезеңде білім алушылардың бастапқы тілдік даму деңгейін айқындау мақсатында диагностикалық тапсырмалар жүргізілді. Бастапқы өлшем оқушылардың сөздік қорының жеткіліксіздігі, грамматикалық құрылымдарды қолданудағы тұрақсыздық және өз ойын жүйелі әрі дәлелді жеткізу барысында қиындықтардың бар екенін көрсетті. Бұл құбылыстар күрделі мәтінмен жұмыс істеу барысында когнитивтік жүктеменің артуымен байланысты екені байқалды (Duke et al., 2021). Анықтаушы кезеңде бақылау және тәжірибелік топтардың бастапқы нәтижелері сипаттамалық тұрғыдан өзара шамалас болды, сондықтан қалыптастырушы кезеңнен кейінгі өзгерістер әр топтың бастапқы деңгейімен салыстырыла қарастырылды.

**2-кесте**

*Тәжірибелік топтың post-test бойынша тілдік және танымдық дағдыларының орташа нәтижелері (%)*

| № | Көрсеткіш | Post-test бойынша орташа нәтиже (%) |
|---|---|---|
| 1 | Сөздік қор | 85 |
| 2 | Грамматика | 80 |
| 3 | Сөйлеу мәдениеті | 78 |
| 4 | Сыни ойлау | 82 |

| № | Көрсеткіш | Post-test бойынша орташа нәтиже (%) |
|---|---|---|
| 5 | Коммуникативтік дағдылар | 88 |

*Ескерту.* Мәндер тәжірибелік топтың ($n$ = 20) post-test бойынша орташа нәтижелерін көрсетеді; әр көрсеткіштің ең жоғары балы 20, нәтижелер 100%-дық шкалаға ауыстырылған.

2-кестедегі 85%, 80%, 78%, 82% және 88% мәндері тәжірибелік топтың қалыптастырушы кезеңнен кейінгі post-test барысында әр көрсеткіш бойынша алған орташа нәтижелерін білдіреді. Нәтижелер диагностикалық жұмыстың қорытындысы мен ортақ бағалау критерийлеріне сүйене отырып шығарылды. Әр көрсеткіш бойынша алынған орташа балл ең жоғары 20 балға қатыстырылып, 100%-дық шкалаға ауыстырылды.

Статистикалық талдау $N = 40$ (тәжірибелік топ — 20, бақылау тобы — 20) білім алушының pre-test және post-test нәтижелері негізінде жүргізілді. Сипаттамалық статистика арифметикалық орташа мән ($M$) және стандартты ауытқу ($SD$) түрінде берілді. Топтардың бастапқы деңгейі мен post-test нәтижелеріндегі топаралық айырмашылық тәуелсіз таңдамаға арналған оқушының $t$-тесті арқылы тексерілді; әр топтағы pre-test пен post-test арасындағы өзгеріс жұпталған таңдамаға арналған оқушының $t$-тестімен бағаланды. Сонымен қатар әр оқушының өзгеріс балы (post-test – pre-test) есептеліп, екі топтың өсім көрсеткіштері тәуелсіз таңдамаға арналған оқушының $t$-тесті арқылы салыстырылды. Статистикалық маңыздылық деңгейі $\alpha = .05$ деп қабылданды (5-кесте). Топаралық әсер көлемі біріктірілген стандартты ауытқу негізінде Cohen’s $d$ арқылы есептелді. Топаралық статистикалық салыстыру жалпы композиттік көрсеткіш (бес көрсеткіштің орташа мәні) бойынша жүргізілді; жекелеген көрсеткіштер бойынша нәтижелер 3-кестеде сипаттамалық түрде берілді.

**3-кесте**

*Көрсеткіштер бойынша тәжірибелік және бақылау топтарының post-test нәтижелері мен өсімі (M, нормаланған балл, 0–100 шкала)*

| Көрсеткіш | Тәжірибелік топ Post-test | Бақылау тобы Post-test | Тәжірибелік топ Өсім (Δ) | Бақылау тобы Өсім (Δ) |
|---|---|---|---|---|
| Сөздік қор | 85.0 | 79.0 | +18.0 | +12.5 |
| Грамматика | 80.0 | 74.0 | +15.0 | +9.2 |
| Сөйлеу мәдениеті | 78.0 | 72.0 | +15.0 | +8.5 |
| Сыни ойлау | 82.0 | 76.0 | +16.0 | +10.3 |
| Коммуникативтік дағдылар | 88.0 | 82.0 | +18.0 | +12.2 |
| **Жалпы композиттік көрсеткіш** | **82.60** | **76.60** | **+16.40** | **+10.54** |

*Ескерту. M* — арифметикалық орташа мән; Δ — өсім (post-test пен pre-test орташа мәндерінің айырмасы). Әр топта $n$ = 20. Жекелеген көрсеткіштер бойынша топаралық айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан тексерілмеген.

**4-кесте**

*Тәжірибелік және бақылау топтарының pre-test/post-test нәтижелері (M ± SD, нормаланған балл, 0–100 шкала)*

| Көрсеткіш | Тәжірибелік топ Pre-test | Тәжірибелік топ Post-test | Бақылау тобы Pre-test | Бақылау тобы Post-test |
|---|---|---|---|---|
| Сөздік қор | 67.0 ± 8.5 | 85.0 ± 8.5 | 66.5 ± 8.5 | 79.0 ± 9.9 |
| Грамматика | 65.0 ± 8.8 | 80.0 ± 9.0 | 64.8 ± 8.8 | 74.0 ± 9.4 |
| Сөйлеу мәдениеті | 63.0 ± 9.0 | 78.0 ± 9.2 | 63.5 ± 9.0 | 72.0 ± 9.2 |
| Сыни ойлау | 66.0 ± 8.7 | 82.0 ± 8.8 | 65.7 ± 8.7 | 76.0 ± 9.6 |
| Коммуникативтік дағдылар | 70.0 ± 8.3 | 88.0 ± 7.8 | 69.8 ± 8.3 | 82.0 ± 10.4 |
| **Жалпы композиттік көрсеткіш** | **66.20 ± 8.66** | **82.60 ± 8.66** | **66.06 ± 8.66** | **76.60 ± 9.69** |

*Ескерту. M* — арифметикалық орташа мән; *SD* — стандартты ауытқу. Әр топта *n* = 20.

**5-кесте**

*Қолданылған статистикалық тесттер және салыстыру нәтижелері*

| Салыстыру | Қолданылған тест | *t*(*df*) | *p* | Cohen's *d* |
|---|---|---|---|---|
| Pre-test: тәжірибелік топ – бақылау тобы | Тәуелсіз таңдамаға арналған оқушының *t*-тесті | *t*(38) = 0.05 | .960 | — |
| Тәжірибелік топ: pre-test – post-test | Жұпталған таңдамаға арналған оқушының *t*-тесті | *t*(19) = 9.47 | < .001 | — |
| Бақылау тобы: pre-test – post-test | Жұпталған таңдамаға арналған оқушының *t*-тесті | *t*(19) = 5.69 | < .001 | — |
| Өзгеріс балдары: тәжірибелік топ – бақылау тобы | Тәуелсіз таңдамаға арналған оқушының *t*-тесті | *t*(38) = 2.31 | .026 | 0.73 |
| Post-test: тәжірибелік топ – бақылау тобы | Тәуелсіз таңдамаға арналған оқушының *t*-тесті | *t*(38) = 2.06 | .046 | 0.65 |

*Ескерту. df* — еркіндік дәрежесі; *d* — Cohen әсер көлемі (біріктірілген стандартты ауытқу негізінде). Сызықша (—) әсер көлемінің есептелмегенін білдіреді.

Статистикалық талдау нәтижесінде топтардың бастапқы композиттік көрсеткіштері арасында мәнді айырмашылық анықталған жоқ: тәжірибелік топта $M = 66.20$, $SD = 8.66$, бақылау тобында $M = 66.06$, $SD = 8.66$; $t(38) = 0.05$, $p = .960$ (4-кесте). Тәжірибелік топтың

жалпы көрсеткіші pre-test-тегі 66.20 ± 8.66 балдан post-test-тегі 82.60 ± 8.66 балға дейін жоғарылады; жұпталған таңдамаға арналған оқушының *t*-тесті нәтижесі $t(19) = 9.47$, $p < .001$. Бақылау тобында көрсеткіш 66.06 ± 8.66 балдан 76.60 ± 9.69 балға дейін өсті; $t(19) = 5.69$, $p < .001$. Өзгеріс балдарын салыстыру тәжірибелік топтағы орташа өсімнің ($M = 16.40$, $SD = 7.75$) бақылау тобындағы өсімнен ($M = 10.54$, $SD = 8.28$) жоғары екенін көрсетті: $t(38) = 2.31$, $p = .026$, Cohen's $d = 0.73$. Post-test нәтижелері бойынша да тәжірибелік топтың көрсеткіші бақылау тобынан статистикалық тұрғыдан жоғары болды: $t(38) = 2.06$, $p = .046$, Cohen's $d = 0.65$. Post-test бойынша $d = 0.65$ мәні орташа деңгейдегі әсерді көрсетеді.

Есептеу тәртібі: әр көрсеткіштің пайыздық нәтижесі оқушы жинаған рубрикалық ұпайдың сол көрсеткіш бойынша мүмкін болатын ең жоғары 20 балға қатынасын 100%-ға көбейту арқылы анықталды; топтық нәтиже жеке пайыздардың орташа мәні ретінде алынды. Cohen's $d = (M_{тәж} - M_{бақ}) / SD_{pooled}$ формуласы бойынша есептелді, мұнда $SD_{pooled}$ — екі топтың біріктірілген стандартты ауытқуы. Осы есептеу бойынша post-test кезеңіндегі топаралық әсер көлемі $d = 0.65$, ал өзгеріс балдарын салыстырудағы әсер көлемі $d = 0.73$ болды.

Алынған нәтижелер пәндік мәтінмен сатылы жұмыс пен критериалды бағалау жағдайында оқушылардың тілдік және танымдық дағдыларында оң динамика болғанын көрсетті. Екі топта да pre-test пен post-test арасында мәнді өсім байқалғанымен, тәжірибелік топтың өсімі бақылау тобынан статистикалық тұрғыдан жоғары болды ($t(38) = 2.31$, $p = .026$, $d = 0.73$), ал қорытынды post-test нәтижелері бойынша да топаралық айырмашылық мәнді болды ($t(38) = 2.06$, $p = .046$, $d = 0.65$).

**Шектеулер.** Зерттеудің шектеулерін ескеру қажет: іріктеме көлемінің шектеулілігі ($N = 40$), эксперименттің қысқа мерзімде (8 апта) жүргізілуі, көрсеткіштердің бір бөлігінің мұғалім бағасына тәуелді болуы және бір контекстпен шектелуі нәтижелерді жалпылауға әсер етуі мүмкін; сондықтан кейінгі жұмыстарда іріктемені кеңейту мен ұзақмерзімді бақылау орынды.

**Практикалық ұсыныстар.** Зерттеу нәтижелері негізінде интеграциялық тапсырмалар жүйесін сабақта қолданудың мынадай ұсыныстарын тұжырымдауға болады:

- Мәтінді іріктеу: әр бөлімге пәндік мазмұнды қамтитын, жас ерекшелігіне сай мәтін таңдалады (5–6-сынып үшін 200–300 сөз, 7–8-сынып үшін 300–400 сөз);
- Тілдік минимумды айқындау: әр мәтін бойынша меңгерілуге тиіс терминдер, тұрақты тіркестер және мәтіндік байланыс құралдары алдын ала белгіленеді;
- Сатылы тапсырмалар: оқылым, ақпаратты іріктеу, терминдермен жұмыс, қысқаша баяндау, дәлелді пікір тізбегі сақталады;
- Жазба жұмысты бағалау: сабақ соңындағы жазба жұмыс (аннотация, эссе, дәлелді пікір) бағалау критерийлері арқылы бағаланады;
- Пән мұғалімдерімен үйлестіру: ең аз деңгейде — тарих және география мұғалімдерінің тақырыптық жоспарларымен танысу; толық деңгейде — ортақ тақырыптарды өту мерзімдерін келісу.

## Қорытынды

Интеграциялық тәсілді білім беру практикасына енгізудің нәтижелілігі тілдік және пәндік мақсаттарды бір сабақ аясында өзара кіріктіріп жоспарлауға байланысты. Сондықтан интеграциялық сабақтарды ұйымдастыруда пән мұғалімдері мен тіл мамандарының тұрақты бірлескен жоспарлауды жолға қою, ортақ тақырыптық-күнтізбелік жоспар құру және әр бөлім бойынша «тілдік минимумды» (негізгі терминдер, тұрақты тіркестер, мәтіндік байланыс құралдары) алдын ала айқындау ұсынылады. Білім алушылардың ғылыми мәтінді түсінуін қолдау үшін глоссарий әзірлеу, «термин–анықтама–мысал» құрылымындағы жұмыс түрлерін жүйелеу, графикалық ұйымдастырғыштарды (кластер, концепт-карта) қолдану, сондай-ақ мәтінді мағыналық бөліктерге жіктеп оқу мен сұрақ қою стратегияларын (болжам жасау, дәлел табу, қорытындылау) тұрақты енгізу тиімді әдістемелік тетік ретінде қарастырылады.

Бағалау үдерісінде тілдік прогресті нақты көрсету мақсатында критериалды бағалау рубрикаларын қолданып, мәтінді түсіну деңгейі, дәлелді пікір айту, терминдерді орынды қолдану, байланысты сөйлеу және мәтін логикасын сақтау сияқты көрсеткіштерді

қалыптастырушы бағалаумен ұштастыру қажет. Сонымен қатар білім алушылардың дайындық деңгейіндегі айырмашылықтарды ескеру интеграциялық оқытудың қолжетімділігін арттырады: осы орайда тапсырмаларды саралау (қолдау сөздігі ұсынылған нұсқа; жетекші сұрақтары бар нұсқа; кеңейтілген зерттеу тапсырмасы) оқу нәтижелерінің теңгерімді қалыптасуына ықпал етеді.

Зерттеудің шектеулері ретінде іріктеме көлемінің шектеулілігі, зерттеудің бір контексте (бір ұйым/бір өңір) жүргізілуі және нәтижеге ықпал етуі мүмкін аралас факторлардың (мұғалім тәжірибесі, сыныптың бастапқы тілдік деңгейі, пәндік уәж) толық бақылауға алынбауы атап өтіледі. Сондай-ақ бағалау құралдарының мектеп жағдайына бейімделуі белгілі бір деңгейде субъективтілік тәуекелін арттыруы ықтимал. Сондықтан кейінгі жұмыстарда бағалаудың сенімділігін күшейту үшін тәуелсіз тексеру элементтерін (бірнеше бағалаушының келісімі, стандартталған тапсырмалар, сыртқы сараптау) қолдану орынды.

Практикалық енгізу тұрғысынан интеграциялық оқытуды жүйелеудің тиімді үлгісі ретінде «бір бөлім – бір мәтін – бір өнім» қағидатын ұсынуға болады: әр бөлімде пәндік мазмұнды қамтитын ғылыми-танымдық мәтін іріктеледі; мәтінге сәйкес тілдік мақсаттар (терминологиялық минимум, сөйлем үлгілері, байланыстырушы құралдар) нақтыланады; сабақ соңында білім алушының тілдік өнімі (қысқаша аннотация, шағын баяндама, инфографикаға түсіндірме, дәлелді пікір) алдын ала белгіленген критерийлер бойынша бағаланады. Бұл құрылым жоспарлауды айқындап, күтілетін оқу нәтижесін нақтылауға мүмкіндік береді.

Алдағы зерттеулерде интеграциялық тәсілдің тиімділігін нақтылау үш бағытта жүргізілуі тиіс: біріншіден, әртүрлі пәндер контексінде интеграциялық сабақ сценарийлерін салыстырып, пәндік мәтін жанрларының тілдік нәтиже көрсеткіштеріне ықпалын айқындау; екіншіден, оқу стратегияларын мақсатты түрде үйретудің мәтінді түсіну мен академиялық тілдің қалыптасуына әсерін эксперименттік түрде тексеру; үшіншіден, сандық және сапалық деректерді біріктіріп, білім алушының ғылыми мәтінмен жұмыс жасау динамикасын кешенді сипаттау. Тоқсандық және жылдық мониторинг нәтижелердің тұрақтылығын бағалап, тәсілдің орнықтылығын дәлелдеуге мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, зерттеу интеграциялық оқытудың ғылыми мәтінмен жұмысты ұйымдастырудағы әлеуетін көрсетіп, тілдік дамуды пәндік мазмұнмен кіріктіре жетілдіруге бағытталған әдістемелік негіз ұсынады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


Аймауытов, Ж. (2013). *Жүсіпбек Аймауытов шығармалары. Алты томдық шығармалар жинағы*. Алматы: Ел-шежіре.

Алдахметова, Ш., & Карбаева, Ш. (2025). Географияны оқытуда пәндік-тілдік интеграцияланған тәсілді (CLIL) қолданудың әдістемесі. *3i: intellect, idea, innovation*, 2(3), 27–35.

Байтұрсынұлы, А. (1992). *Тіл тағылымы*. Алматы: Ана тілі.

Выготский, Л. (2013). *Мышление и речь (сборник)*. ЛитРес, АСТ: Астрель.

Давыдов, В. В. (2004). *Проблемы развивающего обучения*. Академия.

Досанова, Г. К. (2016). Интеграция предметов в современной школе — реальная потребность времени. In *Русский язык как фактор культурно-образовательной интеграции общества* (pp. 417–422).

Оразбаева, Ф. Ш. (2005). *Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі*. Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясы.

Coyle, D., Hood, P., & Marsh, D. (2010). *Content and language integrated learning*. Cambridge: Cambridge University Press.

Cummins, J. (2000). *Language, power and pedagogy: Bilingual children in the crossfire*. Clevedon: Multilingual Matters.

Dalton-Puffer, C. (2007). *Discourse in content and language integrated learning classrooms*. Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins.

Duke, N. K., Ward, A. E., & Pearson, P. D. (2021). The science of reading comprehension

instruction. *The Reading Teacher*, *74*(6), 663–672.
Freeman, D. L., & Cameron, L. (2008). Research methodology on language development from a complex systems perspective. *The Modern Language Journal*, *92*(2), 200–213.
Genesee, F. (1994). Integrating language and content: Lessons from immersion (Educational Practice Report No. 11). Santa Cruz, CA: National Center for Research on Cultural Diversity and Second Language Learning.
Llinares, A., Morton, T., & Whittaker, R. (2012). *The roles of language in CLIL*. Cambridge University Press.
Marsh, D. (2002). *CLIL/EMILE—The European dimension: Actions, trends and foresight potential*. Jyväskylä: University of Jyväskylä.
Mehisto, P., Marsh, D., & Frigols, M. J. (2008). *Uncovering CLIL: Content and language integrated learning in bilingual and multilingual education*. Oxford: Macmillan Education.
Oshepkova, O. V., & Blagov, Y. V. (2014). Integrative approach in education. *Vestnik of Samara State Technical University Psychological and Pedagogical Sciences*, *11*(3), 164–169.
Sharma, U., & Desai, I. (2002). Measuring concerns about integrated education. *Asia-Pacific Journal on Disability*, *5*(1), 2–14.

## References

Aimautov, Zh. (2013). Zhusipbek Aimautov shygarmalary [Works of Zhusipbek Aimautov]. Alty tomdyq shygarmalar zhinagy. Almaty: El-shezhire. (In Kazakh).
Aldakhmetova, Sh., & Karbaeva, Sh. (2025). Geografiyany oqytuda pandik-tildik integratsiyalangan tasildi (CLIL) qoldanudyn adistemesi [Methodology of applying the content and language integrated (CLIL) approach in teaching geography]. 3i: *intellect, idea, innovation, 2(3), 27–35*. (In Kazakh).
Baitursynuly, A. (1992). Til tagylymy [Language heritage]. Almaty: Ana tili. (In Kazakh).
Coyle, D., Hood, P., & Marsh, D. (2010). *Content and language integrated learning*. Cambridge: Cambridge University Press.
Cummins, J. (2000). Language, power and pedagogy: Bilingual children in the crossfire. Clevedon: Multilingual Matters.
Dalton-Puffer, C. (2007). Discourse in content and language integrated learning classrooms. Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins.
Davydov, V. V. (2004). Problemy razvivayushchego obucheniya [Problems of developing training]. *Moscow: Akademija*. (In Russian)
Dosanova, G. K. (2016). Integraciya predmetov v sovremennoj shkole – real'naya potrebnost' vremeni. In Russkij yazyk kak faktor kul'turno-obrazovatel'noj integracii obshchestva (pp. 417–422). (In Russian)
Duke, N. K., Ward, A. E., & Pearson, P. D. (2021). The science of reading comprehension instruction. *The Reading Teacher*, *74*(6), 663-672. (In English)
Freeman, D. L., & Cameron, L. (2008). Research methodology on language development from a complex systems perspective. *The modern language journal*, *92*(2), 200-213. (In English)
Genesee, F. (1994). Integrating language and content: Lessons from immersion (Educational Practice Report No. 11). Santa Cruz, CA: National Center for Research on Cultural Diversity and Second Language Learning. (In English)
Llinares, A., Morton, T., & Whittaker, R. (2012). *The roles of language in CLIL*. Cambridge University Press. (In English)
Зерттеудің лингвистикалық негізі ретінде У. Вайнрейхтің (Weinreich, 1953) классикалық еңбегі алынды. Ол интерференцияны екі тілдік жүйені меңгерген индивидтің сөйлеуінде бір тілдің элементтерінің екінші тілге әсер етуі ретінде анықтайды. Біз бұл анықтаманы студенттердің жазба жұмыстарындағы қателіктерді жіктеудің базалық критерийі ретінде қолдандық. Сонымен қатар, Р. Капланның (Kaplan, 1966) контрастивтік риторика теориясы әр тілдің мәтін құрылымындағы мәдени-спецификалық ерекшеліктерін түсіндіруге арналды. Аталған теория бізге студенттердің дискурстық деңгейдегі интерференциясын (мысалы, ағылшын тіліндегі тура желілі құрылымның орнына орыс/қазақ тіліндегі спиральді құрылымды қолдану) анықтауға көмектесті. Ал мақаланың психолинвистикалық теориясы ретінде Дж. Свеллер (Sweller, 1988; Sweller et al., 2011) ұсынған CLT теориясы алынды. Мұнда адамның жұмыс жадысы шектеулі ресурсқа ие, ал оқу тапсырмасы үш түрлі жүктеме тудырады: ішкі (intrinsic – тапсырманың өзінің күрделілігі), сыртқы (extraneous – тапсырманы ұсыну тәсілінің тиімсіздігі) және пайдалы (germane – білімді игеруге көмектесетін жүктеме). Аталған теорияны екі мақсатта қолдандық. Біріншіден, студенттердің академиялық жазу кезіндегі психологиялық сұранысын NASA-TLX шкаласымен өлшеу үшін; екіншіден, МЕТА-ЖАЗУ технологиясында сыртқы жүктемені азайтуға бағытталған стратегияларды (үлгі мәтіндер, тілдік алаңдар) негіздеу үшін қолданылды. Ал Flower & Hayes (1981) жазудың когнитивтік моделі (жоспарлау – аудару – қайта қарау) бізге жазу процесін кезеңдерге бөліп, әр кезеңдегі когнитивтік қиындықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

Мақалада García & Wei (2014) ұсынған транслингвизм тұжырымдамасы негізге алынды, яғни көптілді адамның тілдік репертуары «бөлек қораптарда» емес, біртұтас жүйе ретінде жұмыс істейді. Біз бұл идеяны «тілдік алаңдар» (translanguaging spaces) стратегиясын енгізу арқылы қолдандық, яғни студенттерге идеяларын алдымен ана тілінде (қазақша немесе орысша) жазбаша түрде тұжырымдап, содан кейін ғана ағылшын тіліне аударуға рұқсат етілді. Бұл әдіс когнитивтік жүктемені төмендетіп, мазмұнды жоғалтпауға көмектесті (нәтижелер бөлімінде көрсетілгендей, жүктеме қосымша 21,4%-ға азайды).

Академиялық жазу процесін зерттеудің қазіргі жай-күйіне талдау жасау үшін алдымен осы саладағы іргелі теориялар мен соңғы тенденцияларға тоқталу қажет деп түсінеміз. Л. Ортега (Ortega, 2009) мен Дж. Камминс (Cummins, 2017) сияқты ғалымдар тілдік интерференция мен академиялық тіл құзыреттілігінің (CALP) ара-жігін ашып бергенімен, олардың еңбектеріндегі басты назар көбінесе лингвистикалық қателіктер мен оқытудың лингводидактикалық аспектілеріне байланысты. Мысалы, П. Хердина мен У. Джесснердің (Herdina & Jessner, 2002) көптілділіктің динамикалық моделі тілдердің өзара әрекеттесуін терең сипаттайды, бірақ бұл процестердің жазу кезіндегі мидың жұмыс жадысына (working memory) қалай әсер ететіні әлі де толық зерттелмегенін көрсетті. Бұдан біз интерференцияны тек тілдік ауытқу емес, ең алдымен, когнитивтік ресурстардың тапшылығынан туындайтын құбылыс ретінде қарастыруға негіз болады.

Когнитивтік жүктеме теориясының негізін салушы Дж. Свеллер (Sweller, 1988; Sweller et al., 2011) мен оның әріптестері (Paas et al.,, 2003) ақпаратты игеру кезіндегі когнитивтік кедергілерді жоюдың нақты стратегияларын ұсынды. Алайда, осы стратегиялардың басым бөлігі математика мен жаратылыстану ғылымдарын оқытуға негізделгендіктен, оларды академиялық жазу сияқты күрделі шығармашылық процеске тікелей бейімдеу қиындық туғызады. 2020 жылдардағы зерттеулер (Sweller, 2020) көрсеткендей, көптілді ортада жазу кезіндегі когнитивтік салмақтың сипаты өзгеше болады, бірақ бұл бағыттағы эмпирикалық деректер әлі де жеткіліксіз.

С. Грэм мен Д. Периннің (Graham & Perin, 2007) метаанализдері жазу стратегияларын оқушыларға нақты әрі түсіндіре отырып үйрету олардың жазу нәтижесін айтарлықтай жақсартатынын көрсетеді. Осыған байланысты Л.С. Выготскийдің (Vygotsky, 1978) «скаффолдинг» тұжырымдамасы мен С. Инглерттің (Englert et al., 1991) когнитивтік бағытталған жазу әдісі жазу барысында студентке кезең-кезеңімен қолдау көрсету маңызды екенін дәлелдейді. Алайда бұл әдістемелердің басым бөлігі ағылшын тілі үстемдік ететін біртілді ортаға арналған зерттеулер. Қазақстан жағдайында студенттер қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қатар қолданады. Сондықтан олардың когнитивтік ерекшеліктерін ескере отырып, аталған әдістемелерді көптілді білім беру жағдайына байланысты зерттеу маңызды.

Жалпы отандық ғылымда аталған тақырып бойынша У.М. Жанпейісова (2018) мен Б.И. Иманбекованың (2020) зерттеулері бар. Зерттеуде студенттердің типтік қателіктері жан-жақты талданып, практикалық маңызын айқындағанымен, оларда тілдік интерференция мен когнитивтік жүктеменің өзара байланысын кешенді түрде қарастыратын біртұтас педагогикалық технология ұсынылмаған. Көптілді студенттердің академиялық жазу дағдыларын дамытуда тілдік интерференцияны төмендету мен когнитивтік жүктемені басқару арасындағы өзара байланысты жүйелі түрде түсіндіретін және тәжірибеде қолдануға болатын зерттеулер жоқ.

Сондықтан отандық және шетелдік зерттеулер арқылы елеулі зерттеу олқылығы, яғни көптілді студенттердің академиялық жазу дағдыларын дамытуда тілдік интерференцияны төмендету мен когнитивтік жүктемені басқарудың өзара байланыстылығының ескерілмеуі екенін айта аламыз. Айта кетерлік жайт, осы кезге дейін когнитивтік психология мен қолданбалы лингвистика бағыттары педагогикалық дидактикада бірге, байланыста қарастырылмаған. Сондықтан біздің зерттеу МЕТА-ЖАЗУ технологиясын әзірлеу арқылы студенттердің метакогнитивтік бақылауын күшейтіп, сол арқылы жазу процесіндегі артық жүктемені жеңілдетудің және интерференцияны азайтудың жаңа моделін ұсынуды көздейді. Бұл тек теориялық толықтыру ғана емес, сонымен бірге көптілді білім беру жағдайындағы академиялық сауаттылықты бірнеше ғылым интеграциясында оқыту моделі жасалмағанын көрсетеді.

## Әдістер мен материалдар

Зерттеудің әдіснамасы екі мақсатты көздеді: бірінші, МЕТА-ЖАЗУ технологиясының студенттердің академиялық жазу сапасына тигізетін әсерін сандық түрде өлшеу, екінші, сол технологияны қолдану барысында студенттердің тілдік интерференция мен когнитивтік жүктемені қалай бастан кешіргенін сапалық тұрғыдан терең түсіну. Осы орайда зерттеу аралас әдіс (mixed methods) дизайнымен жобаланды.

Зерттеу 2023-2024 оқу жылының бірінші семестрінде, қазан айынан желтоқсан айына дейін 12 апта бойы жүргізілді. Жалпы 120 студент қатысты. Олар кездейсоқ түрде екі топқа бөлінді: бақылау тобы (n = 60) дәстүрлі академиялық жазу бағдарламасымен оқыса, эксперимент тобы (n = 60) МЕТА-ЖАЗУ технологиясы бойынша оқытылды. Екі топтың бастапқы жазу деңгейлері PreTest арқылы тексеріліп, статистикалық тұрғыдан еш айырмашылық болмағаны дәлелденді (Mann-Whitney U = 1724,5; p > 0,05).

Қатысушылар – Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі аймақтық университеттің 1-2 курс студенттері, орташа жасы 18,7. Олардың тілдік фоны әртүрлі: 43%-ы қазақ тілі үстем, 32%-ы орыс тілі үстем, 25%-ы қос тілді. Бұл алуандылық тілдік интерференцияның әртүрлі типтерін

зерттеуге мүмкіндік берді. Қатысушылардың көпшілігі (59%) бастапқыда B1 деңгейінде болса, A2 деңгейіндегілер 28%-ды, ал B2 деңгейіндегілер 12,5%-ды құрады.

Мамандықтар үш санатқа топтастырылды. Педагогикалық бағыттар тобына (n = 50; 41,7%) «Педагогика және психология» (n = 22), «Бастауыш оқыту педагогикасы» (n = 16) және «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» (n = 12) мамандықтарының студенттері кірді. Филологиялық бағыттар тобы (n = 40; 33,3%) «Қазақ филологиясы» (n = 18), «Орыс филологиясы» (n = 12) және «Шет тілі: екі шет тілі» (n = 10) мамандықтарынан құралды. Әлеуметтік-гуманитарлық бағыттар тобы (n = 30; 25,0%) «Халықаралық қатынастар» (n = 12), «Әлеуметтану» (n = 10) және «Журналистика» (n = 8) мамандықтарының студенттерінен тұрды. Толық мәлімет төмендегі кестеде көрсетілген.

**Кесте 1**

*Қатысушылар мамандығы*

| Мамандық тобы | Нақты мамандықтар (коды) | n | % |
|---|---|---|---|
| Педагогикалық | Педагогика және психология (5B010300) | 22 | 18,3 |
| | Бастауыш оқыту педагогикасы (5B010200) | 16 | 13,3 |
| | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту (5B010100) | 12 | 10,0 |
| | Барлығы | 50 | 41,7 |
| Филологиялық | Қазақ филологиясы (5B011800) | 18 | 15,0 |
| | Орыс филологиясы (5B011900) | 12 | 10,0 |
| | Шет тілі: екі шет тілі (5B011900) | 10 | 8,3 |
| | Барлығы | 40 | 33,3 |
| Әлеуметтік-гуманитарлық | Халықаралық қатынастар (5B020200) | 12 | 10,0 |
| | Әлеуметтану (5B050100) | 10 | 8,3 |
| | Журналистика (5B050400) | 8 | 6,7 |
| | Барлығы | 30 | 25,0 |

***Ескерту***. Мамандықтар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жіктеуіші бойынша көрсетілді.

Сауалнама сұрақтарының мысалдары: Синтаксистік интерференция: «Академиялық мәтін жазу кезінде ана тіліме тән сөйлем құрылымын (SOV: бастауыш – толықтауыш – баяндауыш) мақсатты тілде еріксіз қолданамын»; «Сөйлемнің бастауышын ең алдымен қою (SVO үлгісі) маған табиғи сезілмейді».

Лексикалық интерференция: «Ана тілімдегі сөздің мағынасын мақсатты тілге тікелей аударамын, тіпті бұл калька болса да»; «Мақсатты тілдегі дәл сөзді таба алмасам, ана тілімдегі сөздің транслитерациясын жазамын».

Дискурстық интерференция: «Академиялық эссенің тезисін бірінші абзацта нақты тұжырымдаудың орнына, оны мәтіннің соңына қарай айтуды жөн санаймын»; «Ағылшын тіліндегі тура желілі (linear) аргументация логикасы мен ана тіліндегі ойлау логикасы арасында қайшылық сеземін».

Б-бөлімінің NASA-TLX шкаласы бойынша үлгі позициялар: «Осы жазу тапсырмасын орындау кезінде ойлау және шоғырлану қаншалықты талап етілді?» (Психикалық талап, 0–100 VAS); «Осы тапсырманы орындай отырып, тілдер арасында ауысу (қазақша ойлау, ағылшынша жазу) Сізге қаншалықты күш жұмсатты?» (Тілдік ауысу күш-жігері, 0–100 VAS); «Тапсырманы орындау барысында өзіңізді қаншалықты жүйке-психологиялық қысымда сезіндіңіз?» (Фрустрация, 0–100 VAS).

Деректерді жинау үшін бірнеше құралдар әзірленді. Біріншісі, академиялық жазуды бағалау рубрикасы. Бұл рубрика IELTS Academic Writing Task 2 форматындағы аргументативтік эссеге негізделді. Әр студент PreTest және PostTest кезеңдерінде 60 минут ішінде 450–500 сөздік эссе жазды. Эссе бес критерий бойынша бағаланды: тапсырманы орындау, тілдік дәлдік, мәтіннің байланыстылығы, лексикалық молдық және грамматикалық

диапазон. Әр критерий 0-ден 10-ға дейінгі шкаламен бағаланды. Екі тәуелсіз сарапшы барлық жазбаларды тексерді; олардың бағалаулары арасындағы сенімділік жоғары болды (ICC = 0,87).

Екінші құрал – тілдік интерференция мен когнитивтік жүктемені өлшеуге арналған сауалнама. Ол 32 сұрақтан тұрды. Бірінші бөлімінде студенттер синтаксистік, лексикалық және дискурстық интерференцияның жиілігін 5 балдық шкала бойынша бағалады. Екінші бөлімде NASA-TLX әдісі бейімделіп, студенттер психикалық талап, уақыт қысымы, күш жұмсау, тілдік ауысу күш-жігері және фрустрация деңгейін 0–100 аралығында көрсетті. Сауалнаманың ішкі сенімділігі жоғары (Альфа = 0,83 және 0,79).

Үшінші құрал – метакогнитивтік хабардарлық сауалнамасы (MAI), ол 52 позициядан тұрып, студенттердің өз ойлау процесін бақылау және реттеу қабілетін өлшеді. Бұл сауалнаманың сенімділігі өте жоғары болды (Альфа = 0,93).

Сапалық деректер екі көзден алынды. Біріншіден, екі мұғалім (эксперимент және бақылау топтарынан) 12 апта бойы аптасына бір рет рефлексиялық күнделік жүргізді. Бұл күнделіктер сабақ барысын сипаттау, талдау, рефлексия және келесі аптаны жоспарлау бөлімдерінен тұрды. Екіншіден, PostTest аяқталған соң фокус-топ сұхбаттары өткізілді. Эксперимент тобынан екі фокус-топ (әрқайсысында 8 студенттен) және бақылау тобынан бір фокус-топ (8 студент) құралды. Сұхбаттар 65–75 минутқа созылып, барлығы аудиожазбаға түсіріліп, кейін транскрипцияланды.

МЕТА-ЖАЗУ технологиясының мәні мынада. Бұл 12 апталық модуль бес компоненттен тұрады. «М» – метакогнитивтік активация: жазу алдында студенттер алты сұрақтан тұратын чеклист толтырады, ол оларға өз мақсатын, оқырманын, дәлелдерін және уақыт бөлінуін нақтылауға көмектеседі. «Е» – эксплицитті үлгілер: оқытушы аутентикалық ғылыми мәтінді көрсетіп, студенттер оның тезисін, дәлелдерін, сөйлем құрылымын талдайды. «Т» – тілдік алаң: студенттер алдымен ана тілінде (қазақша немесе орысша) идеяларын еркін жазады, содан кейін ғана мақсатты тілге ауысады. Бұл когнитивтік жүктемені азайтады. «А» – академиялық жазу кезеңдері: студенттер дөрекі нұсқаны жазады, содан кейін мониторинг парақшасы арқылы өз жұмысын тексереді. «ЖАЗУ» – жолдаспен алмасу және ұжымдық рефлексия: студенттер бір-бірінің жазбасына кері байланыс береді, содан кейін таңдалған аноним жұмыстар сыныпта талқыланады.

Бақылау тобында бұл компоненттердің ешқайсысы болған жоқ: оларға тапсырма беріліп, дербес жазып, оқытушыдан жазбаша кері байланыс алды.

Зерттеу рәсімі келесі кезеңдерден тұрды. Алдымен дайындық кезеңі – рубрикалар бейімделді, сарапшылар валидациясы жүргізілді, этикалық рұқсат алынды. Бірінші аптада PreTest: эссе, сауалнамалар және MAI. Екіншіден он бірінші аптаға дейін интервенция жүргізілді. Он екінші аптада PostTest қайталанды, содан кейін фокус-топ сұхбаттары өтті.

Деректерді талдау сандық және сапалық әдістерді қамтыды. Сандық деректер SPSS 26.0 бағдарламасында параметрлік емес тестілермен (Mann-Whitney U, Wilcoxon, Cohen’s d, Спирмен корреляциясы) өңделді. Қателерді талдау үшін Corder (1967) әдісі бойынша контент-талдау жасалды: синтаксистік, лексикалық, дискурстық және прагматикалық интерференциялар 100 сөзге шаққанда есептелді. Сапалық деректер NVivo 14 бағдарламасында Браун мен Кларктың алты кезеңдік тематикалық талдауына ұшырады. Нәтижесінде үш негізгі тақырып анықталды: когнитивтік жеңілдеу (студенттердің жазу процесінің жеңілдегенін хабарлауы), мәтін сапасына хабардарлық (өз қателерін дербес табу және жолдастарынан үйрену) және тілдік сенімділік (алаңдаушылықтың азаюы мен жазу процесін басқара алу сезімі).

**Зерттеу этикасы**

Ғылыми зерттеу барысында халықаралық этикалық стандарттар қатаң сақталды. Біз зерттеуге қатысушы әрбір студентке жобаның мақсаты мен деректерді пайдалану тәртібі туралы толық мәлімет беріп, олардың ерікті түрдегі жазбаша келісімін алдық. Қатысушылардың кез келген уақытта зерттеуден бас тарту құқығы түсіндірілді. Жеке деректердің құпиялылығын сақтау мақсатында анонимдендіру жүйесі қолданылды: студенттердің аты-жөні мен байланыс деректері алынып, орнына арнайы кодтар берілді.

Зерттеу нәтижелері тек жиынтық түрде жарияланып, жеке студенттің нәтижелері ашық көрсетілмеді.

**Зерттеу шектеулері**

Кез келген педагогикалық эксперимент секілді, біздің зерттеуіміз де кейбір шектеулер бар. Біріншіден, зерттеуге тек бір аймақтық университет студенттерінің тартылуы нәтижелерді кең ауқымда жалпылауға шектеу қояды. Екіншіден, 12 апталық кезең технологияның қысқа мерзімді әсерін бағалауға мүмкіндік бергенімен, оның ұзақ мерзімді тұрақтылығы әлі де зерттеуді қажет етеді. Үшіншіден, зерттеу тек қазақ тіліндегі академиялық жазуға негізделген, ал басқа тілдік орталарда бұл әдістің тиімділігі өзгеше болуы мүмкін. Сондай-ақ, педагогикалық зерттеулерде кездесетін «экспериментатор эффектісін» азайту үшін тәуелсіз бағалаушылар тартылғанымен, оқытушының әсерін толық жоққа шығару қиындық тудырады. Дегенмен, бұл шектеулерге қарамастан, зерттеудің методологиялық жүйелілігі және нәтижелердің дәйектілігі алынған деректердің сенімділігіне кепілдік беріледі.

**Кесте 2**

*Зерттеудің негізгі кезеңдері*

| Кезең | Уақыт аралығы | Іс-шаралар мазмұны |
|---|---|---|
| Дайындық | 1-2 апта | Әдістемелік құралдарды әзірлеу, этикалық мақұлдау алу |
| PreTest | 3-апта | Бастапқы жазу жұмыстары және диагностикалық сауалнама |
| Интервенция | 4-15 апта | МЕТА-ЖАЗУ (эксп.) және дәстүрлі оқыту (бақ.) модульдерін өткізу |
| PostTest | 16-апта | Қорытынды бағалау және сауалнама |
| Сапалық кезең | 17-18 апта | Фокус-топтар мен мұғалімдердің рефлексиялық жазбаларын талдау |

## Нәтижелер және талқылау

Зерттеудің басында біз екі топтағы студенттердің жазба жұмыстарына талдау жасадық. Бақылау тобындағы 60 адамның 78,3 пайызының мәтіндерінде тілдік интерференцияның айқын белгілері байқалды. Эксперимент тобында бұл көрсеткіш 76,7 пайыз болды. Екі сан арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыдан маңызды емес ($p = 0,74$), демек, эксперимент басталарда екі топ бірдей деңгейде болды. Осыдан кейін 12 апта бойы эксперимент жүргізілді. Бақылау тобы әдеттегі дәстүрлі әдістемемен оқыса, эксперимент тобы МЕТА-ЖАЗУ технологиясымен оқыды. Нәтижелеріміз төмендегі кестеде келтірілген. Бұл кестеде әрбір интерференция түрінің 100 сөзге шаққандағы жиілігі, сондай-ақ олардың барлық қателер ішіндегі үлесі көрсетілген.

**Кесте 3**

*Интерференция түрлерінің динамикасы (100 сөзге шаққанда)*

| Қате түрі | БТ (алдын ала) | БТ (соңғы) | БТ Өзгеріс) | ЭТ (алдын ала) | ЭТ (соңғы) | Өзгеріс (ЭТ) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Синтаксистік | 4,8 (38,7%) | 4,2 (37,8%) | –12,5% | 4,8 (38,5%) | 2,1 (38,2%) | –56,3% |
| Лексикалық | 3,2 (25,8%) | 2,9 (26,1%) | –9,4% | 3,2 (25,7%) | 1,4 (25,5%) | –56,3% |
| Дискурстық | 2,9 (23,4%) | 2,6 (23,4%) | –10,3% | 2,9 (23,3%) | 1,2 (21,8%) | –58,6% |
| Прагматикалық | 1,5 (12,1%) | 1,4 (12,6%) | –6,7% | 1,5 (12,1%) | 0,8 (14,5%) | –46,7% |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Барлығы | 12,4 | 11,1 | –10,5% | 12,4 | 5,5 | –55,6% |

*Ескерту***.** Өзгерістер Wilcoxon тесті бойынша статистикалық маңызды ($p < 0,001$). БТ – бақылау тобы, ЭТ – эксперимент тобы. Жақша ішіндегі пайыздар – сол қате түрінің жалпы қателер көлеміндегі үлесі.

Кестедегі сандарды түсіндіретін болсақ, бақылау тобында барлық қателердің жалпы саны 12,4-тен 11,1-ге дейін ғана азайды, яғни шамамен 10,5 % азайды. Бұл дәстүрлі оқыту әдісінің тілдік интерференция мәселесін шешудегі тиімділігі өте төмен екенін көрсетеді. Ал эксперимент тобында аталған көрсеткіш 12,4-тен 5,5-ке дейін күрт төмендеді ( 55,6 % айырмашылық). Екі топтың соңғы нәтижелері арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыдан өте маңызды. Әсіресе дискурстық қателердің азаюы назар аудартады (58,6 %). Синтаксистік және лексикалық қателер де екі еседен астам төмендеген. Бұл өзгерістердің барлығы Wilcoxon белгілер тесті бойынша $p < 0,001$ деңгейінде маңызды.

Неліктен синтаксистік қателер көп болды деген сауал туады. Себебі қазақ тілінде сөйлем құрылысы SOV үлгісіне (бастауыш – толықтауыш – баяндауыш) негізделсе, ағылшын тілінде SVO үлгісі (бастауыш – баяндауыш – толықтауыш) қолданылады. Бұл екі құрылымның айырмашылығы студенттердің жазу барысында қосымша қиындық тудырады. МЕТА-ЖАЗУ технологиясының «тілдік алаң» бөлімі студенттерге алдымен ана тілінде ойлауға, содан кейін ғана басқа тілге ауысуға мүмкіндік беру арқылы осы мәселені шешуге көмектесті.

МЕТА-ЖАЗУ технологиясы нәтижесінде студенттердің жазба жұмыстарының жалпы сапасы қалай өзгерді деген сауал туу мүмкін. Біз бұны бағалау үшін IELTS негізінде жасалған рубриканы қолдандық. Рубрика бес түрлі критерийді қамтиды: тапсырманы орындау, тілдік дәлдік, мәтіннің байланыстылығы, лексикалық байлық және грамматикалық диапазон. Әрбір критерий 0-ден 10-ға дейінгі шкала бойынша бағаланды.

**Кесте 4**

*Жазу сапасының нәтижелері (0–10 шкаласы, M ± SD)*

| **Критерий** | **БТ (алдын ала)** | **БТ (соңғы)** | **Өсім (БТ)** | **ЭТ (алдын ала)** | **ЭТ (соңғы)** | **Өсім (ЭТ)** | **p** | **d** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тапсырманы орындау | 5,4 ± 1,1 | 6,1 ± 1,0 | +12,9% | 5,3 ± 1,2 | 7,6 ± 0,9 | +43,4% | <0,001 | 1,61 |
| Тілдік дәлдік | 5,1 ± 1,3 | 5,7 ± 1,1 | +11,8% | 5,2 ± 1,2 | 7,4 ± 1,0 | +42,3% | <0,001 | 1,58 |
| Мәтін байланыстылығы | 4,9 ± 1,4 | 5,5 ± 1,2 | +12,2% | 4,8 ± 1,3 | 7,1 ± 1,1 | +47,9% | <0,001 | 1,49 |
| Лексика | 5,0 ± 1,2 | 5,6 ± 1,1 | +12,0% | 5,1 ± 1,1 | 7,3 ± 0,9 | +43,1% | <0,001 | 1,52 |
| Грамматика | 5,2 ± 1,3 | 5,8 ± 1,2 | +11,5% | 5,0 ± 1,4 | 7,2 ± 1,0 | +44,0% | <0,001 | 1,47 |
| Орташа | 5,12 ± 1,26 | 5,74 ± 1,12 | +12,1% | 5,08 ± 1,24 | 7,32 ± 0,98 | +44,1% | <0,001 | 1,54 |

*Ескерту.* p – Mann-Whitney U тесті бойынша соңғы нәтижелерді салыстырғандағы мәнділік деңгейі; d – Cohen's d эффект көлемі.

Эксперимент тобында орташа балл 5,08-ден 7,32-ге дейін көтерілді. Бұл абсолютті түрде 2,24 баллға немесе пайызбен есептегенде 44,1 % көп. Бақылау тобында өсім әлдеқайда аз: 5,12-ден 5,74-ке дейін, яғни 0,62 баллға немесе 12,1 пайызға дейін. Жалпы екі топтың соңғы нәтижелерін салыстырғанда, айырмашылық барлық критерийлер бойынша статистикалық маңызды ($p < 0,001$). Эффект көлемі 1,54-ке тең болды.

**Кесте 5**

*Когнитивтік жүктеме мен метакогнитивтік хабардарлық (M ± SD)*

| Көрсеткіш | БТ (алдын ала) | БТ (соңғы) | ЭТ (алдын ала) | ЭТ (соңғы) | p |
|---|---|---|---|---|---|
| NASA-TLX (жалпы) | 73,8 ± 8,4 | 71,2 ± 8,1 | 74,3 ± 8,6 | 52,8 ± 7,2 | <0,001 |
| Тіл ауыстыру жүктемесі | 79,1 ± 7,6 | 76,8 ± 7,9 | 78,6 ± 7,2 | 48,3 ± 6,8 | <0,001 |
| MAI (метакогнитивтік) | 58,2 ± 9,1 | 62,4 ± 8,7 | 57,8 ± 9,3 | 79,3 ± 7,4 | <0,001 |

*Ескерту*. p – Mann-Whitney U тесті бойынша соңғы нәтижелерді салыстырғандағы мәнділік деңгейі.

Эксперимент тобында когнитивтік жүктеме айтарлықтай төмендеді, ал метакогнитивтік хабардарлық едәуір артты. Бұл нәтижелер жазу сапасының жақсаруымен тығыз байланысты екенін көрсетті. Когнитивтік жүктеме мен жазу сапасы арасында күшті кері корреляция анықталды ($\rho = -0,71$, $p < 0,001$). Көрсетілген 0,71 күшті байланыс бар екенін дәлелдейді. Бұл кездейсоқ сәйкестік емес, нақты заңдылық бар деген сөз. Біздіңше, Джон Свеллердің «Когнитивтік жүктеме теориясын» (Cognitive Load Theory, 1988) академиялық жазу контекстінде толығымен растайды. Теория бойынша, адамның жұмыс жадысының көлемі шектеулі (шамамен 7±2 элемент). Егер бұл шектеулі ресурс тілдік формалармен күресуге (сөз таңдау, сөйлем құру, аударма) жұмсалса, онда мазмұнды терең ойлауға, дәлелдеуге, логикалық байланыс орнатуға орын қалмайды. МЕТА-ЖАЗУ технологиясы дәл осы жүктемені азайтуға бағытталған. Студенттерге ана тілінде алдын ала жоспарлауға, жазуды кезеңдерге бөлуге,өзін-өзі бақылауға мүмкіндік берілгенде, олардың миы «босап», шынайы мазмұнды ойлауға мүмкіндік алады. Нәтижесі сапалы мәтін болады. Осыны негізге ала отырып, студенттердің жазу сапасын арттыру үшін олардың « когнитивтік жүктемесін» азайтуға назар аудару қажет. Яғни тек грамматиканы үйрету жеткіліксіз. Студенттерге ойлау процесін басқаруға, тілдер арасында қауіпсіз ауысуға, жазуды кезеңдерге бөлуге көмектесу керек деп айтамыз.

Зерттеу нәтижелері тілдік интерференцияның академиялық жазудағы ықпалы тек лингвистикалық ауытқу ретінде емес, ең алдымен когнитивтік ресурстардың тапшылығынан туындайтын жүйелі құбылыс екенін эмпирикалық тұрғыда растады. Бақылау тобының студенттерінде синтаксистік интерференцияның ең жоғары үлесті (38,7%) алуы кездейсоқтық емес. Kaplan (1966) контрастивтік риторика теориясы бойынша әр тілдің мәтін ұйымдастыру логикасы тілдік-мәдени тұрғыдан спецификалық болып табылады. Қазақ тілінің SOV (бастауыш – толықтауыш – баяндауыш) сөйлем құрылымы студенттің тілдік санасында тереңге орныққандықтан, ол ағылшын тілінің SVO үлгісіне ауысу кезінде жұмыс жадысының шектеулі ресурсын автоматты режимде «басып алады». Sweller (1988; 2020) CLT теориясы бойынша сыртқы жүктеменің (extraneous load) ең анық көрінісі: форманы басқаруға кеткен ресурс мазмұнды терең өңдеуге орын қалдырмайды. Осыған байланысты синтаксистік интерференция тек грамматикалық қателік ретінде емес, жұмыс жадысының «ресурс тапшылығының» белгісі ретінде қарастырылуы тиіс.

Интерференцияның пайда болу механизмін анықтауда Herdina & Jessner (2002) динамикалық көптілділік моделі маңызды түсіндірме береді: тілдік жүйелер бір-бірімен тепе-тең бәсекелесіп, белсенді тіл пассивті тілдің санасына ену қаупін туғызады. Алайда осы бәсекелестіктің жазу кезіндегі нақты когнитивтік «бағасын», яғни жұмыс жадысына түскен артық жүктемені сандық тұрғыда өлшеген зерттеулер бұрын жүргізілмеген. Осы олқылықты толтыру мақсатында қолданылған NASA-TLX шкаласының нәтижелері когнитивтік жүктеме мен жазу сапасы арасындағы күшті кері корреляцияны ($\rho = -0,71$; $p < 0,001$) тіркеді. Бұл байланыстың тек статистикалық маңыздылығы ғана емес, практикалық маңыздылығы да жоғары: жүктеме 1 стандартты ауытқуға өскен сайын жазу сапасы 0,71 стандартты ауытқуға төмендейді.

Дискурстық интерференцияның ең жоғары азаю динамикасы (−58,6%) да жеке теориялық түсіндіруді қажет етеді. Мәтін деңгейіндегі интерференция — тілдік үлгілердің емес, риторикалық ойлау стратегияларының ауысуы. García & Wei (2014) транслингвизм тұжырымдамасы бойынша студенттің тілдік репертуары бөлек жүйелер ретінде емес, біртұтас когнитивтік ресурс ретінде жұмыс істейді. МЕТА-ЖАЗУ технологиясының тілдік алаңдар компоненті осы ресурстың артықшылығын пайдаланды: студенттерге ана тілінде ойлап, мақсатты тілде жазуға рұқсат берілгенде, мәтін логикасы да, риторикалық ұйымдастыру да жоғалтылмай сақталды. Осы кезеңді пайдаланған студенттердің тіл ауыстыру жүктемесі қосымша 38,6% азайды (NASA-TLX: 78,6-дан 48,3-ке), бұл García & Wei теориясының педагогикалық тиімділігін бірінші рет сандық тұрғыда дәлелдейтін нәтиже болып табылады.

МЕТА-ЖАЗУ технологиясының тиімділігі: неге d = 1,54? МЕТА-ЖАЗУ технологиясының жалпы эффект көлемі (d = 1,54) Graham & Perin (2007) метаанализіндегі орташа мәннен (d = 0,82) және Hattie (2009) «видимое обучение» зерттеуіндегі жазуды оқыту бойынша орташа эффектіден (d = 0,44) айтарлықтай жоғары шықты. Бұл нәтиже технологияның тек жеке компоненттерінің сомасымен түсіндірілмейді, оның жоғары тиімділігі компоненттердің синергиялық өзара байланысынан туындайды.

Sweller et al. (2011) CLT теориясының үш принципі тұрғысынан технологияны талдасақ, МЕТА-ЖАЗУ үшеуін де бір мезгілде іске асырады. Жазуды кезеңдерге бөлу ішкі жүктемені (intrinsic load) реттейді. Студент «бірден мінсіз мәтін» жазу стрессінен арылады. Тілдік алаңдар мен эксплицитті үлгілер сыртқы жүктемені азайтады, форма мен мазмұнды бір мезгілде басқару міндеті кезеңдерге бөлінеді. Метакогнитивтік қолдау мен ұжымдық рефлексия пайдалы жүктемені арттырады. Яғни студент өз жазу процесін саналы түрде басқаруды үйренеді.

Vygotsky (1978) скаффолдинг тұжырымдамасы тұрғысынан алғанда, МЕТА-ЖАЗУ технологиясы студентке «проксималды даму аймағында» (Zone of Proximal Development) дәл қажет кезде «тіреу» беруді жүйелейді. Бақылау тобының нәтижелері (+12,1%) мұндай «тіреусіз» оқытудың студентті өзінің нақты даму деңгейінде ұстап қалатынын, ал МЕТА-ЖАЗУ технологиясы осы деңгейден потенциалды даму аймағына өтуге жол ашатынын дәлелдейді.

Cummins (2017) CUP (Common Underlying Proficiency) теориясы тілдердің терең когнитивтік деңгейде ортақ негізге ие екенін негіздейді. Тілдік алаңдарды пайдалану арқылы студенттер осы ортақ негізді, ана тіліндегі мазмұндық ойлауды, мақсатты тілде мәтін өндіруге тиімді трансфер жасай алды. Бұл бір тілде қалыптасқан академиялық ойлау дағдыларын басқа тілге ауыстыру мүмкін екенін іс жүзінде растайды.

Фокус-топ сұхбаттарының тематикалық талдауы сандық нәтижелерді субъективтік тұрғыдан растап қана қоймай, оларды тереңдетті. «Когнитивтік жеңілдеу», «мәтін сапасына хабардарлық» және «тілдік сенімділік» деп аталған үш негізгі тақырып МЕТА-ЖАЗУ технологиясының психологиялық механизмін айқындайды. «Алдымен орысша ойлап, кейін қазақша жазғанда, не айтқым келетінін дұрыс түсіндім» деген студент пікірі (Студент М., ЭТ-2-курс) тілдік алаңдардың когнитивтік жүктемені азайтудағы функционалдық рөлін нақты бейнелейді. Бұл бір студенттің жеке пікірі ғана емес , сандық деректердегі тіл ауыстыру жүктемесінің −38,6%-ға азаюымен сәйкес келетін жалпы заңдылықтың сапалық куәлігі.

Мұғалімдердің рефлексиялық күнделіктері технологияны іске асырудың кезеңдік логикасын тіркеді. 4-5-аптаға дейін студенттер тілдік алаңды механикалық пайдаланса, 8-аптадан кейін олар синтаксистік қателерді өздері байқап, дербес түзете бастаған. Бұл метакогнитивтік дағдының қалыптасу траекториясын, яғни сыртқы «тіреуден» ішкі реттеуге өтуді нақты тіркейді. Осы тенденция MAI нәтижелерінің прогрессивті өсуімен (57,8 ден 79,3 дейін) сандық тұрғыдан расталады. Зерттеу нәтижелері бірқатар іргелі еңбектердің тұжырымдарымен үндеседі, бірақ олардан маңызды жолдармен ерекшеленеді. Ortega (2009) екінші тіл меңгеру теориясы жазба деңгейіндегі интерференцияны лингвистикалық тұрғыдан сипаттаса, біздің зерттеу оны когнитивтік ресурстар шеңберінде тұжырымдайды. Жанпейісова (2018) мен Иманбекова (2020) отандық еңбектерінде студенттердің типтік қателіктері

жіктелген болатын, бірақ педагогикалық технология ұсынылмаған, осы олқылық МЕТА-ЖАЗУ технологиясымен жойылды. Теориялық тұрғыдан алғанда, зерттеудің ең маңызды үлесі когнитивтік психология, қолданбалы лингвистика және жазу дидактикасы бағыттарын бір педагогикалық технология шеңберінде тұңғыш рет жүйелі біріктіруі. Бұрын бұл үш бағыт алшақ зерттелсе, МЕТА-ЖАЗУ олардың синергиялық өзара байланысын тәжірибелік тұрғыда дәлелдеді.

## Қорытынды

Зерттеу жоғары когнитивтік жүктеме мен тілдік интерференция жағдайында студенттердің академиялық жазу дағдыларын жақсартудың тиімді жолдарын анықтауға бағытталды. Алынған нәтижелер зерттеу міндеттерінің барлығын шешіп, мынадай тұжырымдарды қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Бірінші тұжырым. Тілдік интерференция, әсіресе синтаксистік интерференция (PreTest: 4,8 қате/100 сөз; жалпы үлесі 38,7%), көптілді студенттердің академиялық жазуындағы ең күшті когнитивтік кедергі болып табылады. Бұл кедергі тек грамматикалық қателік ретінде емес, жұмыс жадысының ресурс тапшылығының белгісі ретінде қарастырылуы тиіс. МЕТА-ЖАЗУ технологиясы синтаксистік интерференцияны 56,3%-ға (4,8-ден 2,1-ге), ал жалпы интерференция деңгейін 55,6%-ға (12,4-тен 5,5-ке) азайтты. Осыдан туындайтын педагогикалық салдар: академиялық жазуды оқытуда грамматикалық нормаларды меңгертумен қатар, тілдер арасындағы синтаксистік айырмашылықтарды салыстырмалы талдау арқылы түсіндіру, жеке пән элементі ретінде міндетті болуы тиіс.

Екінші тұжырым. Когнитивтік жүктеме мен жазу сапасы арасында күшті теріс байланыс бар ($\rho = -0{,}71$; $p < 0{,}001$). МЕТА-ЖАЗУ технологиясы NASA-TLX жалпы жүктемесін 28,9%-ға (74,3-тен 52,8-ге), тіл ауыстыру жүктемесін 38,6%-ға (78,6-дан 48,3-ке) төмендетті ($d = 1{,}21$). Бұл нәтиже Sweller (1988) CLT теориясының академиялық жазу контекстінде эмпирикалық тұрғыда расталуын білдіреді және оқытушыларға практикалық бағыт береді: жазу тапсырмаларын жобалаған кезде «студент қанша когнитивтік жүктеме сезінеді?» деген сұрауды басшылыққа алу.

Үшінші тұжырым. МЕТА-ЖАЗУ технологиясы академиялық жазу сапасын 34,6%-ға арттырды (орташа балл: 5,08-ден 7,32-ге; $d = 1{,}54$). Бұл Graham & Perin (2007) метаанализіндегі орташа эффект көлемінен ($d = 0{,}82$) екі есе жоғары, бұл технологияның компоненттерінің жеке ықпалы емес, олардың синергиялық өзара байланысы ерекше нәтиже бергенін дәлелдейді.

Төртінші тұжырым. Тілдік алаңдарды пайдалану когнитивтік жүктемені қосымша 21,4%-ға азайтты. Студенттерге ана тілінде алдын ала ойлауға рұқсат беру мазмұнды жоғалтпай, мақсатты тілде толыққанды мәтін өндіруге мүмкіндік берді. García & Wei (2014) транслингвизм теориясының педагогикалық тиімділігі осылайша бірінші рет сандық деректер арқылы расталды.

**Зерттеудің ғылыми үлесі.** Теориялық тұрғыдан зерттеу когнитивтік психология, қолданбалы лингвистика және жазу дидактикасын бір педагогикалық технология шеңберінде тұңғыш рет жүйелі біріктірді. Практикалық тұрғыдан МЕТА-ЖАЗУ технологиясы 12 апталық дайын модуль ретінде «Академиялық жазу» курстарына тікелей енгізуге болатын нақты инструмент ұсынады.

**Зерттеудің шектеулері.** Іріктеме бір университетпен шектелгендіктен, нәтижелерді кең ауқымда жалпылауда абай болу қажет. 12 апталық мерзім технологияның ұзақ мерзімді тұрақтылығын бағалауға жеткіліксіз. Сонымен қатар зерттеу тек қазақ тілін мақсатты тіл ретінде алды; ағылшын немесе орыс тіліндегі академиялық жазу контекстінде нәтижелер өзгеше болуы мүмкін.

**Болашақ зерттеулерге ұсыныстар.** Іріктемені бірнеше университетке кеңейтіп, аймақтық және әлеуметтік алуандылықты қамту; МЕТА-ЖАЗУ технологиясының ұзақ мерзімді тиімділігін бағалау үшін кемінде бір оқу жылына созылатын лонгитюдтік зерттеу жүргізу; ағылшын тіліндегі академиялық жазу контекстіне технологияны бейімдеп сынау;

сондай-ақ технологияны цифрлық платформаға айналдырып, студенттердің өздік оқуына бейімдеу болашақ зерттеулердің басым бағыттары болып табылады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


Cenoz, J., & Gorter, D. (2015). Multilingual education: Between language learning and translanguaging. Cambridge University Press. https://doi.org/10.1017/CBO9781107477254

Cohen, J. (1988). Statistical power analysis for the behavioral sciences (2nd ed.). Lawrence Erlbaum Associates.

Corder, S. P. (1967). The significance of learners' errors. International Review of Applied Linguistics, 5(1-4), 161-170. https://doi.org/10.1515/iral.1967.5.1-4.161

Creswell, J. W., & Plano Clark, V. L. (2018). Designing and conducting mixed methods research (3rd ed.). SAGE.

Cummins, J. (2017). Teaching for transfer: Challenging the two solitudes assumption in bilingual education. In O. García, A. M. Y. Lin, & S. May (Eds.), Bilingual and multilingual education (3rd ed., pp. 115–128). Springer. https://doi.org/10.1007/978-3-319-02258-1_9

Englert, C. S., Raphael, T. E., Anderson, L. M., Anthony, H. M., & Stevens, D. D. (1991). Making strategies and self-talk visible: Writing instruction in regular and special education classrooms. American Educational Research Journal, 28(2), 337-372. https://doi.org/10.3102/00028312028002337

Flower, L., & Hayes, J. R. (1981). A cognitive process theory of writing. College Composition and Communication, 32(4), 365-387. https://doi.org/10.2307/356600

García, O., & Wei, L. (2014). Translanguaging: Language, bilingualism and education. Palgrave Macmillan. https://doi.org/10.1057/9781137385765

Graham, S., & Perin, D. (2007). A meta-analysis of writing instruction for adolescent students. Journal of Educational Psychology, 99(3), 445-476. https://psycnet.apa.org/doi/10.1037/0022-0663.99.3.445

Hart, S. G., & Staveland, L. E. (1988). Development of NASA-TLX (Task Load Index): Results of empirical and theoretical research. In P. A. Hancock & N. Meshkati (Eds.), Human mental workload (pp. 139-183). North-Holland. https://doi.org/10.1016/S0166-4115(08)62386-9

Hattie, J. (2009). Visible learning: A synthesis of over 800 meta-analyses relating to achievement. Routledge.

Herdina, P., & Jessner, U. (2002). A dynamic model of multilingualism: Perspectives of change in psycholinguistics. Multilingual Matters.

Kaplan, R. B. (1966). Cultural thought patterns in inter-cultural education. Language Learning, 16(1), 1-20. https://doi.org/10.1111/j.1467-1770.1966.tb00804.x

Koo, T. K., & Mae, M. Y. (2016). A guideline of selecting and reporting intraclass correlation coefficients for reliability research. Journal of Chiropractic Medicine, 15(2), 155-163. https://doi.org/10.1016/j.jcm.2016.02.012

Nunnally, J. C. (1978). Psychometric theory (2nd ed.). McGraw-Hill.

Ortega, L. (2009). Understanding second language acquisition. Routledge.

Paas, F., Renkl, A., & Sweller, J. (2003). Cognitive load theory and instructional design: Recent developments. Educational Psychologist, 38(1), 1-4. https://doi.org/10.1207/S15326985EP3801_1

Schraw, G., & Dennison, R. S. (1994). Assessing metacognitive awareness. Contemporary Educational Psychology, 19(4), 460–475. https://doi.org/10.1006/ceps.1994.1033

Sweller, J. (1988). Cognitive load during problem solving: Effects on learning. Cognitive Science, 12(2), 257-285. https://doi.org/10.1207/s15516709cog1202_4

Sweller, J. (2020). Cognitive load theory and educational technology. Educational Technology Research and Development, 68(1), 1–16. https://doi.org/10.1007/s11423-019-09701-3

Sweller, J., Ayres, P., & Kalyuga, S. (2011). Cognitive load theory. Springer. https://doi.org/10.1007/978-1-4419-8126-4

Vygotsky, L. S. (1978). Mind in society: The development of higher psychological processes. Harvard University Press.
Weinreich, U. (1953). Languages in contact: Findings and problems. Linguistic Circle of New York.
Иманбекова, Б. И. (2020). Жоғары оқу орнында академиялық жазуды оқытудың теориялық және практикалық аспектілері. Педагогика және психология, 2(43), 45-58.
Жанпейісова, У. М. (2018). Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын жазудағы тілдік дағдылары. Ұлттық білім, 6(12), 37-49.

## References

Cenoz, J., & Gorter, D. (2015). Multilingual education: Between language learning and translanguaging. Cambridge University Press. https://doi.org/10.1017/CBO9781107477254
Cohen, J. (1988). Statistical power analysis for the behavioral sciences (2nd ed.). Lawrence Erlbaum Associates.
Corder, S. P. (1967). The significance of learners' errors. International Review of Applied Linguistics, 5(1-4), 161-170. https://doi.org/10.1515/iral.1967.5.1-4.161
Creswell, J. W., & Plano Clark, V. L. (2018). Designing and conducting mixed methods research (3rd ed.). SAGE.
Cummins, J. (2017). Teaching for transfer: Challenging the two solitudes assumption in bilingual education. In O. Garcia, A. M. Y. Lin, & S. May (Eds.), Bilingual and multilingual education (3rd ed., pp. 115-128). Springer. https://doi.org/10.1007/978-3-319-02258-1_9
Englert, C. S., Raphael, T. E., Anderson, L. M., Anthony, H. M., & Stevens, D. D. (1991). Making strategies and self-talk visible. American Educational Research Journal, 28(2), 337–-72. https://doi.org/10.3102/00028312028002337
Flower, L., & Hayes, J. R. (1981). A cognitive process theory of writing. College Composition and Communication, 32(4), 365-387. https://doi.org/10.2307/356600
Garcia, O., & Wei, L. (2014). Translanguaging: Language, bilingualism and education. Palgrave Macmillan. https://doi.org/10.1057/9781137385765
Graham, S., & Perin, D. (2007). A meta-analysis of writing instruction for adolescent students. Journal of Educational Psychology, 99(3), 445-476. https://psycnet.apa.org/doi/10.1037/0022-0663.99.3.445
Hart, S. G., & Staveland, L. E. (1988). Development of NASA-TLX (Task Load Index). In P. A. Hancock & N. Meshkati (Eds.), Human mental workload (pp. 139-183). North-Holland.
Hattie, J. (2009). Visible learning. Routledge. https://doi.org/10.1016/S0166-4115(08)62386-9
Herdina, P., & Jessner, U. (2002). A dynamic model of multilingualism. Multilingual Matters.
Imanbekova, B. I. (2020). Zhoghary oqu ornynda akademialyq zhazudy oqytudyng teorialyq jane praktikalyq aspektileri. Pedagogika jane psihologia, 2(43), 45-58.
Kaplan, R. B. (1966). Cultural thought patterns in inter-cultural education. Language Learning, 16(1), 1–20. https://doi.org/10.1111/j.1467-1770.1966.tb00804.x
Koo, T. K., & Mae, M. Y. (2016). A guideline of selecting and reporting intraclass correlation coefficients. Journal of Chiropractic Medicine, 15(2), 155-163. https://doi.org/10.1016/j.jcm.2016.02.012
Nunnally, J. C. (1978). Psychometric theory (2nd ed.). McGraw-Hill.
Ortega, L. (2009). Understanding second language acquisition. Routledge.
Paas, F., Renkl, A., & Sweller, J. (2003). Cognitive load theory and instructional design. Educational Psychologist, 38(1), 1-4. https://doi.org/10.1207/S15326985EP3801_1
Schraw, G., & Dennison, R. S. (1994). Assessing metacognitive awareness. Contemporary Educational Psychology, 19(4), 460-475. https://doi.org/10.1006/ceps.1994.1033
Sweller, J. (1988). Cognitive load during problem solving. Cognitive Science, 12(2), 257-285. https://doi.org/10.1207/s15516709cog1202_4
Sweller, J. (2020). Cognitive load theory and educational technology. Educational Technology

Research and Development, 68(1), 1-16. https://doi.org/10.1007/s11423-019-09701-3
Sweller, J., Ayres, P., & Kalyuga, S. (2011). Cognitive load theory. Springer. https://doi.org/10.1007/s11423-019-09701-3
Vygotsky, L. S. (1978). Mind in society. Harvard University Press.
Weinreich, U. (1953). Languages in contact. Linguistic Circle of New York.
Zhanpeisova, U. M. (2018). Studentterding ghylymy-zertteu zhumbysyn zhazudaghy tildik daghyldary. Ulttyq bilim, 6(12), 37-49.

*Назира Әміржанова[1], Сабира Жаикбаева[2*]*
[1,2]Назарбаев Университет,Астана, Казахстан
*e-mail: sabira.zhaikbayeva@nu.edu.kz

# ПОВЫШЕНИЕ АКАДЕМИЧЕСКОЙ ГРАМОТНОСТИ СТУДЕНТОВ В МНОГОЯЗЫЧНОЙ СРЕДЕ: МЕТОДИЧЕСКИЕ ПУТИ СНИЖЕНИЯ ЯЗЫКОВОЙ ИНТЕРФЕРЕНЦИИ И КОГНИТИВНОЙ НАГРУЗКИ

**Аннотация.** Навык академического письма является ключевой компетенцией в системе высшего образования. Однако студенты, одновременно осваивающие казахский, русский и английский языки, испытывают значительные трудности вследствие языковой интерференции и высокой когнитивной нагрузки. Цель исследования – эмпирически измерить влияние данных факторов на качество академических текстов и предложить педагогическую технологию МЕТА-ЖАЗУ, направленную на их снижение. В исследовании приняли участие 120 студентов университета южного региона Казахстана. Применялся квазиэкспериментальный дизайн PreTest–PostTest с контрольной группой и смешанная методология. Контрольная группа (n=60) обучалась по традиционной программе, экспериментальная (n=60) – по технологии МЕТА-ЖАЗУ в течение 12 недель. Технология включает пять компонентов: метакогнитивную активацию, эксплицитные образцы, языковые пространства (translanguaging), поэтапное академическое письмо, взаимное рецензирование и коллективную рефлексию. Данные собирались с помощью рубрики оценки академического письма, опросников языковой интерференции и когнитивной нагрузки (NASA-TLX), опросника метакогнитивной осведомлённости (MAI), дневников преподавателей и фокус-групп. Результаты показали, что синтаксическая интерференция является наиболее распространённым типом ошибок (4,8 ошибки на 100 слов; 38,7% от всех ошибок). Технология МЕТА-ЖАЗУ снизила синтаксическую интерференцию на 56,3% (с 4,8 до 2,1), а общий уровень интерференции – на 55,6% (с 12,4 до 5,5). Качество академического письма в экспериментальной группе улучшилось на 34,6% (с 5,08 до 7,32; d=1,54), тогда как в контрольной группе рост составил лишь 12,1%. Когнитивная нагрузка по шкале NASA-TLX снизилась на 28,9% (d=1,21), а метакогнитивная осведомлённость возросла на 37,2%. Выявлена сильная отрицательная корреляция между когнитивной нагрузкой и качеством письма (ρ=-0,71). Результаты подтверждают педагогическую эффективность комплексного применения теории когнитивной нагрузки и транслингвизма в рамках единой технологии обучения. МЕТА-ЖАЗУ предлагается как готовый 12-недельный модуль для внедрения в курсы академического письма.

**Ключевые слова:** академическое письмо, языковая интерференция, когнитивная нагрузка, технология МЕТА-ЖАЗУ, многоязычное образование, метакогниция, транслингвизм

*Nazira Amirzhanova[1], Sabira Zhaikbayeva[2*]*
[1,2]Nazarbayev University,Astana, Kazakhstan
*e-mail: sabira.zhaikbayeva@nu.edu.kz

# ENHANCING ACADEMIC WRITING LITERACY IN A MULTILINGUAL ENVIRONMENT: METHODOLOGICAL APPROACHES TO REDUCING LINGUISTIC INTERFERENCE AND COGNITIVE LOAD

**Abstract.** Academic writing constitutes a core competency in higher education. However, students simultaneously acquiring Kazakh, Russian, and English face substantial difficulties due to linguistic interference and elevated cognitive load. This study aimed to empirically measure the impact of these factors on academic text quality and to propose the META-ZHAZU pedagogical technology designed to reduce them. The study involved 120 university students from a regional university in southern Kazakhstan. A quasi-experimental PreTest–PostTest controlled design with a mixed-methods approach was employed. The control group (n=60) followed a conventional academic writing programme, while the experimental group (n=60) received the META-ZHAZU technology intervention over 12 weeks. The technology comprises five components: metacognitive activation, explicit modelling, translanguaging spaces, staged academic writing, peer review and collective reflection. Data were collected using an academic writing rubric, linguistic interference and cognitive load questionnaires (NASA-TLX), the Metacognitive Awareness Inventory (MAI), teacher reflective journals, and focus group interviews. Results identified syntactic interference as the most prevalent error type (4.8 errors per 100 words; 38.7% of all errors). The META-ZHAZU technology reduced syntactic interference by 56.3% (from 4.8 to 2.1) and total interference by 55.6% (from 12.4 to 5.5). Overall academic writing quality in the experimental group improved by 34.6% (from 5.08 to 7.32; Cohen's d=1.54), compared with only 12.1% in the control group. Cognitive load measured by the NASA-TLX scale decreased by 28.9% (d=1.21), while metacognitive awareness increased by 37.2%. A strong negative correlation was found between cognitive load and writing quality (ρ=-0.71). The findings substantiate the pedagogical effectiveness of integrating cognitive load theory and translanguaging within a single instructional technology. META-ZHAZU is offered as a ready-to-use 12-week module for integration into academic writing courses.

**Keywords:** academic writing, linguistic interference, cognitive load, META-ZHAZU technology, multilingual education, metacognition, translanguaging

*Келіп түсті 10 Сәуір 2026*

**Авторлар туралы мәлімет**

Назира Әміржанова-Жоғары білім беру мектебің оқытушысы, Филология ғылымдарының кандидаты, Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: nazira.amirzhanova@nu.edu.kz

Сабира Жаикбаева- Жоғары білім беру мектебінің докторанты, Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: sabira.zhaikbayeva@nu.edu.kz

**Информация об авторах**

Назира Әміржанова - преподаватель Высшей школы образования, кандидат филологических наук, Назарбаев Университет, Астана, Казахстан, e-mail: nazira.amirzhanova@nu.edu.kz

Сабира Жаикбаева- докторант Высшей школы образования, Назарбаев Университет, Астана, Казахстан, e-mail: sabira.zhaikbayeva@nu.edu.kz

**Information about the authors**

Nazira Amirzhanova- Lecturer at the Graduate School of Education, Candidate of Philological Sciences, Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan, e-mail: nazira.amirzhanova@nu.edu.kz

Sabira Zhaikbayeva- PhD Student at the Graduate School of Education, Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan, e-mail: sabira.zhaikbayeva@nu.edu.kz

IRSTI 14.07.09
DOI: https://doi.org/10.47344/230brd05

*Toleubala Zhiekbayeva[1*], Amangul Orakova[1], Zhanar Nebessayeva[2], Gulnur Sattar[3]*
[1]Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan
[2]Astana International University, Astana, Kazakhstan
[3]South Kazakhstan Pedagogical University named after Özbekali Zhanibek, Shymkent, Kazakhstan
*e-mail: T.aidarkyzy@gmail.com

# MEDIA COMPETENCE AND MEDIA ART: A PILOT STUDY OF A CANVA AND WORDWALL/ LEARNINGAPPS WORKSHOP FOR TEACHERS IN ALMATY

